

АКСАУЫТ

С(Каз)2

Л-37





ҚАЗАҚ ССР ҒЫЛЫМ АКАДЕМИЯСЫ М. Ө. ӘУЕЗОВ
АТЫНДАҒЫ ӘДЕБИЕТ ЖӘНЕ ӨНЕР ИНСТИТУТЫ

АКСАУЫТ

БАТЫРЛАР ЖЫРЫ

ЕКІ ТӨМДЫК

I том



«ЖАЗУШЫ» БАСПАСЫ,

А Л М А Т Ы — 1977

Ш ы ғ а р у ш ы л а р а л қ а с ы:

Филология ғылымдарының докторлары: *Зәки
Ахметов, Рахманқұл Бердібаев*; филология ғылым-
дарының кандидаттары: *Мәлике Ғұмарова, Тұрсын-
бек Сыдықов, Оразгүл Нұрмағамбетова*; ақындар:
Есет Әукебаев, Сағи Жиенбаев.

Құрастырып, алғы сөзін, түсініктерін жазған
филология ғылымдарының кандидаты
Оразгүл Нұрмағамбетова

Суретші *Ә. Смағұлов.*

С $\frac{70403-105}{402(07)77}$ —97—77

© «Жазушы», 1977

АЛҒЫ СӨЗ

СССР халықтарының бай ауыз әдебиеті қазнасында батырлық эпостың алатын орны бөлек. Дәстүрлі халық эпосы — халықтың батырлық жырлары мен аңыздары — өздерінің тәрбиешілік, өміртанушылық және эстетикалық зор маңызын күні бүгінге дейін сақтап келген асыл мұра болып табылады.

Орыстың батырлық былиналары, украин елінің сазды, мұңды «халық думалары», эстон халқының «Калевала» эпосы, Орта Азия халықтарына және қазақ, азербайжан арасында мол тараған «Көроғлы» эпосы мен Қорқыт жайындағы аңыздар, армяндардың әйгілі «Давид Сасунский» мен грузин халқының «Амирани», «Этериани» дастандары, кавказдықтардың құмарлана тыңдайтын нарттар жайындағы ғажайып аңыздары, буряттың «Гэсері», қалмақтың «Джангары», қырғыздың аты шулы «Манасы», сол сияқты, Совет Одағының басқа да халықтарының басым көпшілігінде кездесетін керемет батырлық жырлар мен қаһармандық аңыз-әңгімелері — қалың қауымның сан ғасырлар бойы жасап, сақтап келе жатқан мәңгі жасайтын рухани қазынасы, баға жетпес байлығы, тамаша өнер туындылары болып саналады. Белгілі совет фольклорисі В. В. Чичеровтың: «Эпос дегеніміз — дүниежүзілік өнер қазынасына әрбір ұлт қосар үлестің маңызды саласы», — дейтіні де сондықтан болар.

Эпикалық дастан, жырлар, аңыздар әрбір жас ұрпаққа жеткенде бағы заманда қандай елеуді оқиғалар болғанын баяндаумен қатар, қалың бұқараның ғажап, әділетті өмір жайындағы арманын көркем сөзбен шежірелеп, жастарды ерлікке, ел сүйгіштікке үндейді, ата мекенін ардақтауға, патриотизмге баулиды.

Сонау бір қайғы-шерлі қасіретті заманда халық эпостары қалың бұқараның игілігіне айнала алмады. Ол тек жеке-жеке

жұртшылыққа ғана, сондай-ақ, Россияны мекендеген үлкенді-кішілі ұлттардың әдебиеті мен мәдениетін, тұрмысы мен әдет-ғұрпын зерттеген аздаған мамандарға белгілі болды. Көпұлттық халық поэзиясы қазынасына ден қойған адамдардың араласар аясы да тар еді. Нағыз халықтық өнер туындылары тек Ұлы Октябрь социалистік революциясынан кейін ғана көпшіліктің алтын қазынасына айналды.

Халықтың батырлық эпосының тәрбиелік мәні, эстетикалық ролі зор, ол еш уақытта да өз мәнін жоймайды. Өйткені: «Өнердің барлық түрлері тәрізді, эпостың да түпкі негізі — күллі байлығы, әр алуандығымен, өзіне тән қайшылықтарымен қоса халық өмірі болып табылады» (В. В. Чичеров). Бұл түсінікті де: халық өміріндегі ұлы оқиғалар, заңды түрде, ұлы аңыздар туғызады дейтін қағидалар осыдан болса керек.

Күрделі эпикалық шығармалар желісі қарақан бастың қамымен феодалдық-ақсүйектік азшылықтың мүддесін жырлауға емес қалың халықтың арман-тілегін көрсетуге арналған.

Жалпы батырлық эпостан сол халықтың басынан кешірген сан алуан тарихи өмірін тұтастай көруге болады. Әрине, батырлық эпоста тарихтың жекелеген оқиғалары, кейбір елестері ғана суреттелмейді, онда халықтың ғасырлар бойғы мұрат-мүдделері, арман-мақсаттары бейнеленеді. Бұл жырлардан халықтың қаһармандық, ерлік героикасы, адал ардагерге лайық махаббат пен достық, туған жерге, туған елге деген сүйіспеншілік тақырыбы ап-айқын көрініп тұрады. Қайтпас қайсарлық, берік махаббат, ізгі арман — арамза дұшпанға қарсы арпалыста батыр қанша қиындықтарға кез болғанымен, түптеп келгенде жеңіп шығады.

Әрбір эпостың негізгі геройы — хас батырдың бойынан қиялдағы асқақ — адалдық, батылдық, алыптық сияқты ардақты қасиеттерді табамыз. «Батырлық эпосты халық жасайды және халық үшін жасайды. Оны жасаушы да, орындаушы да өзінің тегі жағынан, қоғамдық тәрбиесі жағынан, дүние танымы, дүниеге көзқарасы жағынан халық бұқарасымен біте қайнап, бірге өскен қарапайым адамдар», — деп жазады академик В. М. Жирмунский.

Батырлық эпос ұрпақтан ұрпаққа ауысып келе жатқан көне, дәстүрлі жыр, ол негізінен, жатқа айтылу арқылы заманнан заманға ұласып келеді. Әрине, бір жыршыдан екінші жыршыға ауыз-екі жету жолында әрбір қисса қисапсыз өзгерістерге ұшырап отырады. Және алуан-алуан жүйріктер ғасырлар бойы жырлаған дастандарды шығарған акынның, немесе, алғашқы орындаған жыраудың есімі ұмытылып қалуы әбден

ықтимал. Сөйте-сөйте ол халық шығармасына айналып кете береді. Онда тұрған ешқандай әбестік жоқ.

* * *

Тарихи шындық болсын, немесе, қиялдан тусын, әйтеуір, әр кезде өмір сүрген батырлардың ерліктері халық эпосының негізгі өзегі болады, терең идея, мазмұнды мағына береді. Сөйтіп эпостағы халық батырының қаһармандық сом тұлғасын жасайды. Бұл жәйт барлық халықтардың эпосына тән. Қазақтың батырлық дастандары жайында да осы пікірлерді айтуға әбден болады. Жалпы, қазақ елінің ауыз әдебиеті өте бай десек, соның ішінде ең көрнекті орын алатыны — көнеден келе жатқан дәстүрлі дастандар — батырлық жырлары.

Қазақ халқының ауыз әдебиетін жазып алу, жинау ісі XIX ғасырдың бірінші жартысында басталды. Бұл салада, ең алдымен, ұлы орыс халқының белгілі ғалымдарының, ағартушыларының, тюркологтарының еңбегі зор. Біз қазір Н. Ильминский, В. Радлов, Г. Потанин, И. Березин, А. Алекторов, В. Лютшъ, В. Васильев, Гредеков, Н. Саркин, В. Карлсон тағы басқалардың және қазақ халқының ардагер ұлдары Шоқан Уәлиханов, Ыбырай Алтынсарин есімдерін айрықша ризашылықпен ардақ тұтып еске аламыз. Әсіресе В. В. Радлов пен Г. Н. Потанин қазақ фольклорын өте жоғары бағалағаны белгілі.

В. В. Радлов өзінің «Образцы народной литературы тюркских племен...» деп аталатын көп томды еңбегінің бесінші томына жазған алғы сөзінде қазақ, қырғыз халықтарының ауыз әдебиеті бай екенін айта келіп, былай дейді: «Қазақ, қырғыздар шешен болады. Олар түрік тілдес басқа халықтардың қай-қайсысынан болсын сөзге шебер келеді. Олар өте жылдам сөйлейді. Сөйлеп тұрғанда кідіру, күрмелу дегенді білмейді. Сонымен қатар олар аса қисынды, терең мағыналы болып келеді. Көп уақытта қазақ, қырғыздың сөзі өлең, жыр тәрізді болып шығады: сөздері ырғақты, ұйқасты келеді.

Қазақ, қырғыз халқы шешен, өткір, көркем сөзді сүйеді. Поэзияны өте қадірлейді. Сондықтан да оларда халық поэзиясы мейлінше өркендеген. Қазақ, қырғыздың мақал, мәтелі болсын, жоктау, бақұлдасуы болсын, айтыстары мен билік сөздері болсын — бәрі де өлең, жыр болып келеді. Қазақ, қырғызда суырып салма ақындар, жыраулар көп болады. Өлең, жыр айтып, шамалы жаттыққан ақын, жырау өз жанынан өлең шығарып, суырып салып айта береді...»*

* Цитатаның қазақшасы «Қазақ эпосы» (Алматы, 1958, 7-бет) атты кітаптан алынды.

Ал орыстың белгілі ғалымы, Шоканның досы, қазақ халқының ауыз әдебиет үлгілерін көп жинаған, зерттеген Г. Н. Потанин де осы В. Радлов пікірін жалғастыра түскендей: «Маған бүкіл қазақ даласы ән салып тұрғандай болып көрінеді», — дейтін сөздері де баршаға аян. Қазақтың поэзиясы, әні, күйі, жыры жайында, оның тамаша әнші, жыршылары жайында айтылған орыс ғалымдарының мұндай пікірлері аз емес.

Ауыз әдебиетінің басқа жанрын қозғамай-ақ, қазақтың тек батырлық жырларын жазып алып жариялау саласына байланысты бір-екі мысал келтіруге болады.

Н. Ильминский 1859 жылы батыс өңірінің әйгілі жыршысы Марабай жырауды әдейі шақырып одан «Ер Тарғын» жырын жазып алады, оны 1862 жылы Орынборда бастырып шығарады. Ал, 1906 жылы Орынбор архивы ғылыми комиссиясы сол кездегі атақты жыраулардың біразын Орынборға әдейі арнайы шақырып олардан 50-ден аса батырлық жырлар жаздырған. Шақырылған жырау-жыршылардың ішінде аты әйгілі Қазақбай ақын мен Көшелек жырау да бар еді. Бұл жұмысты басқарған сол архив ғылыми комиссиясының председателі В. Карлсон болатын. Сол жолы (1906 ж.) Көшелек Еламановтан жазылып алынған «Қобланды батыр» жырының қолжазбасының көшірмесін біз Орынбор архивінен 1955 жылы алдырғанбыз. Ал, Көшелектен жазылып алынған көптеген материалдар қазір де Орынбор архивінде сақтаулы.

Халқымыздың ардагер ұлдары — ұлы ағартушы ғалымдары Шокан Уәлиханов пен Ыбырай Алтынсаринның да халық поэзиясын жинауда, жариялауда еткен еңбегі көп. Шоқан тек қазақ халқының ғана фольклорын жинап, зерттеп қойған жоқ, сонымен бірге ол Орта Азия мен Сибирьде тұратын басқа да түркі тілдес түрікпен, өзбек, алтай, якут халықтарының да ауыз әдебиеті үлгілерін көп жинады және зерттеді. Ал, Шоканның қырғыз халқының әйгілі эпостық жыры «Манастың» бір саласы — «Көкетай ханның өлімі мен оның асы» деп аталатын жырды жазып алуы — кезінде ғылымға қосылған үлкен жаңалық, табыс болған-ды.

Осындай игілікті істерді Ыбырай Алтынсарин еңбектерінен де көреміз. Ол 1860 жылдары ел арасын көп аралап, белгілі ақын-жыршылармен жиі кездесіп, халық поэзиясын білетін кісілерден өте көп мақал-мәтел, халық өлеңдері мен аңыз-ертегілер, эпостық шығармалар жазып алады. Кейін осы материалдарын жинақтап 1879 жылы «Қырғыз хрестоматиясы» деген кітабында жариялайды. «Қобланды батыр» жырының ең тамаша тарауы — «Тайбурылдың шабысы» да ең алғаш осы Алтын-

сарин хрестоматиясында жарияланғандығын қазір де үлкен алғыс сезіммен айтамыз.

Қазақтың халық поэзиясын көп жинауда және ол материалдарды кезінде үзбей жариялап тұруда көп еңбек еткен кісінің бірі Әбубәкір Диваев. Ол Шымкент, Перовск, Қазалы, Әулиеата, Ташкент, Черняев уезі мен Сырдария аймағын және Түркістан аудандарын түгел аралап, халық поэзиясының асыл казыналарын мол жинаған. Қазақтың батырлар жырын алғашқы рет топтап 1922 ж. жариялаған да Әбубәкір Диваев болатын.

Советтік фольклористика ғылымы қалыптасып, өріс ала бастаған шақта бұл игілікті істер жеке кісілердің, жеке ғалымдардың ғана емес, арнайы ғылыми мекемелердің, үлкен коллективтің ісіне айналды, ол жұмыстар мемлекеттік жоспарға қосылып, түрлі экспедициялар белгіленіп, республикамыздың барлық жерлеріне жіберіле бастады. Бұл іске үлкен мемлекеттік маңыз берілді.

Халықтың асыл казынасы қазір де үлкен жанашырлықпен мұқият жиналуда. Қазақ ССР Ғылым академиясы ауыз әдебиеті үлгілерін жинау мақсатымен Қазақстан, Өзбекстан, Қаракалпак АССР т. б. жерлерге ұдайы экспедиция шығарып тұрады.

Соңғы он-он бес жыл шамасында көптен жиналып келе жатқан қолда бар ауыз әдебиеті үлгілерінен үш том батырлық жыры, үш том ертегі, үш том айтыс және ел ақындарының бірнеше өлең жинақтары баспа бетінде жарық көрді. Оның үстіне Қазақ ССР Ғылым академиясының қолжазба қорында жиналған ауыз әдебиеті үлгілерінің осы кезге дейін еш уақытта баспа бетінде жарияланбаған, алғашқы жазып алған калпында сақталып, жарық көру кезегін күтіп жатқандары да молшылық.

* * *

Халықтың дәстүрлі батырлық жырларын зерттеудегі ең бір қиын мәселе оның шыққан дәуірін, суреттеген оқиғасының дәлдігін анықтау екенін көптеген ғалымдар айтқан болатынды.

Бірақ, қандай болғанда да әр халықтың батырлық жыры, ең алдымен, сол халықтың басынан кешірген сан-қилы тарихи оқиғаларымен тікелей тығыз байланысты болатыны айқын.

Қазақ, қырғыз, өзбек т. б. халықтардың эпостарының шығу тарихын Шоқан Уәлиханов XIV—XVI ғасыр, Алтынорда дәуірімен байланыстыратыны белгілі: «Қазақ, қырғыз, өзбек, ноғайдың ауыз әдебиеттерінің бір түрі батырлар туралы жырлар. Бұл жырлардың көбі Алтынорда дәуірінде болған тарихи адамдар туралы. Соған қарағанда бұл жырлар XIV ғасырдың

акырында, XV—XVI ғасырларда жасалған сияқты...»¹— дейді.

Әрине, қазақ халқының эпостық шығармаларының бәрін де осы тұста туды деп үзілді-кесілді айтсақ, дұрыс болмаған болар еді. Өйткені, кейбір жырлардың мазмұнында өте ертеден, көне дәуірден келе жатқан мотивтер де көп. Дегенмен, қазақтың батырлық жырларының басым көпшілігінің сол дәуірде тууы заңды. Мұны, әсіресе, Мұрын жыраудың жадында сақталып келген «Қырымның қырық батыры» атты жырлар циклінен анық көруге болады. Бұлардан да басқа батырлық жырлардың көпшілігінде қазақ батырларының қалмақтарға, жоңғарларға қарсы күресі суреттеледі.

Заманымыздың ұлы жазушысы, әрі ғалымы Мұхтар Әуезов қазақ халқында батырлар жырының молдығына және оның маңызына аса көңіл аудара келіп: «Бұл дастандар көбіне сонау бір бағы заманда Орта Азияны, Қырым мен Еділ бойын жайлаған көшпелі тайпалар бастан кешірген нақтылы тарихи оқиғалардың поэтикалық көрінісі болып табылады. Батырлар жырының кейіпкерлері — Қобланды, Камбар, Тарғын сияқты аға батырлар мен Алпамыс тәрізді іні батырлардың есімдері тарихи оқиғаларға байланысты»²,— деп жазғаны баршаға аян.

Ал, 1958 жылы басылып шыққан «Қазақ эпосы» атты кітапқа жазған алғы сөзде белгілі ғалымдарымыз Қ. Жұмалиев пен М. Ғабдуллин дәйекті тарихи мәліметтерге сүйене келіп қазақтың батырлар жырының тууына себеп болған қазақ халқының басынан кешірген тарихи оқиғаларды біраз шолып айтқанды. Әрине, бұл жәйттар еліміздің тарихы жайында баяндайтын әр кезде жазылған әдебиеттен белгілі болғандықтан бұл арада кеңінен тоқталып жатпаймыз.

Батырлық жырларда «қызылбас», «ыңдыс», «қалмақ» деген атаулар қатар, бірінің орнына бірі айтыла береді. Ол сөздер көбінесе сырт елдердің шапқыншы жау әскерлері деген мағынада қолданылады. Бұл атаулар тек қазақта емес, қарақалпақ, өзбек, қырғыз, түркмен халықтарының эпикалық шығармаларында да жиі кездеседі.

Енді бір айта кететін нәрсе, батырлық жырларда өне бойына бір ғана қақтығыс-соғыс, айқас-шайқастар ғана жырлана бермейді. Онда, сонымен қатар, қазақ жұртының бейбіт тұрмысы, әдет-салт, көрікті әсем табиғаты да көрініс табады. Сондай-ақ батыр мен оның дос-жаран, туған-туысқан, семья арасындағы сан алуан қарым-қатынастар суреттеледі. Бұл жырлар-

¹ Ч. Ч. Валиханов. Сочинения СПб, 1904, стр. 30

² Мұхтар Әуезов. Шығармалар. Он екі томдық. Он бірінші том. Алматы, 1969 234—235-беттер.

да патриархалдық-рулық қоғамдағы әдет-салт, дәстүр, мораль мәселесі көрнекті орын алады. Бұл детальдарды жыршылар негізгі айтқалы отырған жыр-хикаясын толықтыра түсу үшін қолданады. Мысалы: міндетті түрде үлкенді сыйлау, сөз бастарда, тіпті жауымен жекпе-жекте соғысар сәттің өзінде де батыр жасы үлкенді сыйлау дәстүрін ұмытпайды, жау болса да жасы үлкендігін сыйлап өз кезегін береді. Сөйтіп, батырлық жырда ежелден келе жатқан жөн-жосықтар, әдет-салттар, халықтың энциклопедиялық тұрмыс заңдары, дәстүрлері молынан жырланып, осы кезге дейін сақталып келген.

Қандай бір батырлық жыры болмасын, оның ең негізгі орталық бейнесі, жыршылардың өте бір мән бере бар ықылас сүйіспеншілігіне бөлей жырлайтын бейнесі батыр тұлғасы. Ол — әр қашан да отанын, елін сүйетін, туған жері, елі үшін жанын аямай күресетін асқан патриот, жақсылыққа жаны құмар, ізгі. Ол жауына қаншалықты қатал, мейірімсіз болса, от басы, елі-жұртына соншалықты мейірімді, жұмсақ, аңғал да ақкөңіл жан.

Эпоста батыр жалғыз суреттелмейді. Батырлық жырлардың үлкен бір ерекшелігі мұнда әрқашан да батырмен қоса бірдей тұлғаланып тұрақты суреттелетін күрделі бейнелер бар: ол, ең алдымен, батырдың жары (кейде қалыңдығы, кейде әйелі) — ол әмәнда асқан сұлу, ел қадірлеп аялаған ардақты ару, ақылды, дана әйел, махаббатқа берік, батырдың айнымас досы, ең сенімді серігі (Құртқа, Ақжүніс, Гүлбаршын, Назым т. б.). Олар да батырдың өзі сияқты ел қамын жеген ерендер. Батырдың екінші бір егізіндей бірге суреттелетін сенімді серігі — оның астындағы тұлпар аты. Ат қасиетін суреттеу, оның батырға жасайтын достық әрекеттері, батырды тілеген жеріне «көзді ашып-жұмғанша» алып баратын құстан жүйрік шабысы — бәрі де батырлық жырлардан ең көрнекті, ең құрметті орын алады. Алпамыстың Байшұбары, Қобландының Тайбурылы, Ер Тарғынның Тарланы, Қамбардың Қаракасқасы т. б. аттар жайындағы суреттер осы пікірімізді дәлелдейді. Батырлық жырларда жау бейнесінің де неше алуан жағымсыз сом тұлғалары жасалады. Жырдағы соғыс суреттері де, хас батырлардың жекпе-жек айкастары да өте әсерлі, сұрапыл.

Қазақтың батырлық жыры жайында айтқанда, оны шығарушылар, орындаушылар, ұрпақтан-ұрпаққа көздің қарашығындай сақтап жеткізушілер туралы айтпай кетуге болмайтын сияқты.

Қазақтың эпикалық жыр, дастандарын ертеден осы кезге дейін жырлап келген төкпе (импровизатор) ақын, жыршы,

жыраулар. Қазақ акындары жыршылық, әншілік, акындық т. б. өнерлерді қат-қабат меңгерген.

XVIII ғасырда өмір сүрген Бұхар жырау, Сыпыра жырау, Тәттіқара жырау, Ақтамберді жырау және Жиенбет жырауды, XIX ғасырдың аяғында жасаған Мұрын жырау, Нұрым, Марабай, Мергенбай сияқты акын-жыршыларды, совет дәуірінің атакты дүлдүл акындары Жамбыл, Нұрпейіс, Нартай, Кенен, Шашубай, Орынбай, Омар сияқты көп акын-жыршыларды халық аса жоғары бағалаған, қатты қадірлеген. Олар айтқан дастан, жыр, қисса-хикаяттарды жұрт жалықпай тыңдаған, жадында сақтаған.

Барлық акын-жыршыларды атап, олардан жазылып алынған мол қазынаның санын тізбей-ақ бір ғана мысал келтірейік.

Қазақ халқының атакты жырауы Мұрын Сеңгірбайұлы (1860—1955) батырлық эпосты көп білген, көп жырлаған кісі екені баршаға аян.

Кезінде Мұрын жыраудан Асанн Хангелдин көп жыр-дастандар жазып алған. Ал, Ұлы Отан соғысының сұрапыл жылдарында (1942 жылы) СССР Ғылым академиясының Қазақ филиалы Мұрын жырауды Маңғыстаудан Алматыға арнайы шақырып алдырып, оның есінде сақталған барлық репертуарын жазып алады. Осы жолы Мұрын жырау өзінің жасынан жырлап келген «Қырымның қырық батыры» атты жыр циклін толық жаздырып кетеді. Ол жырлар қазір Қазақ ССР Ғылым академиясының Орталық ғылыми кітапханасында сақтаулы.

Оқушы қауымға ұсынылып отырған осы «Ақ сауытқа» негізінен бұрын баспа бетінде жарияланған (1958, 1961, 1964 ж.), көпшілік оқырмандардың көкейіне қонып, қалаулы бағасын алған батырлық дастандар ғана еніп отыр.

Қорыта айтқанда, басқа халықтардың эпостары сияқты, қазақ эпостары да, оның ішінде біздің бүгінгі оқырман қауымға ұсынып отырған батырлық жырларымыз да, халқымыздың ғасырлар бойы «басынан өткізген әлеуметтік-тарихи жағдай мен тарихи оқиғалардың, тарихи болған адамдардың ерлік істерінің негізінде туған, елдің ерлік, елдік салтын, әдет-ғұрпын, рухани күшін бейнелейтін құнды қазынасының бірі»*.

* Қазақ эпосы. Алматы, 1958, 12-бет.



КОБЛАНДЫ БАТЫР







Кешегі өткен заманда
Қарақыпшақ Қобланды
Атасы мұның Тоқтарбай
Халықтан асқан болды бай.
Байлығында есеп жоқ,
Айдалып бағып жайылды
Төрт түлік малдың бәрі сай.
Жаз жайлауы Көздікөл,
Көздікөлді жайлаған
Қалың қыпшақ жағалай.
Тоқтарбайдың дәулеті —
Ішкені мас, жеген ток,
Бай-кедейдің көңілі жай.
Қыс қыстауы Қараспан,
Қараспан көкке таласқан.
Ат үйірінен адасқан,
Қалың қыпшақ тізіліп,
Қонса қоныс жарасқан.
Әліп таңба қыпшақтың
Атағы озған алаштан.

Сексенге жас келгенше
Бір бала көрмей Тоқтарбай
Қайғыменен қан жұтып,
Ақылынан адасқан.
Шөл несі сұңқар қияксыз,
Еш нәрсе көрмей дүниеден
Өткенім деген тұяқсыз —
Тоқтарбайдың зарына
Қалың қыпшақ қайысқан.
Әулие қоймай қыдырып,

Етегін шеңгел сыдырып,
Жеті пірге танысқан.
Әулиеге ат айтып,
Қорасанға қой айтып,
Қабыл болған тілегі,
Жарылғандай жүрегі,
Аналықтай бәйбіше
Қабырғасы майысқан.
Елуге жасы келгенде,
Көзім ашпай дүниеден
Өтемін бе дегенде,
Сонда көрген арыстан.
Бір ұл, бір қыз атадан:
Қыздың аты Қарлығаш,
Қобландыға қарындас.

Алты жасқа келгенде
Арыстан туған Қоблан
Қазнадан қамқа киеді.
Өзімнің еншім болсын деп,
Тобылғы менді торы атты
Енші қылып мінеді.
Қобландының тілегін
Бүкіл қыпшақ тіледі.
Қайыры көп халқына,
Енді түсіп салтына,
Таулар күйіп тас жанған
Алты жаста баланың
Елбеңдеген зарпына.
Өзі алты жасында,
Кәмшат бөркі басында,
Тобылғы торы ат астында,
Қаршығасы қолында,
Тазысы ерткен соңында,
Жеті пірге сыйынып,
Баратұғын жолында,
Тоқтарбайдың жылқыда,
Токсан құлы бар еді.
Токсанының бастығы
Естеміс деген ер еді.
Естемісті көруге
Жылқыға бала жөнелді.
Жылқыға бала барғасын,
Бауырап малын алғасын,

Тоқсан құлмен Естеміс,
Риза тауып қалғасын,
Қолқанатпен күйрыққа
Енді Токтар кенелді.
Қобландыны барғансын,
Естеміс ерің баулайды.
Күнде киік аулайды,
Кездессе жауын жаулайды,
Жылқыда жатып Қобланды
Екпіні оттай қаулайды.
Қаршығасы колында,
Құмай тазы соңында,
Көрсө киік заулайды.
Естеміспен екеуі
Қонып жатса бір тауда,
Намазшамнан өткенде,
Құптан мезгіл жеткенде
Құлағына батырдың
Бір дауыс кеп шулайды.
Арғы астында сол таудың
Бұркыраған бу шықты,
Шуылдаған шу шықты.
«Бұл не қылған дауыс?» — деп,
Естемістен сұрайды.
Айтпасына қоймайды,
Сонда Естеміс сөйледі,
Сөйлегенде бүй дейді:
«Арғы астында бұл таудың
Қызылбастың елі бар,
Жасыл байтақ жері бар,
Айдынды шалқар көлі бар,
Көктім Аймақ ханы бар,
Неше мың сан жаны бар,
Қанша жиған халқына
Көрсетіп тұрған сәні бар.
Құртқа деген қызы бар,
Жұртына жайған назы бар.
Ай астына аспанға
Құрды бақан қақтырып,
Алтын теңге аттырып,
Теңгені атып түсірген
Құртканы сұлу сол алар.
Соның дауысы бұл дауыс,
Көптең шыққан бұл хабар.

Көңілің ауып, шырағым,
Бұған болма ынтызар,
Шарға салып басыңды,
Бола көрме сен құмар».
Қанша айтса да Естеміс,
Барғысы келді баланың,
Түсірем деп атып дәл,
Кәміл пірлер болса жар.
Естеміс тағы сөйлейді:
«Қой, шырағым, жассың ғой,
Қабырғаң сенің қатқан жоқ,
Омыртқаң өсіп жеткен жоқ,
Жіберуге қорқамын,
Тілімді алсаң, рұқсат жоқ.
Барғанмен кезек келмес-ті,
Баланы көзге ілмес-ті,
Бағып жатқан Құртқаны
Қырық бес кез Қызыл ер
Шырағым, тектен бермес-ті».
Отырып бұлар кеңесті.
Мінген аты ала-ды,
Қылшық жүнді қара-ды.
Тоқтау салды Естеміс,
Жібергісі келмей баланы.
«Батанды бер, көке»,— деп,
Алдын-артын орады.
Жад қыламын, Естеке,
Жеті кәміл бабаны.
Барғысы келіп батырдың
Тоқтамайды табаны.
Естемістей еріңнің
Таусылғасын амалы
Батасын беріп қол жайып,
Жад қылады құданы.
Үстіне сауыт кигізді,
Жанына байлап болатты,
Беліне садақ ілгізді.
Тапсырдым деп жалғызға
Амандасып жүргізді.
Жүрегі таймай баланың
Ерлігін кәміл білгізді.

Тобылғы менді торы атпен,
Дөңгелетіп жөнелді.

Атып жатқан жеріне
Іркілместен келеді.
Келгендігін баланың
Көктім Аймақ көреді.
Айбатынан сескеніп,
Баланы келген сынады
Қобландыдай төрені:
«Қазақтың ері келді»,— деп,
Көктім Аймақ патшасы
Кезекті бұған береді.
Кәміл пірлер жебеді,
Қолына алып толғанып,
Қозы жауырын жебені,
Ат үстінен шіреніп,
Сонда тұрып тартады
Кәміл пірлер сенгені,
Құрулы бақан басында
Екі бөліп ұшырды
Ай астында теңгені.
Құртқа көріп батырды
Шашу шашып басына,
Бұралып келді қасына.
Нұрына тойып төнгені,
Көзі көрмей өңгені,
Іздеген теңім келді деп,
Патшаға салып жеңгені.
Айтқан серттен қайта алмай,
Отыз күн ұдай ойын қып,
Қырық күн ұдай тойын қып,
Көктім Аймақ атасы
Қыз Құртканы бергені.

Аққа белін шешіпті,
Пайғамбар құда несіпті,
Жұртын жиып той қылып,
Құртқа сынды сұлуды
Қобландыдай батырға
Берейін деп жатқанын
Қырық бес кез Қызыл ер
Хабарын мұның есітті.
«Меніменен күресіп,
Жықса алар,— десіпті,—
Аты-тонын олжалап,
Аман қайтса жарар»,— деп,

Өзінше желдей есіпті.
Бетіне жан қаратпай,
Көңілі әбден өсіпті.
Бұл сөзді естіп Қоблан:
«Артымда жау қалдырман,
Берсе құдай несіпті»,— деп
Мініп алып атына
Қызыл ерге келеді,
Келіп те сөйлей береді:
«Қобланды келді шықсын»,— деп,
Дауыстап хабар береді.
Шықпағасын Қызыл ер
Жүгіріп үйге енеді.
Төсекте жатып Қызыл ер
Қобландыны көреді.
Аяғыммен күрес деп
Бір аяғын береді.
Алпыс құлаш ала арқан
Қызыл ердің ілулі
Босағада тұр еді.
Іліп алып аяққа,
Мініп алып торы атқа
Дүрілдетіп жөнелді.
Қызыл ерді сүйретті,
Сүйреткі қылып үйретті.
Ішінде шеңгел-тікенге
Өкпе, бауырын түйретті,
Тақымға салып сүйретті,
Қабырғасын күйретті,
Менсінбеген дұшпанды
Ақыл тауып үйретті.
Көкпары қылып дұшпанын,
Тау мен тасты күңретті.
Қорлықпенен өлсін деп,
Тасқа соғып боршалап
Қызыл ерді еңретті,
Кеудесінен жан кетті,
Домаланды жерге бас.
Қобланды сынды бала жас
Істі орнына келтіріп,
Құртқаға келіп сөйледі,
Көңілі ердің желпініп.
«Сұлтаным не қылды екен»,— деп,
Құртқа сұлу жүгіріп

Алдынан шыққан еңтігіп.
Көктімге хабар береді
Дұшпанынан құтылып,
Көңілдері жайланды.
Жөнелтуге Құртқаны
Көктім Аймақ ойланды.
Алтынмен ішін безеген,
Сырты күміс ақ отау
Келістіріп түзеген.
Арттыруға сайланды
Қырық түйе қазына,
Қырық құл мен қырық күн
Қосып берді қасына.
Ел-жұртымен қоштасқан
Құртқа сынды сұлудын
Жұрт таң қалды назына,
Сөйлеген сөзі базына.
Көктім Аймақ нұр есіп,
Ертеңгі Шолпан батқанда,
Сарғайып таң атқанда,
Жөнелтуге Құртқаны
Жүгін артып жатқанда
Қобланды бала келеді,
Көктімге сәлем береді:
«Еншісің бөліп Құртқаға,
Бәрін де беріп жатырсың,
Бергенің маған не?»— дейді.
Көктім Аймақ атасы:
«Шырағым, балам, кел!— дейді,—
Бергенім саған біл,— дейді,—
Төбенде тұрған төрт бұлт
Еншің, балам, сол,— дейді.—
Жаз болса, шығар күн жақтан,
Қыс болса, шығар жел жақтан,
Жау келсе, түсер жау жақтан.
Шырағым, балам, сен,— дейді,—
Тапсырдым сені соған,— деп,
Енді атыңа мін»,— дейді.
Атасымен қоштасып,
Құртқаны алып ұзатып,
Елге қарай жөнелді.
Кәміл пірлер жебеді,
Ісі жөнге келеді.
Мінген аты ала-ды,

Қылшық жүнді қара-ды,
Қобландыдай батырын
Көшті тартып барады.
Бірнеше күн жол жүріп,
Азғана емес мол жүріп,
Өткен күнді санады.
Бір күндері болғанда,
Қара жолдың үстінен
Қалың жылқы жарылып
Екі жақта қалады.
Құртқа сынды сұлуың
Күймеден басын шығарып
Жылқыға көзін салады.
Ортасында жылқының
Көкала бие жусап тұр —
Құртқаның көзі шалады.
Тоқтатып қойып күймесін,
Ағытып тастап түймесін,
Шақырып алып, сұлтан, деп,
Қобландыдай баланы,
Биені көріп сынады.
«Мынау жатқан көп жылқы
Кімдікі?»— деп сұрады.
«Сонау тұрған биені
Мені берсең де алғын»,— деп,
Батырға әмір қылады.
Батыр Қоблан күледі,
Әзіл айтып іледі:
«Басымды оққа байлаған,
Сені берсем, қыз Құртқа,
Бір елдің малын алармын»,— деп
Езу тартып күледі.
«Осы жатқан көп жылқы
Немере туған ағамыз
Сәлімбай байдың жылқысы,
Жанындай мені көреді,
Не сұрасам береді».
Тағы Құртқа сөйлейді,
Сөйлегенде бүй дейді:
«Құлақ салып сөзіме
Бері таман кел,— дейді,—
Тобылғы меңді торы атың
Жауға мініп шабуға
Жарамайды бұл,— дейді.—

Жан серік атың, сұлтаным,
Көкала бие ішінде
Көк бурыл құлын бар,
Жан серік атың сол,— дейді.—
Бұл сөзімді біл,— деді.—
Құртқаның сөзін сынарсың,
Жылқысы болса ағанның,
Ала көр, бірақ, сен»,— деді.
Құртқаның сөзін есітіп,
Қондырып көшін сол жерге,
Енді атына мінеді,
Ойлау жерден орғытып,
Тегіс жерден сырғытып,
Аяндамай желеді.
Сәлімбай байдың тоқсан құл,
Қара Көжік бастығы,
Сәлем беріп келеді.
Қоблан сөйлей береді.
«Асқар таулы белсін,— деп,—
Қатар көшкен елсін,— деп,—
Ағамызға сәлем де,
Келінін алып келемін,
Көрімдігін берсін де,
Келінін келіп көрсін де.
Қырық нарға артқан қазына
Бәрін де келіп алсын де,
Бұл сөзіме нансын де,
Көрімдігі Құртқаның
Көкала бие жылқыда
Інім десе берсін де,
Бұл сөзіме сенсін де».
Қара Көжік ал сонда,
Батырдың сөзін есітіп,
Елге шапты жосылтып,
Бұрқыратып тозаңын,
Желге қарсы есілтіп,
Жылқыға жау тигендей
Елдің шетін шошытып,
Байға жетіп келеді,
Қарала атты көсілтіп.
Келіп сөйлей береді:
«Қобланды батыр жіберді,
Ағама дұғай сәлем деп,
Келінін алып келемін,

Қырық нарға артқан қазына
Бәрін де соған беремін.
Көрімдігін берсін деп,
Келінін келіп көрсін деп,
Бұл сөзіме сенсін деп,
Көрімдігі Құртқаның,
Көкала бие жылқыда,
Інім десе берсін деп,
Қобланды мені жіберді.
Береді деп биені
Үзбей отыр күдерді».
Көжіктің сөзін есітіп,
Сәлімбай сонда сөйледі:
«Бұл жібердім қалаға,
Бұзау, баспак, танаға,
Арнап едім балаға,
Бір тайдың несін сұрайды,
Әкете бермей далада.
Бір тай түгіл Қобланнан
Жаңғыз жаным садаға.
Қалағанымды алдым деп,
Мақтанып барсын алдына
Тоқтар сынды ағаға».
Байдың сөзін есітіп,
Қара ала атты көсілтіп,
Қайта шапты балаға —
«Қалағаныңды берді», — деп.
Шыбын жанын құрбан қып,
Қара Көжік арада.
Баладан болып садаға,
Ұстап беріп биені,
Жад қылады иені.
Құртқа сұлу күймеден
Қарғып түсіп биені
Маңдайынан сүйеді.

Көшіне тіркеп жөнелді,
Көкала бие шұркырап,
Көбігі шығып бұркырап,
Емшегі бұлақ иеді,
Қарны жерге тиеді.
Айы-күні жетіп тұр,
Тууы тұлпар қиын боп
Жүруге қалі бітіп тұр,

Ішінде тұлпар тулайды,
Биенің тынысы бітіп тұр,
Қасына адам жолатпай,
Құртқа жалғыз күтіп тұр.

Көкала бие төңбекшіп
Домаланып сұлады.
Тұншығып тұлпар қалар деп
Құртқаның жаны шығады.
Тонын жарып тұлпардың
Құлынға тыныс қылады.
Сонда жатып құлындап,
Бурыл тұлпар туады.
Тұяғын жерге тигізбей
Үстіндегі шешініп,
Құртқа сынды сұлуын,
Алтын тонға орады.
Аузын үріп сыпырып.
Маңдайынан иіскеп,
Шүкір ғып хаққа тұрады.
Аршын басты Бурылы,
Қабырғада қанаты,
Сұлтанымның деп жан аты,
Күн түсірмей көзіне,
Жан тигізбей өзіне,
Үстіне шатыр тіккізді.
Құртқа сынды сұлуың
Айтса сөзін өткізді.
Көп нөкерін жүгіртіп,
Не керегін жеткізді.
Үйін тігіп сол жерге,
Қырық күнге шейін Бурылға
Қулықтың* сүтін емізді.
Және қырық күн біткенше,
Қысырдың сүтін емізді.
Сексен күні біткесін,
Тоқсан күні жеткесін,
Алмасын деп, талмасын деп,
Маңқа, қолқа** болмасын деп,
Жеміне қосып, қыз Құртқа,
Қызыл дәрі жегізді.

* Қулық — бірінші рет құлындаған жас бие.

** Жылқы малында болатын аурулар.

Бурылға қыз Құртқа
Түндікпенен күн берді,
Түтікпенен су берді,
Дәрілеген жем берді.
Құртқа сынды сұлуын
Отауды жығып тиес,— деп
Қобландыға дем берді.
Бурылға қыз Құртқа
Алтыннан жабу оюлап,
Құлағын тігіп қиюлап,
Балағына түсірді.
Елі түсіп есіне,
Дүйсенбі күні бесінде,
Отауды жығып көшірді.
Бурылын құндақтап,
Биені тіркеп көшіне,
Асқар төбе бел еді,
Белден көшкен ел еді,
Көшті тартып келеді.
Бірнеше күн дегенде
Тоқтарбайдың жанына
Отауды әкеп тігеді.

Әлқисса, Қобланды батыр әкесі Тоқтарбайдың жанына
отауын тігіп жатып әкесіне келіп:

— Мен кеткелі жылқыдан, біраз айлар болды. Сонан бері
тоқсан құл мен малдан хабар бар ма?— деп сұрады.

«Жоқ, шырағым, құлдан да, малдан да хабар жоқ»,— де-
ді. Құйған шайдан ішпей, ашытқан балдан ішіп, «мен мал-
дың хабарын біліп келейін»,— деп, жүріп кетті.

Базарда бар ақ мата,
Ойнақтайды жас бота,
Бұл сөзімде жоқ ката,
Әкесімен сөйлесіп,
Атқа мінді күн бата.
Отарда жатқан жылқының
Қарасын көрді таң ата.
Барса малы аман-ды,
Құлдар көріп қуанды,
Қобланды батыр келгесін
Көтеріп қолға ту алды,
Судай тасып жұбанды,
Қыдыр дарып, бақ қонған
Келгеннен соң Қобланды

Бөтен сөзді қоялық,
Естеміске қосылып,
Ит жүгіртіп құс салып,
Қобландыдай батырын
Құра берсін балалық,
Аз ба, көп пе жатқаны
Қобландыны қоялық,
Қыз Құртқаға баралық.

Құртқаның баққан Бурылы
Жасқа толып тай шықты
Жалтырап маңдай ай шықты,
Тайдан құнан бұл шықты,
Тасқа тиген тұяғы
Көмірдей ойып жаншыпты.
Құнаннан шығып дөненді,
Күн көрмеген көбенді,
Жуандап мойыны өссін деп
Бір байталға жіберді.
Бестісінде үйретті,
Жібек арқан құлаштап,
Таралып мойны өссін деп
Ұзын байлап сүйретті.
Алты жаста ақтатты,
Өзіне өлшеп Бурылдын
Алтыннан тұрман қақтатты.
Ат болад деп батырға
Бурылын мақтатты.
Құртқа сұлу батырға
Қарағай найза саптатты.
Алмас қылыш соқтырып,
Күмістен қынын шақтатты.
Бурылының қыз Құртқа
Кекілін, жалын тарайды,
Күніне неше қарайды
Салдырып оған сарайды,
Баласындай жебейді,
Күніне неше баулыды,
Атқа қылған еңбегі
Күннен-күнге көбейді,
Алты жасқа ат толғанша
Қобландыдай батырын
Үйге сірә келмейді,
Бар еді Құртқам демейді.

Әлқисса, сол кезде қызылбастың елінен Қазан деген ер шығып, ноғайлының жерін, Қырлы қала, Сырлы қала деген екі қаласын тартып алды. Қырлы қалаға бектерін, Сырлы қалаға жендеттерін жатқызып жатып алды дейді.

Қызылбастың елінен
Қазан деген ер шықты,
Жөн білмеген шер шықты,
Ноғайлының көп елін
Олжалап шауып жаншыпты.
Бағынбаған адамын
Қырып-жойып тауысыпты.
Жерін, малын олжалап,
Қатарынан асыпты,
Мал-жанына қарамай
Ноғайлы елі қашыпты,
Олжалап жанын босыпты.
Ноғайлының көп елін
Қаратабан десіпті,
Қырлы қала, Сырлы қаласын
Тартып алып ер Қазан
Тасыған судай тасыпты.
Сырлы қала дейтін қаласы
Қорғансыз сырты ашық-ты.
Қырлы қала дейтін қалаға
Атарман да шабарман,
Бектері басын қосыпты.
Қырлы қала маңынан
Жау жүре алмас десіпті,
Көңлі сондай өсіпті.
Қызылбастың ағасы,
Қырлы қала маңынан
Бір жағы судың жағасы,
Алты қабат ор қазып,
Тереңдігін мол қазып
Бекіткенін қарашы.
Қырық жерден құйдырып,
Болаттан соғып қақпаны
Алпыс батыр жапқаны.
Жер жүзіне жайылды
Ноғайлының көп елін
Шауып алып жатқаны.

Әлқисса, Қазанның бұл хабарын төменгі қырық мың үйлі Қиятта Сейілдің ұлы Қараман батыр естіп, аттың жалын тар-

тып, атадан ер болып туғасын, Ноғайлының жеріне қызыл-
бастарды қондырып қоюымыз сүйекке таңба емес пе деп, елі-
нен аттанып шықты.

Қырық мың үйлі қияттан
Қырық мың әскер қол алып,
Ақ қара бас ту алып,
Қызылбасқа жол алып,
Көшірем деп Қазанды
Бұ да күшті мол алып,
Боз ат шалып құдайға,
Жұртын жиып қуанып,
Қияттан шыққан бес батыр:
Қарақозы, Аққозы —
Қатардан асқан қос батыр,
Қаражанұлы Қосдәулет —
Топты бұзған бұл батыр.
Қара Бұқан жауырыншы —
Түнде қалың жол тартар,
Ғайыптан болжап сөз айтар.
Қарамандай батырдың
Қабағына қар қатты,
Кірпігіне мұз қатты,
Қазанның естіп хабарын
Ұйқы көрмей түн қатты.
Ноғайлыны алды,— деп,
Сүйекке таңба салды,— деп,
Өлейін десе, жан тәтті,
Кірейін десе, көр қатты,
Қырық мың әскер қол алып,
Қайырын сұрап сапардың
Қызылбасқа жол тартты.
Қостанып шыққан қосынға,
Қараман батыр толғапты:
«Тілімді алсаң, азамат,
Жаппарға жан аманат,
Қараспан тауын жайлаған
Қалың қыпшақ елі бар,
Қобланды деген ері бар,
Дуа тиген керемет,
Атағы жұртқа мәлім ед.
Баса жүріп қонысын,
Барса ертіп алайық.
Ермесе бата сұрайық,

Жаксыдан тиер шарапат!
Жасы құрдас менімен,
Мұңы мұндас менімен,
Жылы жылдас менімен,
Мақұл көрсең, әлеумет,
Сөз айтамын шынымен,
Жүрейік соның жолымен!»
Ақылдасып көп қият,
Мақұлдасып сонымен,
Баса жүрді жолымен.
Қараспан таудың етегіне
Келіп қонған Қараман
Ауыр әскер-колымен.

Көп әскерді көргесін,
Жай емесін білгесін,
Қобландыдай батырын
Енді атына мінеді,
Жақындап қарсы келеді,
Естемісті жіберіп
Кім екенін біледі.
Естеміс барып қосынға
Достығына сенеді.
Батырға атой* береді,
Қобланды да келеді.
Қараманмен көрісіп,
Амандық сұрап білісіп,
«Жол болсын, құрдас» — дегенде,
Қараман құрдас не деді:

Әлқисса, Қараман батырдың Қазанды алуға бара жатқандығын айтқан жері:

«Мен Сейілдің ұлы Қараман,
Қазанға кетіп барамын.
Жүрмеймісің, құрдасым,
Көп қолқалық қыламын.
Замандасым, мұндасым,
Заманы бірге сырласым.
Жылы бірге жылдасым,
Жасы бірге құрдасым,
Қазанның алған шәһәріне

* Атой — ат ойнату, бұл жерде атпен шауып барып хабар беру деген мағынада.

Сапар тартып жол шектім.
Жүрмейсің бе, жолбарысым?
Қобланды сынды, батырым,
Жасыңнан артық ақылың,
Жұлдызың туған жоғары
Білемін, Қоблан, данасың!
Дұға тиген ер едің,
Кезіңе келген дұшпанның,
Білемін, Қоблан, онбасың!
Осы қылған сапарға
Кетемін ертіп сені деп,
Әдейі келдім, жолбарысым!»
Сонда Қоблан сөйледі:
«Ителгі құстай іледі,
Сүйкімді назбен күледі,
Мінетін атым қолында,
Барар-бармас жолымды
Хабар салып алайын
Үйдегі Құртқам біледі.
Алты жыл болды баққалы,
Түндікпенен күн беріп,
Түтікпенен су беріп.
Бағымды бастан алмасын,
Алды-артымды шалмасын,
Қияметтік жолдасым,
Жан серік атым қолында,
Үйдегі Құртқам біледі
Менің де барар-бармасым».
Бұл сөзді айтып Қобланды
Шатырға қайтып келеді,
Келіп сөйлей береді:
«Мынау келген көп қосын
Сейілдің ұлы Қараман
Қазанға қылған жол,— деді.—
Алып келгін Бурылды,
Жүр деп отыр бұл,— дейді.—
Барамын бірге мен»,— дейді.
Базарда бар ақ мата,
Ойнақтайды жас бота,
Бұл сөзімде жоқ ката,
Қобландының жанынан
Естеміс шыққан ел жата.
Тоқтарбайдың жанында
Құртқаң тіккен отауға

Естеміс келді таң ата.
Таң сарғайып атқанда,
Шолпан жұлдыз батқанда,
Ақ отаудың ішінде
Құртқажан ұйықтап жатқанда,
Естеміс келіп сөз қатты,
Күн шыққан жоқ таң атты.
Дауыстап тұстан сөйледі:
«Үйдемісің, қыз Құртқа,
Түздемісің, қыз Құртқа,
Әйел болдың амал жоқ,
Егер де еркек болғанда,
Болар ең жұртқа бір тұтқа.
Мінген атым қызыл-ды,
Іс тағдырға сызылды.
Жол қылмаққа дұшпанға
Арыстанның көңлі бұзылды.
Мінбекке керек қазанат,
Беліне керек шар болат,
Денеге керек жаланқат*,
Жан жаппарға аманат,
Жалғыз емес Қобланды,
Қияттан шықты қолқанат.
Батырың мініп шабуға,
Асыл туған, Құртқажан,
Жарамай ма, жарай ма
Алты жыл баққан Бурыл ат?»
Сонда сұлу қыз Құртқа
Қылаң етіп, қылт етіп,
Сылаң етіп, сылт етіп,
Шекеде шоғы бұлт етіп,
Алтынды тоны жылт етіп,
Саулы інгендей ыңқылдап,
Күшігендей сұңқылдап,
Сүмбіледей жылтылдап,
Буыны түсіп былқылдап,
Алтын қалпақ дулыға,
Шекесінде жарқылдап.
Мақпал төсек мамықтан,
Алтын иек, ақ тамақ,
Көтеріп басын сөйледі
Естеміс құлға былқылдап:

* «Жаланқат — әскери киім, сауыт, жұқа кебенек.

«Екі тоқты, бір саулық
Берер едім қырқарға,
Дүниеде көп адамзат,
Бенде тоймас інкарға.
Жұмсады ма сіздерді
Үйдегі Бурыл тұлпарға?
Дұғай сәлем дегейсің,
Тұлпарына жұмсаған,
Жұрт иесі сұңқарға!
Және де сәлем дегейсің
Қарамандай құрдасқа,
Заманы бірге сырласқа,
Жылы бірге жылдасқа,
Жасы бірге құрдасқа.
Аттың күні толмай тұр,
Зор салмасын жолбарысқа.
Мінемін көшке көк қасқа,
Саламын қамшы жамбасқа,
Бөрі де қастық қылмайды
Жанына ерген жолдасқа!
Бәдік пенен той басқа,
Ешкі менен қой басқа,
Шайтан менен жын басқа,
Бәйбіше мен күң басқа,
Туған ұл мен құл басқа.
Жұмсады ма сіздерді
Біздей нашар жолдасқа?
Жолдасына жұмсаған
Көп құлдық бас дегейсің,
Қараспан тауын жайлаған
Жұрт иесі жолбарысқа!
Әуелі құдай алмасын,
Алды-артымнан шалмасын,
Тілімді алса сұлтаным,
Бұл сапарға бармасын,
Бұл олжадан алмасын.
Көп жылайды дегейсің
Үйдегі нашар жолдасын!
Асқар тауда белдік бар,
Жасағанда кеңдік бар,
Азда қанша теңдік бар?
Құрдаста қанша елдік бар?
Сұлтаныма сәлем де,
Тілімді алса бармасын,

Біз байлаған Бурылда
Қырық үш күндік кемдік бар». Мұны естіп Естеміс
Кейін шауып жөнелді,
Жауабына кенелді,
Айтқанының бәрін де
Қобландыдай батырға
Бұлжытпай айтып келеді.
Мынау сөзді естіп,
Қобланды келді құрдасқа,
Жүремін деген жолдасқа.
Сонда Қоблан сөйледі:
«Көлден ұшқан қалбаймын,
Жаманның тілін алмаймын,
Хақ бұйырған сапардан
Арыстаным, қалмаймын.
Асыл досым сөкпесен,
Бұл сапарға бармаймын,
Бұл олжадан алмаймын.
Саған да сәлем көп айтқан,
Құрдасым, көңлің қалмасын.
Өтініш қылып зарлаймын.
Асқар тауды бел деген,
Ақ бармақпен жемдеген,
Ауырса жеммен емдеген
Өзінен басқа көрмеген,
Өзінен басқа білмеген
Бағып тұрған баласы,
Күтіп тұрған анасы,
Өзі әйелдің данасы
Тұлпар туған Бурылдың
Қырық үш күні кем деген».
Қарамаң сонда сөйлейді:
«Бұл барғаннан барсақ біз,
Қалың тобын жарсақ біз,
Ер Қазанды өлтіріп,
Қаласын бұзып алсақ біз.
Еркек болып не етеміз
Әр талапқа шығарда
Қатынға ақыл салсақ біз,
Қатынның тілін алсақ біз.
Есіктің алды ебене*,

Ебене — шөптің аты.

Ерлер киер кебене*.
Кеткен кісі келе ме?
Алғанын тәңрім бере ме?
Әр талапқа шығарда
Қатынға ақыл салған соң,
Қатынның тілін алған соң,
Неше батыр болса да,
Басында билік жоқ адам
Арыстан туған құрдасжан,
Ол — қатын емей немене?!»
Қараман бұл сөзді айтқансын,
Қобландыдай батырдың
Тері тамып иектен,
Түгі шығып білектен,
Жаны бір тулап жүректен,
Неше бір құрдас айтса да
Қараманның бұл сөзі
Өтіп бір кетті сүйектен.

Сөз сүйектен өткен соң
Тобылғы атқа ер салды,
Ақ алмасты қолға алды.
Қамшы басып сауырға,
Екпіні ұсап дауылға
Тобылғы менді торы атпен
Қобланды шапты ауылға.
Қатуланып қаттанып,
Буырқанып бұрсанып,
Мұздай темір күрсанып,
Қабағынан қар жауып,
Кірпігіне мұз қатып,
Ар жақ пенен бер жаққа,
Найзасын ұстап бармаққа,
Аттанбаққа қалмаққа
Батыр кейіп келеді,
Еш жазығы жоқ еді,
Бұлаңдаған Құртканын
Сөзге сынық қылдың деп,
Егер шықса алдынан,
Басын кесіп алмаққа.
Дарбазалы есікті,
Пайғамбардай несіпті

* Кебене (кебенек) — әскери киім деген мағынада.

Үйде отырған қыз Құртқа
Дүбірін аттың есітті.
Сұлтаным-дағы десіпті.
Түре келіп бұландап,
Қарады ашып есікті,
Қарады да қамықты.
Құстың жүні мамық-ты,
Арпа, бидай қабықты,
Көтере алмас кедейлер
Жылында бір қой салықты.
Шыдай алмай қыз Құртқа
Және де ашты жабықты.
Жабықтан көзін салыпты,
Қараса ерді таныпты.
Түсі суық көрінді
Ерге болған секілді
Бір сөзбенен жазықты.
Құртқадайын сұлуың
Төмен қарап жер шұқып,
Өксіп жылап қамықты.
Енді Құртқа сасады,
Бетінен қаны қашады,
Оң етегін басады,
Сасқан емей немене,
Аш күзендей бүгілді,
Құртқа жаннан түнілді.
Шыдай алмай қорыққаннан,
Есік пенен төріне
Неше қайта жүгірді.
Сасып жүріп жөн тауып,
Ақылменен ой тауып,
Түтікпенен су берген,
Түндікпенен күн көрген,
Төрде тұрған Бурылдың
Басын шешіп алады,
Мойнына арқан салады,
Шылбырынан жетелеп
Кобландыдай бөрінің
Бұлаңдаған қыз Құртқа,
Алдынан кетіп барады.
Бурыл емес, көк дөнен,
Жеміне қосып жеді өлең,
Туғалы күнді көрмеген,
Түнектен шыққан Тайбурыл

Айдалаға шыккан сон
Түлкідей көзі жайнайды,
Қазандай болып қайнайды,
Көлденең жатқан көк тасты
Сулығым деп шайнайды.
Он екі қулаш арқанмен
Атылып Бурыл ойнайды
Қыз Құртқаны көтеріп,
Бурыл көкке екі ұшты.
Салмағымен қыз Құртқа
Алып жерге бұл түсті.
Анасы әйел демесең,
Құртқа қыз да тым күшті!
Батыр жанына келгенде,
Қамығып Құртқа сөйлейді:
«Асқар таудың белдігі,
Аздың бар ма теңдігі?
Құрдастың бар ма елдігі?
Жалғыздарға жар болған
Алланың көп дүр кеңдігі.
Үш ұшар ең аспанға,
Бір ұшуың кем болды
Мен қайтейін, Тайбурыл,
Қырық үш күннің кемдігі».
Кентті* жерді жайласа,
Үзілмейді базары.
Қайда қалмас, жігіттер,
Өлген сордың мазары.
Кобландыдай бөрінін
Тайбурылды көрген сон,
Құртқадан қайтып қаһары,
Бурылға түсті назары.
Кобланды сонда сөйлейді:
«Көлден ұшқан қаздаймын,
Қаз жайлайтын саздаймын,
Наурыздан** соңғы жаздаймын,
Ақылы жоқ мен байғұс,
Бүйтіп жүрген Құртқамды
Шауып тастай жаздаймын.
Сарай да сарай, сарай бар
Сарайға қолды жеткізген

* Кент — қала.

** Наурыз — март айы.

Қос өркешті қызыл нар.
Малы кемнің зары бар
Әр бендеге ылайық
Өзіне тәңрім қосқан жар.
Атымды бағып баптауға,
Асылдан соққан найзамды,
Қарағайға саптауға
Құртқадайын миясар*,
Жар тапқанша талай бар.
Батырдың сөзін есітіп,
Батыр жанына келгенде
Наз кылса да, қорыкса да,
Құртқадайын сұлуын,
Төмен қарап, жер шұқып
Өксіп жылап қамықты.
Қамыққанын көрген соң,
Қобланды сонда сөйлейді:
«Қызыл тілім шешен-ді,
Қатардан басым көсем-ді,
Артық туған қыз Құртқа,
Атасы әйел десем де,
Басқа әйел болғанда,
Қауыпсыз болып тұрғанда
Кеудеден басың кетер-ді.
Ердің құнын өз басың,
Жүктесен де, Құртқажан,
Неге мұнша қамықтың?
Алдыңдағы мендей бір
Арыстаның есенде?!
Құстың жүні мамық-ты,
Арпа, бидай қабықты.
Асыл туған қыз Құртқа,
Қуанбасаң, қамықпа,
Қараңғы түнек ішінен
Шығарармын жарыққа!
Осы кеткен сапардан
Есен барып, сау қайтсам,
Әйел де болсаң, Құртқажан,
Хан қылармын халыққа!»

Сонда Құртқа сөйлейді:
«Айдын көлден қу аттым,

* Миясар — он саусағынан өнер тамған шебер, іскер.

Дертке дәрі өті де.
Жазғы балық ойнайды
Айдын көлдің шетінде.
Қисен киім жарасар
Ақ патсадай етіңе.
Талап етіп ойға алсан,
Жеткізсін мұрат-ниетіңе.
Сіздер сұңқар, біз қарға,
Сіз алыстан келгенде,
Ажырайып қарауға
Жарамаймын бетіңе.
Аға-інің сенің жоқ,
Жазым болып келмесең,
Мен күйермін дертіңе».

Сонда Қоблан сөйлейді:
«Жылқы ішінде аламын,
Қылшық жүнді қарамын,
Аға менен інім жоқ
Жеке туған — дарамын.
Тоқтарбай мен Аналық,
Әулиеге ат айтып,
Қорасанға қой айтып,
Шыбын жанын және айтып,
Безіп дүние, малынан,
Тірідей безіп жанынан
Тілеп алған баламын.
Жатпады деп бүгінше
Өкпелеме, Құртқажан,
Ұзақ жолға жүруші ем,
Кемпір-шалдың қойнына
Жатайын деп барамын».
Бұл сөзді айтып Қобланды
Тобылғы менді торы атпен
Дөңгелетіп жөнелді
Тоқтарбай тіккен ордаға.
Көлге біткен жекен деп,
Бұршігі жоқ тікен деп,
Үйде отырған кемпір, шал
Жүгіре шықты далаға
«Жалғызым келген екен», — деп.
Көзі түсті балаға,
Бірден жылап екеуі
Баладан болды садаға.

Шылауына шырмалды,
Шылбырына оралды,
Оң тізгінін қолға алды,
Қобландыны жетелеп,
Әкеліп үйге түсірді.
Өлгенде көрген жалғызға
Шербеттің суын ішірді,
Және айналып, толғанып,
Кезек-кезек қолға алып,
Қобландыны күн батпай
Алып жатты кемпір-шал.
Жатқызды көрпе-төсекке,
Кезек-кезек сөз қатты,
Үндемей Қоблан тек жатты.
Тілеп алған жалғыз ұл —
Кемпір-шалға тым тәтті,
Ол уақытта бенде жоқ
Қобландыдай сымбатты.
«Өзіме кара, калқам», — деп,
Ірге жаққа шал тартты,
«Өзіме кара, козым», — деп,
От жақтан кемпір бұл тартты.
Ортасында Қобланды
Алма-кезек домалап,
Шал-кемпірдің қойнында
Кірпік қақпай таң атты.
Таң сарғайып атқанда,
Шолпан жұлдыз батқанда,
Кемпір-шалдың қойнында,
Қобланды ойнап жатқанда,
Бәйгеден келген көк дөнен,
Түнімен ұйқы көрмеген,
Қобландыдай батырдың
Токтамасын білген сон,
Тайбурылдың үстіне
Алтыннан тұрман ер салып,
Азғана азық, жем салып,
Ақ орданын алдынан
Өткізді Құртқа көлденең.
Тайбурылды көргесін
Қобланды тұрды төсектен.
Үйдің сырты жиылған
Ағайын жұрты есіткен.
Жиылып жұрты жылады,

Халайык кайран қылады.
Жіберуге кимайды
Қобландыдай баланы.
Киініп үйден шыққасын
Халқы ортаға алады.
Жиылған жұртпен қоштасып.
Қобландыдай батырың
Тайбурыл атқа мінеді,
Ақ сауытын киеді,
Беліне семсер іледі,
Ноғай бөркін киеді,
Дүйсенбі күні сәскеде
Қараспан тауын бөктерлеп,
Кешегі кеткен қияттын
Қобландыдай батырың
Соңынан желіп жөнеді.
Токсандағы Тоқтарбай,
Алпыстағы Аналық,
Қарындасы Қарлығаш.
Жар қосағы қыз Құртқа
Төртеуі қалмай соңынан,
Кескілеп кет деп қолыңнан,
Қобландының ізінен
Бұлар да еріп келеді.

Түстік жерге келгенде,
Сол уақытта сөйлейді,
Қарындасы Қарлығаш:
«Халық ұйғарса қалмайсың,
Көңлің сүймей бармайсың,
Жалғыз жақын жан көкем,
Сапарландың талапқа.
Ақ сұңқар сеніп ұшады
Құйрығы менен қанатқа!
Сайға біткен қоқтымын*,
Бөрік үстінде шоқтымың.
Осы кеткен сапардан
Жан көкем есен келгенше
Ел-жұртын есен көргенше,
Айтып кеткен құдайға
Қоңыр шұнақ тоқтымын.
Мен түсемін қиялға,

* Қоқты — көл жағалай шыққан қопалы өсімдіктер.

Нешік айла болады
Көзімнің жасын тыярға?
Көкежан, өзің келгенше,
Ел-жұртың есен көргенше,
Артыңда қалған мен нашар
Айтып бір кетші ниязға*.
Көзге, көке, жас алдық,
Жан көкем, есен келгенше,
Елі-жұртын көргенше
Артыңда қалған мен сорлы
Болайын сенен тасаттық**.
Басымда бар-ды алтын шок,
Жан көкем барда көңлім ток,
Көкежан, сені көрмесем,
Басымнан өтер дүние бок!
Табаныма тиер шок.
Сізге деген құдайдың
Маған тисін ажалды оқ!
Ақ мандайда тұлымым,
Бірге туған құлыным,
Керекке біткен терегім,
Бірге туған бауырым,
Қос қанатым, құйрығым,
Судан шыққан сүйрігім.
Суырылып озған жүйрігім,
Сізге деген құданың
Қабыл еттім бұйрығын!
Қозыдай Қоблан егізім,
Бірге туып, бірге өскен,
Кіндігімді бір кескен,
Қарға жүнді қаттасым,
Үйрек жүнді оттасым,
Бірге туған тектесім
Қысылған жерде түптесім.
Тоғай толған түйең бар,
Қора толған қойың бар,
Оны кімге тапсырдың?!
Желіге сыймас жылқыңды
Көкежан, кімге тапсырдың?
Токсанда атаң Тоқтар шал,

* Ниязға — құдайыға, құрбандыққа шал деген мағынада.

** Тасаттың; — құдайға жалбарыну мақсатымен құрбандыққа мал ша-
лу, садақа беру.

Жан көке, кімге тапсырдың?
Алпыста анаң Аналық
Ақ көке, кімге тапсырдың?
Өзіңмен бірге туысқан,
Тай құлындай тебіскен,
Бірге туып, бірге өскен,
Кіндігімді бір кескен,
Көкежан деп жылаған
Мен сорды кімге тапсырдың?
Бұл дүниеде мұндасың,
Ахиреттік жолдасың
Төсекте жатса сырласың,
Құдай қосқан қосағың,
Көктімнің қызы Құртқаны,—
Жеңешемді кімге тапсырдың?»
Қоблекең сонда тарықты
Есіркеп көп бір халықты,
Қарлығаштың дауысы шыққан соң
Қобландыдай бөріңіз,
Ақ найзаға сүйеніп
Өксіп жылап қамықты.
Сонда Қоблан сөйледі:
«Қайта айналып қаз қонар
Ұя салған жеріне,
Әркім ойнап күледі
Өз қатары теңімен».
Көзден аққан қара жас,
Қаны, жасы аралас,
Қарлығашқа көрсетпей
Қобланды сұртті жеңімен.
Және Қоблан сөйлейді,
Сөйлегенде бұй дейді:
«Тауда болар тарғыл тас,
Тарықса шығар көзден жас.
Тар қолтықтан оқ тисе,
Шығады сүйеп қарындас.
Қарындасың болмаса,
Жауда қалар ғазиз бас.
Арқанды жапқан қолаң шаш,
Айналайын, Қарлығаш,
Шырағым, сөзге құлақ ас!
Мен кешігіп келмесем,
Сендерді мұнда жылатпас
Қараспан тауын жайлаған

Қалың қыпшақ бауырлас!
Қарлығаш, сенен айналдым,
Ағызба, қалқам, көзден жас!
Жасыңды тыйшы көзіңнен,
Сай сүйегім сырқырар,
Жан көке, деген сөзіңнен!
Бір сүйгізші, шырағым,
Жаудыраған көзіңнен!
Атадан тақ баламын,
Жауға кетіп барамын,
Жасым үлкен ағамын,
Әлдекандай боламын?!
Әйел де болсаң, бір тудың
Нашар деп сені нетейін?!
Қарлыжан, бұршы мойныңды,
Бетіңнен сүйіп кетейін.
Қарындасым, Қарлыжан,
Тоғай толған түйемді
Сарысуға тапсырдым.
Желі толған жылқымды
Жасанған жауға тапсырдым.
Қора толған қойымды
Аш бөріге тапсырдым.
Азу тісі балғадай
Жас бөріге тапсырдым.
Токсанда атам Тоқтарбай
Құдіретіне тапсырдым.
Алпыста анам Аналық
Бибібатимаға тапсырдым.
Шырағым сені, Қарлығаш,
Қарашаш ханымға тапсырдым.
Жар қосағым қыз Құртқа —
Палуан қызға тапсырдым.
Сендер төртеу, мен жалғыз,
Орман ағаш ішінде
Суреттей жас бұта,
Айналайын, Қарлығаш,
Мен сорды кімге тапсырдың?»

Қарындасы сөйлейді:
«Бұл жібердім базардың
Бояғы менен бөзіне,
Салса жылқы тоқтайды
Арқаның көде көзіне,

Құлақ сал, көке, сөзіме,
Осы барған сапардан,
Жан көкем, есен келгенше,
Ел-жұртын есен көргенше,
Он сегіз мың ғаламның
Патшасы, соған тапсырдым,
Мен көкемді өзіңе!
Қарлығаш және сөйлейді:
Басымнан дүние өткен-ді,
Көрінбесең көзіме,
Құлақ сал, көке, сөзіме,
Көкем есен келгенше
Ата-анасын көргенше,
Қалқамбысың — дегенше,
Мен көкемді тапсырдым
Он сегіз мың ғаламның
Падшасы, сенің өзіңе!
Қараспан тауын жайлаған
Біздің қалың көп қыпшақ,
Көкемнің оңғар сапарын
Жасаған құдай беріп бақ.
Алды-артында сүйеу жоқ,
Атадан, көке, тудың тақ,
Сіз бар болсаң көңлім шат.
Сапарыңнан қайтқанша,
Аман-есен келгенше,
Мен көкемді тапсырдым
Он сегіз мың ғаламның
Падшасы — жаппар хақ!
Көп қайырың тиеді,
Жаныңда қоңсы-сыбайға,
Көз салмадың, жан көке,
Бірге туған жұбайға.
Адалдан жиған малыңды
Залымдарға тапсырдың,
Осының, көке, ұнай ма?
Көкем есен келгенше,
Ата-ананы көргенше,
Жалғызымды тапсырдым
Бір жаратқан құдайға!»
Қарлығаш айтып болғансын
Құртқа келіп не деді?
Ел жайлаған еп еді,
Зарлы-мұңды көп еді,

Жалғыз ұлдан айрылып,
Кемпір мен шал жүдеді.
Бұландап келіп жанасып
Енді Қоблан сұлтанға
Сұлу Құртқа сөйлейді:
«Иреуі жоқ күмісім
Жасаған қосқан белесім,
Ойын мен күлісім,
Сұлтаным, сізге бас қосып,
Кеңейіп еді өрісім,
Алтыннан соққан көп ісім.
Сегіз ұжмақ пейішім
Қауыз, қаусар суындай
Бейіштен шыққан жемісім,
Арыстаным, аман бол,
Осы барған сапардан
Қиын болар келісің.
Жылқы ішінде аласың,
Қылшаң жүнді қарасың,
Ағаң, інің сенің жоқ
Жеке туған дарасың.
Атам менен енемнің
Безіп дүние, малынан,
Тірідей безіп жанынап
Тілеп алған баласың.
Сүйткен бала тастар ма
Атасы менен анасын?
Сұлтанымның меңзеймін
Токтамасқа шамасың.
Кетер болсаң, сұлтаным,
Енекемнің еміп кет
Төсінде екі мамасың.
Сабындаса ағармас,
Іштен туған қарасың,
Құдай қисық жаратты
Кімнің тілін аласың?
Өз дегенің болмаса,
Жөнге көнбес баласың,
Тіл білмеген дұшпанға
Жалғыз кетіп барасың.
Қош, сұлтаным, аман бол,
Әлдеқандай боласың?
Асқар тауды бел дерсің,
Тайбурыл атпен желерсің.

Жаксы-жаман десең де
Құртқаның қадірін білерсің,
Құртқаның сөзіне сенерсің,
Кешегі кеткен қияттан
Он екі күн бұрын барарсың.
Қазан алған қос қала,
Қырлы қала, Сырлы дер,
Сырлысын бұрын аларсың,
Жалғаса біткен жанында
Қасқарлық деген тауы бар
Басына оның шығарсың.
Атыңды көкке қаратып,
Кіндігінен жаратып,
Жата бергін, сұлтаным,
Қараман атты құрдасың
Қазанның Қырлы қаласын
Аламын деп ала алмас,
Алты қабат орынан
Қарғытып ішке ене алмас.
Қақпанын аузын аша алмас,
Қайраты жетіп таса алмас.
Тауда жатқан өзіне
Қараман келер құрдасың,
Қатын деп кеткен сөзіне
Бетіне сонда соғарсың.
Асқар тауды белдігі,
Аздың бар ма теңдігі,
Құрдастың бар ма елдігі?
Көбіктінің екі аты
Үйіріне қарай қашқанда,
Сол уақытта көрінер
Астыңдағы Бурылдың
Қырық үш күндік кемдігі.
Асқар тауды бел дерсің,
Тайбурыл атпен желерсің,
Жаксы-жаман қадірін,
Құртқаның сонда білерсің.
Токсанға келген атамның
Бұтында жоқ ыстаны,
Тізесіне тон жетпей
Қызылбастың елінде
Қаратабан болып жүргенде,
Сұлтаным, сонда келерсің.
Алпысқа келген енемнің

Арқан есіп,
жүн түтіп,
Құрт қайнатып қазанда,
Қайғыменен қан жұтып,
Жүргенінде келерсің.
Қарындасың Бикешжан
Әбдәстесі* жанында,
Пияласы қолында,
Белдемшесі белінде,
Қызылбастың елінде
Шай қайнатып жүргенде,
Сұлтаным, сонда келерсің!
Күзгі жердің шықтысы,
Сенен қалған мен сорлы
Бір дұшпанның мықтысы
Аламын деп тұрғанда,
Қараңғы үйге салғанда,
Көңілге қайғы толғанда,
Сұлтаным, сонда келерсің!
Мінген атың ақ табан,
Айтулы едің мақтаған.
Құданың ісі көп шығар
Өлмегенге сақтаған,
Алла қосып, сұлтаным,
Сапарланып жол шектің,
Қош-аман бол, алла жар,
Жалғызымды тапсырдым
Құданың досты пайғамбар!
Мерген байлап оқ атар,
Ұшқан көлдің қуына,
Иманды құл кез келер
Қаузы, қаусар суына.
Бұл дүниеде келмесең,
Құртқамбысың демесең,
Қазаң жетіп бұл жолдан
Хакка түзеп бетінді,
Арыстаным, жөнелсең,
Жұбайым бар деп еске алсаң,
Сұлтаным, сонда мені ізде
Табысайық мақшарда**,
Пайғамбар тіккен туында».

* Әбдәсте — сулық, қол сұртетін орамал.

** Мақшарда — о дүниеде деген мағынада.

Сол уақыттар болғанда
Шешесі келіп жылайды.
Қобландыны құшақтап,
Көздің жасын бұлайды.
«Он сегіз мың ғаламға,
Патша болған, хақ жаббар,
Есіттің бе сөзімді?
Жылатпа менің өзімді,
Он үш жасар Қобланды
Ерінбей сүйер кезім-ді.
Кітаптардың ішінде
Қырық пайғамбар аты бар,
Қырда Қияс пайғамбар
Ойда Ілияс пайғамбар,
Сізден басқа кімім бар?!
Бас-басыңа бір жандық,
Дем бермесең, біз қалдық.
Асқар тауды бел өттік,
Белден асып ел кеттік
Әулие-аруақ салсаң көз
Ата жолын тербеттік!
Бір жылқыдан кем шаппас
Келінжан баққан Бурыл ат!
Денеге оқты дарытпас
Дәуіт соққан жалаңқат.
Асынғаны жанына
Қынабының сабы алтын,
Ұстар жері сап алтын,
Қынаптан шықса қылт еткен,
Суырып алса жылт еткен,
Шүбіректей қуарған,
Қайтпасын деп тау-тастан
Заһарге салып суарған,
Балдағы алтын шар болат,
Шырағымның шыбын жан,
Жасаған, саған аманат!
Ақ сұңқар құс мақтанса,
О да бір күн кез келер
Құсбегінің торына.
Арғымақ ат мақтанса,
О да бір күн кез келер
Қаланың қазған орына.
Ықлас атты Шәшті Әзіз
Осы кеткен қозымды

Тек тапсырдым қолына,
Қозымды жықпа орына,
Жолықтырма зорына!
Алпыс жасқа келгенде
Қобландыдай ұл тапқан
О да менің сорым ба?
Осы барған сапардан
Есен барып, сау қайтсаң,
Егіз туған көк қошқар
О да сенің жолыңа!
Егіз туған көк бура
О да сенің жолыңа!
Егіз туған көк бұқа
О да сенің жолыңа!
Егіз туған көк айғыр
Бұ да сенің жолыңа!
Өлгенде көрген жалғыз ұл
Тумады ма сорыма?!
Осы кеткен қозымды
Алланың досты Мұхамбет
Тек тапсырдым қолыңа!
Көл иесі, Қамбар-ай,
Шөл иесі, Қамбар-ай,
Қамбар, өзің қолдасаң,
Қолдамайтын кім бар-ай!
Қазанға қайдан жол қылдың
Қарамаң деген заңғар-ай!
Қала қоймас Бурыл ат
Қатар шапқан жарыстан.
Жау іздеді жалғызым
Жақын емес, алыстан.
Қыс болғанда жылқы ықпас
Ойға біткен қамыстан.
Осы кеткен қозымды
Өз қолыңа тапсырдым
Ғали атты арыстан!
Аязды күні айналған,
Бұлтты күні бұрылған
Айқара бесік таянған.
Дыбысы шықса оянған,
Алтыннан бесік игізіп,
Ақ торғынға бөлеген,
Өлгенде көрген көбеген,
Ел тілегін тілеген

Қабырғам жездей қайысқан,
Көтергенде бесіктен
Он саусағым майысқан.
Тас емшегім жібіткен,
Тар құрсағым кеңіткен,
Балапан қаздай еріткен,
Алсам қолым талдырған,
Сүйсем мейрім қандырған,
Қанамнан шыққан балдырған.
Шәһзатты қазірет,
Жарылқаушы күдірет,
Қызылбас басқа,

біз — үмбет,
Қозымды сізге тапсырдым.
Алланың досы, Мұхамбет,
Жалғызыма жәрдем ет!»
Сонда Қоблан сөйлейді:
«Қой, шешеке, жылама,
Жылағанмен бола ма?
Мен сапардан қайтқанша
Ата-анам, ел-жұртым,
Тапсырдым енді құдаға!»
Қараман кетті жиып қол
(Сөйлейді сөзді оңды-сол),
Қобландыдай батырға
Жиылып халық беріп қол,
Жылаумен қалды кемпір сор!
Тоқтарбайдай шалыңыз
Көзі-басы іріңдеп,
Буындары дірілдеп,
Жүре алмады болып қор.
Орта жолда зарлайды
Қайрылып Қоблан бармайды.
Жалғызыма жар бол деп
Жад қылады құдайды
Қала берді кемпір-шал,
Аруақтарға жалынып!
Қобланды мінген Тайбурыл
Шиыршық атып ойнайды
Атандай төсі салынып.
«Айт, жануар, шу!»— деді.
Құбылып Бурыл гүледі
Табаны жерге тимеді,
Құлақтың түбі терледі,

Тер шыққан сайын өрледі.
Көлденең жатқан аңғарды
Жерошақ құрлы көрмеді.
Атына көңлі біткесін,
Батыр Қоблан сөйледі:
«Әуелі алла-анайым,
Хақ жаратқан құдайым.
Үйдегі Құртқа жұбайым.
Жарым олқы болды деп,
Жемеймін тіпті уайым.
Құртқажан «тұлпар» деп еді,
Айтқан сөзін сынайын.
Жайың қалай, Бурыл ат?
Қолтығыңда қос қанат,
Үстіңде мен аманат.
Үкілі құйрық, майда жал,
Сөзіме менің құлақ сал.
Алтын, күміс қият жал,
Лебізің сенің сары алтын,
Үстіңдегі түгіннің
Жары күміс, жары алтын.
Жан серігім, Бурыл ат,
Жылқыда тұлпар сен едің,
Терлемесің күн салқын.
Жігітте сұңқар мен едім,
Қыдыра жалды, қыл құйрық,
Сенен озбас деп едім.
Екі аяқты, бір басты
Менен озбас деп едім.
Біздің ауыл ағыста,
Есебі жоқ алыста,
Азулының бойында,
Жылқылары қамыста.
Қатын Қоблан қалды деп,
Кешегі кеткен қиятқа
Қоямысың намысқа?
Жан серігім,
Бурыл ат,
Барыңды бүгін қарышта?
Қаса тұлпар ат болсаң,
Ұшқан құстан қалыспа!
Қырық күншілік Қазанға
Бір мезгілде жетуге
Сіздей малға алыс па?

Бұл жібердім базардың
Бояғы менен бөзіне.
Салса жылқы тоқтайды
Арқаның бөрі көзіне.
Жан серігім, Бурыл ат.
Сал құлағың сөзіме,
Қырық күншілік Қазанды
Көрсетші бүгін көзіме!
Көрсетпесең көзіме,
Онда Құртқа, мен мұнда
Қалар көңлім өзіңе,
Құралайдың талына,
Алуа, шекер, балына!..»
Тобылғы сапты қамшымен,
Тартып-тартып жіберді,
Тайбурылдың санына.
Жан серігі Бурылдың,
Жаман батты жанына.
Жанына батпай не қылсын,
Қарға, құзғын тойынды,
Санынан аққан қанына.
Қобландының қамшысы
Тайбурылға шын батты,
Шыбын жаны тым тәтті,
Санына қамшы батқан соң,
Жоғарғы ерні жыбырлап,
Төменгі ерні қыбырлап,
Тайбурыл сонда тіл қатты:
«Қарағай менен бітер тал,
Кімге келмес керімсал.
Наз бедеу атқа бітер жал,
Аямай тарттың қамшыңды
Батыр туған, Қоблан нар!
Өлмесем де кеудемнен
Шыға жазды шыбын жан,
Қызылбастың шәһәріне
Мұнша болдың ынтызар!
Ата, анадан жалғыз тақ
Жалғыздық кегін менен ал.
Төрт аяғым тең жорға,
Тізгінім тартпай сал жолға,
Үстімде сен есенде,
Астында өзім аманда,
Қажу бар ма мен сорға?!

Ат кылып тәңрiм жаратты
Сен секiлдi сығайға.
Қысылған жерде ер жiгiт,
Бiр тәңiрге жылай ма?
Қырық күншiлiк Қазанға
Бiр мезгiлде жет дейсiң
Ұшқан құсқа оңай ма?!
Қиын да болса, Қобланды ер.
Қиналармын,
қайтейiн,
Уағаданыз солай ма?
Намаздiгeр өткенше,
Намазшамға жеткенше,
Қазанның Сырлы қаласын
Көрсетпесем көзiңе,
Түсiрмесем жүзiңе
Жан серiгiң Бурылды
Сол жерде шал құдайға!»

Бұған Қоблан қуанып:
«Шырағым Бурыл, шу!»— деді,
Құбылып Бурыл гуледі,
Табаны жерге тимеді,
Тау менен тасты өрледі,
Төрт аяқты сермеді,
Құлақтың түбі терледі,
Тер шыққан соң өрледі,
Адырды көзі көрмеді.
Көлденен жатқан көк тасты
Тіктеп тиген тұяғы
Саз балшықтай иледі.
Қараша емес қауыс-ты,
Қоңыраулатып дауысты,
Жақын қылды алысты,
Берсін кімге намысты,
Күн төбеден аумай-ақ
Түзеді Бурыл шабысты.
Қос құлағы тігілді
Көлге біткен қамыстай,
Түс ауған соң, бүгілді
Илеуі жеткен қайыстай.
Байлаулы малдай шешілді,
Төрт аяғын көсілді,
Әбіре сымдай есілді.

Кешегі кеткен қосынға
Жетемін деп Қобланның
Жоқ еді тіпті есінде.
Бұлаңдаған Бурылмен
Артық туған Қобланды
Аңқып жетті бесінде.
Қол соңында барады,
Қара Бұқан — жаурыншы,
Бұқанға келді:—«арма!»— деп,—
«Алдыңда кісі бар ма?»— деп.
Қара Бұқан сөйледі:
«Жылқы ішінде аланы,
Жоктап едік Қоблан баланы,
Аты қалар деймісін
Өзіңнен үлкен ағаны?!
Осынау белдің астында
Қосдәулет кетіп барады».
Тайбурыл атты құтыртып,
Оған да келді сыпыртып.
«Үлкен едің — арма!»— деп,—
«Алдыңда кісі бар ма?»— деп.
Ол да айтады, аланы,
Қылшық жүнді қараны.
Жоктап едік ертеден
Қобланды сынды баланы.
Осынау белдің астында
Аққозы кетіп барады.
Тайбурылды құтыртып,
Оған да келді сыпыртып.
«Үлкен едің — арма!»— деп,—
«Алдыңда кісі бар ма?»— деп,
О да айтады, аланы,
Қылшық жүнді қараны.
Адасты деп ойлап ек
Қобланды сынды баланы.
Осынау белдің астында
Қарақозы кетіп барады.
Тайбурыл атты құтыртып
Оған да келді сыпыртып
Оған да келіп:—«арма!»— деп —
«Алдыңда кісі бар ма?»— деп.
Қарақозы сөйледі:
«Алыстан айқын көрінген
Жылқы малдың аласы,

Ағынан көп-ті қарасы,
Оңдаса құдай сапарды
Бенденің болмас шарасы.
Қызыл тілді сөйлеткен
Қаусырма жактың арасы.
Жеткен-ді деп ойлаймын
Өз көңлімше шамасы,
Кешегі қонған мезгілден,
Шапқаннан бері, шырағым,
Көрінген жоқ көзіме
Құрдасынның қарасы».
Көктем мезгіл болғанда
Көктен құйған тамшыдай,
Шебер қыздың қолында
Балдағы алтын қайшыдай,
Қарамандай құрдасың
Кетіп қалды деген соң,
Бұлаңдаған Бурылға
Тағы да басты қамшыны-ай.
Найзасы аумай қолынан,
Жұлдызы туып онынан,
Қобланды сонда шу!— деді,
Құбылып Бурыл гуледі.
Қараманның соңынан.
О да кетіп қалыпты
Үздік озып қолынан.
Беті қайтпай барады,
Сапар еткен жолынан.
Тайбурылды гулетіп,
Келіп жетті соңынан.
Қобланды жетіп сөйледі:
«Болғаның ба, досым-ай?!
Мақтаған атың осы ма-ай?
Он екі күнде келерсің
Менің бүгін кеште тіккен қосыма-ай!
Жағалай таудың татыры-ай,
Жарасар тіккен шатыры-ай,
Анау күні қатын деп
Қарамай кеткен, батыр-ай!
Көрдіңіз бе, Қараман?
Қатынның баққан атын-ай!
Қатын да болса, білдің бе?
Құртқаның асыл затын-ай!
Қатынның баққан аты озып,

Қапыда қалма, батыр-ай!
Жүрмейсің бе, Қараман,
Үш күн кейін соң қалып
Мен де озып барамын.
Қалсаң, өлім жақын-ай!»
Қобланды гулеп жөнелді
Қөп қиятқа қарамай.
Қалың қият — көп қосын
Бәрі қалды артында
Бірі еруге жарамай.
Сонда Бурыл гуледі,
Табаны жерге тимеді,
Көлденең жатқан көк тасты
Тіктеп тиген тұяғы
Саз балшықтай иледі.
Аманбайдың ақ тікен,
Бурыл асып жөнелді.
Қарсы келген қабақтан,
Қарғып басып жөнелді.
Сенгір-сенгір таулардан
Секірте басып жөнелді.
Ол төбе мен бұл төбе,
Бауыры шұбар көк төбе,
Онан да өтіп жөнелді.
Қамыстының қазды көл,
Қоғалының қулы көл,
Шегендінің желді көл,
Шағалалы шалқар көл,
Қызғыштының Қыздыкөл,
Кұмра, Қотан, Қоскөлден.
Айналасы бес көлден,
Бәрінен өтіп жөнелді.
Күдерінің белінен,
Бесінде өтті дөңінен.
Барлы-барлы, барлы тау,
Басы биік қарлы тау,
Хан жайлаған Қаратау,
Би жайлаған Алатау,
Онан да өтіп жол шекті-ау,
Түйе мойнақ иір тау,
Қыз емшекті сүйір тау.
Атасу мен Манака
Мал оттауға оты ашы,
Ішейін десе суы ашы,

Мұнан-дағы жол шекті.
Қампай-күмпей қасынан,
Жем, Темірдің басынан,
Қалбағайлы шөлдерден,
Қасқалдақты көлдерден,
Асқар-асқар белдерден,
Айдын шалқар көлдерден,
Қан сасыған жерлерден,
Тобылғылы Нұрадан,
Сексеуілді жырадан,
Байалышты құмайттан,
Бүлдіргенді шыңайттан
Жалғыз шауып жол шекті.
Астына мінген Бурыл ат
Жауатын күндей күркіреп,
Жанбырдай тері сіркіреп,
Құбылып ойнап жер басты.
Алдыңғыдан артқы аяқ
Сынық сүйем кем басты.
Жалғаса ұшқан қоңыр қаз
Тозаңынан адасты.
Асқар тауды бел еді,
Бір шауып, бір желеді,
Құбылып ойнап жер басып,
Дөңгеленіп келеді.
Садақтың бауы сартылдап,
Масатыдан шалбардың,
Сала құлаш балағы,
Алтынды зермен көмкерген,
Жел соққандай жалпылдап,
Белеңнен асты былқылдап.
Тозаңы шықты бұрқылдап,
Аттың жолы қазылды.
Ұмтылғанда қысылып
Бес жүз құлаш жазылды.
Бурыл көкке секірді,
Омырауда тері көпірді,
Шаба-шаба шатылды,
Табаны тиіп ұшқан тас,
Қызылбас мылтық оғындай
Аспан көкке атылды.
Тақиядай көрмеді
Үстіндегі батырды.
Бұлаңдаған Бурылдың

Мандайында машат бар,
Марал ішсе таусылмас.
Құйрығында құдық бар
Құлан ішсе таусылмас.
Арандай аузын ашады,
Аяғын топ-топ басады,
Бір төбенің тозаңын
Бір төбеге қосады.
Кешке таман Тайбурыл
Жын қаққанға ұсады,
Құнан менен құлжаның,
Ұзатпай алдын тосады.
Көл жағалай отырған,
Көкқұтан мен қарабай
Көтеріліп ұшқанша,
Белінен басып асады.
Дуадақ пен жек қалды,
Әлде өтірік, әлде шын
Аксұңқар мен ылашын,
Өлген құсты жеп қалды.
Ебелек ұшпас елсізден,
Көбелек ұшпас көлсізден,
Құла мидай шөлдерден,
Адам жүрмес жерлерден,
Батпақ ылай көлдерден,
Асқар-асқар белдерден
Жалғыз шауып жол шекті
Үмітін үзіп келеді
Қараспан тауды жайлаған
Қалын қыпшақ елдерден.
Намаздігер өтті енді,
Намазшамы, жетті енді,
Қобланды мен Бұрылдың
Уәдесі бітті енді.
Көріне ме шәһәр деп
Ілгері қарап күткен-ді,
Сол уақыттар болғанда,
Белес-белес бел көрді,
Бел астында ел көрді.
Бидайықты ақтатыр
Ақты, бозды қой жатыр,
Тіктеп шауып қалаға
Қоблекем келе бұл жатыр.
Құланнан атты қодықты,

Көлден тартты борықты,
Жетемін деп торықты,
Намазшамның кезінде,
Бес ағаштың түбінде,
Қазанның алған жылқыға
Ағыны қатты Бурылмен,
Аңқытып келіп жолықты.

Көкалалы көп жылқы,
Бөрі құлақ ен жылқы,
Гулетіп жылқыны алады,
Айқайлап жиған көп жылқы
Бір уыс болып қалады.
Жылқыны жөнге шығарып,
Қазанның Сырлы қаласын
Қайта айналып шабады.
Бетіне қалқан далдалап,
Шәһәрына шапты: «аллалап!».
Қаланың аузын қандатып,
Көшенің аузын шандатып,
Қақпадан атын қарғытып,
Кіндіктен оғын сырғытып,
Туырлығын тоқым қып,
Керегесін отын қып,
Мал шығармай далаға,
Ел шығармай салаға,
Жау бетінде жад қылып
Жеті кәміл бабаға,
Өтірік емес, жан аға,
Қазанның Сырлы қаласын
Бұзып, жарып Қоблекең,
Он екі күн дегенде
Жалғыз жанды құтқармай
Айдап шықты далаға.
Құлақ салмақ сауап-ты
Бес уақытты азанға,
Ителгі құстың тырнағын
Мың сан қарға жазар ма?
Сырлы қаланы алады,
Адамын жөнге салады.
Қаланың қиғаш қасында,
Қасқырлы таудың басына
Бұлаңдаған Бурылмен
Батыр Қоблан шығады,

Құртқаның сөзін сынады,
Жан-жаққа көзін салады,
Батырдың көзі шалады,
Қалың қият, көп қосын
Он екі күн дегенде
Олар да келіп қалады.
Өзі жатқан Қазанның
Қырлы дейтін қаласын
Қырық мың қолды әскермен
Алты қабат орының
Сыртынан орап алады.
Қараман атты батырың,
Аламын деп ала алмай,
Алты қабат орынан,
Қарғытып ішке ене алмай,
Қақпаның аузын аша алмай,
Қайраты жетіп таса алмай,
Үш күн тұрып сыртында
Болдыра алмастай болған соң,
Енді атына мінеді,
Мініп алып атына
Тауда жатқан батырға
Қараман өзі келеді.
Келіп сөйлей береді:
«Айбалтам тасқа өтпейді,
Жамандар сөзді кектейді,
Жүрмейісің, құрдасым,
Қызылбастың еліне
Сенсіз күшім жетпейді!»
Сонда Қоблан сөйледі:
«Асқар ма екен, тау ма екен?
Арғымақ па екен, ат па екен?
Жая ма екен, жал ма екен?
Шекер ме екен, бал ма екен?
Ер бұзбаған қамалды
Қатын бұзған бар ма екен?
Мал салдым базар бөзіне,
Салса жылқы тоқтайды
Арқаның бөрі көзіне,
Ерді қатын дей ме екен
Не деп айттын өзіме?
Сен бір айтпай үш айттың,
Келмеді ме кезіне?
Көрінбе менің көзіме,

Неше батыр болсаң да,
Үйде қалған Құртқаның
Сатса алмаймын өзіне.
Өзі түгіл Құртқаның,
Сағынғанда алмаймын
«Қалқамжан» — деген сөзіне.
Қобланды бұл сөзді айтқасын,
Қараман құрдас өкпелеп,
Көрмеймін деп жер тепкілеп
Наза боп қайтып жөнелді.
«Алсам, мұны алармын,
Алмасам, өліп қалармын,
Қатыныңның тілімен
Қобландыдай батырың
Жүр ме едің әлі де кекті», — деп.
Жая да емес, жал-ды деп,
Шекер де емес, бал-ды деп,
Бір қатынның тілімен
Құрдасым көңлі қалды деп,
Аршын басты Бурылмен
Аңқытып желді соңынан,
Іс келеді қолынан.
Бықылдап Қоблан желеді,
Соңынан жетіп келеді.
Қобланды батыр келгесін,
Сыбағамды бердің деп,
Қараман құрдас күледі,
Қуанғаннан батырдың
Төбесі көкке тиеді.
Қараман, Қоблан қосылып
Қосынға келіп енеді.

Ордың шығып басына,
Қаланың келіп қасына,
Қобландыдай батырың,
Тайбурылға сөйледі:
«Тұлпарым, саған айтайын,
Салсаң құлақ сөзіме,
Салса жылқы тоқтайды,
Арканың бөрі көзіне,
Жая қандай, жал қандай?
Шекер қандай, бал қандай?
Екеуіміз жолдас болғалы
Бүгін емес, бірталай.

Анаңыз тұлпар деуші еді,
Қалмақтың терең қаздырған
Алты қабат орынан,
Жетінші қабат қалаға,
Қарғытамын, Бурылым,
Қарғимысын, жай қандай?»
Жоғарғы ерні жыбырлап,
Төменгі ерні қыбырлап,
Ерініменен сыбырлап,
Сонда Бурыл сөйледі:
«Артыңда қалды еліңіз,
Болды ма менде кегіңіз?
Анамыз Құртқа деген соң,
Сатылмайды теріміз.
Көңілде жоқ кіріміз,
Қысылған жерде дем берсін,
Жылқышы Қамбар піріміз.
Көңіліңе алсаң қоймайсың
Қайсар Қобылан шеріміз.
Салған қолқаң сол болса,
Қобланды сынды еріміз,
Қарғысам, қарғып көрейін,
Қарғи алмасам,
өлейін,
Тәуекел етіп көріңіз».
Мұны есітіп Қоблан,
Бурыл атқа «шу!»— деді,
Бүктеле беріп жазылып,
Бурылы бұлқып гүледі,
Алты қабат орынан
Жетінші қабат қалаға
Қояндай ырғып жөнелді.
Ортасына шәһерінің
Бурыл барып топ етті,
Жердің шаны бұрқ етті,
Ат тұяғы тиген жер
Тесіле жаздап солқ етті.
Қалаға Қоблан кіргесін,
Ерлігімен кіріп кеткесін,
Бала да болса келбетті.
Ене алмай қалды Қарамаң,
Ордың сыртын айналып,
Маңдай шып-шып терледі
Ене алмағасын қиналып.

Көп әскерді көргесін,
Жау екенін білгесін,
Шәһәрі жұрты жиналып,
Қазан ханы бас болып,
Ұрысуға сайланып,
Жатыр екен жиналып.
Арқада бар бөрікөз,
Жаксыда ғой тәуір сөз,
Неге ұмытсын көрген көз?
Арыстан туған Қобланды
Көп әскерге келді кез.
Арыстан туған Қобланды,
Көп әскерге келгенде
Қырық мың атты қызылбас
Қолына жасыл ту алып,
Арыстан туған Қобланды
Ақ білегін сыбанып,
Көңілі тасып келеді
Жауды көріп қуанып.
Сол уақытта алдынан
Қара қасқа ат мінген,
Құйрық, жалын шарт түйген,
Алдына дабыл төңкерген,
Артына сауыт бөктерген,
Аламанға дем берген,
Азды көпке теңгерген,
Қара бөрік қалпайған,
Қайратымен мал жайған,
«Мен сондай!»— деп далдайған,
Қысқа күнді қырық шапқан,
Тері тонды теріс артқан,
Қызылбасқа жан тартқан,
Қазақ десе оқ атқан,
Қабағына қар қатқан,
Кірпігіне мұз қатқан,
Он екі күнде бір жатқан,
Он үш күнде бір татқан,
О да айтулы ер еді,
Қызылбастың елі еді,
Құдайдан дұспан сұраған,
Жау көрмесе, қуарған,
Найзаның ұстар жеріне
Қолыма жұмсақ болсын деп,
Топтап барқыт ораған,

Шын қаһарына келгенде
Жауған қардай бораған.
Суда болар сары сазан,
Молдалар айтар бес азан,
Үлкендете жолымен:
«Қашпа, бала, қашпа»,— деп
Алдынан шықты ер Қазан.
Хан шыққансын кім қалсын?!
Ханның ұлы Қарауыл,
Бектің ұлы Беке ұл,
Хан жігіті жасауыл,
Хан қасында қайдақтар,
Қатыны жоқ бойдақтар,
Отыз төре қызылбас,
Үй басына он сомнан
Жиып жеген бейбақтар,
Мысық құлақ мылтық қолында
Қара сұңқар қойнында,
Бәйгеден келген дөнені,
Бұл шаһбаздың* гөзелі,**
Талай батыр ұмтылған.
Қаланың аузын қандатып,
Әскерін жаяу аңдатып,
Қызылбас болып қол алып,
Қобландыға жол алып,
Сәске мезгіл болғанда
Қырық мың әскер қол шықты,
Қазан ханы бас болып,
Он кісіден қос болып.
Арқада бар бөрікөз,
Жақсыда бар тәуір сөз,
Қолды бастап шығарып,
Қазан сынды батырың
Қобландыға келді кез.
Өзі жеке келгенсін,
Қайыспасын білгесін
Басын тартып қара аттып
Қобландыдай батырға
Бір-екі ауыз айтты сөз:
«Алатаудың қырғызы,
Қигенің ала қырмызы,

* Шаһбаз — сабаз, ер.

** Гөзел — сұлу, көркем.

Ат саурысын басыпты,
Көп шабысты көргендей.
Аттын жалы жатыпты,
Алыс жолдан келгендей.
Қабак қаның тасыпты,
Түн ұйқыңды бөлгендей.
Қай шәһەرге барасың,
Қай орынға қонасың?
Бурыл атты, жас қырғыз,
Кімнің ұлы боласың?!
Атанды сұрасам, кім деймін?
Ананды сұрасам, кім деймін?
Батыр Қазан мен деймін,
Шын сөзіңмен кел деймін,
Қалжың сөзге көнбеймін,
Ашуыма жолықпай
Бурыл ат пен ақ сауыт
Қол тигізбей бер деймін».
Сонда Қоблан сөйлейді:
«Бұл жіберіп шығып ем
Базарда алтын қасыққа,
Ат беруге арланам
Сендей дінсіз жасыққа.
Ат алуың каша ма,
Дем алғанша асықпа!
Келмей жатып ат бер деп,
Қызылбас неден есірді?
Қызылбас қызы сұлу деп,
Сүйермін деп ем жесірді,
Шыдамасаң бері кел,
Көрсетейін кесірді.
Атасы жаман атасыз,
Атамды сұрап нетесіз?
Анасы жаман анасыз,
Анамды сұрап нетесіз?
Анаң сенің некесіз,
Некесін сұрап нетесіз?
Ашулансам боларсың
Әр кез жарық көргісіз.
Өзіңнің соққан қақпаңнан
Зар қылармын жүргісіз.
Қазан деген ерсің сен,
Жөн білмеген серсің сен,
Патшаңнан алған қамқанды

Қан қылмай-ақ шешерсің!
Асқар төбе белсің сен,
Қызылбас деген елсің сен,
Арақ ішіп, нан жесең
Қала ішінде есерсің.
Көкрегінді басайын,
Желденіп көңлің келсең сен.
Қарақасқа тұлпардың
Сауырынан түсерсің!
Мойныңнан аққан жылы қан
Шамаң келсе, ішерсің.
Жауға шабар ер жігіт
Жаманнан ақыл сұрамас.
Бетімнен қаһар шығады
Жанбырлы қардай аралас.
Мұсылманның баласы
Өзім өлмей жыламас.
Іздегенім қызылбас,
Аты-тонын әр жерде
Беруші еді сендей нас.
Қылышпенен өлтірсем,
Қиқаладың дерсің сен.
Найзаменен өлтірсем,
Микаладаң дерсің сен.
Садақпенен өлтірсем,
Қапыл қалдым дерсің сен.
Мылтықпенен өлтірсем,
Жазым қалдым дерсің сен.
Мінген атың құла ғой
Сендер көп те мен жалғыз,
Қолыңа келді бір бала,
Білгенінді қыла ғой».
Ел жайлауы Арыс-ты
Батырлар қылды намысты.
Әуелі тәуір сөйлесіп,
Артынан шайтан жабысты,
Шайтан емей немене,
Ырғай сапты сүңгіні,
Ырғай, ырғай салысты,
Итерісіп тұрысты,
Найза қанға майысты,
Ат тізесін бүгісті,
Бүгісе, бүгісе тұрысты.
Тебінгіге тер қатып,

Қақырғаны кан татып,
Түкіргені жын татып,
Қанжарменен қармасты,
Семсерменен серместі.
Қанжар қалды қайысып,
Семсер қалды майысып.
Дикан еккен егінді
Есен алса тегін-ді,
Қан қабақтан төгілді,
Ерлер жаннан түнілді,
Аш күзендей бүгілді,
Екеуінің ақ сауыт
Шығыршықтан сөгілді.
Сол уақыттар болғанда,
Артық туған Қобланды
Найзасын ырғап ендірді.
Қазанды аттан төндірді,
Ат көтіне міндірді,
Ту жығылар айшықты,
Ақ денеден кан шықты.
Шауып еді, жан шықты,
Ұлы сәске болғанда,
Ортасында қаланың
Ер Қазанның аузына
Қобландыдай батырың
Толтырады балшықты.
Қазан аттан құлады,
Көріп елі шулады.
Шәһәрі байтақ жұртына
Тегіс хабар салады,
Жұртын жиып алады.
Шілдедегі бір айда
Көктен түскен самал-ды,
Тура келген ажалға
Кім табады амалды?!
Өлген құлдың басынан
Өткізеді заманды.
Қырық мың атты қызылбас
Алдында қойдай камалды,
Қамалмасқа бола ма
Кез қылды құдай қабанды.
Қабанның ойыны жаман-ды,
Қырық мың атты қызылбасқа
Тұтам қылды заманды,

Токтата алмай табанды,
Қалаға қайтып кете алмай,
Барайын десе бата алмай,
Дарбазадан өте алмай,
Ортөбеде топтанып,
Шиыршық атып шоқтанып,
Қолына бір-бір оқты алып
Көптігіне мақтанып,
Қазан ханы өлгесін,
Жекпе-жекте тоқталып,
Бірте-бірте жиналды.
Жауды көрген мезгілде
Арыстан туған Қобланды
Жан-жаққа көзін салады.
Қырық мың атты қызылбас
Жалғыздығын білгесін
Енді ортаға алады,
Тұрған жерде қамады.
Артық туған Қобланды
Қамағанын жаудың көргесін,
Жалғыздықты айтып жабығып,
Бір тәңірге зарығып,
Сонда тұрып налыды:
«Өзі болат, өзі өткір
Бұрынғы ердің найзасы,
Бақ қараған жігіттің
Басында болар айласы.
Алды, артымда таяу жок
Қараспан толған көп елдің
Қайда бір маған пайдасы?!
Мініп шықтым елімнен
Астымда Бурыл дөнен-ді,
Көкке тойған көбең-ді,
Қызылбас қашып, мен қалсам,
Ерлігімді кім айтар,
Қараспанды жайлаған
Қалың қыпшақ көп елге?
Жар болғай алла өзіме,
Шыбын жаным көрінді
Бүгін менің көзіме.
Кәміл пірлер, құлақ сал
Ауыздан шыққан сөзіме.
Жазым болып мен түссем,
Бір найзадан қан құссам,

Үстімдегі ақ сауыт,
Астымдағы Тайбурыл
Жалғызының исі деп,
Кім апарып көрсетер,
Кемпір, шалдың көзіне?
Бурылға жаптым көк мауыт,
Сыйынған пірім Қамбар, Дәуіт,
Шабамын жауға ауыт-ауыт,
Бүгін қанға боялсын
Балғаң тиген ақ сауыт —
Беркітіп соққан ер Дәуіт.
Жауды көріп, қызды аркам,
Қашар ма жаудан мен салкам?
Бүгінгі күні не көріп,
Иманмен өтсем жоқ-ты арман.
Толғамалы ақ сүнгім,
Шаншылар майдан күн бүгін.
Бұлғары садақ, бұқар жай
Тартылар майдан күн бүгін.
Алтын құндақ ақ берен
Атылар майдан күн бүгін.
Толғамалы ақ сүнгім,
Шанша алмасам маған серт,
Қанға тойсаң саған серт!
Бұлғары садақ, бұқар жай
Тарта алмасам, маған серт!
Бел күшіме шыдамай
Беліннен сынсаң, саған серт!
Алтын құндақ, ақ берен,
Ата алмасам маған серт!
От алмасаң саған серт!
Таямай атса, оқ өтпес,
Шуақ шықса, күн өтпес,
Жаңбыр жауса, су өтпес
Жағасы алтын, жеңі жез,
Бадана көзді, ақ сауыт,
Бекітіп соққан ақ Дәуіт,
Қалмақтың қалын қолынан,
Шашақты найза жолынан,
Бұл әскердің өзінен,
Қылышының жүзінен
Тая жүрсем, маған серт!
Ата-анам сүйген, ақ денем,
Оқ дарытсаң, саған серт!»

Қобланды айтып болғасын,
Қиналарын білгесін,
Бауры жазық Бурыл ат
Шиыршық атып ойнайды.
Батыр туған Қобланды
Ерегіскен жауының
Басын жоймай қоймайды.
Шабайын деп батырын,
Талбойын алды аршындап,
Астындағы Бурылдың
Таска тиген тұяғы
Қар кешкендей қаршылдап.
Қыл қобызға жағады
Қарағайдың шайырын.
Шабайын деп батыр тұр,
Қырылуға кәпір тұр,
Алла берсін қайырын.
Алтын қалпак, жез телпек,
Баса киіп көзіне,
Көп, әлеумет, құлақ сал,
Аузымнан шыққан сөзіме,
Қырық мың атты қызылбас.
Қырық кісідей көрінбес
Батырыңның көзіне.
Тікелеп атқан оқтары
Тікенектей қадалмас
Қоблекеңнің жүзіне.
Қабағынан қар жауып,
Кірпігінен мұз жауып,
Қатуланып қаттанды,
Буырканып бұрсанды,
Мұздай темір құрсанды,
Самсап тұрған кәпірге
Қобланды батыр жол салды.
Жалғыз өзі батырын,
Жойып кетіп барады,
Қойға тиген қасқырдай
Сойып кетіп барады,
Жолбарыс шапқан құландай,
Шоршып кетіп барады.
Үш мың атты бір сайға,
Төрт мың атты бір сайға,
Аламын деп қайтарда
Қойып кетіп барады.

Қайтарында алмаққа
Тізгінінен қосақтап,
Түйіп кетіп барады.
Ақ білегі қан болып,
Тұла бойы сал болып,
Жау үстіне жол салды,
Үкімін жауға мол салды,
Көмегі жоқ соңында,
Жаны құдай қолында.
Туырлықтай ту алып,
Туды қанға суарып,
Қырық мың атты қызылбас
Әрі-бері қозғалды,
Қырылмағаны аз қалды.
Қызылбас қашып жосыпты,
Қашқанына қойсын ба,
Батырың алдын тосыпты.
Ықтиярсыз найзалап
Біріне-бірін қосыпты.
Бөлек-бөлек қылады,
Есебі жоқ қырады.
Бірін шауып, біреуін
Қылышпенен ұрады.
Атуымен доп қалды,
Тартуымен оқ қалды,
Қоблекеннің сүңгісі
Қызыл қанға боялды.
Көбісі тұрып шәрінің
Ұйқысын ашып оянды.
Қашпағанды Қобланды
Алты күн ұдай ұрысып,
Бітіруге таянды.
Үкімін жауға мол салды,
Жетінші күні сәскеде
Жаудың бәрін тауысып,
Ақ найзаға сүйеніп,
Қобланды жалғыз бұл қалды.
Сол қаланың әйелі
Ерлерінен айрылып,
Бәрі де жесір, тұл қалды.
Бұл қырғанға қоймады,
Қоблекен бұған тоймады,
Шәрін тегіс бұзсам деп,
Ат қоймаққа ойлады

Қазанның Қырлы қалаға.
Қобланды тұрып сыйынды
Жеті кәміл бабаға.
Ақ сұңқар құстай шүйіліп,
Ел шығармай салаға,
Мал шығармай далаға,
Қаладан атын қарғытып,
Кіндіктен оғын сырғытып,
Қаланың аузын қан қылып,
Қақпаның аузын шаң қылып,
Тұлымдысын тұл қылып,
Айдарлысын құл қылып
Солқылдаған мырзасын
Табанға салып жүн қылып,
Алтын артты шанаға,
Қарамай қатын-балаға,
Өтірік емес, жан аға,
Қырық қақпалы Қазанды
Он сегіз күн дегенде
Бұзып-жарып батырын,
Малын-жанын ызғытып
Қақпаның аузын аштырып,
Айдап шықты далаға.
Есіктің алды мойыл-ды
Ашыққан қият тойынды.
Жаманның ісі бола ма?
Атадан алтау туғанмен,
Асылмен белін буғанмен,
Қай күнде жаман оңа ма?!
Ызғытып малды шығарып,
Қобланды батыр келеді.
Қияттың жаман әскері
Көп олжаға кенелді.
Қаладан сыртқа шыққасын,
Көше алмай қосын бөгелді.
Атадан жаман туғандар,
Арамтамақ олжаға
Беті-қолын жуғандар
Қоста отырып кеңесті,
Кеңескенде не десті?
«Қобланды елге барғанда
Қаланы өзім алдым дер,
Олжаны өзім салдым дер.
Боска келіп, бос қайтты

Кияттың мың сан нөкер дер.
Әлі кімге жетер,— деп,—
Қобланды елге сау барса,
Қадырымыз кетер,— деп,—
Жалғыз атты қыпшақты
Өлтіріп кетсек нетер»,— деп,
Далада отырған көп жаман,
Қоблекеме бой ұрды,
Бой ұрғанмен не қылсын,
Күңкілдесіп көп жаман,
Түн ортасы болғанда,
Күңкілдің арты қойылды.
Айтса-дағы қылмады,
Мұрады қабыл болмады,
Қараман біліп бұларды:
Қас жаманы жігіттің
Жолдасын ерген қарақтар,
Қойындар»,— деп бұйырды.
Батырлар мінер қызылды,
Жал күйрығы ұзын-ды,
Іс тағдырға сызылды.
Бес күндей малы тойынып,
Алтыншы күні кияттың
Қайтуға көңілі бұзылды.
Қосындар жүгін артқанда,
Көшейік деп жатқанда
Бос қайтам ба жаудан деп,
Іздеп келіп бұл жерге,
Қараман батыр кезенді,
Қобландыға келеді:
«Ай, Қобланды, құрдасжан,
Қайратынды мен көрдім,
Бәрекелді; ер!— дейді.
Найзам тимей дұшпанға
Арманда барам мен,— дейді.
Осы бүгін естідім,
Жақын жерде бір шәһәр,
Көбікті дейтін хан бар дейді.
Жүрсен, соған барайық,
Жылқысын айдап алайық,
Қазаннан алған бұл малды
Баға тұрсын халайық.
Көбікті келсе малына,
Салайын жәбір жанына.

Көбіктіні өлтіріп
Бір тояйын қанына.
Көбікті де ер дейді,
Қайратымды көр дейді,
Найзам тимей дұшпанға
Арманда барам мен»,— дейді.
Қобландыдай батырың
Мақұл көріп бұл сөзін,
Асып-тасып екеуі
Алланы алмай аузына,
«Барайық десен жүр»,— дейді.
Ер салды атқа батырлар
Алтынды тұрман тағынып,
Екі батыр жөнелген,
Сыйынбай пірге жаңылып.
Көп косынға тапсырды
Қазаннан алған көп елді.
Қараман, Қоблан екеуі
Көбіктінің шәһәріне
Сапар қылып жөнелді.
Базарда бар ақ мата,
Ойнақтайды жас бота,
Бұл сөзімде жоқ қате,
Көп косыннан екеуі
Сапарланды ел жата,
Көбіктінің шәһәрінің
Қарасын көрді таң ата.
Бөлінбеген ұйқыға,
Жыртылмаған құлпына,
Екі батыр кез келді
Кұба көлде Көбікті
Отар салған жылқыға.
Көкалалы көп жылқы,
Бөрі құлақ ен жылқы,
Гүлетіп жылқыны алады,
Айқайлап жиған көп жылқы
Бір уыс болып қалады,
Тізе косып екеуі
Айдап кетіп барады.
Биік, биік қыр екен,
Оқланды сай жыра екен.
Көбіктінің Тарлан ат
Жылқы ішінде жүр екен.
Жамандатқыр Тарлан ат

Құйрығын құстай тарады,
Кіндігінен жарады,
Шекесінен қарады,
Әуеге қарап есінеп,
Ием бе деп кісінеп,
Жау екенін білген соң,
Сыртына құйрық салады,
Қайта айналып шәһەرге
Тарлан ат қашып барады.
Жалғаса қуған екеуі
Қайтара алмай қалады.
Жетпедім деп Тарланға,
Астындағы Бурыл ат
Басын жерге салады,
Қырық үш күндік кемдігі
Бурыл атты қамады.
Құртқаның сөзі келді деп,
Батыр Қоблан сынады.
Таң Шолпаны батқанда,
Қызарып күн шыққанда,
Дем алам деп азырақ,
Бауырында бір таудың,
Қобланды ұйықтап жатқанда,
Қалаға көк ат еніпті,
Есітті дүбір Көбікті.
Ат барғасын желікті,
Жау тиді ғой малға»,— деп,
Ашуланып демікті.
Базардан келген қасық-ты
Тарлан атқа кідіріп
Ер салғанша асықты.
Ат басындай тас шокпар,
Тақымына басыпты,
Тарлан атты Көбікті
Еріндіктеп алады,
Беліне терлік салады,
Тас шокпары тақымда,
Айдауға кеткен жылқының
Соңынан қуып барады.
Жебелі найза қолынан,
Жұлдызы туып оңынан,
Ерте Шолпан батқанда,
Сарғайып таң атқанда
Тау суындай сарқырап,

Ақ сауыты жарқырап,
«Таста,— деп,— малды»,— барқырап,
Көбікті жетті соңынан.
Көбікті келе сөйледі:
«Ел иесіз дедің бе?
Жер иесіз дедің бе?
Мал иесіз дедің бе?
Отарда жатқан жылқымның
Отарын бұзған кім едің?
Өрісте жатқан жылқымның
Өрісін бұзған кім едің?
Тыныш жатқан жылқыма
Оқ тастатқан кім едің?
Көк орайлы шалғынға
От тастатқан кім едің?
Жусап жатқан жылқымның
Жусауын бұзған кім едің,
Батыр жігіт қайдасың?»
Батырлар табар айлсын,
Жақсы кісі жаманға
Көп тигізер пайдасын.
Сол уақытта Қараман
Көбіктіні шанышпаққа
Оңтайланды найзасын.
Қараман ерлік бастады,
Ерлігін алла қоспады.
Қараманның найзасын,
Денесіне тигізбей,
Көбіктідей батырын
Қолындағы шокпармен
Допша қағып тастады,
Ұмтылумен Көбікті
Қараманды ұстады,
Желкесінен қысады,
Күшіктейін шыңғыртып
Қараманды Көбікті
Такымына басады.
Құлық пенен сұмдықты
Көбікті тағы ойлады.
Оянып кетсе болмас деп
Қобландыны Көбікті
Ұйықтап жатқан жерінде
Тоғыз қабат тор салып,
Беркітіп әбден байлады.

Енді үзіліп кетпес деп,
Қобландыны Көбікті
Оятпаққа сайланды.
«Тұр»,— деп еді Көбікті
Қобланды батыр тұрмады,
Ұйқысын Қоблан бұзбады,
Болады деген мұндай іс
Үш ұйықтаса ойда жоқ.
Жиып алды Көбікті,
Қару-жарак бойда жоқ.
Хабарсыз жатып дұшпаннан
Басынан өтті дүние бок.
Аңдаусыз жерде Қобланды
Бенде болып дұшпанға
Табанына тиді шок.
Бір уақытта оянып,
Қобланды батыр көсілді,
Дұшпан деген батырдың
Әлі де жоқ есінде.
Көбіктінің байлаған
Тоғыз қабат торының
Бес қабаты шешілді.
Көбікті тұр таң қалып,
Қобланды қалды сандалып.
Қобланды батыр сасады,
Басынан бақыт қашады,
Ыза болып Қобланды,
Жын қаққанға ұсады.
Кісен салып Көбікті
Қараман мен Қобланның
Аяқ-қолын тұсады.
Қос батырдың бұл жерде
Бағы тайып басынан.
Пірлері тайып қасынан,
Жанторсыққа ұсады.
Жеті кәміл бабасын
Жад етуге жаңылып,
Енді қара басады.
Қос батырдың қос тұлпар,
Жылқыға айдап қосады.
Ел қаптайды салаға,
Мал қаптайды далаға,
Жаудың қолы тиді ғой
Қапияда балаға,

Ұлы бесін болғанда
Тақымында қос батыр
Көбікті тартты қалаға.
Белес, белес бел еді,
Тарлан атпен желеді,
Асып туған қатардан
Көбікті де ер еді.
Дұшпанын батыр байлап ап,
Қаласына келеді.
Қалыңнан соққан қарсақтай
Салактатып екеуін
Қақпасына енеді.
Аттан келіп түсіпті,
Көзі-басы ісіпті,
Қобаған мұрын, қой көзді,
Талма бетті, нұр жүзді
Қарлыға деген қызы бар.
Қарлығаны шақырып,
Дауыстап Көбікті сөйледі:
«Үйдемісін, Қарлыға,
Түздемісін, Қарлыға,
Алланың қатты жарлығы,
Жер астына бір түсер
Осы көптің барлығы.
Қайысқан болат сынғандай,
Желіккен көңіл тынғандай.
Екі пенде әкелдім,
Берсем сені күйеуге,
Бас жетімің қылғандай!
Көк шыбын қонсын кабакка,
Қатқан құрт беріп тамаққа,
Жауып таста,
Қарлыға,
Бұл екеуін апарып
Кілт есікті лабаққа!*

Қарлыға мінген кер еді,
Ман-маң басып келеді,
Байлауда жатқан батырды
Қарлыға сұлу көреді.
Атасы әйел демесен,
Бұл шәһәрдің бегі еді.
Жерде жатқан екеуін

* Лабақ — абақты.

Боғжамадай қолтықтап,
Қарлыға алып жөнеді.
Қондырды шыбын қабаққа,
Қатқан құрт берді тамаққа
Жауып шықты Қарлыға
Бұл екеуін апарып
Кілт есікті лабаққа.
Көбікті мініп аласын,
Ағынан көп-ті қарасын,
Той қылуға жар салып,
Енді жиды қаласын.
Қобландыны байладым,
Құрттым жаудың қарасын», -
Алшағырға жіберді
Қасына жолдас кісі ертіп,
Шақырып алып баласын.
Жеті атадан кегі бар
Алшағыр енді шапсын деп,
Қараспан таудың сағасын.
Біршымбайға бар, — деді.
Сүйіншіге Шағырдың
Қанікей менен Тінікей,
Қарындасын ал, — деді.
Біршымбай кетті жүріп жол,
Сүйінші деп бармаққа,
Алшағырдай қалмаққа,
Қанікей менен Тінікей
Қарындасын алмаққа.
Бара тұрсын Біршымбай,
Ұзын сөзді қысқартып,
Келейін енді қыз жаққа.
Қарлығадай сұлуың,
Батырды жауып лабаққа,
Үйіне қайтып келеді,
Әуеге қарап жүреді.
Көбіктідей батырдың
Қарлығаның анасын
Мұсылманнан олжалап
Алып келген қыз еді.
Содан туып Қарлыға,
Анасының сол кезде
Өліп кеткен кезі еді.
Өлерінде анасы
Көзінің ағы-қарасы:

«Менен туған қыз болсаң,
Мұсылманның, шырағым,
Етегін ұста,— деп еді.
Шын мұсылман анасы.
Әйел де болса ер еді.
Шешесінің бұл сөзі
Көңілінде келеді.
Бірнеше күн өткесін,
Қарлығадай сұлуың
Қобландыға келеді,
Батырларды көреді.
Екі батыр зарланып
Жатқаннан соң байлауда
Кәміл пірі жебеді.
Пірлері мәдет бергесін,
Қобландыны көргесін,
Нұры балқып батырдың
Балқыды сұлу денесі.
Қобландыдай батырдың
Аруағы асады,
Қобландының айбаты
Арыстанға ұсады.
Ілгері аяқ баса алмай,
Аяғын кейін басады.
Қарлыға қайтты үйіне,
Қарлығадай сұлудың
Көңіліне түсті түйіні.
Түйінді шешпей жүруге
Сұлуға болды қиын-ды.
Қиын емей немене,
Қобландыдай батырға
Ғашық болып сұлуың
Жата алмады үйінде.
Жылай берді енді өксіп
Қобланды еске түскенде.
Бір күндері болғанда,
Үйінен шығып паналап,
Тар көшені сағалап,
Аяғын басып жүре алмай,
Көрінгенді саялап,
Қобландыға келді жағалап
Екеуі жатса лабақта
Ай тумас жақтан ай туды,
Күн тумас жақтан күн туды,

Деп караса бұл несі
Қара тамды ағартқан
Қарлыға қыздың сәулесі
Қарлыға келіп сөйлейді:
«Есіктің алды ақ татыр,
Ақ татырда мал жатыр,
Байлауда жатқан, қос батыр,
Есермісін, серімісін?
Бекер жатқан ермісін?
Қолыңды шешіп, қашырсам,
Еліңе барып мақтанып,
Қарлыға қыз қашырмай
Өзім қаштым дермісін?
Мейіз берсем жермісін,
Далада жатқан жылқымды
Айдап қашқан ермісін?

Қараман сонда сөйледі:
«Менің өзім нашармын,
Кілттің аузын ашармын,
Бұл бейнетті көргенше,
Шеш қолымды, Қарлыға,
Рұқсат берсең қашармын».
Қобланды сонда сөйледі:
«Ай, қаш, залым, қасымнан,
Қиямет салма жасымнан,
Дәулет құсы ұшты деп,
Тіліне дұшпан көнбедім.
Өшті болған әкеңнен
Өшімді алмай кетпеймін.
Кекті болған әкеңнен
Кегімді алмай кетпеймін.
Жаз жайлауым — Көздікөл,
Қыс қыстауым — Қараспан,
Ат ізінен адаспан.
Алты жаста ат міндім,
Он үш жасқа мен келдім,
Аман қалған жоқ еді
Қызылбас тиіп жанасқан.
Танбам әліп қыпшақпын,
Мұсылманда жоқ еді
Өзімнен артық күші асқан.
Таулар күйіп, тас жанған
Қобланды деген зарпыма,

Қорған болып отырғанмын
Туғаннан-ақ халқыма.
Асықпасаң, Қарлыға,
Бір мінерсің Бурылдың
Жайдақ сауыр артына.
Әуелі құдай ағындым,
Ата-анамды сағындым,
Жауға бенде болғаным —
Жау жақындап келгенде
Қара басып өзімді,
Ұйқы басып көзімді,
Ықылас ата Шашты Әзіз,
Жеті пірді жаңылдым.
Омар менен Оспандай,
Ішім толып пұшманға-ай*,
Жеті пірді жаңылып
Жазым түстім дұшпанға-ай.
Егер пірді жад етсем,
Дұшпан батыр болар ма?
Қош, Қараман, аман бол,
Қайтасың ба елдерге?
Бізден сәлем дегейсің
Азулы деген көлдерге,
Асқар-асқар белдерге,
Қараспан тауды жайлаған
Қалың қыпшақ елдерге!
Ел ішінде сәлем де
Замандас, күрбы, теңдерге.
Ит жүгіртіп, құс салған,
Найза ұстаған ерлерге.
Және де сәлем дегейсің
Тұлпар мініп ту алған
Елдегі жолдас бектерге.
Мені жауда қалды деп,
Аяққа кісен салды деп,
Үлкен аға, кіші іні
Зор салмасын біздерге.
Аһ! Дариға дүние-ай,
Асқар-асқар белдерім,
Азулы деген көлдерім,
Қараспанды жайлаған
Қалың қыпшақ елдерім.

* Пұшман (пұшайман) — парсыша — қасірет.

Эл елде де көп еді
Көсіліп найза көп ұстап,
Жекелеп шапқан ерлерім,
Қызылбастың елінде
Қол-аяғым байлаулы
Пенделікпен жатырмын.
Жазым болып, көз жұмсам,
Кім жоқтайды, беглерім?
Бүгінде тұтам күндерім,
Қолдамады пірлерім,
Мені жауда қалды деп,
Не қылайын жанды деп,
Артымнан жоқтар ағам жоқ,
Алладан басқа панам жоқ.
Мені жауда қалды деп,
Не қылайын жанды деп,
Ізімнен жоқтар інім жоқ.
Жалғыздықтан мінім жоқ,
Қазақ көппін дегенде,
Көппін деп айтар тілім жоқ,
Қарағай садақ, қырық кез оқ,
Күмбезі алтын, белге ток.
Қызылбастың елінде
Пенде болып жатырмын
Жазым болып, көз жұмсам,
Бетімді жабар кебін жоқ.
Арқанменен арыған
Шабын айыл қарыған,
Жан серігім Бурылға,
Қай қызылбас от берсін,
Қай қызылбас су берсін?
Токсанда атам Тоқтардың
Тасқа тиді тұяғы.
Алпыста шешем Аналык
Үзілді ғой қияғы.
Қарындасым Қарлығаш
Өшкен шығар шырағы.
Жан қосағым қыз Құртқа.
Арыстаны мен — пенде
Қандай екен сияғы?»

Әлқисса, Кобланды бұл сөзді Қараманға айтып болғансын:

Қарлығадай сұлуын
Шықпас ойын білгесін,

Қобландыдай батырға
Тұрыңыз деп жалынды,
Жүрегі оттай қабынды,
Қараманмен екеуі
Көтере алмай налыды!
Келіп еді кеше колтықтап
Бүгін мұнша ауыр деп,
Мойындары салынды.
Қараман тұрып сөйледі,
Сөйлегенде бұй деді:
«Пірі тайған мезгілде,
Көтеріп едің, сен,— дейді,—
Қазіргі жатқан кезінде,
Көтере алмас ел»,— дейді.
Қарлыға сұлу есітіп:
«Жылқыға барып, Қараман,
Атыңды ұстап мін,— дейді,
Қобландының Тайбурыл,
Жетелеп алып кел,— дейді,
Ақылын таптым мен,— дейді.
Ердің жаны аты деп,
Өз жанынан артық деп,
Тақымына Бурылдың
Бұрау салып шынғыртса,
Шығады сонда шын»,— дейді.
Бөлінбеген ұйқыға,
Жыртылмаған құлпыға,
Қарлығадай сұлуың
Өзі қайтып үйіне,
Қараман кетті жылқыға.
Таң атқанша Қараман
Өкпесін алып қолына,
Бір шыбындай жанын сап
Қобландының жолына,
Сәске түсте жетеді
Көбіктінің малына.
Өз атын ұстап мінеді,
Тайбурылды жетелеп
Қалаға түнде енеді.
Қарлығадай сұлуға
«Келемін кешке»,— деп еді,
Қараман менен Қарлыға
Лабактың келіп алдына,
Қыл шылбырмен бұрау сап,

Бурыл аттың санына
Құлындай қылып шыңғыртты,
Жәбір қылып жанына.
Бурылдың даусын есітіп,
Қобландыдай батырың
Салды ойран, тамына.
Не қылсаң да, маған қыл,
Бурылға сірә қағылма»,
Тамды бұзып Қобланды
Далаға шықты қабына.
Қобланды батыр шыққан соң
Өзінің ақуал хал-жайын
Батырға айтты Қарлыға:
«Дүниенің кендік, тарлығы
Басыма менің түсіп тұр
Ғашықтықтың зарлығы.
Сеніменен бірге өлсем,
Анамның айтқан өсиеті
Болады кәміл барлығы.
Сөзімді тындап, батырым,
Бурылыңа мін,— дейді,
Қарына сүңгі іл,— дейді,
Кешегі жатқан жылқыға
Тағы да барып ти,— дейді,
Тарлан қашар жылқыдан,
Қумай-ақ қой сен,— дейді.
Тәңрі жазса Тарланды
Көбіктіге міндірмей
Алармын қолға мен,— дейді.—
Көбіктінің қанаты —
Жылқыдағы көк аты,
Бұл сөзіме сен,— дейді.—
Кегің болса бұл жауда
Сөйлесерсің соңынан,
Бұл сөзімді біл,— дейді.—
Екеуіңнің, батырлар,
Сауыт-сайман қаруың
Бәрі де менің қолымда,
Берейін алып жүр,— дейді.
Қаруынды, батырым,
Қойғамын тығып мен,— дейді,—
Кереметім көр,— дейді,—
Қобланды мен Қараман,
Кел соңыма ер»,— дейді.

Ертіп барып сұлуын
Сарайына енгізді,
Сақтап қойған жерінен
Қаруын батыр көргізді,
Ақ сауытын кигізді,
Ақ семсерді ілгізді,
Шын достығын, Қарлыға,
Қобландыға сенгізді.
Уағада байлап, қол беріп,
Тайбурылға мінгізді.
Қарлыға бұл сөзді айтқасын,
Енді атына мінеді,
Бадана көзді ақ сауыт
Денесіне киеді.
Беліне байлап болатты,
Қарына найза іледі,
Қараманмен екеуі
Көбіктінің көп жылқы
Және сүзіп жөнелді.
Құба көлден өткенде,
Сары өзенге жеткенде,
Көбіктінің Тарлан ат
Құйрығын құстай тарайды.
Шекесінен қарайды,
Кіндігінен жарайды.
Әуеге қарап есінеп,
Ием бе деп кісінеп,
Жау екенін білгесін,
Сыртына құйрық салады,
Көк ат қашып барады.
Барса, барсын көк ат деп,
Екеуі кумай қалады.
Калаға көк ат еніпті,
Есітті дүбір Көбікті.
Ат барғасын желікті,
«Қарлығажан, қайда?»— деп,—
«Ат ертте»,— деп демікті,
Аңдып тұрған Қарлыға
Көбіктіге келіпті:
«Ұйқыңды бұзба, сорлы әкем,
Мал несі жануар
Жем жеймін деп келіпті».
Көбіктіні жатқызып,
Ақмоншақ аттың үстіне

Алтыннан тұрман ер салып,
Азғана азық, жем салып,
Кобланды еске түскенде
Қыздың шері козғалып,
Ақмоншак атқа мінеді,
Беліне семсер іледі,
Денеге сауыт киеді,
Төбеге шашты түйеді,
Ноғай бөркін киеді.
Кобландының сонынан
Дөңгелетіп жөнелді.
Қуып жетіп бұларға
Әкесінің жылқысын
Бірге айдасып келеді.
Қаладан киғаш өткенде
Сарыбелге жеткенде,
Күн сәскеден өткенде
Бұзылып аттың жүрісі
Оттамайды,

жусайды,
Бүгежектеп жүрмей келеді
Ақмоншак аттың інісі,
Өз-өзінен ылаңдап
Келеді бітіп тынысы.
Жылқы ішінде ала-ды,
Қылшық жүнді қара-ды,
Әуеге қарап есінеп,
Ием бе деп кісінеп,
Жау екенін білгесін
Шекесінен қарады,
Кіндігінен жарады,
Құйрығын сыртқа салады.
Қайта айналып көк бесті,
Шәріге қарап жөнелді.
Жалғаса қуған үшеуі
Қайтара алмай қалады.
«Қандай заман болар»,— деп
Қарлыға сұлу налады,
Басын қосып үшеуі
Бір төбеге барады.
Көбіктінің үстіне
Тоғыз қабат ақ сауыт
Шапсаң қылыш кеспейді,
Атсаң мылтық өтпейді.

Қобландыдай батырға
Қарлыға сұлу сөйлейді:
«Оған қылар амалы
Кіндігінің тұсында
Кем соғылған төрт көзі
Жел соғарлық шамалы.
Мерген болсаң, батырым,
Кіндікті байлап атпасаң,
Басыңа салар қараны,
Бір құдайға тапсырып
Қобландыдай баланы.
Қараман естіп бұл сөзді
Тоқтамайды табаны.
Қарлыға менен Қараманды
Ілгері қарай жөнелтіп,
Жолын тосып Көбіктінің
Қобланды жалғыз қалады.
Жылқыны қуып барады,
Қисайған оғын түзетіп,
Көбікті қашан келер деп
Қобланды тосып тұрады.

Қашып барып көк бесті
Қалаға барып еніпті,
Естіді дүбір Көбікті,
Ат барғасын желікті.
Кеткенін қыздың білген соң
Қаһарланып Көбікті
Көк бесті атқа ер салды,
Бір күндік азық, жем салды.
Ат басындай тас шокпар
Көбікті батыр қолға алды.
Енді мініп атына
«Менің келер, келмесім
Екіталай енді»,— деп,—
Амандасып халқына,
Бұрынғы тартып салтына,
Жылқысын алған жаулардың
Көбікті түсті артына.
Белес-белес бел еді,
Өзінің туған халқына
Белгілі туған ер еді.
Ертең Шолпан батканда,
Қызарып күн шыққанда,

Тау суындай сарқырап,
Ақ сауыты жарқырап,
Қобландының тұсынан
Көбікті өтіп барады.
Көбіктіні көрген соң
Көтеріліп Қобланды
Айқай салып ақырды,
«Кел бері!»— деп шақырды.
Садағын қолға алады,
Оғын кезеп Қобланды
Сонда тұрып сөйлейді:
— Сынғыр, қолым, сындың ба,
Шыққыр, көзім, шықтың ба?
Шынымен қазам жеттің бе?
Шын бұйрығым біттің бе?
Қысылған жерде дем берер
Ықылас ата, Шашты Әзіз,
Жеті кәміл пірім-ай,
Сарт болып-ақ кеттің бе?
Жалғыздық қайғы басымда,
Жолдасым жоқ қасымда,
Мұндай қайғы көріп пе ем,
Өзімнің өмір жасымда?
Кәміл пірлер, жар болмай
Салғаның ба уайым?
Бір өзіне сыйындым,
Жарылқаушы құдайым!
Бұл сөзді айтып Қобланды,
Қорамсаққа қол салды,
Бір салғанда мол салды,
Көп оғына жол салды,
Әр оғының басында
Жолым үйдей шоқ қалды.
Қалмақы ердің қасы деп,
Нақ кіндіктің басы деп,
Қыз айтқан жердің тұсы деп,
Өлер жерің осы деп,
Салдыр-гүлдір еткізіп,
Оқ масаққа жеткізіп
Қобланды тартты бір оқты.
Бір де болса ірі оқты.
Көбікті көрді көрімді,
Жанына азап берілді,
Азап емей немене?

Көбіктің бөксесі
Кеудесінен бөлінді.
Атта қалып бөксесі,
Оқпен ұшып кеудесі
Қобландыдай батырдың
Қабыл болды тәубәсі.
Жәрдем беріп бабасы
Шамасы келер күн болса,
Қылуға қайрат жарады.
Көбіктідей батырдың
Жерге түскен кеудесі
Екі қолымен еңбектеп,
Артында қалған шокпарға
Тағы да кетіп барады.
Шылбырын қолға алады,
Оқпен түскен кеудесі
Қару қылар шама жоқ,
Жан-жағына қарады.
Қобланды келіп қасына
Заман ақыр тақалды,
Саудагер сатар бақалды*,
«Қыз жау» деген осы деп,
Айтып отыр мақалды.
Екі қолдап Көбікті
Жұлып отыр сақалды.
Болмады енді қашпасқа,
Ізденіп болмас дос басқа.
Балдағы алтын болатпен
Қобланды тартты қақ басқа.
Шалқасынан сылқ етіп
Жерге түсті сор қасқа.
Ақыл айтып өлтірткен
Айла қанша қыз жасқа.
Көбіктіні өлтіріп,
Сәтіне ісін келтіріп,
Көк бесті атты жетелеп,
Жүретін жолын төтелеп,
Қарлығамен қосылып,
Жібектейін есіліп
Аударыспақ ойнайды.
«Қобландымен бірге өлсем
Армансызбын, алла»,— деп

* Бақал — майда-шүйде (бакалея) деген мағынада.

Күліп-ойнап барады.
Осы барған жолында
Биік-биік қыр екен,
Оқпанды сай жыра екен,
Сайым ұлы Қараман
Алдындағы тоғайда
О да күтіп тұр екен.
Шыға келді алдынан:
«Шешен сөйлер дауға,— деп,—
Қайрат қылдың жауға,— деп,—
Олжа салғын, құрдасжан,
Беріңіз бізге сауға»,— деп.

Қобланды сонда сөйлейді:
«Жая да менен жал құрдас,
Шекер менен бал құрдас,
Көбіктінің көп жылқы
Олжа қоспай ал, құрдас».

Қараман тағы сөйлейді:
«Мал саттым базар бөзіне,
Салса жылқы тоқтайды
Арқаның бөрі көзіне,
Жаман-жақсы десең де
Наз қыламын өзіне.
Олжаның келдім кезіне,
Құлағым сал сөзіме,
Тағы да сауға өзіме
Көбіктінің көрдім өлгенін,
Өлтіріп ерді келгенін,
Көбікті қызы Қарлыға
Жөн еді коса бергенін».

Қобланды сонда сөйлейді:
«Құртқам бакқан Тайбурыл
Астымда дөнен мінгенім.
Тайбурылды мінгесін
Дұшпанға тендік бермедім.
Он үш жасқа келгенше
Басыма келген кемшілік
Көбіктіден көргенім.
Көп қайғының ішінде
Менің бүйтіп жүргенім.
Мынау тұрған Қарлыға
Ата-ана, ел-жұртын
Қиып шықты мен үшін.
Артықша тиіп пайдасы

Көбіктінің өлгені,
Қарлыға қыздың айласы.
Көбіктінің көрдің өлгенін,
Тәңрім бақыт бергенін
Қызметі белгілі,
Артықша мақтап қайтейін,
Өзі сүйсе бергенім».

Сол уақыттар болғанда,
Қарлыға тындап тұрғанда,
Қарамаң келіп сөйлейді:
«Мұңлық пенен Зарлық,— деп
Түйенің көркі нарлық,— деп,
Жүктің көркі сандық,— деп
Қарлығадай сұлуды
Жетелеп алып жөнелді:
«Құрдасжан берді, алдық,— деп,—
Татулыққа қандық»,— деп.
Мінген аты дөнен-ді,
Көкке тойған көбен-ді,
Байдың қызы жамылар
Масаты менен беренді.
Азырақ тұрып сөйлесіп,
Үшеуі тоқтап бөгелді.
Тізе қосып үшеуі
Көбіктінің көң жылқы
Гүлетіп айдап жөнелді.
Бірнеше күн өткен соң
Әкеліп қосты жылқыны
Қазаннан алған көп малға.
Жатыр екен қосындар
Тастап кеткен жерінде.
Даярланып жатқан көп қият
Екеуі қосқа келген соң
Дүркірей көшіп жөнелді.
Атқа мініп желгендей,
Ер қадірін білгендей,
Қобландының Тайбурыл
Ұмтылып аяқ баспайды
Бір нәрсені сезгендей.
Қобланды құлға ұқсайды
Мезгілсіз жылап қақсайды,
Бекер жылап не қылсын
Жан серігі Бурыл ат
Ілгері аяқ баспайды.

Омырау қағып ақсайды,
Бурыл ат ақсап жүрмегенсін
Қалың қосын көше алмай
Күн батпай қонды Ақсайға
Қол Ақсайға қонғансын,
Қарлығыны алып оңғансын
Қараман барып алғандай,
Қосынға олжа салғандай,
Ақымақ қият бірталай
Қараман атты батырды
Көтеріп аттан алады,
Ақ кілемге салады.
Арыстан туған Қобланды
Атын ұстар кісі жоқ
Қобландыны көп қият
Кім екен деп ісі жоқ.
Мінген аты қызыл-ды,
Іс тағдырға сызылды,
Олжаға көңілі біткесін
Қияттардың бұл жерде
Қайтуға көңілі бұзылды.
Байдың қызы жамылар
Масаты мен қамқасын.
Қобландыға қарамай
Үдере көшті көп қосын.
Қобландыдай батырың
Аты ақсап жүре алмай
Жұртта жалғыз қалғасын,
Шыбын жанын кинаған
Көздің жасын бұлаған,
Сүйтіп алған олжасын
Қият алып кеткесін,
Жалғыздықтан жабығып,
Өксіп жылап қамығып,
Сүйекке намыс жеткесін,
Қарамандай құрдасы
Көптігіне мастанып
Есіне алмай кеткесін,
Сонда Қоблан сөйлейді:
«Жақсының ісі бітеді,
Жаманның ісі жатады,
Шыбын жанды кинаған,
Көздің жасын бұлаған,

Бүйтіп алған олжамды
Қият алып кетеді.
Ақылсыз туған мен ақмақ,
Бүйтіп жалғыз шыққанша,
Қараспан тауды жайлаған
Қалың қыпшақ жұртымнан
Онды-бесті соңыма
Қошы ертсем нетеді?
Шынымменен шамдансам,
Қосыны түгіл қияттың
Еліне күшім жетеді.
Үйге барсам, түзім жоқ,
Түзге барсам, үйім жоқ
Өстіп жалғыз жүргенде
Өтесің бе, дүние бок?
Жалғыз туған мен сордың
Алдымда сүйеу ағам жоқ,
Құдайдан басқа панам жоқ,
Қазақ көппін дегенде
Көппін деп айтар тілім жоқ.
Артымда ерген інім жоқ,
Жалғыздықтан мінім жоқ.
Білмей қалдым басымнан
Өткенінді, дүние бок.
Мінажат етіп жылаймын
Өзімнің нашар халімді.
Жазым болып, көз жұмсам
Жау талайды малымды.
Атадан алтау екен деп
Өзімнен төмен жаманға
Болайын неғып жалынды?
Қай уақытта көремін
Үйдегі кемпір-шалымды?
Құлым десен, құдая,
Бүгін маған көрсетші
Ататұғын танынды,
Ойла менің камымды.
Тағдырымды бітіріп,
Тауыс менің нанымды!
Осы таңнан өткізбе,
Күн шығуға жеткізбе?»
Бұлайша деп Қобланды
Түн ортасы болғанда
Тайбурылын тұсады

Алып туған қатардан
Шаһзада кісі еді
Құрбысында адам жоқ
Қоблакеңдей мүшелі.
Жамандар қылды өсекті
Жылап-жылап Қоблекең
Тоқымын қылды төсекті.
Ерден қылып жастықты,
Тоқымын төсеп, ер жастап
Етпетінен құлады,
Ұзынынан сұлады.
Алтынды ерге сүйеніп,
Ортасы түннің болғанда.
Көзі ілікті ұйқыға.
Көзі ұйқыға кеткенде
Мезгілі таңның жеткенде,
Көк есегі астында,
Ақ сәлдесі басында,
Сырлы асасы қолында,
Өзі қақтың жолында,
Он сегіз мың ғаламның,
Он бесі бар қасында,
Жеті кәміл бабасы
Келді жетіп қасына:
«Ояумысың, Қобланды?
Ұйқыдамысың, Қобланды?
Бұл сапарың болмады.
Мінген атың бозды ғой,
Арқам сөзге қозды ғой,
Саған келген бәлені
Қорғаймын деп, Қобланды,
Алтын тонның етегі
Тамтық қалмай тозды ғой!
Құланнан атқан қодықты,
Көлден тартқан борықты.
Кеше түсте әкеңе,—
Тоқтар шалға жолықтым.
Оқпанды, сай жыра екен,
Асқар-асқар бел екен,
Сенің әкең Тоқтар шал,
Тізесіне тон жетпей,
Бұтында жоқ ыстаны,
Қара табан қойшы боп
Әкең қойда жүр екен.

Алпыста анаң Аналық
Арқан есіп, жүн түтіп,
Қайғыменен кан жұтып,
Қасіретті көп тартып,
Қозы бағып бүкендеп,
Құрт қайнатып жүр екен.
Қарындасың Қарлығаш
Әбдестесі қарында
Бес кесесі қолында,
Белдемшесі белінде,
Қызылбастың елінде
Шай қайнатып жүр екен.
Өзіңнен қалған Құртқаны
Қалмақтың ханы Алшағыр
Аламын деп жүр екен.
Қалмақтың ханы Алшағыр
Алтын-ды таудың алдында,
Тастан соққан қорғанды,
Бүгін үш күн болады
Шауып кетті еліңді.
Сындырып кетті белінді,
Кесіп кетті желінді,
Өзің есен сау күнде
Қыпшақты жауға бергенің
Ол да саған өлім-ді.
Қайғы тартқан еліңе
Сатамысың теріңді?
Үстіңе келген дұшпанға
Көрсетсейші көрімді.
Жалған айтар дей көрме
Жеті кәміл піріңді!»
Бабасы айтқан хабармен
Қобланды шошып оянды.
Көзін ашып қараса,
Таң сарғайып атыпты,
Таң Шолпаны батыпты.
Мақпал төсек мамық-ты,
Оянып өксіп қамықты
Жау шапқасын халықты.
Ойына жұрты түскесін,
Байлауға Құртқа түскесін
Мұны біліп Бурыл ат
Күйініп ақсап жүр екен.
Пірден хабар тиген соң

Ақсағынан жазылып
Құландай ойнап қалыпты.
Қыз да болса, ер екен
Сауғаға берген Қарлыға
Қараманның жанынан
Ұйықтап Қоблан жатқанда
Шылбырын шешіп белінен
Майқара мен бетеге,
Жусан менен көдеге,
Ақмоншақ пен Бурылды
Қарлыға бағып жүр екен.
Қос бүйрегі бүлкілдеп,
Көздің жасы мөлтілдеп,
Бір қадам басып жүре алмай
Қарлығадай сұлуға
Әрең жетті еңкілдеп.
Қобланды келіп сөйлейді:
«Жолдас болдың, Қарлыға,
Алланың көп қой жарлығы.
Жер астына бір түсер
Бұл пәнденің барлығы,
Құдіреті күшті құданың
Осы көптің ішінде
Жалғыз маған түсіпті
Қысым қылған тарлығы.
Жау шауыпты елімді,
Жау басыпты белімді,
Жау кесіпті желімді.
Менен қалған байтақ ел
Көрген сияқты көрімді.
Қалмақтың ханы Алшағыр
Алтынды таудың етегінде
Тастан соғып қорғанды
Шауып кеткенге ұсайды
Қараспан таудағы елімді.
Жалған айтар демеймін
Жеті кәміл пірімді.
Айтамын саған сырымды.
Жылқы ішінде аламын,
Қылшаң жүнді қарамын,
Көмек берер демеймін
Сейілдің ұлы Қараман.
Әйел де болсан, дана едің
Мұнымды саған шағамын.

Хош, Қарлыға, аман бол,
Қалмақ алған халқыма,
Көмегім жоқ артымда,
Жалғыз кетіп барамын.
Тәңрі оңғарса жолымды
Алаулаған қалмақтан
Кегімді барып аламын».
Қарлыға сонда сөйлейді:
«Ер де сасар болар ма,
Етегің басар болар ма?
Сіз сияқты батырдың
Елін жау алар болар ма?
Әуелі алла анайым,
Хақ жаратқан құдайым,
Бөлініп үйден шыққасын
Сіз болар ма деп едім
Тәңрі қосқан жұбайым.
Сізден басым қалғанға
Соншама жеймін уайым.
Сіздіңменен дос болып,
Сүйтіп шыққан Қобланнан
Кеудедегі шыбынның
Несін аяп қалайын!
Қайғы тартып қан құсса,
Запыран етіп май құсса,
Шабылған елге кете гөр,
Бүлінген елге жете гөр!
Белгілі төбе бел болса,
Еретұғын ер болса,
Қараманға барайын,
Оған да жүр деп қарайын!
Ерсе жинап қолымнан,
Ермесе тастап соңымнан
Ертең түстен қалмаспын
Қобланды, мен де барайын!»
Қарлыға бұл сөзді айтқасын
Тайбурылға мінеді,
Қарына семсер іледі.
Беліне байлап болатты.
Ақ сұңқар құстай қанатты,
Тайбурылдың мандайын
Қараспан тауға қаратты.
Күн тимеген сауырға,
Жел тимеген бауырға

Қамшымен соғып қанатты.
Бурыл атты «шу!» деді,
Құбылып Бурыл гүледі,
Ертемен шапқан Қобланды
Кешке шейін шабады,
Келіп жетті жеріне,
Жақындады еліне.
Намаздігер өткенде,
Құптан мезгіл жеткенде
Екпіндеген Бурыл ат
Етпетінен жығылды.
Жығылғасын Қобланды
Аттан түсе қалады,
Жерді сипап қарады.
Ертеңгі таң атыпты,
Бұйырған дәмін татыпты.
Жазығы мал демесең
Адамнан ақылы артық-ты.
Ел барында Құртқаның
Екі мезгіл жем берген,
Жаныменен тең көрген,
Алтыннан соққан ақырға
Бурыл құлап жатыпты.
Мінген аты құлады
Ертемен шауып бұлады,
Құртқаның баққан жұртына
Тоқымын төсеп, ер жастап,
Батыр Қоблан құлады.
Алтын-ды ерге сүйеніп,
Елі-жұртын сағынып,
Өксіп-өксіп жылады.
Осы жерде Қобланды
Таң атқанша болады.
Таң сарғайып атқанда,
Таң Шолпаны батқанда,
Жан-жағына қараса,
Жұрты жатыр, елі жоқ,
Батпағы, жатыр, көлі жоқ,
Қаңғырып жүріп далада
Өткенің бе, дүние бөк.
Таң атқан соң батырың
Тағы да түсті жарысқа:
«Байлауда Құртқа жатқанда
Жан серігім, қарышта!»

Асқар-асқар беліне,
Белден көшкен еліне
Ертемен шауып Қобланды,
Бұлаңдаған Бурылмен
Жүгіртіп келді Қобланды
Айна көлде Құртқаның
Ордасын тіккен жеріне.
Жұртын көріп Құртқаның
Көзіне батыр жас алды,
Неше батыр болса да,
Буыны балқып босады.
Жұртына көзін салады,
Қараса күлдің ортасы
Көтеріңкі көрінді.
Күл ішінде не бар?— деп,
Қобланды күлді қарады,
Ашып күлді қараса,
Жая менен жал екен.
Түрлі тағам бар екен.
Өзін қалмақ алғанда,
Көк арбаға салғанда,
«Кез болса бұған батыр,— деп
Тауып азық қылсын»,— деп,—
Ақылды туған Құртқаның
Бөтен нәрсе тастарға
Шамасы келмей сұлудың
Көміп кеткен наны екен.
«Бұйырғаны құдайдың
Осы шығар бізге»,— деп
Шетінен тістеп алады.
Қоржынға батыр салады.
Тайбурыл атты Қобланды,
«Айт, жануар, шу!»— деді,
Құбылып Бурыл гүледі,
Табаны жерге тимеді.
Көлденең жатқан көк тасты
Тіктеп тиген тұяғы
Саз балшықтай иледі.
Арандай аузын ашады,
Аяғын топ-топ басады.
Ертеден шапқан Қобланды
Кешке дейін шабады.
Жете алмады қалаға,
Бекер шапты далаға.

Сылтауды анық табады,
Түнге дейін шабады.
Түн ортасы болғанда,
Есіктің алды ағын-ды,
Бола жазды шығынды,
Шығын болмай не қылсын?
Екпіндеп шапқан Тайбурыл
Етпетінен жығылды.
Қобланды түсе қалады,
Жерді байқап қарады.
Аллаға тілім жазықты,
«Аты арыса, қарны ашса,
Қылсын деген азықты».
Қыз Құртқа қағып кетіпті
Кез бойы алтын қазықты.
Қолын жерге салыпты,
Тайбурылдың астынан
Қобланды тауып алыпты.
Ол қазықты бес бүктеп
Ат қоржынға салыпты.
Атына Қоблан мініпті,
Тайбурылды тайдырмай
Табан жолға салады.
Артық туған Қобланды
Таң атқанша шабады,
Таң салқыны жеткенде
Ағыны қатты Бурылмен
Алтынды таудың етегіне
Аңқытып жетіп келеді.
Алшағырдың шәһәрін
Батырдың көзі шалады.
Шәһەرге жетіп барады
«Еменнен кестім найза,— деп,—
Пенделік тартқан халқыма
Тигіземін пайда»,— деп,
Күн шыққанша шәһәрін
Екі айналды Қобланды
Енуге есік қайда?— деп
Енуге есік таба алмай,
Кіруге тесік таба алмай,
Күн шыққанша батырың
Айналып жүрді сыртында,
Қуыстау жерге жеткенде,
Мүйістеу жерге жеткенде

Жылқыда құмай аланы,
Атадан тақ дараны,
Жалғызым деп Тоқтар шал
Жоктаушы еді баланы:
Уа! қозым деп зарлаған,
Жас қозыдай манраған,
Саулы інгендей аңраған.
Сыртта жүрген Қобланның
Құлағын жарып барады.
Қалайша жоқтар екен деп,
Құлағын батыр салады.
«Келелі түйем ішінде
Қайырлы бураға ұсаған,
Қайырлы туған Қоблан,
Ботам, сенен айрылдым.
Алалы жылқы ішінде
Көзге түсер тұлпардай,
Тұяғы бүтін сұңқардай,
Құлыным, сенен айрылдым.
Ай мүйізді қошқардай
Тілеп алған, жалғызым,
Қозым, сенен айрылдым.
Көл айнала шандатқан
Байламаса, тынбаған
Көкала бұқаға ұсаған
Мен бұзаудан айрылдым.
Ішіме толған көп қайғы
Аһ! ұрсам да кетпейді.
Дұшпанның берген тері тон
Тіземге тартсам, жетпейді.
Ал десем де тәңірге
Өлшеулі өмір бітпейді.
Жалғызым барда көңлім тоқ,
Құлынымнан айрылып
Табаныма тиді шоқ!
Бұл қорлықты көргенше
Тиген артық ажал-оқ!
Айы біткен айда өлер,
Күні біткен күнде өлер,
Жалғызым деп зарласам,
Сүйексіз тілім дөңгелер!
Атаңа нәлет, Алшағыр,
Көрсеттің ғой өкімді!
Жалғызым тірі бір келер.

Асықпай тұр, қызылбас,
Сыбағанды сол берер!
Жалған дүние сырғанақ,
Шыныменен айрылсам,
Жалғызым, тезірек келмесең,
Мені бір құдай ұрғаны-ай!
Дұшпанға пенде болғанша,
Бұл бейнетті көргенше,
Жалғызымнан айрылып,
Неге өлмедім мен шұнақ?
Қорлық берді бұл дұшпан
Токсанға келген жасымда,
Пенде болып кәпірге,
Қойын бақтым осында!
Жалғызым менің келер ме?
Пірлерден тиіп бір хабар,
Тайбурыл атпен желер ме?
Соры кайнаған мен сордың
Жаратқан жаппар құдайым
Көзімнің жасын көрер ме?
Я болмаса, сол жақта
Қазасы жетіп өлер ме?
Я болмаса жарылқап,
Пірлері хабар берер ме?
Я болмаса, құдай-ай,
Менің мұндай жайымды,
Көңілге түскен уайымды
Жалғызым менің білер ме?»
Сол уақыттар болғанда,
Қозы Көрпеш — Баяндай,
Өлім хақтан аянды-ай,
Алпыста шешесі Аналық
Ұйқысын ашып оянды-ай:
«Тоғайдан қудым көжекті
Шаршадым теріп тезекті.
Жалғызымды жоқтаймын,
Шаршағанда тоқтаймын,
Жан қосағым, Токтар шал
Берші маған кезекті!
Көп жылама, серігім,
Ойыным менен күлісім,
Жасаған қосқан білісім!
Жалғызымның барында
Кеңіп еді өрісім,

Алтыннан еді кебісім!
Көріп едім тіріде
Жеті жұмақ бейісін!
Бүгінгі күн түсімде
Кұбыла жақтан жел соқты,
Жаңылмасам, деп едім
Жалғызымның астында
Тайбурыл аттың желісін.
Ай мүйізді қошқардай
Жасаған сені қосқанға-ай,
Жұмылған көзді ашқандай
Ішіміз толды пұшманға-ай!
Атасы берген шырақтың
Бұлты келді төбеңнен,
Қыс болса, шығар жел жақтан,
Жаз болса, шығар күн жақтан,
Жауың келсе, түсер жау жақтан!
Жолыңды күтіп, жалғызым,
Болайын құрбан сенен мен,
Бұлтың келді өзің жоқ,
Жалғызым барда көңлім ток.
Шырағым, сенен айрылып
Табаныма тиді шок!
Жалғызымның барында
Пешпент ойдым мақпалдан
Тақия, бөрік, үкі шок!
Жалғызым, сенің барында
Көшке жорға мінгенім,
Еруге қамқа кигенім,
Жалғызым, сенен айрылып,
Осынша бейнет көргенім!
Жайықтың суы ылай-ай,
Көр болды көзім жылай-ай.
Осы күнде, Токтар шал,
Оң қабағым тартады,
Қуантамысың, құдай-ай!
Осы күні, Токтар шал,
Аузы құрғыр тартады,
Салғызымды сүйгендей!
Иіні құрғыр тартады,
Қараспан тауға ел қонып,
Еруге қамқа кигендей!
Осы күні, Токтар шал,
Тақымы құрғыр тартады,

Қараспан тауын жағалап,
Қалың қыпшақ ел көшіп,
Сұр жорғаны мінгендей!
Осы күні, Тоқтар шал,
Төсімде жатқан қос тері,
Терісі қатқан бос тері,
Бұлақ болып ашылды,
Шырағым келіп емгендей!
Анан байғұс зарлайды
Ботасы өлген інгендей.
Ернім және тартады
Он үш жасар шырақтың
Ақ бетінен сүйгендей.
Жүрегім алып ұшады
Кеткен қозым келгендей.
Жұмылған көзім ашылып,
Жалғызымды көргендей.
Алпыс жасқа келгенде,
Арқан ескен не қорлық,
Құрт қайнатып, жүн түтіп,
Шырағым үйден кеткесін,
Есімнен кетпес бұл зорлық!
Өзге қорлық қорлық па?!
Өзіңнен қалған Құртқаны
Қалмақтың ханы Алшағыр
Аламын дейді сол қорлық!
Дұшпанның түсіп торына
Отыр Құртқа сол мұнлық.
Осындай болып жатқанда
Жалғызым келіп ат қояр
Алшағыр жиған нөкерге.
Дұшпанның қылған зорлығы
Есімізден кетер ме?
Мұндай болып біз тұрмыз,
Шырағым, жүрсің бекерге!
Зарланған менің дауысым
Жалғызыма жетер ме?»

Сол уақыттар болғанда
Қарындасы сөйлейді:

«Тұра тұршы, жан шеше,
Жан көкеме түс көрдім,
Өткен түні мен кеше!
Адыра қалғыр айбалта
Тасқа тиді, кетілді,

Қайрап ем тағы жетілді.
Тәңірі аямас болар ма,
Біздей ғарып, жетімді?
Жетім емей немене,
Атаңа нәлет, Алшағыр,
Көрсетті ғой өкімді?
Көкем үйде болғанда
Бұзар ма еді кентімді?
Құлақ салшы, кемпір, шал,
Естіп пірдің хабарын
Көңлім менің бекінді!
Шаба алмай да жүрмесе,
Астындағы Бурыл ат,
Бабадан хабар тиді ғой,
Жетсе керек, жан көкем,
Тайбурылын сауырлап!
Жан ата, менің түсімде
Өзімнің бабам ішінде
Бұл уақытта жан бар ма,
Жан көкемдей пішінді?
Қазанның Сырлы қаласын
Жалғыз шауып жүр еді,
Алтынды туға ақырып,
Қараманды шақырып,
Қасқарлық таудың басында
Қатын деген бір сөзін
Бетіне соғып жүр еді.
Көкемнің айтқан сөзіне
Қараман батыр өкпелеп
Жамандарша кек тұтып,
Көкем желді соңынан
Өкпелеп досым кетті деп,
Ордың мініп басына,
Қаланың келіп қасына.
Ордан атын қарғытып,
Кіндіктен оғын сырғытып
Қазанды шаншып, жау қашып,
Көп қосынға жан көкем
Олжа салып жүр еді.
Бөлінбеген ұйқысын,
Жыртылмаған құлпысын,
Қараманмен екеуі
Таң ата айдап жүр еді
Көбікті ханның жылқысын.

Жамандатқыр Тарлан ат
Сонда қашып еліне.
Ер салғанша асығып,
Терлік салып беліне,
Қараман мен көкемді
Көбікті басты тақымға.
Көкемнің құрып айласы
Басынан сынып найзасы.
Жан көкемді пенде ғып
Көбіктінің көңілі желікті.
Бұл секілді қорлыққа
Жан көкем не ғып көніпті?
Көкемнің тайып бабасы,
Батырлардың бұл жерде
Болмады қабыл тобасы.
Мақтануға жарады,
Дұшпанның асып айласы.
Өз аттасым Қарлыға
Көкеме тиді пайдасы.
Жамандығын жасырып,
Жақсылығын асырып,
Қол-аяғын босатып,
Жан көкемді қашырып,
Қару-жарак, ат-тонын
Қойған екен жасырып.
Сарт болмаса Шашты Әзіз
Қызметін асырып,
Өз аттасым Қарлыға
Дос болып сонда жүр еді
Аяғына бас ұрып.
Қараман менен жан көкем
Тағы да айдап жүр еді
Көбіктінің жылқысын.
Тағы да қашып көк бесті
Көбікті мініп атына,
Бұрынғы түсіп салтына,
Көкем карап артына
Көбіктіні өлтіріп,
Сәтіне мұның келтіріп,
Жұмысын анық бітіріп,
Қарлығадай сұлуды
Қарамандай құрдасқа
Сауғаға беріп жүр еді.
Ақ бөкендей жосылып,

Қазаннан алған көп малға
Жылқыны айдап қосылып,
Даярланып жатқан көп қосын
Дүркірей көшкен жосылып.
Бурыл ат ақсап қалғасын
Көкемнің көңілі басылып,
Жалғыздықты айтып зарығып
Пірлерге налып жүр еді.
Хабарланып пірлерден
Жалғыз шауып жан көкем
Қараспанның тауында
Жұртына келіп жүр еді.
Женешем көмген сары нанның
Шетінен тістеп жүр еді.
Аллаға тілім жазықты,
Атына жем, өзіне
Қылсын деген азықты —
Бурыл ат тауып жүр еді.
Женешем көмген қазықты.
Белгілі төбе бел еді,
Ықылас ата Шашты Әзіз
Шын сарт болып кетпесе,
Осы күнде көкешім
Мұнда келіп жүрген-ді».
Сол уақыттар болғанда,
Құртқа келіп сөйлейді:
«Тұра тұршы, Бикешжан,
Дүйсенбі күн сәскеде
Аспаннан ай түсірдім,
Қараспан таудың басында
Ақ сұңқар құсымды ұшырдым.
Ойпаң жерден ор қаздым,
Сұлтаным түзде жүргенде
Жауға пенде қылғандай
Мен тәңірге не жаздым?
Қараша таудың жылғасы,
Баурында болар құлжасы,
Әр пәндеге бітер ме,
Сұлтанымның тұлғасы?
Құдай кіші жаратты
Төмен етек ұрғашы,
Сұлтаным сүйер ақ денем
Бола ма жаудың олжасы?
Аламын деп қинап жүр

Діні де жаман болмашы.
Қартаймақ хақтан жарлық-ты
Құлыны өлген құлыққа
Тай теліген зорлық-ты.
Ботасы өлген інгенге
Нар теліген зорлық-ты.
Ақ сұңқар қонар тұғырға
Қарға қону зорлық-ты.
Тәңірі басқа салғасын
Дұшпаннан көрдім қорлықты.
Сары бал салдым аяққа,
Бұғалық салдым саяққа,
Ніл өтпейді бояққа.
Перзентім деген, Бурыл ат,
Менен кеттің қай жаққа?
Мінген де атым шалқасқа,
Қызмет еттім сен жасқа.
Алтыннан таға салдырдым
Таймасын деп тау-тасқа.
Қырық күнің біткенше
Қысырдың сүтін еміздім.
Алғалсыз болсын бедеу деп
Құлықтың сүтін еміздім.
Сексен күнің біткесін,
Токсан күнің жеткесін,
Армасын деп, талмасын деп,
Маңқа, құлық болмасын деп,
Жемиңе қосып мен саған
Қызыл дәрі жегіздім.
Құртқаның баққан, Бурылы
Қыдыра жалды, қыл құйрық
Жылкыдан қалмас дегіздім.
Құнанда емдің, тайда емдің
Сүйткен сенен не көрдім?
Бес жасыңа келгенде
Бие қызығын көрсін деп
Бес бедеуге салдырдым.
Алты жаста ақтаттым,
Ат болар деп батырға
Сені сонша мақтаттым.
Асаудан ат қып үйреттім,
Таралып мойны өссін деп
Жібек арқан құлаштап
Ұзын байлап мойныңа,

Бурыл, саған сүйреттім.
Менің балам сен болып,
Сенің анаң мен болып,
Бір көрсетші қараңды.
Қай тарапқа жөнелдің?
Жан серігі батырдың
Осындай қиын жерлерде
Үстіндегі сұлтанды
Бір көрсетер деп едім.
Көңілдегі арманым:
Сұлтаным келіп сәлемет
Дұшпанға салса әлемет!
Алаулаған қалмаққа
Өзінікін келтіріп
Бір көрсетсе қорлықты».
Дарбазалы тесікті
Шәһәрдің тұрып ішінде
Қыз Құртқаның зарланып
Шығарған қатты дауысын
Періштелер жалғасып,
Сыртта тұрған тұлпардың
Құлағы анық есітті.
Қыстың басы қауыс-ты*
Артық туған Қобланды
Ерегескен дұшпанның
Басын қоймай тауысты.
Құртқаның сөзін есітіп,
Анасын тұлпар білген соң
Қайта-қайта кісінеп,
Шығарды қатты дауысты.
Бурыл аттың дауысын
Құртқаға жел жеткізді.
Танығасын дауысын
Көңілден кірін кеткізді,
Айтса, сөзін өткізді.
Сұлтаным келген екен деп
Жоғары шығып карады.
Қаланың қиған шетінде,
Шалқар тоғай бетінде
Бір дуадақ атып ап,
Белінен кесіп шайнаған
Арыстан туған батырды

* Қауыс — ноябрь айы.

Құртканың көзі шалады.
Келген екен сұлтаным,
Шапса қылыш өткізбес,
Басында болат қалқаның,
Қолындағы дуадақ
Жүнін үйтіп тазалап,
Пісіріп жесең болмай ма?
Батырды танып біледі,
Сұлтаным келген екен деп
Артық туған қыз Құртқа
Ақ сұңқардай түледі.
Сол бетімен сұлуың
Алшағырға келеді.
Келіп сөйлей береді.
Енді қойып құлкісін,
Тілеп алды күн шықпай
Алшағыр ханның ұйқысын.
Арызым бар деп сөз айтты:
«Елімді шапқан, Алшағыр,
Сөзіме құлақ сал, Шағыр,
Сақтағаны құданың
Сен итке де бар шығар!
Мінген атың кер ме еді,
Сұлтанымның барында
Сырттан келген дұшпанға
Намысымды бермеді.
Сұлтаымның жоғында
Сен болды менің ергенім,
Әкелдің де қамадың
Жарық сәуле көрмедім,
Далаға шығып, қыз Құртқа,
Бойын жазсын демедін.
Рұқсат берсен, Алшағыр,
Далаға шығып азырақ
Бой жазайын деп едім.
Ала қапты алайын,
Беліме арқан шалайын,
Тезек теріп, бой жазып,
Шәһәрдің шығып сыртына,
Бойымды бір жазайын!»
Алшағыр да ер еді,
Аламын деп қашаннан
Дәмеленіп жүр еді.
Сұрағасын сұлуға,

Мақұл көріп бұл сөзін
Барсаң, бар деп ендеше,
Рұхсатын береді.
Ала қапты алады,
Беліне арқан шалады,
Сенбегесін қашар деп
Екі құл мен екі күн
Бақташыға салады.
Шәһәрдің шығып сыртына,
Бақташысы қасында,
Құртқа кетіп барады.
Келді бір сайдың басына,
Сайдың кіріп қасына
Төрт бақташы қасында
Отырып кеңес бастайды,
Күн мен құл сөзін қостайды,
Бір күн менен бір құлын
Осы сайға тастайды.
Ол сайдан да өтеді,
Және бір сайға жетеді.
Отырып кеңес бастайды,
Күн мен құл сөзін қостайды.
Бір күн менен бір құлын
Ойнай тұр деп тастайды.
Құл мен күн кейін қалғасын,
Бойын жазып алғасын,
Мінген аты құлаң-ақ
Ала қапты төрт бүктеп
Ішіне тықты қыз Құртқа —
Қобланды ерді сынамақ.
Қатын, қыздар жағады
Қарағайдан шайырды,
Үлкен-кіші жігіттер
Тереді бір қайырды.
Манағы тоғай тұсы деп,
Болмаса, тоғай осы деп
Тоғайға тіке қайрылды.
Тоғайға келіп енеді.
Келе жатып қыз Құртқа
Терекке басын байлаған,
Шиыршық атып ойнаған
Бурыл атты көреді.
Бұлаңдаған Құртқаны
Бурыл ат та көреді,

Анасын танып Тайбурыл
Теректегі шылбырын
Үзіп ала жөнеді.
Ат қашқасын, «тәк-тәк», — деп
Қобланды батыр жүгірді.
Ұмтылғанда Тайбурыл
Шыдай алмай қыз Құртқа
Омыраудағы он түйме
Ағытып бәрін жіберді.
Есіктің алды ағын-ды
Бола жазды шығын-ды,
Шығын емей немене,
Екпіндеген Бурыл ат
Омырауына Құртқанын
Тұмсығын тыға жығылды.
Ат жығылған мезгілде,
Бұлаңдаған Құртқаны
Қобланды батыр көреді.
Келе жатқан батырды
Қыз Құртқа да көреді.
Танығасын батырды
Қол қусырып, түрекеп
Иіліп сәлем береді.

Құртқа сұлу сөйлейді:
«Дүниедегі іңкәрім,
Екі тоқты, бір саулық
Баһар* айда қырқарым;
Бұрын жетті өзіннен
Астыңдағы тұлпарың.
Тұлпар мініп, ту алған,
Кеткен жерің қуарған,
Келген жерің қуанған,
Аман-есен келдің бе,
Жұрт иесі, сұңқарым?
Жаудың бактым қаласын,
Дұшпанның міндім аласын,
Қалмақтың жектім шанасын,
Қайсар Қоблан сұлтаным,
Әлде қандай қыласың?
Жаманның тарттым жаласын
Сұлтаным, түзде жүргенде
Өкімінен жүктедім

* Баһар — көктем.

Бір дұшпанның баласын,
Әлде қандай қыласың?»
Сонда Қоблан сөйледі,
Сөйлегенде бұй дейді:
«Заманым қайда баяғы,
Кім ұстамас жылқының
Жекелеп шыққан саяғын?
Біреу түгіл мынды тап
Көріп келдім бұл сапар
Жалғыздықтың қаяуын.
Адам болып, ер жетсе,
Өзімнің соғар таяғым».
Қобланды кеңдік бастады,
Кеңдігін Құртқа қостады,
Тұл болсын деп алға қап,
Артық туған қыз Құртқа
Қобланды сынды батырдың.
Көзінше алып тастады.
Қап екенін көргенсін,
Иек тартып күледі,
Аузы айтса да батырдың
Іші кимай тұр еді.
Қобланды сонда сөйлейді:
«Көптен бері жол жүріп
Сағынған жарың мен едім,
Дұшпаннан көріп кемшілік
Сарғайған жұптым сен едің.
Арманым жоқ дүниеде
Есен-аман қауыштым,
Құдай қосқан қосағым.
Ата-ана, көп халқым
Көре алмаспын деп едім.
Ақылды туған, Құртқажан,
Қыпшақтың мекен жайлауы
Қараспан еді өркені
Көрмегелі сіздерді
Көп болып еді, Құртқажан,
Көріселік кел бері!»
Батырдың мінген қызыл-ды
Жал-құрығы ұзын-ды,
Талма түсте сұлуға
Батырдың көңілі бұзылды.
Белінен қысып құшақтап
Құртқа сынды қызынды.

Сағынғаннан бір-бірін
Көзінің жасы төгілді.
Батырым ұстап тұтқанда
Сұлудың белі үзілді.
Сол уақыттар болғанда
Құртқа сұлу сөйлейді:
«Мінген атың құлаңыз,
Шабуыл салып бұлаңыз,
Көптен төсек көрмеген,
Күйінішті болған шығарсың.
Алайда болса, сұлтаным,
Аз-кем күнге шыдаңыз!
Алыптай еді бір басың,
Тайбурыл атты ойнатың.
Дұшпаның көп-ті, досың жоқ,
Сұлтаным, бұзба қайратың.
Айдынды көлде қу аттым,
Дертке дәрі етіне.
Ойнап балық шығады
Жазғы судың шетіне.
Ағаң, інің сенің жоқ
Халық қолыңа тигенде,
Біреуменен ұрыссаң,
Біреуменен көріссең,
Әзілдесіп, күлісіп,
Жамандардың тілі ащы,
Қадір білмес кей жаман,
Ата-анасын жоқтамай,
Қатынын тапқан Қоблан деп,
Кінә қылар бетіңе!»
Сонда Қоблан сөйлейді,
Сөйлегенде бүй дейді:
«Бұлғай да, бұлғай, бұлғай ма?
Бұлғайдың түбі тынғай ма?
Өтірік айтқан оңғай ма?
Түлкі киген тоңғай ма?
Бұл ақылың, қыз Құртқа,
Патшаға бітсе болмай ма?
Сөзің дұрыс, Құртқажан,
Тапсырдым сені құдайға.
Бұлаңдаған, қыз Құртқа,
Әйел болдың айла жоқ,
Егер еркек болғанда,
Болар ең тұтқа бір жұртқа».

Төрткөлден соққан төбе еді,
Есілден шыққан көл еді.
Жалғыз да болсам жасымнан,
Көпке басым тең еді.
Неше жылдай жол шегіп,
Ауыр азап көп көріп
Сарғайған нарын мен едім,
Сағынған жұптым сен едің,
«Сүйтіп көрген сұлтаным
Бір ауыз сөзге жарамай
Кетті»,— деп айтар деп едім.
Арманым жоқ дүниеде,
Есен-аман қауыстым,
Құдай қосқан жарыма:
Ата-анамды, көп жұртым
Көре алмаспын деп едім.
Ертен Бурылға мінейін,
Қарыма сүнгімді ілейін,
Сендерді алған дұшпанға
Жалғыз да болсам тиейін.
Дәуіт соққан берен-ді
Кебінім деп киейін.
Матау көріп байланған
Біздің Қыпшақ ағайын,
Бүгін қойсын ұйқысын
Түніменен сайланып
Бітіре берсін жұмысын.
Жан басына тоғайдан
Кесіп алсын бір келтек,
Ертеңгі күн күн шыға
Атойлаған дауысым
Аш қарында шыққанда
Мендікпін деген ағайын
Дарбазада табыссын.
Тоқым салдым алаға
Жау іздедім далада,
Ағайын, туған, қарындас
Қарамай ата-анаға.
Мұншама Құртқа бой жазып
Не қылып шықтың далаға?
Келінің ұзап кетті деп,
Өкімі жүрген ит қалмақ,
Барғанша азап бермесін
Ата менен анаға.

Құртқажан, енді кешікпе
Қайт тезірек қалаға.
Және де сәлем дегейсін
Қыпшақта үлкен ағаға,
Өзімнен кіші балаға,
Көріп келдім, сұлтаным,
Келіп отыр дегейсін
Қаланың сырты далада.
Әділ сұлтан бір жанын
Қылып отыр дегейсін,
Ағайын, жұрттан садаға.
Қош-есен бол, Құртқажан.
Ертеңге шейін мен сені
Тапсырдым енді құдаға!
Сонда Құртқа сөйлейді:
«Қайт десең, сұлтан, қайтайын,
Алшағыр соққан қалаға.
Көрген соң сені шыдамай
Шығып едім далаға.
Сұлтаным, сенен айрылып
Ішім толды санаға.
Шыбыныңды тапсырдым
Бір жаратқан құдаға.
Хандай қара басыңнан
Мендей сорлы садаға!»
Құртқа сорлы жылап тұр,
Екі көзін қадап тұр
Қобланды сынды балаға!—
Айдынды көлде қу аттым
Дертке дәрі етіне,
Ойнап балық шығады
Жазғы судың шетіне.
Шырағым, жаның сау болса,
Кегінді мықтап аларсың,
Қызылбастың кентінен.
Тым болмаса, мойның бұр,
Кетейін сүйіп бетіңнен!
Құдай қосқан нашармын
Жазым болып, көз жұмсаң,
Мен әуремін дертіңнен!
Жаз мінгенім жалды еді,
Қыс мінгенім қонды еді,
Сүйгенімнің алды еді
Сүйгенім сені осы еді.

Мойнын бұрды Қоблан нар,
Құртқа сұлу ынтызар,
Ауыздан сүйді Құртқа жар.
Алқымын сүйді қармалап,
Өліп-өшіп барады,
Көбірек тұрып құшақтап,
Қобланды сұлтан баланы.
Кіші бесін болғанда
Ғашық жармен көрісіп,
Ішкен асы сұлудың
Бойына енді тарады.
Көңілі тасып, шат болып,
Шұбалаңдап қыз Құртқа
Шәһەرге қайтып барады...
Төрт бақташы қасында
Құртқа сынды сұлуың
Алшағырдың шәріне
Тезірек жүріп барады.
«Қақпаның аузын аш»,— деуге
Сұлу Құртқа жарады.
Қалаға Құртқа енгенсін,
Құң мен құлды әкеп бергенсін,
«Сүйінші, сұлтан келді»,— деп
Дұғай сәлем айтып қалады
Атасы мен анаға,
Қыпшақта үлкен ағаға,
Өзінен кіші балаға.
Тоқтар басы көп қыпшақ
Естігесін Құртқадан
Біреуі жылап, біреуі
Есінен танып қалады.
Жалғызға жәрдем бергей деп,
Жаратқанға тапсырды
Қобландыдай баланы.
Құртқа сұлу кеткесін,
Қожа бесін болғанда
Қобландыдай батырың
Бір төбеге барады.
Қарлыға қыз келер деп
Алды-артына қарасы.
Сол уақыттар қараса,
Өкше ізінен шаң шықты,
Не қылған шаң?— деп қараса,
Саулы інгендей ыңқылдап,

Күшігендей сұңқылдап,
Буыны түсіп былқылдап,
Алтын қалпақ дулыға
Шекесінде жарқылдап,
Қалың шанның астынан
Ақмоншақ атпен Қарлыға
Шыға келді жарқылдап.
Қарлығаның соңынан
Мінген аты көк бесті
Ақмоншақ атпен алысып
Сейілдің ұлы Қараман
О да келді былқылдап.
Қараманның соңынан
Қосынның қалған елінде
Орал дейтін бір батыр
Шешесі Қамқа түс көріп,
Таңғажайып іс көріп,
Қыпшақты жау алды, деп.
Басына қайғы салды деп,
Қараспан таудың сағасын
Адыра талқан кылды деп,
Жалғыз ұлы жауда жүр,
Аналық пенен Тоқтардың
Төбесінен ұрды деп,
Шырағым, атқа мін,— дейді.
Қалың Қыпшақ бүлді,— деп,
Көрмегенін көрді,— деп,
Қобланды да жеткен-ді
Бабасы хабар берді деп.
Жау шапқасын халықты
Көзінің жасы көл-ді,— деп,
Шешесі бұл сөзді айтқасын,
Есіктің алды балдырған,
Қызылбас көңлін қалдырған,
Қызылбастың жұртына
Талай бүлік салдырған,
Жіңішке жирен аты бар,
Қолында жазған хаты бар,
Әлемге жеткен даты бар.
Шақырушы Қарлыға
Екеуіне қосылып:
«Айдынды Орақ, айды Орақ,
Ай балтасы қанды Орақ,
Қобландының көп елін

Калмақ алды»,— деген соң
Елінен шықты сол шырақ.
Қарлығаға кездесіп,
«Барасың қайда?»— жөн сұрап,
Жолы бірге болғасын,
Бірге шапты бұркырап.
Ақ бөкендей жосылды,
Еркінше шауып көсілді,
Келеді деген бұларды
Жоқ еді ердің есінде.
Соңынан келіп үш көкжал
Қобландыменен бас қосып
Шаттанысып, қуанып,
Есендік-саулық айтысып,
Амандасты бесінде.
Тұра тұрсын төртеуі,
Ойын-күлкі, сауықпен
Іштеңе жоқ есінде.
Құлақ салып тыңдауға
Ерінбесең, жігіттер,
Өзімнен келер жел сөздің
Аянайын несіне?!

Алшағыр ханның сол кезде
Сикыршы болған кітаппен
Шешесі мұның бар еді.
Кітап ашып, бал салып,
Төңірекке көз салып,
Пәлені түскен алдында
Батырларды көреді,
Көргендерін біледі.
Шақырып алып баласын,
Сонда кемпір сөйледі:

«Жалғыз балам, Алшағыр,
Сөзіме құлақ сал, Шағыр!
Қастары төмен салынған,
Кеуліне алған табылған,
Іздеген дұшпан шабылған,
Қобаған мұрын, қой көзді,
Талма бетті, нұр жүзді
Біріне Қоблан ұсайды,
Келді, балам, тұрсана!
Қорасан жүзді, қой көзді
Қараман келгенге ұсайды,
Келді, балам, тұрсана!

Сүйек біздік, ет баска,
Ақмоншақ ат астында,
Қамшат бөркі басында,
Қарлыға келгенге ұсайды,
Келді, балам, тұрсана!
Қабағы қарыс жабылған,
Іздеген дұшпан шабылған
Жінішке жирен аты бар,
Қолында жазған хаты бар,
Әлемге жеткен даты бар
Бейне Ораққа ұқсайды.
Келді, балам, тұрсана!»

Алшағыр сонда сөйлейді:
«Шешен тілді сөйлеткен
Қаусырма жақ иегі.
Батыр туған ерлердің
Тартар садақ білегі.
Бұл сөзіне баланның
Қозғалмайды жүрегі!
Жоқ сөзді айтып қинама,
Қазан барып соғысып,
Көбікті барып жоқ болған
Қайдан келсін бұл жерге
Қобландының сүйегі.
Неше балшы болсаң да,
Айтқан сөзін, жан шеше,
Үйлеспейді жүйеге!»

Тағы кемпір сөйлейді:
«Май түбінде тортамын,
Ақ бөкен аңдай жортамын,
Мінген аты, шырағым,
Келді, балам, Бурыл-ды,
Қобланды деп қорқамын!
Таңбасыз жатқан тайынды
Таңбалар деп қорқамын.
Енсіз жатқан қойыңа
Ен салар деп қорқамын.
Басыңнан көшер аруақ,
Астыңдағы алтын тақ
Сол мінер деп қорқамын.
Шәрі байтақ жұртыңды
Сол билер деп қорқамын.

Үстіндегі ақ сауыт
Сол киер деп қорқамын.
Ылдидан шапса, төске озған,
Ертеден шапса, кешке озған,
Томағалы қасқа азбан
Сол мінер деп қорқамын.
Ор түбінде бәйтерек
Басы көкке қараған,
Тамыры жерге тараған
Жапырағы бар еді
Сом алтыннан жараған,
Сол кесер деп қорқамын.
Атаң жиған байтақ ел,
Бүлдірер деп қорқамын.
Қанікейдей көрікті қыз,
Тінікейдей текті қыз,
Күлкі етер деп қорқамын.
Шағалаға шәулі сап
Ілдірер деп қорқамын.
Менің өзім нашармын,
Кілттің аузын ашармын,
Сен жатсаң да, мен жатпан,
Қанікейдей көрікті қыз,
Тінікейдей текті қыз,
Екеуін алып қашармын.
Жау қолында жылатпан,
Күймеге салып екеуін
Белден белге асармын».
Ыңғайланды қу кемпір
Қызын алып жүрмекке,
Әркім елде құмар қыз
Қолына тисе сүймекке.
Қарамайды қу кемпір
Алтын, күміс дүниеге.
Екі қызын алады,
Күймесіне салады,
Қақпаның аузын аштырып
Кемпір қашып барады.

Қаладан қашқан кемпірді
Қарлыға көзі шалады.
Қуып жетіп көк атпен
Қу кемпірге білдірмей,
Сыртын жарып күйменін

Екі қызды Қарлыға
Ұрлап алып қалады.
Күймеде қызым аман деп
Кемпір кетіп барады.
Қарлығаның алғанын
Қараман көзі шалады.
«Қарлығажан, сауға»,— деп
Қарлығаның алдынан
Қараман жақын барады.

Қарлыға сонда сөйлейді:
«Көлге біткен жекенсің*,
Бүршігі жоқ тікенсің,
Артық асқан баған жоқ,
Құдайдан сұрар шамаң жоқ,
Өзіңе біткен мал, жанды
Сауғадан жиған екенсің.
Ақмоншақ атпен желейін,
Байытқалы келіп пе ем,
Қияттың жаман кедейін?
Қараман, саған не дейін?
Өзімнің басым сауғадан
Құтыла алмай жүргенде
Мен кімге сауға берейін?»

Қараман сонда сөйлейді:
«Мұсылманға маза аттық,
Қызылбасқа қаза аттық,
Қанікей мен Тінікей
Екі қызды бер маған
Қарлыға, сені алмайын,
Басыңа бердім азаттық».
Мінген аты ала-ды,
Қылшаң жүнді кара-ды,
Көңілдегі сананы
Шығара алмай барады.
Қарлыға сынды сұлудың
Көңілі қатты сүйеді
Қобландыдай баланы.
Қанікей мен Тінікей
Қос сұлуды бір беріп
Қарамандай батырға,

* Жекен — суда өсетін қоға шөп.

Артық туған Қарлыға
Басын сатып алады.
Масыл-масыл, масыл ма?
Аққа құлпы жасыл ма?
Ғашық боп жүрген Қарлыға
Қараманнан шыға алмай,
Жүрегінен қан құсып
Басын қосқан сықылды
Қобландыдай асылға.
Мұрадына жеткендей
Бұлаңдаған Қарлыға
Отыра кеткен асыла,
Сауғада басы жүргенде
Жоламаушы еді қасына.
Тас түлектей түледі
Еркіндік алып басына.

Төртеу еді алтау боп
Басын қосып төрт көкжал,
Кеш болғасын жағалап
Бір төбеге жатады.
Төртеуінің тұлпары
Бауырынан қатады,
Қоржындағы азықтан
Бұйырған дәмін татады.
Ұйқы көрмей төрт батыр
Таң сарғайып атады,
Таң Шолпаны батады.
Таң атқасын төрт көкжал
Қару-жарақ киініп,
Бір құдайға сыйынып,
Енді атына мінеді,
Денеге сауыт киеді,
Беліне байлап болатты,
Қарына найза іледі.
Алшағырдың шәріне
Туын ұстап батырлар
Қала аузына келеді.
Шәріге жакын келгенде
Ақ сұңқар құстай шүйіліп,
Қабағы тастай түйіліп,
Арыстан туған Қобланды
Күн шығуға қарамай,
Ат қоюға ойланды,

Ата-анасы, ел-жұрты
Асыра қыпшақ баласы
Жатқаннан соң байлауда
Қақпаның келіп аузына
Батыр Қоблан ақырды,
Нар түйедей бақырды,
Алшағыр, деп шақырды.

— Ау, Алшағыр, Алшағыр!
Сөзіме құлақ сал, Шағыр!
Менің атым Қобланды
Әуелі өзің алдан шық,
Алды-артыңды қармай шық,
Қалдырмастан жалмай шық.
Арманда қапыл қалмай шық!
Қарақасқа атың міне шық,
От өтпес тоның кие шық,
Қарыңа сүңгі іле шық!

Белес-белес бел еді,
Хан болғалы Алшағыр
Асып жүрген айласы
Мұсылманнан қанша ердің
Басын жойған ер еді,
Қызылбастың пілі еді,
Қобландының дауысы
Құлағына келеді.
Естіген соң дауысын
Шешесінің сөзіне
Енді Алшағыр сенеді,
Шыдай алмай Алшағыр
Үстіне сауыт киеді,
Беліне байлап болатын
Қарына найза іледі.
Ертеден шапса, кешке озған
Томағалы қасқа азбан,
Ылдидан шапса, төске озған
Алтын тұрман ер салып,
Енді атына мінеді.
Қара қасқа тұлпардың
Құйрығын шарт түйеді,
Шақырып тұрған батырға
Қорықты дер деп бармасам,

Алдынан жүре береді.
Сол уақыттар болғанда
Түлкідей көзін жайнатып,
Қаруын бойда қайнатып,
Тасқа шаншып найзасын
Қарыс сүйем бойлатып,
Қоблакен келді бұл жақтан,
Тайбурыл атты ойнатып.
Жайықтың бойы қамыс-ты,
Бермейміз деп намысты,
Екі батыр екпінмен
Жақындасып қалысты.
Өшігіп жүрген батырлар
Бір ауыз сөзге келмей-ақ
Шегінісіп екеуі
Еменнен найза салысты.
Итерісіп тұрысты,
Ат тізесін бүгісті,
Бүгісе-бүгісе тұрысты,
Біріне-бірі ұмтылып
Тақымдары құрысты,
Он саусағы қарысты.
Бірін-бірі ала алмай,
Біреуі дүние сала алмай,
Қақырғаны қан татып,
Түкіргені жын татып,
Жанынан күдер үзісті.
Қанжарменен қармасты,
Семсерменен серместі,
Сүйтіп ойын ойнасты,
Шыбын жанды қинасты.
Қанжар қалды қайысып,
Семсер қалды майысып,
Ерлерің жаннан түңілді,
От шығады ұртынан,
Үмітін үзді Алшағыр
Шәрі, байтақ жұртынан.
Сол уақыттар болғанда
Домаланып барып жығылды,
Қара қасқа аттың сыртынан.
Сонда жатып жылайды,
Артық туған Қобланды
Ерегіскен дұшпанның
Басын жоймай қоймайды.

Есіктің алды кендір-ді,
Қобландыдай батырын
Найзасын ырғап ендірді,
Алшағырдай дұшпанын
Ат сауырына міндірді.
Қатуланып Қобланды
Түгі шығып білектен,
Етке тоқтар қайрат па,
Өтіп кетті сүйектен.
Қайта тартса шықпайды
Қобланды ердің найзасы
Қанмен қатыс жібектен.
Алшағыр ханды өлтіріп,
Дұшпанның күнін қуырып,
Артықша тартып найзасын
Күшпенен алды суырып.
Алшағырдың сонынан
Ағын судың сағасы,
Қызылбастың ағасы,
Құртқаны алар сапарда
Өлтіріп кеткен Қобланды,
Шауып шықты қаладан
Қырық бес кез баяғы
Қызыл ердің баласы —
Ағанас пен Тоғанас —
Қаладан шықты екі жас.
Әкесін Қоблан өлтіріп,
Құртқаны алған жерінде,
Көктім Аймақ елінде
Ежелден кекті болған қас.
Ағасы еді Ағанас,
Інісі еді Тоғанас.
Қаладан шығып еді жас,
Көздерінен ағып жас,
Қобландыдай батырға,
Ортаға алып екеулеп,
Келе салды найзаны.
Таптырмай ақыл, айланы,
Қараспан таудай алысып,
Еменнен найза салысып,
Олар екеу, бұл жалғыз
Қарсыласып шабысып,
Дұшпанын Қоблан табады.
Енді ортаға алады,

Пірлер кәміл қолдады,
Қобландыдай баланы
Көңілге де болмаса,
Қоблакеннің бөксесін
Бурыл аттың үстінен
Қисайтып кетіп барады.
Қобландының ауғанын
Қарлыға көзі шалады.
Жетіп келіп Қарлыға
Ағанасты сол жерден
Алып тастай береді.
Қисайған Бурыл үстіне
Түзеліп Қоблан мінеді.
Жеке бір жалғыз қалғасын
Тоғанасты Қобланды
О да бүріп іледі.
Бұл екеуінің артынан
Көк қасқа атпен Ақтайлақ
Ұрысқа шықты жағдайлап.
Орақ шығып бұ жақтан
Ақтайлақты сол жерде
Іліп тастай береді.
Ақтайлақтың соңынан
Баласы еді Нарқызыл
Шығып еді қаладан
Қараман шығып бұ жақтан
Бұл-дағы іліп тастады.
Қазан басты Қара дәу,
Шығып еді қаладан,
Қарлыға іліп тастады.
Қалмақтың Қара батыры
Шығып еді қаладан,
Қоблакен іліп тастады.
Қылышпенен ұрады,
Осылайша батырлар
Келгендерін қалмақтың
Кезек-кезек төртеуі
Баудай жаншып тұрады.

Сонша ердің соңында
Күмбезді найза қолында
Ағын судың сағасы,
Берен тонның жағасы,
Қызылбастың ағасы,

Көбікті ханның баласы;
Құндыз бөрік басында,
Әскері бар қасында,
Өзі он бес жасында,
Сүйіншіге қыз алып,
Күйеу боп жатқан осында;
Үстіне дұшпан келгесін,
Байлауда қалған Қоблан
Босағанын білгесін,
Ұрыспасқа айла таба алмай
Үстіне сауыт киеді.
Болатты байлап жанына
Қарына найза іледі,
Қаланың аузын аштырып,
Біршымбай шықты қаладан.
Шыға салып Біршымбай
Ала кетті жағадан.
Көрсетіндер деп ерлікті,
Мен көрмегесін манадан.
Келуімен Біршымбай
Бөтен сөзге қарамай,
Қобландыны бір шаншып,
Қарлығаны бір шаншып,
Қараманды бір шаншып,
Ер Орақты бір шаншып,
Көкала атпен Біршымбай
Сыпыртып өтіп жөнелді.
Және айналып толғанып,
Және найза қолға алып,
Ер Орақты бір шаншып,
Қараманды бір шаншып,
Қарлығаны бір шаншып,
Қобландыны бір шаншып,
Сыпыртып өтіп жөнелді.
Етіне киген жейде еді,
Маңдайы шып-шып терледі,
Біршымбайдың қайраты
Барған сайын өрледі.
Самсап тұрған ерлерді
Бір адамдай көрмеді.
Осылайша Біршымбай
Үш-үштен найза түйреді,
Етіне найза ендірді.
Үш-үштен найза тигесін,

Етіне найза енгесін,
Төрт көкжал да меңдеді.
Меңдегенін көргесін
Қарлыға сұлу сөйледі:
«Мал шыдамас жауырға,
Жан шыдамас бауырға,
Сендер мұнда тұра тұр,
Есебін тауып, жігіттер,
Өлтірейін мен,— деді;
Менен күші әкемнің
Бір батпандай артығы-ай,
Әкемнен күші мұның да
Сегіз батпан артығы-ай.
Үстіндегі сауыттан
Атсаң оғың өтпейді,
Шапсаң қылыш кеспейді,
Жел соғарлық самалы
Көк желкеде артында-ай.
Өлтіріп кетсе мені егер
Көк желкеден атыңдар,
Жігіттер, болмай ғапыл-ай».
Мінген аты кер еді,
Атасы әйел демесең,
Қарлыға қыз да ер еді.
Қобландыдай батырың
Қарлығаға сенеді.
«Есебін тауып айламен
Өлтірмесем, болмас»,— деп,
Бөркін жұлып алады,
Шашын жайып Қарлыға
Ақмоншақ атты қамшылап,
Ерлердің шығып қасынан,
Біршымбайдың алдынан
Қарлыға шауып барады,
Жетіп барып сөйлейді,
Сөйлегенде бүй дейді:
«Айналайын, Біршымбай,
Сал құлағың сөзіме,
Сен кеткесін, Біршымбай,
Шәһәрді басып көп дұшпан.
Еліңе ойран салғаны.
Байлаудан қашып Қобланды,
Әскер жиып барғаны,
Қайратқа әкең жарамай

Қаза тауып қалғаны.
Дұшпанды қырып, шырағым,
Бәріңді алдым босатып,
Бір жанымды аямай.
Жалғыздық түсті басыма
Серікке атан жарамай.
Қашып еді үш батыр
Жалғыз кудым шыдамай,
Енді өлсем де арман жоқ
Көрсетті сені бір құдай.
Мені танып, шырағым,
Атыңның басын бұрмадың,
Қайратыңнан айналып,
Жалғыз баурым, Біршымбай,
Болайын сенің құрбаның.
Менен қашқан үш дұшпан
Мынау келіп тұрғаны.
Сөзімді тыңда, шырағым,
Жалғыздық түсіп басыма,
Көңілімде бар қапа,
Бұл дұшпанды ала алмай,
Басына қайғы сала алмай,
Ақыл-айла таба алмай,
Басымды саған қоса алмай,
Жаудың тұрып қасында
Жаралы болған басымды
Адам көрмес жерге апар.
Қайтып келіп үш ерден
Найза сұғып кек әпер!»

Біршымбай сонда сөйлейді:
«Ой, апеке, білмедім,
Жау ішінде жүргесін,
Кім екенің көрмедім.
Толықсыған найзамды
Оңды-солды сермедім.
Кетті көзім қарайып
Кім екенін білмедім.
Бері жүргін, жан апа,
Тауға апарып қояйын,
Қайтып келіп үш ерге
Найзамды кезек ұрайын».
Алдына түсіп барады,

Біршымбайдың соңынан
Ешкім шықпай қаладан,
Баспақты сиыр танадан,
Алтын күміс шарадан,
Жүгін тиеп шанаға
Тоқтар бас боп көп қыпшақ
Шуылдап шықты қаладан,
Қалмай қатын, баладан.
Есіктің алды Есіл-ді,
Есілдің талы кесілді,
Үлкен қақпа алдында
Қаладан шығып көп қыпшақ
Қойдай маңырап шуылдап,
Қозыдай маңырап дуылдап,
Қобланды ерге косылды
Ертенгі күн бесінде.
Қабыл болды бұл сапар
Қобланды ердің мұрады.
Құтылып жаудан ел-жұрты
Есендік-саулық сұрады.
Көп мұқатып дұшпанды
Ерлердің көңлі тынады.
Алшағыр ханның шәһәрін
Бүкіл қыпшақ жабылып
Он сегіз күн шабады.

Іздегенін табады.
Қыпшаққа тиген Алшағыр
Бүтін жұртын жалмады.
Алтын-күміс, бар малын
Ырғап-жырғап алады,
Артық бақыт табады.
Шауып жаудың қаласын,
«Шырағым»,— деп жұбатты
Жылаған қыпшақ баласын.
Олжа малға толтырған
Қараспан таудың сағасын.
Қалың қыпшақ көп қият
Мол олжаға кенелді.
Дұшпаннан алған көп малды
Қараспан тауын бет алып
Ырғытып айдап жөнелді.
Артық туған Қобланның
Қелмеді дұшпан шеніне.

Ойлаған оның мұрадын
Келтірді тәңрім жөніне.
Үш ай, үш күн дегенде
Қараспан тауын жағалап,
Азулы деген көліне
Тоқтар басы көп қыпшақ
Келіп қонды баяғы
Алшағыр шауып зарлатып,
Бөлініп көшкен жеріне.
Көлден тартқан борықты
Қалың Қыпшақ жағалап
Қараспан тауға қоныпты.
Кемшілік көріп кәпірден
Пенде болып байланған,
Жылаған Қыпшақ баласы
Бұрынғыдан екі есе
Бақ дәулетке жолықты.
Келіп қонды көп қыпшақ
Азулы деген көліне.
Артық туған Қобланның
Ісі келді жөніне,
Келмеді дұшпан шеніне.
Қалмақтан алған көп олжа
Әділдікпен батырың
Жиып алып көп халқын,
Бөліп берді еліне,
Пақыр, кедей, кеміне.
Кедейі байға теңеліп,
Риза болды бәрі де
Қобланды сынды еріне.
Ешкі малдың серкесін,
Ақсақал жер шекесін,
Ұзын сөзді қысқартып
Енді айтайын төтесін.
Отыз күн ұдай ойын қып,
Қырық күн ұдай тойын қып,
Қобландыдай батырға
Құртқа сынды сұлудың
Осы жерде қиды некесін.
Батырың менен Құртқаны
Тоқсан екі қатын жеңгелеп
Қия кесіп жал қойды,
Аяқ тола бал қойды.
Батырға мінеп, іс қылып,

Ақылы артық кең әділ
Кұмырска бел, тал бойлы
Тоқсан екі қатындар
Жал мен жая асады.
«Батырға жеңге бөлдім»,— деп
Қуанып судай тасады.
Бірін-бірі жұлмалап
Алдынан шашу шашады.
Қатарлап қамқа басады,
Шаршап келген шырақтың
Етіне де батап деп,
Әр қамқаны бір сілкіп,
Тегістігін жасады.
Күн қызылы батқанда,
Ауылдың алды жатқанда,
Тоқсан екі қатындар
Қобландыны жетелеп,
Ақ отауды төтелеп,
Құртқаға тіккен ақ орда
Батырды әкеп енгізді.
Белі қылдай, беті айдай
Құртқаны оған көргізді...

Тұра тұрсын бұл сөзім,
Айтамын рас шын сөзім,
Кетейін тағы баян ғып
Қарлыға сұлу не қыпты?
Қаншама еңбек қылса да
Қобланды батыр алмайды,
Сөзіне құлақ салмайды,
Қараманға бармайды,
Не қыларын біле алмай
Қарлыға сұлу зарлайды.
Жалғыздық түсті басына,
Ешкім келмей қасына,
Қобландыға өкпелеп,
Сегіз құлақ ақ шатыр
Таудың тігіп басына
Жата берді бұл жалғыз,
Еріп шыққан батырым
Көрсеткенің осы ма?
Жата тұрсын тау жайлап
Қарлығадай сұлуың,
Ақмоншақ ат астында

Қобландыдай батырын
Кенескен жиып жақынын,
Қарындасы Қарлығаш
Оракка берді той қылып.
Күйеу қылып Орақты
Тігеді алтын шатырын.
Қызын беріп Токтарбай
Кайырлы етіп ақырын,
Отыз күн ұдай ойын қып,
Қырық күн ұдай тойын қып,
Қарындасын ұзатқан
Қазна артып, жүк тиеп
Қобландыдай батырын.

Әлкисса, Қараман батыр Қобландыға Кұртқаны қосып,
Қобланды қарындасы Қарлығашты ұзатқан соң еліне қайт-
пақ болды. «Алшағырдың қарындасы Қанікей, Тінікей екі
қызды алуға той қыламын, тойыма кел», деп Қобланды, Кұрт-
қаны шақырды. Қараманның тойына бара жатып, орта жолда
тіккен Қарлығаның шатырына Қобланды, Кұртқа кез келеді.

Қарамандай батырын
Қыпшақты тауға қондырып,
Көңілдерін тындырып,
Кұртқаны қосып Қобланға
Шын достығын білдіріп,
Қобландыдай құрдастан
Қайтуға рұқсат сұрайды.
Жаманның тілі кекесін
Жаксы болса жолдасын
Мұрадына жетесін.
Қараман құрдас сөйлейді:
«Қобланды менен қыз Кұртқа,
Екеуі бірдей жүрсін,— деп.
Мереке қызық тойым бар
Көзімен кеп көрсін,— деп,
Қанікей мен Тінікей
Өзі жүріп Қобланды
Некесін қиып берсін,— деп.
Қараман кетті еліне
Кешікпей ертең келсін»,— деп.
Шақырған соң Қараман
Қобланды менен қыз Кұртқа
Күймелі арба сүйретіп.

Сүйретуге атын үйретіп,
Үш жүз кісі қошы алып,
Қобланды, Құртқа жөнелді
Жердің жүзін күнрентіп.
Қараманның тойына
Көреміз деп көп елді,
Қалың қыпшақ баласы
Қараманның еліне
Сапар тартып келеді.
Аркада бар бөрікөз,
Неге ұмытсын көрген көз?
Келе жатып батырын
Қарлыға жатқан шатырға
Талма тал түс кезінде
Қобланды, Құртқа келді кез.
Алдынан шығып Қарлыға
Қобланды менен Құртқаға
Бір-екі ауыз айтты сөз.
Ақмоншақ ат астында,
Кәмшат бөрік басында,
Атқан оғы жасыл-ды
Көрген көзі қимайды
Қобланды сұлтан асылды.
«Сенің үшін әуелден
Бәйгеге тіктім басымды,
Төбеге түйіп шашымды.
Тауда жалғыз жатырмын
Ағызып көзден жасымды.
Осылай ма еді уағадан,
Әуреге салдын басымды?!
Шатырымды көрсет, кел
Апакеме қасында!
Қобланды, саған не жаздым?
Қайда барсаң, кім айтар,
Дұрыс деп қылған ісінді!»
«Апеке, түс»,— деп жалынды,
«Жездеке, қон»— деп налыды,
Қарлығадай сұлудың
Жүрегі оттай қабынды.
Құртқа сұлу батырға
Қарлыға жылап тұрғасын,
Түсейік деп жалынды.
Аркада бар қарағай,
Қатты қылды бір құдай,

Қанша жылап айтса да
Қайрылмай кетті Қобланды
Құртқаны алып қарамай.
Көп нәрсе түсіп өксіді,
Қарлығанын ойына.
Ақ найзаға сүйеніп
Әрең жетті Қарлыға
Шатырға сайдың бойында.
Қобланды, Құртқа барады
Қараманның тойына.
Екі ай жатып той тойлап,
Қарамандай құрдасқа
Екі қызды некелеп,
Еліне тағы қайтады.
Бірнеше күн жол жүріп
Қобланды тағы кездесті
Қарлыға жатқан шатырға.
Қарлыға шығып алдынан
Арыстан Қоблан батырға:
«Қоюлы тұрған шай бар-ау,
Сары аяқта май бар-ау,
Сізді күтіп алуға
Қарлығада жай бар-ау,
Өзімнің әкем, ел-жұртым
Кім үшін мен қиып ем,
Білемісің, заңғар-ау?»
Қарлығадай сұлудың
Жүрегі оттай қабынды.
«Түсе гөр»,— деп жалынды,
«Тауда жалғыз жатырмын
Қараманның тойына
Ала кетсең, не қылды?»
Қарлығадай сұлуын
Қаншама жылап айтқанмен
Арқада бар қарағай,
Ер жігітке мал бітпес
Шыбын жанын баламай,
Тағы да кетті Қобланды
Құртқаны алып қарамай.

Еліне бұлар келген соң,
Ел-жұртын есен көрген соң,
Қобланды мен Құртқаның
Қосылғаны санаулы

Сегіз ай мерзім өткен соң,
Тоғыз ай, он күн жүзінде
Перзенттің туар күні боп
Сұлу Құртқа толғатты,
Ер толғағы тым қатты,
Ұйқы көрмей түн қатты.
Ел ішінде қыз Құртқа
Адамнан озған сымбатты.
Сол уақыттар болғанда
Төбесі жерге тарс етті,
Маңдайы күнге жарқ етті.
Қырық бір қатын жиылған
Көтеріп алып баланы
Құндаққа орап алады,
Талпынғанда жас бала,
Құндағы дал-дал болады.
Арыстан туған екен деп,
Асыра жұрты қуанды,
Шүйінші сұрап жан-жаққа
Қолдарына ту алды.
Тоғыз күн жиып ел-жұртын
Ат қоймаққа балаға
Қобланды батыр той қылды
Електен өтсең Есімбай,
Қыс-қыстауы Бұқаржай,
Қалың қыпшақ, көп ноғай,
Жұрт жақсысы баланың
Атын қойды Бөкенбай.
Келді Бөкен бір жасқа,
Бір жасына келгенде
Оғын тартты жартасқа.
Келді Бөкен екіге,
Екіге келген баланың
Жан қарамас бетіне,
Нан піскендей лебіне.
Келді Бөкен үшіне,
Үшке келген жас бала
Қара тасты көтерер,
Естіген риза күшіне.
Келді Бөкен төртіне,
Төртке бала келгенде
Ат шапсам деп ойлайды
Қызылбастың кентіне.
Келді бала бесіне,

Беске келген баланың
Күндіз-түні қайғысы —
Жау түседі есіне.
Келді Бөкен алтыға,
Алтыға жеткен баланың
Артық тиді пайдасы
Қыпшақтың бүкіл халқына.
Алты жасар Бөкенбай
Атаның түсіп салтына
Таулар күйіп, тас жанған
Бөкенбайдай береннің
Екпіндеген зарпына.
Қарамай алды-артына,
Енді мініп атына,
Қазнадан камқа киеді,
«Өзімнің еншім болсын!» — деп
Өкім құла атқа мінеді,
Алладан пәрмен тіледі.
Таулы жерден сырғытып,
Ойлы жерден қарғытып,
Аяндамай желеді.
Өзі алты жасында
Сусар бөркі басында,
Өкім құла ат астында,
Жолдасы жоқ қасында,
Бөлінбеген ұйқыға,
Жыртылмаған құлпыға,
Көңілі кетті көрмекке,
Отарда жатқан тау жайлап,
Естеміс баққан жылқыға.
Бөкенбайдай жас берен
Жылқыны іздеп барғасын,
Бауырап малды алғасын
Токсан құлмен Естеміс
Баланың қылған ісіне
Риза тауып қалғасын,
Қараспан таудың басына,
Жанынан қоныс салғасын,
Ойыны күшті жас арыстан
Қолына найза алғасын,
Астына мініп дөненді,
Үстіне киген беренді,
Қолғанат пен құйрыққа
Қобланды батыр кенелді.

Әлкисса, енді бұлар бұл жерде тұра тұрсын, ендігі сөзді
Көбіктінің жиені Шошай ханнан естіңіз. Шошай дейтін батыр
қырық мың әскер алып қыпшақты шабамын, нағашымның ке-
гін аламын деп іздеп келген жері.

Бір күндері болғанда
Таң сарғайып атқанда,
Шолпан жұлдыз батқанда,
Қызарып күн шыққанда,
Қобланды ұйықтап жатқанда,
Жылқыға Бөкен кеткенде,
Қалың елді жайлаған
Қатарлап бие байлаған,
Тау етегін жайлаған,
Қалың тозаң шаң басты
Дарбаза алды есікті,
Дүбірді Құртқа есітті,
«Жау келді деп оятсам,
Сұлтаным шошыр»— десіпті.
Шабуылдап қызылбас
Найзамен келіп тірейді
Қобланды жатқан есікті.
Ертесі мен кеші жоқ
Берсе құдай несіпті.
Құртқа сынды сұлуың
Батырдың басын құшақтап
Тізесінің үстіне
Қырмызы қызыл көрпемен
Отырып Құртқа желпиді.

Осы келген қызылбас
Жая десең, жал екен,
Шекер десең, бал екен,
О да өз жұртында нар екен.
Жаңа емес басында
Ескі кегі бар екен.
Қызылбасқа жан тартқан,
Қазақ десе оқ атқан,
Қабағына қар қатқан,
Кірпігіне мұз қатқан,
Қызылбастың жұртында
Көбіктінің жиені
Шошай дейтін хан екен.
Өз әскерін шақырып,

Қаһармандай ақырып,
Сонда Шошай сөйлейді
Сөйлегенде бұй дейді:
«Жүк көтерер кара нар
Жалаңаш Қобланды жатқанда
Қатынының қойнында
Өлтіруге маған ар.
Келіндер бері, киінсін,
Алдын-артын жиынсын,
Аруағына сыйынсын.
Айбатыма шыдамай
Үрейі ұшып күйінсін».
Хан айтқасын болсын деп,
Қызылбастың әскері
Екпіндеп елді басқанмен
Тау түбіне тоқталды,
Шиыршық атып шоқталды,
Көптігіне мақтанды,
Қолына бір-бір окты алды,
Атуға мерген жакты алды.

Қозы Көрпеш, Баяндай,
Өлім хақтан аянды-ай,
Орамалдың ісімен
Жаудың даусын есітіп,
Қобланды шошып оянды-ай.
Жаудан шошып денесі
Жүрегі мұздап қабынды,
Қобланды сынды батырың
Ұшып тұрып орнынан
Іс келеді қолынан.
Бөрігі жоқ, тақияшаң,
Шапаны жоқ, жейдешен,
Шалбары жоқ, дамбалшаң
Үйде тұрған найзаның
Түбінен ұстап алады.
Ұйқыдан шошып оянған
Сасқалақтап қалады.
Үйінің барып сыртына,
Ер салғанша асықты.
Арыстан туған батырың
Қайрат қылар демейді
Қызылбас дінсіз жасықты.
Құралын ердің даярлап,

Кұртқа сынды сұлуың,
Жүгіре аяқ басыпты.
Бурыл қолға тигенсін,
Қару-жарақ кигенсін,
Кәміл пір мәдет бергесін,
Батырым судай тасыпты.
Қатуланып ақырып,
Дауыстап айқай салады:
«Мезгілсіз шақта ауылға
Ат ойнатқан кім едің?»
Қобландыдай батырдың
Даусы жерді жарады.
Ертенгі даусы батырдың
Айшылық жерді алады.
Қатуланып ақырды,
Нар түйедей бақырды,
Есіктің алды дұшпанды
Даусыменен қорқытып,
Нар қамыстай жапырды.
Найзасын алып сүйретіп,
Үйден шықты далаға.
Батырың тұрып сыйынды
Жеті кәміл бабаға.
Кім айтар екен және деп
Жылқыда Бөкен балаға.
Іздеп келген бұл жауға
Найзаменен шабақтап,
Қасқырдай тиіп тамақтап
Берер еді сыбаға,
Келтіріп өзін тобаға.
Жүгіре басып Құртқа да
Ақырда тұрған Бурылды
Шығарып ептеп алады,
Беліне терлік салады,
Арыстан туған Қобланды
Бурылға мініп алады.
Ақырып айғай салады,
Бурыл атты ойнатып
Алдына дабыл қағады.
«Қызылбас, шыққын жеке»,— деп,
Қасына жетіп барады.
Қызылбастың Шошай хан:
«Алды-артымды жияйын»,— деп
Қобландыдай батырдан

Үш күн пұрсат сұрады.
«Арманда қалдым демесін»,— деп
Бұл сөзін қабыл қылады.
Тұра тұрсын бұл сөзім,
Сол уақыттар болғанда
Қалың шанды көргесін,
Жау келгенін білгесін,
Батырдың даусын есітіп
Өлейін десе, жан тәтті,
Кірейін десе, көр қатты,
Адамнан өткен сымбатты,
Сөйлеген сөзі бал тәтті,
Жеті жыл толық толғанша
Тауда жалғыз бұл жатты.
Жалғыздықтан тарығып,
Күдерін үзіп Қобланнан
Ертелі-кеш зар қақты.
Басынан бағы тайғасын,
Болғанмен канша ардақты,
Ақмоншақ атпен Қарлыға
Жетіп келді көк атты.
Қарлығаның соңынан
Бұл да қалмай шаңынан
Қалың шуды көргесін,
Жау екенін білгесін,
Батырдың даусын есітіп
Мінген аты көк бесті —
Ақмоншақ аттың інісін
Ор қояндай сырғытып,
Сейілдің ұлы Қараман
О да келді соңынан.
Батырға бұл да қосылды.
Келеді деген бұларды
Жоқ еді тіпті есінде.
Қараманның артынан
Бұ да бір қалмай салтынан,
Ағар таудың бұлағы
Ертемен тұрып таңертең,
Дәрет алып жүргенде,
Дауыс пенен тозаңды
Қарындасы Қарлығаш
Естіген екен құлағы,
«Көкемнің даусы келді»,— деп
Бір нәрсе оған болды»,— деп

Шыдатпайды Орақты,
Қарлығаштай кемеңгер
Бірге туған шырағы,
Жақынның болмас жырағы.
«Тезірек баршы, батырым,
Көкеммен сенің жолыңа
Мен бір құрбан ылағың!»
Күрен атты даярлап,
Беліне терлік салады,
Батырды қолдап мінгізіп,
Көлденедеп тұрады.
Жіңішке жирен атпенен
Орақ та жетіп барады.
Ер Орақтың соңынан
Бөлінбеген ұйқыдан,
Жыртылмаған құлпыдан,
Батырдың даусын есітіп,
Қалың шаңды көргесін,
Жау екенін білгесін,
Өзі алты жасында,
Сусар бөркі басында,
Өкім құла ат астында,
Естеміс ер бар қасында,
Қабағы тастай түйіліп,
Ойыны күшті арыстан —
Алты жасар Бөкенбай
О да келді жылқыдан.
Бөкенбайдың соңынан
Тоқпақ жалды тор атпен
Қайын құрық қарында,
Бар қаруы бойында
Естеміс келді соңынан.
Алам деп жаудың жолынан.
Алтау бірге қосылды
Ақ бөкендей жосылды.
Алтау тұрды кеңесіп,
Басын қосып бесінде,
Жалғызбын деген батырын
Еркінше шауып көсілді.
Аркада бар бөрікөз
Жақсыда ғой тәуір сөз,
Неге ұмытсын көрген көз?
Пұрсаты қалмақ біткесін

Хан Шошай мен Қобланды
Шаншысуға келді кез.
Жекпе-жекке дегенде,
Жекеленіп найза төнгенде,
Бірін бірі екеуі
Шаншамыз енді дегенде,
Сол уақыттар болғанда
Қарлыға келді соңынан,
Қайрат қылды қолынан,
«Өш алғанда, өш жоқ,— деп,
Кек алғанда, кек жоқ,— деп.
Шошай ханның алдында
Кегімді мен де алдым,— деп,
Атым әйел болса да,
Жүзімді төмен салдың»,— деп,
Қобландыға Қарлыға
Найзаны салды қоңынан.
Қапияда іс қылып
Қайратына кенелді.
Байлап берді дұшпанға
Қобландыдай беренді.
Батырды аттан түсіріп,
Оған да, бұған қарамай
Ақ шатырды бетке алып,
Қараспан тауға бұрылды.
Жеті жыл жатып зарығып
Кіжініп жүрген бұрын да
Ешкімге айтпай сырын да.
Қобланды аттан түскесін,
Басынан бағы кеткесін,
Жаудың көңілі өскесін
Қызылбас мінген ала-ды.
Шамасы келер күн болса;
Қылуға қайрат жарады.
Біреуі шаншып найзамен,
Біреуі келіп, қызылбас
Шоқпарменен ұрады.
Ортасынан шығармай
Ұстаймыз деп Бурылды
Қаншама әскер қамады.
Жан серігі Бурыл ат
Жанына қысым келгесін,
Соншама әскер үстінен
Гулеп ұшты аспанға.

Жерде ұстамай қамалап
Кім ұстасын аспанда.
Сол уақыттар болғанда
Бурылын көргесін,
Түскенін ердің білгесін,
Сейілдің ұлы Қараман
Тік ұмтылды ортаға.
Бурыл атты көргесін,
Болғанын бір іс білгесін,
Жіңішке жирен атпенен
Ұмтылды Орақ ортаға.
Тайбурылды көргесін,
Түскенін ердің білгесін,
Өзі алты жасында,
Сусар бөрік басында,
Өкім құла ат астында,
Қабағы тастай түйіліп,
Ақ сұңқар құстай шүйіліп,
Етек-жеңі жиылып.
Арыстан туған Бөкенбай
О да ұмтылды ортаға
Балтасы тасқа өтеді,
Балаға көңілі бітеді,
Бәрінен бұрын Бөкенбай
Жүрген жерін есік қып,
Әкесінің үстіне
Бөкенбай келіп жетеді.
Көп тұруға шыдамай
Шуылдаған қызылбас
Баладан қашып кетеді.
Тайбурылды көргесін,
Түскенін ердің білгесін,
Тоқпақ жалды торы атпен
Естеміс шапты ортаға.
Қайың құрық қарында
Ортасынан бөледі.
Арыстандай ақырып
Ортаға бұл да кіреді.
Екі қолын сыбанып
Қос етегін түрініп,
Бұл да айтулы ер еді.
Қойға тиген қасқырдай
Қызылбасты бүледі.
Қобландының үстіне

Бұл да жетіп келеді.
Жаралы болып қалғанын
Батырдың келіп көреді.
Уа, сұлтаным, деп Естеміс
Қобландының үстіне
Нар түйедей шөгеді.
Құртқаға хабар беруге
Енді атына мінісді.
Ақ орамал басында,
Токпақ жал ат астында,
Құртқаға жетіп келеді.
Келіп сөйлей береді:
«Жаралы батыр болды,— деп
Жатырсың неғып сен?— дейді.
Жарасын батыр байлауға
Ақ дәрісін аюдың
Тезірек алып жүр,— дейді.
Қансырап қаны азайса,
Кетеді әлі шын,— дейді —
Құртқа сынды сұлуға,—
Бол, атыңа мін,— дейді.
Жаралы болған сұлтаным
Қылайық оған ем»,— дейді.
Құртқа есітіп жүгіріп,
Құлады батыр дегесін,
Көзінен жасы төгіліп,
Сасканының белгісі
Етегіне сүрініп,
Құртқа сынды сұлуың
Алдырады жорғаны.
Естемістей шалыңыз
Ақырын еді қуырып.
Болындар деп тезірек,
Бетіне жанды қаратпай
Жауатын күндей торлады.
Қобландының үстіне
Тез қондыр деп орданы.
Қобландыдай сұлтаным
Бұл сапарың болмады.
Бір уақыттар болғанда
Кете жаздап арманда,
Қобландыдай батырың
Тәніне найза тигесін,
Үстінен тозаң өткесін,

Көзін ашып қарады,
Жан-жаққа көзін салады,
Есін жиып алады.
Қызылбас қашып салақтап,
Өкім құла атпен бұлақтап,
Шұбалып шапқан баласын
Батырдың көзі шалады.
Шақырып алып баласын
Қобланды батыр сөйлейді,
Сөйлегенде бұй дейді:
«Електен өтсең Есімбай
Қыс қыстауы Бұқаржай,
Сені берген немнен
Айналайын, бір құдай,
Дәмем еді осындай.
Сен болмасаң тік шауып
Кім жетер еді үстіме-ай!
Қостанып шыққан елінен
Көк шекпенді көк бөрі —
Қызылбастан хан Шошай.
Менен туған ұл болсаң,
Бөкенбай, қалма соңынан,
Найзаңды салмай қоңынан.
Жеті пірге тапсырды
Түрегеліп орнынан.
Омар менен Оспаным,
Үстімдегі жеті пір
Бөкенбай, саған қосқаным.
Ханнан бүкпей тіземді,
Батырдан бүкпей тіземді,
Бір қатыннан мен шөктім —
Өлгенше кетпес пұшманым.
Қапняда іс қылды,
Ойламаған дұшпаным».
Әке сөзін есітіп,
Жөңсей берді Бөкенбай.
«Тоқта, Шошай, тоқта,— деп,
Тоқта, деп бала ұмтылды,
Қашпа, Шошай, қашпа»,— деп.
«Қашпа»,— деп бала ұмтылды.
Арқада құлан топтады,
Мерген мылтық оқтады.
Қайтер бала дейсің»— деп,
Қосынды Шошай тоқтатты.

Бала екенін білгесін,
Көріп Шошай қорықпады.
Жайықтың бойы қамыс-ты,
Бермеймін мен деп намысты,
Бала да болса таймады
Саз балшықтай жабысты.
Емен сапты сүңгімен
Еңкейісіп шегініп,
Еменнен найза салысты.
Қарсыласып шабысты,
Бірін бірі қағысты,
Бөкенбай мінген құла атты
Құла атпен шауып бұлатты,
Бөкенбайдай батырға
Тәңірім беріп қуатты.
Ертемен жаумен алысып,
Қайратын жұртқа сынатты,
Кіші бесін болғанда
Қызылбастың Шошайын
Бөкенбай аттан құлатты.
Шошай ханның әскері,
Сүйегіне шаба алмай,
«Ой, баурым»,— деп жылапты
Қараман менен Ораққа
Қайратын бала сынатты.
Қызылбасты құлатып,
Орақтың келіп жанына
Бөкенбай батыр сөйлейді:
— Көкемді мана көрмедім,
Аз ба, көп пе жарасы,
Анығын оның білмедім.
Мен көкеме барайын,
Жақсы ма, жаман сұрайын,
Мен келгенше екеуін
Әскеріне қалмақтың
Тарттыра тұр сазайын!

Бұл сөзді айтып Бөкенбай
Елге шауып жөнелді.
Оңдайды ғой жасаған,
Оңдармын, пендем, дегенді.
Тыңдап кара, жарандар,
Бөкенбай ердің кеңесін
Шауып шығып көреді,

Бөкенбай батыр Құртқаның
Ордасының төбесін
Үйге жақын келгенде,
Түсемін енді дегенде,
Қыл шашын байлап қылаңдап,
Шашбауын байлап сылаңдап,
Өз үйінен қыз Құртқа
Бөкенбайдың алдынан
Шыға келді бұлаңдап
Алдынан шығып сөйледі:
— Көкеңнің бардың сөзімен.
Ердің дұшпан ізінен.
Менің жаным құрбандық
Айналайын, Бөкенбай,
Көкең мен сенің өзіңнен.
Дұшпанның бардың сонынан,
Алдың дұшпан жолынан
Ерегескен дұшпанға
Бермедің намыс қолыңнан.
Айырып алдың көкеңді
Қызылбастың молынан,
Секілді қарға тобынан.
Тайбурылға міне алмай,
Қарына найза іле алмай,
Тұра алмай көкең орнынан,
Найзаның салған зорынан,
Бурыл ат ұшып аспанға
Ұстатпаған дұшпанға,
Қамаған оның солынан,
Менің жаным құрбандық
Айналайын, Бөкенбай,
Көкең мен сенің жолыңнан.
Түйенің көркі нар қылып,
Өзеннің көркі жар қылып,
Көкең аттан түскенде
Шулады ел-жұрт зар қылып.
«Ханнан бүкпей тіземді,
Батырдан бүкпей тіземді
Бір қатыннан шөктім,— деп,
Қаппияда тізе бүктім»,— деп,
Жатыр көкең ар қылып,
Үйдің ішін шар қылып.
Барма көкең қасына,
Қарамас көздің жасына,

Қаһары келіп жатқанда
Шынымен шабар басынды
Ашуланып сұлтаным,
Ішпей отыр асын да.
Жарасын жақсы дарулап
Мен отырмын қасында.
Тілімді алсаң, Бөкенжан,
Ертемен тұрып, атпай таң
Бұлаңдаған Бурылды
Білдірмей алып берейін
Астыңа оны мінсейші.
Алты құлаш ақ семсер
Көрсетпей алып берейін,
Қынар белге ілсейші.
Ойпаң жерден орғытып,
Тегіс жерден сырғытып,
Аяңдамай желсейші.
Көп дұшпанның ортасында
Көкеңді шаншып найзамен
Тауға кеткен Қарлыға
Шамаң келер күн болса,
Түсіріп аттан жетелеп,
Көкеңді сүйтіп көрсейші.
Жалғаны жоқ сөзімнің
Шырағым, козым, сенсейші!
Барар болсаң, шырағым,
Тапсыратын сөзім бар,
Бұл сөзімді білсейші».
Бөкенбайдай батырын
Құртқаның тыңдап ақылың,
Әкел деді Бурылды
Қайырын сұрап, ақырын.
Бұлаңдаған Бурылды
Бөкенбайға мінгізді.
Алты құлақ ақ семсер
Қынай белге ілгізді.
Бурылына мінген сон
Бөктеріп тасты желгізді,
Желмек түгіл шапқызды,
Жарлардан қарғып атқызды,
Жығылмасын Құртқаға
Бөкенбай батыр білгізді.
Ат үстінен еңкейіп,
Тас көтеріп өңгеріп,

Кереметін көргізді.
Құртқаның көңілі сенгесін,
Жығылмасын білгесін,
Шақырып алып баласын
Құртқа сұлу сөйлейді:
«Бұл жібердім базардың
Бояғы мен бөзіне,
Салса жылқы тоқтайды
Арқаның бөрі көзіне.
Айналайын, Бөкенбай,
Салғын құлақ сөзіме,
Шамаң келер күн болса,
Қарлығадай сұлуға
Қан жұтқызба аузына!
Көп жақсылық іс қылған
Көкеннің-дағы өзіне,
Тапсырғаным осынша:
Жазым жерде жоқ қылсаң,
Өкпелермін өзіңе,
Өлгенше көрмен жүзінді,
Есіт менің сөзімді».
Бөкенбайдай батырың
Құртқаның сөзін есітіп,
Ақка белін шешіпті:
«Жамандық өзі қылмасқа,
Мен тимеймін,— десіпті.—
Атасы көпір Қарлыға
Көп дұшпанның ішінде
Көкемді менің шаншыпты.
Түсіріп аттан көкемді
Қараспан тауға қашыпты.
Ақмоншақ атты көсілтіп,
Күдерден күдер асыпты.
Мұны ойламай Қарлыға
Мұншама неге асықты.
Әлі білмей жүр ме екен?
Асыл менен жасықты.
Сенің сөзің болмаса,
Тақымға салып сүйретіп,
Қабырғасын күйретіп
Ойнатар едім асықты».
Бұл сөзді айтып болғасын,
Бөкенбайдай берсең-ді,
Торғынға өзін бөледі,

Қарлығанын ізінен
Бөкенбай батыр жөнелді.
Тайбурылды шу! дейді,
Құбылып Бурыл гулейді,
Табаны жерге тимейді,
Алмас қылыш сартылдап,
Алтын жүген жарқылдап,
Өмілдірік сом алтын
Омырауда алқылдап,
Бурыл аяқ басқан жер
Ойыла жаздап солқылдап,
Шаңы аспанға бұрқылдап
Бөкен батыр келеді.
Қарлығадай сұлу да
Келмесе екен дейді екен,
Қобландының баласын.
Бала да болса қайратқа,
Байқаған екен сұлуың
Манағы жерде шамасын.
О да қоймай тұр екен
Көп жад етіп бабасын.
Келе жатып Бөкенбай
Қараспан таудың басында,
Ақмоншақ атпен көлбеңдеп,
Көлденеңдеп жүргенін
Бөкенбай бала көреді
Қарлығаның қарасын.
«Қашпа, Қарлыға, қашпа»,— деп
Бөкенбай батыр ұмтылды.
«Қашпасаң, бала, саспа»,— деп
Қарлыға қарсы ұмтылды
Бөкенбай келіп бұл жақтан
Қарлығаға сөйлейді:
«Ай, Қарлыға, қашпаймын,
Қайратым бар деп таспаймын,
Дұшпаннан қорқып саспаймын,
Құртқаның айтқан сөзі бар,
Тапсырған қатты кезі бар,
Табаныма баспаймын.
Қанша айтсаң, сонша айт,
Қарлыға, сені шанышпаймын».
Бөкенбай айтып болғансын
Үлектен туған маядай,
Мая жолдас таяма-ай?!

Баланың сөзіне карамай
Бөкенбайға Қарлыға
Найзасын салды аямай
Қанша айтса да Бөкенбай
Қарлыға бұған карамай
Етіне найза ендірді,
Аямасын сендірді.
Аямасын білгенсін,
Етіне найза енгенсін,
Толғамалы аң сүңгі
Толғап алып Бөкенбай,
Қақ жүректен Қарлығаға
Ырғай да найза төндірді,
Жанған отын сөндірді.
Сауыттың көзі таркалып,
Алысканда екеуі
Жүрген жерін ор қылды.
Сол уақыттар болғанда
Қарлығадай сұлуды
Ақмоншақ аттың саурынан
Дөңгелектіп төндіріп
Ат көтіне міндіріп,
Найзаны ырғап ендіріп,
Жығылар мезгіл болғанда
Қарлыға сұлу сөйлейді,
Сөйлегенде бүй дейді:
«Бұл жібердім базардың
Бояғы мен бөзіне,
Салса жылқы тоқтайды
Арканың бөрікөзіне.
Айналайын, Бөкенбай,
Салғын құлақ сөзіме.
Жасың кіші болса да,
Құлдығым бар өзіне.
Өлтірер болсаң, шырағым,
Үйдегі жатқан көкеннің
Көрсетіп өлтір көзіне,
Түсіп тұрмын тезіне.
Түйенің көркі нар еді,
Өзеннің көркі жар еді,
Өзімнің әкем, ел-жұртым
Соның үшін қырып ем.
Сенің жыңды әкеңе
Не жазығым бар еді?»

Бөкенбайдай батырын
Қарлыға бұл сөзді айтқасын,
Найзасын тартып алады.
Ақмоншақ аттың үстіне
Түзетіп қызды салады,
Босанса қашып кетер деп
Ақмоншақ атты жетелеп,
Жүретін жолын төтелеп
Ауылға алып барады.
Қарлыға сұлу сөкпейді,
Бөкенбайдай баланы.
Қарлығаны іздеп ауылдан
Шығып еді таң ата
Үйге түсті Бурылмен
Құптан ауып, ел жата.
Қарлығаны жетелеп,
Бөкенбай елге келеді.
Қос тұлпардың дүбірін
Сұлу Құртқа біледі.
Құптаннан қалмай келер деп
Құртқа да күтіп тұр еді.
Жүгіріп шығып далаға
Бөкенбайды көреді.
«Қарлығаны алып келді»,— деп,
Батырға хабар береді.
Қарлығаны жетелеп
Баласы үйге енеді.
Сағынып жатқан баласын
Батыр Қоблан көреді,
Ұшып тұрып орнынан
Бөкенбайды сүйеді.
Қарлығаны көргесін,
Баласы алып келгесін,
Жеті жыл жатып далада
Қарлыға сұлу күйгесін,
Ақыл кіріп батырға
Найзаның ұшы тигесін,
Ашуын тастап батырын
Көңілі бір тасып өсіпті.
«Бұл елдің қайда молдасы,
Қарлығадай сұлудың
Некесін қисын»,— десіпті.
Қобландыдай батырын
Қарлығадай сұлуды

Алайын деп жатқанын
Қараман кұрдас есітті.
Қараман сонда сөйлейді:
«Менен туған ұл болса
Қобландының ұлы деуші едім,
Қобландының баласын
Өзімнің ұлым деуші едім.
Баламның тапқан олжасын
Бізге әкелсе, болмай ма?!
Теке менен тушадан
Түгендеп сойып, той кылып,
Екеуінің некесін
Қиып қоссам, болмай ма?
Сұлу сурет қоласын?
Шаба алмай жүйрік боласын,
Қарлығадай сұлу да
Жеті жыл тауда бос жатты.
Шығармас па едім көңілінен
Екеуінің кінасын!»
Қараманның бұл сөзін
Қобланды батыр естіді,
Бөкенбайға сөйлейді,
Сөйлегенде бүй дейді:
«Түйенің көркі нар, балам,
Өзеннің көркі жар, балам,
Әкеңіз қатты кейіпті,
Алып келген ананды
Әкеңіздің алдына
Тезірек алып бар, балам».
Батырдың сөзін есітіп
Бөкенбай мінді күн шықпай,
Жылқыдан ұстап дөненді.
Торғынға өзін бөледі,
Қарлығадай шешесін
Ақмоншақ ағпен жетектеп
Қараманға жөнелді.
Қараман, Орал екеуі
Қызылбасты адақтап,
Найзамен қуып шабақтап,
Қойға тиген қасқырдай
Алқымынан тамақтап,
Алды-артына қарамай
Қызылбас қашып салақтап,
Найзасына сүйеніп

Екі батыр түр еді.
Қарлығаны жетелеп
Алып келген баланы
Бұл екеуі көреді,
Әкелгесін Қараман
Қарлыға мен Бөкенді,
Ертіп алып Орақты
Қайрылмайды бұл елге,
Еліне алып жөнеді.
Еліне келіп Қараман
Алпыс бие бұл сойып
Алты ру-ел шақырды.
Жетпіс бие бұл сойып
Жеті ру-ел шақырды.
Жұрт мақтады бұл жерде
Қарамандай батырды.
Ұзынкөлдің басына
Жағалай тіккен шатыр-ды,
Қобланды мен Құртқаны
Тойға кел деп шақырды.
Кешке шейін тіккізді
Жүз сексен басты ордасын.
Той аяғы өткесін,
Мереке қызық біткесін,
Шақырып алған қыпшақтан
Қобландыдай жолбарысын,
Қоңліңнен кінәң кетсін деп,
Оңаша берген қолына
Қарлыға сынды жолдасын.
Қасына адам келтірмей
Қараман өзі тыңдады
Қарлыға, Қоблан құрдасын.
Қалдырмай сөйле бәрін де,
Іште кінәң қалмасын,
Бір-біріңе нақақтан
Өтірік, жала болмасын
Қараман бұл сөзді айтқасын,
Қарлыға бастап сөйлейді,
Сөйлегенде бұй дейді:
«Ауылдың алды бел,— дейді,
Белден кешер ел,— дейді,
Көл қатырған сен,— дейді.
Қобланды батыр, айтайын
Қараман отыр ортада,

Құлағың сал сен,— дейді.
Басыңа ғашық болдым ғой,
Көргеннен соң мен саған,
Басыңа басым тең,— дейді.
Бір сен үшін ауылдан
Ел-жұртымның бәрін де
Қиып шықтым мен,— дейді.
Қисық та болса, әркімнің
Өзіне ісі жөн,— дейді.
Әуел бастан айтайын
Қараман, тыңда сен,— дейді.
Қараманменен екеуіңді
Тақымына қыстырып
Қалыңнан соққан қарсақтай
Тарлан атпен Көбікті
Қалаға алып келгенде
Қол-аяғың байланып,
Абақтыда жатқанда
Мына отырған Қараман
Ұмыттың ба, не деді?
Алдырып атын мінгізіп,
Көбіктіден жасырып,
Сауытыңды кигізіп,
Өзімнің әкем Көбікті
Ақылын айтып өлтірттім.
Білдің бе, Қоблан, кім үшін?
Оны да жалғыз сен үшін!
Басыңа ғашық болдым ғой
Басыңа басым тең үшін.
Ол асылды білмедің,
Асылды көзге ілмедің.
Алшағыр еліңді алғанда,
Қараспан құлап қалғанда,
Бурыл ат ақсап жүре алмай
Қараман тастап жұртына,
Өзің жалғыз қалғанда,
Басыңа қайғы салғанда,
Қайрылып барған сонда кім?
Білдің бе, Қоблан, кім үшін?
Оны да жалғыз сен үшін!
Алшағыр еліңді алғанда,
Басыңа қаза салғанда,
Батырдың бәрін тауысып,
Біршымбай жалғыз қалғанда,

Төртеүмізге найза салғанда,
Төртеүмізден сән кетіп,
Кеудемізден жан кетіп,
Найза орнынан қан кетіп,
Екі қолдан әл кетіп
Сандалып тұрған кезінде,
Ақ бетімде тұлымым,
Бірге туған құлыным,
Арқаға біткен жұлыным,
Керіле біткен жауырыным,
Бірге туған бауырым,
Қолғанатым, құйрығым,
Судан шыққан сүйрігім,
Суырылып озған жүйрігім,
Жалғыз інім Біршымбай
Өзім шаншып өлтірдім,
Кемеліне келтірдім,
Білдің бе, Қоблан, кім үшін?
Оны да жалғыз сен үшін!
Басыңа басым тең үшін.
Ол асылды білмедің,
Асылды көзге ілмедің.
Еліңді жинап алғанда,
Арманың болмай жалғанда
Қараспан тауға ызғытып,
Олжа малды салғанда,
Мен келмедім есіңе,
Некелеп Құртқаны алғанда.
Қараспан тауын қаңғырып,
Көңілге қайғы толғанда
Мен келмедім ойыңа.
Шатырым сайдың бойында,
Қасына жолдас кісі ертіп
Қараманның шықтың тойына,
Талма талтүс шағында
Шатырыма келдің кез.
Түстене кет, батыр,— деп
Жалындық қанша сонда біз.
Түсейік деді Құртқа да
Құлағына бір алмай
Қайрылмай кеттің, батыр, сіз.
Ақша бір жауған қар еді,
Ғарыптың көңілі тар еді,
Қайрылмайтын соншама

Қанша күнәм бар еді?
Мұнан кейін, Қобланды,
Қараманның бардың тойына,
Мен келмедім ойына.
Әділдігін айтқанда,
Той аяғын өткізіп,
Елге тағы қайтқанда
Алдында тұрды ақ шатыр,
Шақыруда болдық біз пақыр.
Жаныңда Кұртқа серігін
Қиылса да түсуге
Қайрылмай кеттің сіз батыр.
Қанша күнәм болса да,
Сонша көңлің қалса да,
Сонда Шошай алдында
Етпетіңнен бір салдым,
Ескі кекті бір алдым.
Алдыңа келдім, аяма!..
Көңіліңде болса сенін де,
Әлі қыркып салсаң да,
Бір алғамын кегімді!!
Қараман құрдас ризамын,
Қарама-қарсы айтқызып,
Тарқаттың көңіл шерімді.
Бүгін өлсем де арман жоқ,
Шығарып көңіл кірімді.
Қараман құрдас тындасын,
Қобландыдай сұлтаным,
Қалдырмай сөйлей мұңыңды,
Өтірік айтпай шыныңды».
Сонда Қоблан сөйлейді,
Сөйлегенде бүй дейді:
«Жақсы айтасың, Карлыға,
Алланың кең ғой жарлығы.
Ауылдың алды бел еді,
Белден көшкен ел еді,
Көл қатырған сең еді.
Азғана емес қызылбас,
Бірталай жатқан ел еді.
Әркімнің ісі өзіне
Қисық та болса жөн еді.
Ақ торғынға бөледі.
Шырағым қандай болад деп,
Өлгенше өмірің тіледі.

Өзіңнің әкең Көбікті
Ақылып айтып өлтірдің,
Әкеңнен жақын кім еді?
Қара қыпшақ Қобланды
Танимысың нең еді?
Сөзіңнің айтқан бәрі рас,
Басыма басың тең еді.
Саған жұрт қайтып сенеді?
Мұның аз боп, Қарлыға,
Ақ бетінде тұлымың,
Бірге туған құлының,
Арқана біткен жұлының
Керіле біткен жауырының
Бірге туған бауырың,
Қолғанатың, құйрығың,
Судан шыққан сүйірің,
Жалғыз інің Біршымбай
Өзің шаншып өлтірдің,
Кемеліне келтірдің.
Ініңнен жақын кім еді?
Қара қыпшақ Қобланды
Танимысың нең еді?
Әкен менен ініңе
Сонша қастық қылғанда,
Кімге достық қыласың,
Саған қыпшақ неғып сенеді?»
Дихан еккен егінді
Есен алса тегін-ді,
Бұл сөзден сұлу жеңілді.
Қобландының аяғына
Қарлыға сұлу жығылды.
Ешкі малдың серкесін,
Ақсақал жер шекесін,
Ұзын сөзді қысқартып
Енді айтайын төтесін.
Отыз күн ұдай ойын қып,
Қырық күн ұдай тойын қып,
Қарлығадай сұлудың
Қобланды сынды батырға
Қарамандай құрдасы
Осы жерде қиды некесін.
Қарлығадай сұлуың
Жеті жыл жатып бір тауда
Мұрадын солай өтесін.

Асықпасаң сабыр қып,
Талаптансаң ұмтылып,
Мақсұтыңа ақыр жетесің.
Қобланды, Құртқа, Қарлыға
Көк пәуеске күймесін
Күйменің іліп түймесін.
Қарлыға сұлу көреді
Дәуірдің тәтті жемісін,
Қарлыға, Құртқа көрсетіп
Қалың қыпшақ еліне
Татулықтың белгісін,
Мақсатқа жеткен осылай
Елге жайып үлгісін.
Аяғы мұның әлі бар
Қарлығадан ұл туар,
Ұлының аты Киікбай
Талабы таудай биікті-ай,
Киікбай атқа мінгенде
Көп қыпшаққа күн туар,
Қызылбасқа түн туар,
Бұл өзі бөлек бір қисса
Киікбайдай батырдың.
Токтаттым бұлай ақырып,
Сөйлесе, сөздің жүйесін
Келтірер біздей ақының.



АЛПАМЫС БАТЫР







ұрынғы өткен заманда,
...Жиделі Байсын жерінде,
Қоңырат деген елінде
Байбөрі деген бай бопты,
Төрт түлігі сай бопты.
Тоқсан мың екен қорасы,
Мұрындық, нокта тимеген,
Түйешілер мінбеген
Сексен мың екен маясы.
Шұрқырап жатқан бір жылқы.
Тоғай сайын мың жылқы.
Есебі жоқ көп жылқы —
Жиделі Байсын даласы.
Өз алдына бір бөлек
Торысы мен қарасы.
Андай болып көрінген
Бозы менен аласы.
Соншама бай болса да
Жоқ еді ердің баласы.
Алланың өзі бермесе,
Пенденің бар ма шарасы.
Атадан жалғыз ер еді,
Еңіреген ердің бірі еді,
Жоқ екен іні-ағасы.
Құлтай деген туысқан —
Немере мен шөбере
Екеуінің арасы
Азырақ баян етейін
Құлақ сап бұған қарашы:

Сол уақыттар болғанда,
Сексенге жасы толғанда
Кетем деп байғұс арманда
Қайғылы болып қамықты,
Перзентсіз болып қалғанға.
Құбылаға бас беріп,
Екі көзге жас беріп,
Байбөрі хаққа налынды:
«Алмадың, құдай, жанымды.
Бір баланың жоғынан
Ағайын жейді малымды
Айналайын атыңнан
Жаратқан жалғыз, құдайым.
Бір баланың жоғынан
Зорлық қылды маңайым
Өкім қыла сөйлейді,
Баласы көп ағайын.
Көретін күнің болар ма
Көзімнің жасын, құдайым!
Сүйегім кетті жасық боп,
Досым кетті қашық боп.
Көретін көзім көр болды,
Бір перзентке асық боп.
Аққан жасым тыя алмай
Перзенттің зары өтеді.
Баласы жоқ адамның
Әркімге ақы кетеді,
Байбөрі қубас деген сөз
Сүйегімнен өтеді.
Жаратқан жаппар, құдайым,
Перзентке зар ғып қойғанша
Жаратпасаң не етеді?»

Байбөрі осылай деп жүрді жылап,
Құдайдан күні-түні бала сұрап.
Сүйегі сырқырайды Байбөріге
Бұл сөзді есіткен жан салып құлақ.
Көз жасы Байбөрінің бетін жуды,
Көрмей-ақ өтем бе деп үйден дуды,
Сол күнде Құлтайының аяқ салған,
Тезекші қара күннен бір ұл туды.
Байбөрі осылайша ойлайды ойды,
Қайғының ішіндегі бәрін жуды.
Балаға таңсық болып жүрген байғұс

Үйіне алып келіп қылды тойды.
Туғандай тумаса да қылайын деп,
Ұлтан деп ол баланың атын қойды.

Бір түрлі болды нұсқасы,
Форымды мынау баланың,
Алдымдағы жақсылар,
Келбетіне қарағын,
Кеудесі болды кепедей,
Мұрны болды төбедей.
Күрек тісі кетпендей,
Кеңірдегінің тесігі
Жүгімен түйе өткендей.
Құлағы болды қалқандай.
Мұрынына қарасаң,
Сығымданған талқандай.
Көзі терең зындандай,
Басқан ізін қарасаң
Көрінеді оттың орнындай.
Аузы үлкен ошақтай.
Азу тісі пышақтай.
Иегі бар сенгердей,
Бір батыр болды сол күнде-ай.
Байбөрі мен Құлтайға
Алжыған қақбас дер еді,
Ер жеткен соң күніне-ай
Малда, жанда нең бар деп,
Намаздігер болғанша
Жолатпай қойды үйіне-ай,
Есіткен адам зар жылар,
Жыландай зәһәр тіліне-ай.
Байбөрі байдың бәйбіше —
Жарының аты Аналық
Жылай берді зарланып.
Көрмедік деп самалың
Жасымыз болса кеп қалды,
Енді қандай қылалық.
Мақұл десең алғаным,
Алаша төсек салғаным.
Әзіреті сұлтанға
Екеуміз де баралық.
Әулие қылса керемет
Болар ма екен жаңалық,
Бермесе құдай шара не,

Далада өліп қалалық.
Мақұл көріп Байбөрі.
Қойдан алды қошқарды,
Басқа малды тастады.
Басына құдай салғансын
Екі көзін жастады.
Бәйбіше барды аңырап,
Қоздаған қойдай маңырап,
Қазына аузын ашқалы.
Таратты алтын-күмістен
Қалғанынша мысқалы.
Алтын-күміс арттырып,
Асыл кілем жаптырып,
Түйеден алды бураны.
Қаны қашып бетінен
Іреңі жаман қуарды.
Сәрсенбі күн сәскеде
Жүрмекке қосын шығарды.
Қоңсылары жиналып,
Қош айтысып шулады.
Бірін-бірі қия алмай.
Не қыларын біле алмай
Бір күндік жерге шұбады.
Сол уақтар болғанда,
Күн ұяға қонғанда,
Бір төбенің басында
Үркердей болып тұрады.
Бәйкеке болсын жолың деп,
Қабыл болсын мұның деп
Қол жайып дұға қылады.
Бай-бәйбіше жөнелді,
Қалғандар малға кенелді,
Заманы қандай болады?
Аналық атты бәйбіше
Танадай көзі жарқылдап,
Жылайды жазған аңқылдап.
Байбөрі бай келеді
Құзғындай қақсап қаңқылдап.
Екеуінің дауысы
Қосылады сыңқылдап.
Кей жерде жатып ыңқылдап,
Кей жерде жатад қыңқылдап.
Көбелектей көзі жоқ,
Перзенттен басқа сөзі жоқ.

Жол түгіл малдың ізі жоқ —
Алдында жатыр құла дүз.
Асуы жоқ, жолы жоқ.
Телміріп қалды екі көз,
Бір жапанға болды кез
Жүрерін қайда білмеді.
Ызғардың ызғар даласы
Қырық күншілік шөл еді
Налыс қылып құдайға
Көзінің жасын төгеді.
Адам ұлы көрмеген,
Ешбір пенде жүрмеген
Иесіз жатқан жер еді.
Көз жетпеген далада
Көп қорлыққа көнеді.
Бай, бәйбіше жасынан
Жер баспаған ер еді.
Майдайы күнге күйеді.
Табаны тасқа тиеді.
Байбөрі бай серт қылып,
Көлікке көті тимеді.
Аналық жазған аңырап,
Бұ да көлік мінбеді.
Кей жерде жаяу үдеріп,
Кей жерде жатып түнеді.
Күннен-күнге тұн қатып,
Бишара әбден жүдеді.
Бірнеше күн жүргенде,
Өлдік-талдық дегенде
Әзіретке келеді.
Әзіреттің төбесін
Күндік жерден көреді.
Жақындасып келгенсін
Алып шыққан дәулетін
Екі жерге бөледі.
Алтын-күміс, гауһарын
Оны да бөліп үйеді.
Қожаларын шақырып
Тең жарымын береді.
Көзінің жасы көл болып,
Отырған орны сел болып,
Жеті күн ұдай түнеді.
Бай-бәйбіше екеуі
Ешбір нышан білмеді,

Қожалардан бата алып
Жапан кезген атанып,
Жоғары қарап өрледі...
Бәріне бір түнеді,
Әзіреті Қаратау
Әулиенің кені еді.
Өзен сайын тастамай
Бәріне бір түнеді...
Ол уақытта Бабата
Томпайып жатқан жер еді.
Атбесік салып басына.
Қабырын бұлар түзеді,
Қалған малын сарып қып,
Бұған да үш күн түнеді.
Осымен өтті тоқсан күн,
Ешбір аян бермеді,
Күдер үзіп бәрінен
Онан да әрі жөнелді,

Бет алдына қараса,
Асусыз асқар бел еді,
Белге шыға келеді.
Белден арман қараса,
Жалтырап жатқан көл еді.
Көл жағалай қараса,
Суы тынық айнадан,
Атылып тасып қайнаған
Жылы бұлақ дер еді.
Басында бар қара ағаш,
Моласы жоқ, тамы жоқ
Төңірегі жалаңаш.
Жағалай біткен шеңгелі,
Шеңгеліне қараса
Қара ағашпен тең еді,
Көзінің жасы төгіліп,
Жылап-еніреп егіліп,
Арасында шеңгелдің
Ботадай боздап келеді.
Сол уақыттар болғанда,
Топ қара ағаш қасынан,
Бір шеңгелдің басынан
Иіліп келіп бір шыбық
Мандайынан тіреді,
Жазайыншы дегенше

Екі елі батып кіреді,
Қан шыққан жоқ онымен,
Кереметті екен деп
Ақылмен ойлап біледі.
Аналық атты бәйбіше
Жұлып алып жаулығын
Әр шенгелге іледі.
Жердегі тасты жинап ап
Бір жерге бәрін үйеді.
Тас үстіне тас қойса
Қиюына келеді.
Намазшам еді күн батты.
Құптанның болды уақыты.
Намазын оқып шам жағып,
Бұрынғы қылды әдетті:
Бір етегін төсеніп,
Аяқтарын көсіліп,
Бір етегін жамылып,
Көзінен жас ағылып,
Құбылаға бас беріп
Жарыса түсіп бұл жатты.
Көздері мызғып ұйқыға...
Әне-міне дегенше
Сарғайып келіп таң атты.
Сол уақыттар болғанда
Көк есегі астында,
Ақ сәлдесі басында,
Сырлы асасы қолында,
Өзі актың жолында
Бір диуана келді де,
Асаменен түртіп оятты,
Бетіне бетін қаратты,
Есектен түспей тіл қатты:
«Ей, бишара мүгедек,
Жаныңызға не керек?
Дейсің ғой маған ұл керек,
Әулиені қыдырдың,
Жердің жүзін сыдырдың,
Маңдайына төбелеп,
Әрқайсысының әртүрлі
Мәртебесі бір бөлек.
Сен үшін бәрі қиналды,
Бір жерге тегіс жиналды,
«Бір ұл бер» деп осыған

Бір жаратқан құданың
Тура өзіне жылады.
Мен де тұрдым ішінде...
Жаратушы жалғыз-ақ
Дергейіне ұнады.
Ұнағанын сонан біл
Бір қыз қосып сыйлады.
Сексен сегіз серулер,
Токсан тоғыз мың машайық
Бәрінің көңлін қимады.
Менің атым Шашты Әзиз,
Қыламын десең ықлас,
Жарылқады жаратқан,
Ей, бишара, көзіңді аш!
Ұлыңның аты Алпамыс,
Қызыңның аты Қарлығаш,
Атса мылтық өтпейді,
Шапса қылыш кеспейді,
Қалмақтармен болар қас.
Түрегел де қолың жай,
Болады өзі өмір жас!»
Мұны көріп екеуі
Түрегелді орнынан,
Аяғына бас ұрып,
Иіскеді қолынан.
Жыртып алды тұмарлық
Диуананың тонынан,
Сол уақытта диуана
Ғайып болды жолынан.
Биттей де нысан қалған жоқ
Диуананың бойынан.
Диуананың бұл сөзі
Кетпеді шығып ойынан.
Ойланды елге бармаққа,
Елінен хабар алмаққа,
Арылып жазған сорынан.
Бұл сырды көңлі байқады,
Іштің кірі тарқады.
Бәйбіше қайта түрленіп
Мойнына салды алқаны.

Бай-бәйбіше қуанып
Қапалы көңлі жұбанып,
Елге қойды қадамды,

Есітіп мұндай хабарды
Жаяулық пен жалғыздық
Жалғанда үлкен жаман-ды.
Неше күндей жол жүріп,
Аз ғана емес мол жүріп,
Ойғызды тасқа табанды.
Өткен күнді кім санайд
Өткізді талай заманды.
Бәйбіше келед алаңдап,
Жас бөрідей жалаңдап,
Жерігі қанбай сандалды.
Қатып-семіп келеді,
Ешбір тағам жемеді,
Сүзектен жерік жаман-ды.
Байға айтты: «Ер едің,
Ерім сенен тіледім,
Тойғанымша жер едім
Тауып берсең қабыланды.
Адалды көңлім қаламай,
Қалайды көңлім арамды.
Не болса ауқат қылуға,
Амалын жүрмін таба алмай.
Жүрегіме ас батпай,
Не қыларын біле алмай.
Өлейін десем, өле алмай,
Өз жанымды қия алмай.
Қазы менен қартаңа
Келеді көңлім қарамай».

Байбөрі сонда сөйледі:
«Рас па сөзің, алғаным,
Алаша төсек салғаным,
Аллатағала жар болса,
Қара мылтық бар болса,
Беремін атып қабыланды.
Соңымнан ер де жүр жылдам,
Болмайды қабылан далада-ай»,
Мұны естіп бәйбіше
Қуанды көңлі баладай.
Осыны айтып Байбөрі,
Оқшантайын байланып,
Мойнына мылтық салады-ай.
Баз бір жерде жүгіріп,
Баз бір жерде кідіріп,

Жүгіре басып барады-ай.
Арт жағында бәйбіше
Келе жатыр анадай.
Шіркін аңның қызығы,
Біріне бірі қарамай,
Жетіп келді жүгіріп,
Жеті қабат аралға-ай
Атып тастап келеді
Бұғы менен марал, елікті.
Көрінгенін жібермейд
Құлан менен киікті.
Ешбіреуін жемейді,
Бәйбіше баспай жерікті.
Аузына салса құсады,
Мейіз бенен өрікті.
Сол уақытта екеуі
Бір қалыңға еніпті,
Екі көзі табақтай,
Сапты аяқты қабақтай
Бір қабылан көріпті.
Бір ағашты паналап,
Өкпенің тұсын сығалап,
Сыбаға оғын беріпті.
Тарс еткенде шарт етіп,
Дәлдеген жерден тиіпті.
Ажалдың оғы тиген соң,
Тырп етпей қабылан өліпті.
Арсалақтап жүгіріп
Асығыста сүрініп,
Кеудесіне мініпті.
Құс кездігін суырып
Кеудесінен тіліпті.
Өкпеден алып суырып,
Жүрегін кесіп беріпті.
Отка салып бауырын,
Ішіндегі тәуірін
Азуға салып жұлыпты.
Шала-пұла пісіріп,
Мосыдан алып түсіріп,
Қон етін кесіп беріпті.
Әрқайсысынан бір асап
Бәйбіше басты жерікті.
Тамақтың қалай қуаты
Болса да мейлі ұяғы,

Қыздағы нұры кіріпті.
Екі беті албырап,
Жас қалпына келіпті
Көңлі тасып хош ұрып,
Байбөріге қосылып,
Езу тартып күліпті.
Мұны көріп Байбөрі
Ақылмен ойлап біліпті...
Етек-жеңін түрініп,
Қынап белін буынып,
Тәуекел деп аллалап
Жолға мойнын бұрыпты.
Жақындасып келгесін,
Елін аман көргесін,
Қайғының бәрін ұмытты.
Барса елі дін аман,
Малы шықты қорадан.
Күңіреніп Қоңырат,
Жүгіре шықты алдынан.
Есіткен халық қалмады
Ханы менен қарадан.
Қыз-бозбала, жас-кәрі
Қалмапты ешкім қаладан.
Кеше кетті десе де
Өтіпті он ай арадан.

Ханы айтты: «Байеке,
Көрдіңіз не сыр баладан»,
Байбөрі бай жылады,
Көргенін айтып даладан.
Әйелге әйел сыр айтып,
Жақсылық дейді алладан.
Мұны естіп қуанып,
Қайтып кетті ханы да
Бұйымын алып қалаған.
Әр жерден халқы келді де
«Құтты болсын» деді де,
Құрсақ шашу жеді де,
Қайтадан халқы тараған.
Бәйбіше енді түрленді,
Ту биедей бұлықсып.
Күннен-күнге төлежіп
Келіншектей қылымсып...
Ішінде бала тыпырлап,

Жата алмайды ыңырсып,
Тоғыз ай, он күн біткенше
Шыдады кемпір тырысып,
Тоғыз ай он күн біткесін,
Туатын мезгіл жеткесін,
Бәйбіше бір күн толғатты,
Толғата барып оң жатты,
Құрып қалған бұлақтың
Жылғасынан су ақты.
Әмірімен алланың
Арыстай қылып ұл тапты.
Өзге әйелдей болмады,
Денесі болды жинақты,
Қуанып байғұс кеуілі,
Болғай деп ұзақ өмірі
Анаған берді бір атты,
Мынаған берді бір атты,
Арт жағы қызық той болып
Сойғызды тоқсан құр атты.
Мұрындық-ноқта тимеген
Түйешілер мінбеген
Тоқсан нарды құлатты.
Тоқсан үйдің ішіне
Арақ-шарап, бал құйып,
Ішкеннің бәрін сұлатты,
Байсындың қонып сазында,
Қыс емес күннің жазында,
Жердің жүзін шаңлатты.
Өз алдына сыйлады,
Құда мен дос, жекжатты.
Арқасына жапты кеп,
Иық ішік жаннатты.
Бере-бере, жазғанда
Дөнен мен бесті қалмапты.
Араласа жылқысын
Құнан менен тай қапты.
Бәйбішемен сөйлесіп,
Халқыменен кенесіп,
Қой беруді ұнатты.
Баз біреулер ешкі алып,
Баз біреулер қойды апты,
Бір алғаны екі алып —
Ойламапты ұятты.
Баз біреулер қолдан ап,

Баз біреулер ұрланты.
Бұл келген адам ішінен,
Үлкен менен кішіден
Демейді ешкім құр қапты,
Оныменен тұрмапты,
«Сүйінші» сұрап түнімен,
Бірін-бірі тонапты.
Екі жылы өткенсін,
Үшінші жылы жеткесін,
Ай мен күндей қыз тапты.
Күдіреті күшті бір бала
Жылатып жүріп жұбатты.
Келді халқы қуанып
Бір жерге бәрі жиналып,
Онайдан берді жаратқан
Тапқан жоқ бірін қиналып.
Қайтадан келіп су ақты,
Көл еді қалған суалып.
Әркімді алла қуантқай,
Арт жағы қалмай қуарып,
Алпамыс деп ат қойды,
Халыққа мәшһүр шығарып.
Қызының аты Қарлығаш,
Аш белге түскен сүмбіл шаш
Енді бұлар ер жетсін
Қояйын біраз доғарып.

Әлқисса, Шекті деген елінде Сарыбай деген бай бар еді, онда да перзент жоқ еді, Байбөрімен екеуі сөйлескенде арман қылар еді: «Біреуімізден ұл, біреуімізден қыз туса, екеуіміз құда болсақ, қыз бен баланы кемеліне келтіріп, екеуін косып бұл дүниеден өтсек, арманымыз қалмас еді-ау»,— деп жылайтын еді. Сол уақытта Сарыбайдың қатыны бір қыз туып, оның атын Гүлбаршын қойды. Екі бай бірінен бірі «сүйінші» сұратып, құда болды. Құйрық жеп, бетке ұн жағу солардан қалды. Және ірге басып қалыңдық ойнау осылардан қалды. Сонымен Алпамыс бір жыл қалыңдық ойнады. Сол кезде күндерде бір күн Сарыбай: «Менің күйеуім Алпамыс жалғыз болды, егер жазатайым өліп кетсе, қызым Ұлтан құлға қор болар, қызымды бермей, жер ауып көшейін»,— деп ойланып, шекті елімен тегіс көшіп кетті. Сол уақыттарда Алпамыс он жасқа толып Жиделі Байсын жеріне, қалың қонырат еліне бек болып, жұрт сұрап (баскарып) тұрды. Ойнап жүріп ұрған баласы өліп қала беретін болды. Жұрт баласын далаға шығармай үйінде

сақтады. Бір күндері Алпамыс ойнауға бала таба алмай, жалаңдап келе жатып, бір өрмек құрып отырған кемпірдің қасында ұйықтап жатқан баланы көріп: «Ей, бала, тұр ойнаймыз»,— деп түртіп қалса, бала оны көтере алмай өліп қалды. Сонда кемпір өрмегінен түрегеп Алпамысқа қарап айтқан сөзі еді:

«Далада мен отырмын құрып өрмек,
Жалғызды қасымдағы қылып ермек,
Баламды жалғыз менің өлтіргенше,
Алсайшы Гүлбаршынды, қу жүгірмек,
Бекерге жұрт баласын қырып жүрсін,
Ойыңа келгеніңді қылып жүрсін.
Сарыбай қызын бермей, кетті қашып,
Несіне ойын ойнап күліп жүрсің?»

Есіткесін бұл сөзді
Алпамыс берен тұрады.
Сұңқардай мойын бұрады:
«Түсінбедім, шешежан,
Қайтадан айт?»— деп сұрады.
Сонда кемпір сөйледі:
«Атадан жалғыз туғансың,
Туғаннан белің бұғансың.
Сайып қыран ер болып,
Қанменен қолын жуғансың,
Талай бала қырғансың.
Шекті деген елінде
Сарыбай деген бай еді.
Жалғыз қызы Гүлбаршын
Он бесте туған ай еді.
Жасыңнан саған айттырған
Гүлбаршын сұлу жар еді.
Сарыбай бір күн ойлады,
Алғыр құстай бойлады:
«Жалғыз қызым бермеймін
Артынан бала тумалды.
Алпамыс қыран өледі,
Артында жоқ көмегі,
Алпамыс батыр өлгенсін
Құлға қызым тиеді.
Құлға қызым тигесін
Қандай қорлық көреді?»
Осыны ойлап Сарыбай
Бөліне көшіп жөнелді.

Күшің болса барсаңшы,
Жесіріңді алсаңшы!
Намысыңды ойламай,
Қай жерден күлкің келеді?»

Есіткенсін бұл сөзді
Алпамыс батыр қамықты.
Жаман екен жалғыздық,
Інісі жоқ боп тарықты.
Ор текедей секіріп,
Жалғызбын деп өкіріп
Аулына қарай салыпты.
Аузын ашты келді де,
Жұдырықпен бір ұрып,
Қырық кез бозат сандықтың.
Саймандарын сайланып,
Алтыннан кемер байланып,
Жылқыға қарай жөнеді.
Мінейін деп шонықты
Ұстай алмай ешбірін
Баланың көңлі торықты.
Өстіп жылап тұрғанда,
Ошақтай бар жауыры
Тартылып қалған бауыры
Жал-құйрықтан дымы жоқ,
Шабатұғын күйі жоқ,
Заты арық демесең,
Сұлулықтан міні жоқ,
Құнан тісін тастаған
Шұбар дөнен жолықты.
Ұстай алмай ешбірін
Ер Алпамыс жылады,
Қайғымен көзін бұлады.
Баяғы көрген Байшұбар
Мені ұста деп жаңуар
Көлденең тартып тұрады.
Мінбеймін деп Алпамыс
Жүгенмен басқа ұрады.
Жүгенде деп басымды
Жүгенге мойнын бұрады.
Ашуланып Алпамыс
Жүгенімен басқа ұрды.
Елемеді оны да
Қарсы алдынан тақ тұрды.

Ашуланып Алпамыс
Құйрықтан алып лактырды.
Жығылмады онымен
Тақыр жерге тақ тұрды.
Сол уақытта Алпамыс
Қарадан шыққан төре еді,
Не салсаңыз да көнеді.
Шұбар атты абайлап
Ақылмен ойлап біледі.
Ұстайын деп жақындап
Қасына таман келеді.
Мойын сұнып жануар
Жүгенге басын береді.
Сол уақытта шұбар ат,
Төрт аяғы тең болат
Дұшпан ұстап алар деп,
Өкіммен құрық салар деп
Жасырып бойын жүр еді.
Жүгендеп басып алғанда,
Үстіне ер салғанда
Сегіз жасар ат болды.
Дөнен мен бесті бір еді.
Арқа-басын сипалап,
Шұбарды бала ұстады.
Ашуы жаман қыстады,
Үйіне де келмеді,
Мен кетемін демеді,
Жалғыз бауры Қарлығаш
Кетерін де білмеді.
Саймандарын сайланып,
Алтыннан кемер байланып,
Абжыландай толғанып,
Қызыл найза қолға алып
Шұбарға қарғып мінеді,
Құдайдан медет тіледі.
Қарғып мініп жас бала
Ашуы кернеп жөнеді.
Ләшкер тартып келеді.
Ауыздықпен алысып,
Ұшқан құспен жарысып,
Кей жерде бала шоқытып,
Кей жерде басын төгеді.
Бір күн шапса шұбар ат
Айлық жер алып береді.

Осыменен ұдайы
Он екі күн жүреді.
Айналдырып санаса,
Он екі айлық жер еді.
Бет алдында төбе бар
Төбеге шыға келеді.
Олай-бұлай қарады,
Сұңқардай көзін қадады.
Қарай-қарай баланың
Екі көзі талады.
Астындағы шұбар ат
Сүмбідей болып жарады.
Бет алдына қараса,
Будақ-будақ шаң көрді.
Бұл қалай деп таң көрді.
Шаң астына қараса,
Айшықты ала ту көрді.
Ту астына қараса,
Жер қайысқан қол көрді.
Қол артына қараса,
Ақ шатыр мен көк шатыр
Баратын тура жол көрді.
Аяғының астында,
Тақтай тастың бетінде,
Жазылған таста хат жатыр.
Хатқа бала қараса,
Іші толған тамаша.
Талай-талай кеп жатыр,
Түсінбеген түсінсін
Болмаған бұрын сөз жатыр.
Қалмақтарда бар екен,
Қараман деген бір батыр.
Әрқайсысы бір мыңнан
Қызметінде көп батыр.
Он қарадан бір қара
Зекеттеп алып жеп жатыр.
«Гүлбаршын сұлу шонықты
Бересің маған»,— деп жатыр,
Көкпарын шауып күніге,
Қыз ойнағын қып жатыр.
Гүлбаршын тұр көнбестен
Қыз ойнағын көрместен,
Сарыбай тұр жалғызын
Қалмаққа ұстап берместен.

Арасы да бұлардың
Олқы-толқы боп жатыр,
Семізін таңдап жегесін.
Өзіне кезек келгесін,
Бір күндері Гүлбаршын
Үйінен түнде қашады,
Көңілін қайғы басады.
Ата-анаға көрінбей
Еш адамға білінбей,
Кетуіне ерінбей
Талай қырдан асады.
Енді таудан өте алмай,
Жиделіге жете алмай,
Жалғыз өзі кете алмай,
Қатты жаман сасады,
Осы жолмен жүрсе деп,
Алпамыс жалғыз келсе деп,
Жазған хатты көрсе деп,
Тасқа қалам басады:
Алпамыс деп ат жазып,
Өзінің атын қосады.
Көрген күнім осы деп,
Көзінің жасын шашады.
Әйелдің жолы жінішке,
Жұмысы кетті теріске.
Тағы да қайтып кетеді,
Түніменен жүгіріп
Қыз үйіне жетеді.
Күдіреті күшті құдайым,
Жарылқаса не етеді?!
Қыз үйіне кіргенше
Алпамыс хатты көргенше
Арасында бұлардың
Ұзақ сағат өтеді.
Ауғаннан соң елінен
Шалқыған шалқар көлінен.
Жерінен ауған жеке оңбас,
Ауғаннан соң жерінен.
Гүлбаршын қызын ап қашып
Алпамыс қыран теңінен.
Қараманға кез болып,
Тапқандай болды пейлінен.
Аруақ мені ұрды деп,
Кетпейді осы көңлінен.

Қараманға қараса,
Түсі де суық темірден.
Қайратына мас болып
Тізесін шайнап кемірген,
«Қорыкса қызын берсін,— деп,—
Зорлығыма көнсін»,— деп,
Жеп жатыр малын семірген.
Үш мәртебе оқыды,
Әр сөзін ішке тоқыды.
Сөз осы хатта көрінген
Көрді оқып жас бала,
Қайратқа сенген мас бала.
Өз айтқаны болмаса,
Көнбейтін бұл маскара.
Ойланды енді бармаққа
Сол елден хабар алмаққа.
Қазақ болса қайрылып,
Әңгімеге қанбаққа.
Қалмақ болса зарада*,
Ойлады қырғын салмаққа.
Рас болса хат сөзі
Ойланды өліп қалмаққа.
Осыны бала ойланып,
Алғыр құстай бойланып,
Қызыл найза қолға алып,
Абжыландай толғанып,
Шұбардың басын төгеді,
Қолтығын Шұбар сөгеді.
Ерігіп жүрген жануар
Төгіле басып жөнеді.
Әне-міне дегенше,
Қолтықтан тері келгенше,
Қазақ пенен қалмақтың
Арасына келеді.
Ұйып жатқан қалмақты
Көзіменен көреді.
Жердің жүзі қайысқан
Есепсіз қалмақ көп еді.
Бұл қалай деп сұрауға,
Жолығып ешкім келмеді.
Рас екен өзі деп
Тасқа жазған сөзі деп,

* Зарада (зәуде) — егер деген сөз.

Қыз сөзіне сенеді.
Бұырқанып, бұрсанып,
Мұздай темір құрсанып,
Ашуы қысты денені.
Айдаһардың тіліндей,
Салса кеткен білінбей
Қынабынан суырып
Қолына алды беренді.
Ат қойып жалғыз барсам деп
Жазым болып қалсам деп,
Артында көмек жоқтығы
Ойына ердің келеді.
Ата-анасын ойланып
Жалғыздық түсіп басына
Көзінің жасын төгеді.
Жад қылып жылап еңреді,
Сондағы айтқан сөз еді:
«Жад қылып әуел алланы,
Тапсырды Шұбар аланы.
Жалғыз баурым Қарлығаш,
Тапсырдым, алла, өзіне,
Артымда жалғыз қараны!
Көретұғын күн қайда,
Ата менен ананы!
Жердің жүзі қайысқан,
Қалмақтың түрі жаман-ды.
Иірген қойдай қораға
Қазакты қалмақ қамады.
Жалғыз өзім шырқырап,
Бұзамын қайтіп қамалды?!
Он қарадан бір қара,
Салып тұр бетке жараны,
Қайда барып төгемін
Ішімдегі сананы?!
Қыз деген ердің олжасы
Әлі жеткен алады.
Бұрынғыдан соңғыға
Қалған өрнек болады...
Көнбеймін деп қорлыққа,
Кім шыдайд деп зорлыққа,
Алатаулап айқайлап
Шетінен келіп тиеді.
Алатаулап ат қоймақ
Орта жүздің ұраны

Алпамыс айтқан кеп еді.
Сол уақта Гүлбаршын
Үйіне жаңа кеп еді.
Әкесі мен шешесі
Қайдан келдің деп еді?
Күркіреген күндей боп,
Алыстан келген тілдей боп
Алпамыстың айқайы
Құлағына келеді.
Кепті ғой деп Гүлбаршын,
Көзінің жасын төгеді.
«Тілегінді берді деп,
Алпамысың келді»,— деп,
Әкесі мен шешесі
Бетінен келіп өбеді.
Енді Алпамыс бакырып
Алатау ұран шақырып
Қалмаққа жалғыз тиеді.
Қойға шапқан бөрідей
Талкандап қуып бөледі.
Алтын сапты ақ берен
Деммен тартып тиеді.
Кейбірінің кесіп кәлләсін
Кейбіреуін тіледі.
Қалмақтар атқан қалың оқ
Жаңбырдай болып тиеді.
Еті түгіл баланың
Терісіне кірмеді.
Ғайып-ерен қырық шілтен
Баланы қолдап демеді,
Жанып тұрған жалындай.
Құбылып тұрған сағымдай
Шабылып Шұбар терледі.
Терлеген сайын өрледі
Ана шетте бір көрсе,
Мына шетте бір көреді.
Жүрсін бала сонымен,
Ерлердің салған жолымен,
Ауып келген халайық
Мұнан да хабар алайық:
Шекті деген ел еді,
Алты шекті арғынның
Дем алатын бел еді.
Ә дегенде, мә дейтін

Ішінде ерлер көп еді.
Қаншама батыр болса да,
Қалмаққа әлі келмеді.
Қорқыныш кетіп қазақтар
Сонынан бәрі ереді.
Тышқан алған мысықтай
Тамашасын көреді.
Әр жерден сүйреп өлігін
Бір жерге бәрін үйеді.
Май құйып отқа ерітіп,
Жынды адамдай күледі.
Тізеден Шұбар қан кешіп,
Шапылдап шауып жүреді,
Сол уақытта бір қалмақ
Барды қашып ханына.
Найза тиіп көк еттен
Өлмейтін қылған санына,
Жер-жаһанды ластап,
Судай ағып қаны да.
Етпетінен жығылды,
Ханның барып алдына:
«Ей, Қараман, Қараман,
Әкім болдың жасыңнан!
Айдай әлем қараған,
Шұбар атты бір бәле
Кепті бүгін даладан.
Әскердің бәрі қырылды,
Сол келген жалғыз баладан!
Келбетіне қарадым,
Қалмайды мұнан жан аман.
Біле алмадым мәнісін,
Ірі көрдім жұмысын.
Айтайын сізге қылысын,
Әскердің бәрін қырысын,
Жапырып барад жалындай,
Баланың түрі құрысын!
Шапқанын ешкім көрмейді,
Өлгенін ешкім білмейді,
Сілтегенде қылышын.
Жаралы болып санымнан
Бітіп тұр менің тынысым.
Гүлбаршынды алам деп,
Сенің де бітер жұмысың.
Білмедім өзі қалмақ па,

Қалмақ емес қазақ па,
Егер де қазақ болмаса,
Қалмаққа келген ғазап па?!
Бұған өзің бармасаң,
Қаласың акыр ұятқа.
Жасырынған сайменен.
Көк алалы тайменен
Бар екен бәле бұ жақта.
Халықтың бәрін қырдырып
Жатасың ба жырақта?
Сұлуды алма ойыңа,
Бермейді сенің қолыңа,
Жанып тұрған бір жалын
Келіпті бүгін сорыңа».
Мұны естіп Қараман
Ашуланып долданып,
Жіберді тұлпар қара атқа.
Тағы да біреу шаптырып
Сауыт, сайман, жаракқа.
Ашуы қысып дірілдеп,
Қоспақ нардай күрілдеп
Қарайды қалмақ жан-жаққа.
Ақырын құдай ондағай,
Күллі әулие қолдағай,
Қиын болды бейбаққа.
Ашуланып Қараман
Мінеді тұлпар қарасын.
Ер-тоқымын саймандап,
Басынан алды дорбасын.
Қырайын деп ойлады
Қазақтың күллі алашын.
Қолына алды найзасын,
Сәскелік жерден шаншады
Таптырмайды айласын:
«Осы бүгін қылайын,
Көрінсе қазақ қырайын.
Бұл күшімнің көремін
Қай уақытта пайдасын?..»

Басына қалқан төңкеріп,
Сауытын алды кнініп.
Саймандарын сайланып,
Әбден алды түйініп.
Лашын құстай құйылып,

Қабағы тастай түйіліп,
Жауатұғын бұлттай
Келе жатыр қалмақ құбылып,
Келе жатса жолында,
Қалмақтардың өлігі
Өртеніп жатыр үйіліп.
Долдыққа сыймай Қараман
Тістеніп келед кіжініп.
«Қай жақта,— деп,— қазақтар?»
Қарайды қалмақ үніліп.
Әр төбеге шығады,
Қылышын алып суырып,
Айбатпенен айқайлап,
Жердің жүзін қуырып.
Мұны көріп Гүлбаршын
Жанынан кетті түңіліп.
Қысылып, зарлап тарықты
Көзінің жасы төгіліп.
Гүлбаршын сұлу жылайды,
Көзінің жасын бұлайды.
Жад қылып жалғыз жаппарды,
Баланың жанын сұрайды
Жеттім деп жалғыз түбіне,
Сұлулықтан таптым деп,
Жылай берді егіліп,
Қабырғасы сөгіліп.
Сол уақытта Алпамыс
Шұбар атын тыныстап
Тұр еді келіп кідіріп.
Туған айдай жалтырап
Көзіне қалды көрініп.
Батырды көріп Гүлбаршын
Тұра алмады керіліп.
Неше алуан киініп,
Қасы-көзі қиылып
Алпамыстың қасына
Жетіп келді жүгіріп.
Сол уақытта Алпамыс
Қызға назар салмады,
Сәлем берсе, алмады.
Қалмақты көріп құнттып,
Ұрыспағын қамдады.
«Менсінбей батыр тұр ма»,— деп,
Қарары қыздың қалмады.

Көзінің жасы көл болып,
Келді де сұлу зарлады:
«Айналайын, қарағым,
Құтты болсын талабың!
Аллатағала жар болып,
Оңыңнан тұрсын самалың!
Сен өлсең егер, мен күйдім.
Жазым боп тайса табаның!
Келеді қалмақ күркіреп,
Айтқалы келдім хабарын.
Тайлы бие, тоғыз кой,
Жеп шықты жаңа тамағың.
Өлуі қиын қалмақтың,
Бермесе алла амалың.
Тілімді алсан, қаш енді,
Болады қандай заманың?!»
Сонда Алпамыс сөйледі:
«Ашыса жаның, Гүлбаршын,
Жолама менің қасыма!
Нелер келіп, не кетпес,
Ер жігіттің басына.
Сонша жерден келгенсін,
Ар қылмай ерлер қаша ма?!
Жалғыздың жары бір құдай
Біреуден біреу саса ма?!
Әйелдік қылмай қайт жылдам,
Еркекті әйел баса ма?!
Пешенеге жазылсан,
Бұйрықсызға коса ма?
Үйіңе бар да жата бер,
Сабырсызға ұсама!»
Мұны естіп Гүлбаршын
Кетті қайтып қуанып.
Бала да болса, баланың
Айтқанына жұбанып.
Кіші-гірім таудай боп
Келеді қалмақ қуарып.
Күлді: «Қазақ қайда?— деп,—
Шұбар атты айда»,— деп?!
Айқайлап даусын шығарып.
Қараманды көргенсін,
Жақындасып келгенсін,
Сонда Алпамыс сөйлейді:
«Жаратқан, жаппар құдайым,

Дергейіңе жылайын.
Қашпағым менің ар шығар,
Өлсем де қарсы тұрайын.
Қабырғам болса, қатқан жоқ
Барма деп атам айтқан жоқ,
Енді қандай қыламын?»

Осыны айтып болғанша,
Шұбарды кейін бұрғанша,
Айтып ауыз жиғанша,
Қарап көзін тиғанша
Жетіп келді Қараман
Алпамыстың қасына.
Қолындағы күрзімен
Кетті салып басына.
Осы ұрған күрзіге
Кұлар еді шапқанда,
Қойқаптың тауы, тасы да.
Атының жалы сел болды
Көзінің акқан жасына.
Ұстайтын еді Қараман,
Сәл тұрғанда қасында.
Қарғып кетті Шұбар ат
Шыдай алмай астында,
Үстінде бала бар еді,
Келмеді әлі басына.
Ап қашты Шұбар баланы,
Құла дүз мидай далаға.
Қараман қамшы басты енді
Астында Шұбар алаға.
Енді қалмақ бір жетсе,
Мұнан да адам қала ма?!
Бала жылап барады
Жаратқан жалғыз аллаға.
Жалынады жас бала
Астында Шұбар алаға:
«Айналайын, Шұбар ат,
Қолтығыңда бар канат,
Тастап кетпе апарып,
Адам көрмес салаға.
Өлігімді тастамай,
Аман-есен алып бар,
Ата менен анама!
Мүйіз шықпас басыңа,

Иен жок өзін барғанда.
Барғаныңда не дейсін,
Жиделі Байсын қалаға?!»

Мұны естіп Қараман,
Салып кетті камшымен
Қара тұлпар санына.
Камшы үстіне камшы ұрды.
Бір жетсе деп балаға.
Ашуланып Қараман
Тұлпарды ұрды сауырлап,
Жетпедің деп Шұбарға
Ұра берді бауырлап.
Жамандатқыр ит Қара ат,
Келе ме деп ауырлап.
Шабысқанда айып жок,
Келеді желдей зуылдап.
Жеткізбейді Шұбар ат,
Атқан октай зырылдап,
Құйындай ұшып шабады.
Жал-құйрығы суылдап.
Үстінде бала барады,
Қаншама камшы ұрса да
Аяғын өре бастады,
Шабысқа шабыс қоспады.
Ауырлап келе жатыр деп,
Сауыт-сайман жарағын
Әр жерге қалмақ тастады.
Жеңілденіп алды да
Енді шап деп қыстады.
Жарактың бәрін тастатып,
Бір іске құдай бастады.
Мұны біліп Шұбар ат
Қикандап ұзап қашпады.
Құдайдан қуат болғансын,
Бала да қорқып саспады.
Сол уақыттар болғанда
Жарактың бәрі қалғанда,
Бозторғайдай шырылдап.
Шұбарға тұлпар жетеді.
Қаруы жоқ қолында
Жеткенмен қалмақ не етеді?!
Қоя берсең Шұбар ат
Күндік жерге кетеді.

Жеткен жері тұлпардың
Абсиған апан бет еді.
Қалт бергенде жалт беріп,
Қараманды Алпамыс
Ұрып-ұрып кетеді.
Қаршығадай қайрылып,
Ителгідей сүзіліп,
Ұрып-ұрып өтеді.
Ұрған сайын Қараман
Қарақұстай қалбаңдап,
Кұрбаң-кұрбаң етеді.
Жақындасып, жанасып,
Тұлпар мен Шұбар жарысып,
Құйындатты Шұбарды
Басымен бала алысып.
Тістенеді Қараман
Қасқырдай жағы қарысып.
Бір арманы қалмақтың
Көрмедім дейді алысып.
Кетпесін деп арманда,
Өтіп кетті бір жерде
Бір-бір қамшы салысып.
Қаршығадай қайрылып,
Қалмақты бала бір ұрды.
Жасқанайын дегенде
Қолын ұрып сындырып,
Тағы да шапты қылышпен.
Онбады қалмақ бұл істен,
Әне-міне дегенше
Екі қолын тындырды.
Енді бала құтырып,
Ителгідей жұтынып,
Жетіп келді ұмтылып.
Жағасынан ұстады,
Буындырып қалмақты
Ат үстінен мұштады.
Бағана жеген күйрығын
Ә дегенде-ақ тастады,
Сүйте-сүйте Қараман
Кесектеп қанды құсады
Ұстады бала жағадан,
Айрылды патша бағадан,
Қайта шапты Шұбар ат.
Шығарып көкпар қорадан

Қай жеңгені келер деп,
Жеңгенге сұлу тиер деп,
Әр төбенің басында
Қазақ пен қалмақ қараған.
Құйындай шауып Шұбар ат
Өте шықты арадан.
Күлмеген адам қалмады
Жеңілген соң баладан.
Гүлбаршынның алдына
Көкпар әкеп тастады
Өңгеріп серке даладан.
Созылды даудың аяғы,
Өшігіскен қатындар
Жиналды түгел баяғы.
Өлтірмекке қалмақты
Алқымға пышақ таяды.
Сонда да қалмақ қорықпайды,
Өлімнен жоқ хабары.
Өңкей әйел болғансын
Қайтеді дейді қияны.
Әйелдер болды жүректі,
Сыбанды екі білекті,
Зорлығын көрген қалмақтың
Берді деп құдай тілекті...
Айтуынша сияғы.
Жанды жерден жарылып
Құрылдап қалмақ жөнелді,
Дүниенің болмай баяны.
Жауға барсаң кесерді ал,
Дауға барсаң шешенді ал!
Жараксыздың мәнісі
Кетеді өстіп аяғы.
Енді бала алшаңдап,
Қайраты тасып қалшылдап,
Қойға шапқан бөрідей
Жан-жағына ырсылдап.
Әлемді алды айбаты,
Қабыландай арсылдап.
Астында Шұбар ойнақтап,
Аузынан көбік балшылдап
Омыраудан аққан тер
Бақайына тамшылап,
Мысалы үрген местей боп,
Ұсталар соққан пештей боп,

Денесі кетті тырсылдап.
Шұбар атын қаңтарып,
Қалмақтан кегін қайтарып,
Түсті барып бір жерге.
«Алпамыс күйеу келді!— деп
Қалмақтың бәрін жеңді!»— деп,
Тартылды керней әр жерге,
Құданың қалай беруі
Мың ердің күшін бір ерге?!
Алпамыс қыран келмесе,
Көз жасын құдай көрмесе,
Қорқыныш кіріп қазақтар
Көз жеткен еді өлуге.
Алтын кілем үстінде
Отырды толқып бұл елде.
Хан қылып халқы көтерді
Есебі жоқ көп елге.
Қатындар ертіп жүгірлі,
Отауға барып кірерге.
Қыздар да кетті қуанып,
Гүлбаршынды алып келерге.
Гүлбаршын сұлу жүгіріп,
Мырзаның түсін көрерге,
Лажын тапса аямай,
Құрбан ғып жанын берерге.
Жол тимеді арадан
Құшақтап келіп сүйерге.
Самаурынды қайнатып,
Дастарқанды жайнатып,
Қыздарменен шай келді.
Шырын шекер, бал келді,
Алтын леген үстінде.
Әртүрлі тағам ішінде
Қазы-карта, жал келді.
Түрегеп күйеу ізет қып
Қыздарға төрден жай берді.
Гүлбаршын сұлу айдай боп,
Қысыр емген тайдай боп,
Оң жағына барлы енді.
Ғашық оты жағылып,
Абыройы жабылып,
Оң қолтыққа алды енді.
Неше түрлі қылықпен
Құйып отыр шайды енді.

Қыз-бозбала ойынып
Ортаға түгел салды енді.
Арасында бұлардың
Біраз мезгіл болды енді.
Ұйқы алып денесін,
Қыздардың бәрі қалды енді.
Оятса да оянбай,
Сілесі қатып қалды енді.
Шымылдың ішіне,
Мамық төсек үстіне
Шаһи көрпе жайды енді.
Ақкудай болып байпандап,
Бәйге атындай қайқаңдап
Төсекке күйеу барды енді.
Кермаралдай керіліп
Басарына ерініп,
Құбылып сұлу жанды енді.
Назданып күйеу әзілмен:
«Қай жақта шіркін мал?»— деді...
Сұлу айтты қылмындап,
Нешетүрлі жымыңдап:
«Керегін болса ал»,— деді...
Осыны айтып болды да
Қоян алған қырандай
Төсекке тартып алды енді...

Онда Алпамыс батыр қалмактарды көндіріп, келмегенін келтіріп, атасы Сарыбайды сол елге хан сайлады. Отыз күн ойын, қырық күн тойын ғып, Гүлбаршынды өзі алды. Бірнеше ай жатып, күндерде бір күн еліне қайтуды ойланып, қоштасуға халқын жинап алып, рұқсат сұрады, ол елінде жақсылар ақылдасып, кеңесіп қырық нарға зер артып, алтын отау жасап, Сарыбай қызы мен күйеуін шығарып салды. Бірнеше күн жол жүріп, аз ғана емес, мол жүріп, өзінің еліне келді.

Алпамыс батыр аман-есен еліне келсе, әкесі Байбөрінің жылқысын Тайшық хан деген қалмақ шауып әкетіпті. Онда Байбөрі «мал ашуы мен жан ашуы бір» дегендей тақат тұтып тұра алмай, баласы мен келініне қуанбай, келген дүниеге көңлі алданбай, ашуға шыдап тұра алмай Алпамыстың алдынан шығып, Байбөрінің айтып тұрған сөзі еді.

Байбөрі сонда сөйледі:
«Тұмай кеткір, Алпамыс,
Тұр көрінбе көзімелі

Еш қайратың тимеді,
Адам болып өзіме!
Тайшық алды жылқымды,
Құртып кетті мүлкімді,
Тұр алдымнан кет!— деді,
Кет деген сөзі кекті еді.
Тайшық алған жылқымның
Артынан қуып бар деді.
Қалмақтан кегімді ал деді.
Ала алмасаң кегімді,
Пенде боп сонда қал деді».
Сонда Алпамыс сөйледі;
Сөйлегенде бұй деді:
«Тайшық алған жылқының
Ал, артынан кетейін.
Шаһимардан жар болса,
Артынан қуып жетейін.
Жете алмасам,

жан ата,
Жылап жүріп өтейін!
Ата, сенің сөзінді
Күніге естіп нетейін.
Атқа салдым терлікті
Дұшпанға қылдым ерлікті.
Мен кеткесін, атажан,
Көресің құлдан қорлықты.
Атқа салдым пыстанды
Мен кеткенсін, атажан,
Ақыры жерсің пұшманды.
Әке сенің артыңнан
Бес байталдық бедірек құл
Аңлып жүрген дұшпанды».
Сол уақта осы сөз
Қатты тиді өзіне.
Қажырланса Алпамыс
Жан көрінбес көзіне.
Буырқанып, бұрсанып,
Мұздай темір құрсанып,
Алып келді Шұбарды,
Мойнына тағып тұмарды.
Бейсенбі күні бесінде
Тайшыққа қосын шығарды.
Алты айлыққа жүрмекке
Алпамыс берен ойлады.

Алтын бауыр Шұбардың
Басын жолға салады.
Тұлпар туған Шұбар ат
Сүмбедей болып жарады.
Үйіне де түспеді,
Бір кесе сусын ішпеді.
Тайшық алған жылқының
Алпамыс атты жас қыран
Артынан қуып барады.

Онда халқы жиналып келіп Алпамыстың кететінін біліп:
«Ей, шырағым Алпамыс, жалғыздық құдайға жарасқан, жал-
ғыз өзін барма, еліңді жинап көппен бар!»— деді. Онда Алпа-
мыс айтты: «Жұртым, жалғыздық жары бір құдай болсын, сіз-
дер маған жандарың ашыса, көрсеткен көмектерің болсын,
атам мен анамның қабағына қараңыздар,— деді.— Әйелімнің
ішінде жеті айлық бала қалып барады, ұл туса атын Жәдігер
қойыңыздар!»— деді. Осыны айтып, Алпамыс батыр Тайшыққа
қосын шығарған күні, түнде жатып қалмақтың ханы Тайшық
түс көріп, түсінен шошынып ел-жұртын жинап алып, өзі мұна-
раға шығып: «Түсімді жорыңдар!»— деп, халқына айтып тұр-
ған сөзі еді.

Тайшық хан сонда сөйледі,
Сөйлегенде бүй деді:
«Е, жарандар, жарандар,
Бәрін де бермен қарандар!
Бүгін жатып түс көрдім,
Түсімде жаман іс көрдім,
Заманам менің қағынды.
Қағынбаса не қылды?!
Құрсаулы қара нар келіп,
Қарсы қарап шабынды.
Көзімнің жасы егілді,
Қабырғам менің сөгілді.
Басымдағы тәж, дәуле
Жерге барып төгілді.
Бір арыстан өзіме
Шабатұғын көрінді.
Талқан қып алды шәһерімді
Талауға салды барымды.
Екі бүйірін таянып,
Алатұғын көрінді
Қойнымда жатқан жарымды.

Қаланың аузын қан қылды,
Қақпаның аузын шаң қылды.
Айдарлымды құл қылды,
Тұлымдымды тұл қылды,
Солқылдаған мырзамды
Табанға салып жүн қылды.
Ауызына қарасам.
Сұлуды тандап сүйгендей,
Келбетіне қарасам,
Қамқапты тандап кигендей.
Қабағы қалың сол бала,
Тіпті шұнақ қу бала
Шұбар ат мініп келеді,
Сол Шұбардың дүбірі
Құлағыма келеді.
Мен білмеймін, тап сонан
Қандай адам өледі?!
Жылағанда көзіме
Қанды жасым тола ма?!
Тауға біткен бәйшешек
Қураса, бір күн сола ма?!
Жиделі Байсын жерінен,
Қоңырат деген елінен
Алпамыс атты жас берен
Атка мінген бола ма?!
Алдынан шығып сол ердің
Жылқысын берсем ала ма?!
Жылқысының кегіне —
Қызымды берсем бола ма?!
Ер баласы ер еді —
Кегін алмай қояр ма?!»

Әлкисса, халқы жиналып айтты: «Е, таксыр, түс деген түлкінің боғы болады, қорықпаныз, еш нәрсе егпейді», — деп жақсыға жорыды. Онда Тайшық хан айтты: «Жоқ, олардың болмайды, онан да ойласып, ақыл табындар!» — деді. Ешкім амал таба алмады. Сол кезде жасы үш жүзге жеткен, ыстық ішкен, сұйық тышқан, көрінгенмен ұрысқан, қабағы қатып тырысқан, дамбалы бұтына қатқан, өзін туғаннан құдай атқан, бір кез ширек бойы бар, адам таппас ойы бар, тізесіне шекпен жетпеген, басынан жаманшылық кетпеген, басы мүйіз, көті киіз бір мыстан кемпір келді. Ол айтты: «Патша, сіз өзіңіз патша болсаңыз, сол сияқты, дұшпанға жалғыз қызыңыз Қаракөзімді беремін дегенің қалай?» — деді. Самайынан ірің аққан, мұрны-

нан бок акқан менін таз балам бар, соған қызынды берсең, дұшпаныңды байлап әкеліп, аяғыңның астына салып бере-мін»,— деді. Онда патша. «Құп болар»,— деді. Қызын беретін болып уәде жасады. Онда кемпір қырық отау, қырық шөлмек арақ алды, ханның қызы Қаракөзді бас қылып, қырық қыз алды, қырық отауды Алпамыстың келетін жолына тіктіріп, қырық қыздың басына жаулық салып, келіншекше киіндіріп, қырық шөлмек арақты әрқайсысына беріп, мыстан Алпамыс-тың жолын тосып жатты. Сол уақыттар болғанда Алпамыс батырдың мыстанға келіп жолығуы:

Ел-жұртымен коштасып,
Алпамыс батыр жөнелі,
Ләшкер тартып келеді,
Ауыздықпен алысып,
Ұшқан құспен жарысып.
Астындағы гүлпардың
Ойынды еті бұлтылдап,
Құйындай шаңы бұрқылдап.
Құлақ салсаң дыбысы,
Тау суындай сыңқылдап,
Қолтығынан акқан тер
Тебінгіде сылпылдап,
Маядай мойнын созады.
Шу дегенде жануар
Ұшқан құстан озады.
Тарта-тарта баланың
Алақаны тозады.
Құланнан атты қодықты,
Көлден тартты борықты,
Арада неше қоныпты,
Жетемін деп зорықты,
Жете алмай бала торықты.
Талма түстің шағында
Айдың көлдің бойында
Тосып тұрған көлденең
Мыстанға келіп жолықты.

Тілеуін құрғыр кұ мыстан,
Сонда тұрып жылайды,
Көзінің жасын бұлайды,
Бір топ біткен шенгелді
Құшақтап тұрып құлайды.
Мұны көріп Алпамыс

Кемпірден келіп сұрайды:

«Далада тұрған, жан шеше,
Мұнша неге жылайсың?
Айтпаймысың сырынды,
Шығарайын мініңді,
Басын кесіп дұшпаннан
Әперейін кегінді,
Аман жүрсем табайын
Кеуілдегі кірінді?!
Жылай бермей шыныңды айт,
Өлтіріп мен берейін
Дұшпандық қылған ерінді!»

Сонда кемпір сөйледі:

«Күткенім, шырақ, сен едің,
Қамқорың сенің мен едім.
Жиделі Байсын жерінен,
Қоңырат деген елінен
Байбөрі деген бар еді,
Байбөрінің жылқысын
Тайшық хан алып жөнеді.
Қырық балам бар еді,
Қыркы да бірдей нар еді.
Алдынан шықты жылқының
Таласқан соң малына
Бәрін де Тайшық өлтірді.
Балалардың шешесі —
Мені мыстан дер еді.
Ашылған баудай гүл едім,
Сайраған қызыл тіл едім.
Кеше күндіз құдайдан
Алпамыс, сені тіледім.
Келеді деп есітіп
Жолыңды тосып тұр едім.
Айналайын, қарағым,
Құтты болсын талабың!
Жалғыз ием жар болып
Оңынан тұрғай самалың.
Женгелерің қасында
Жатпаймысың, қарағым».
Осы сөзбен қу кемпір
Алдап ұрды ақылын.
Сөзбенен бойын балқытты
Алпамыстай батырдың,

Міне сусын ішсең деп,
Алдап берді арағын.
Мейірінді қандыр, қарағым,
Бәрі менің қолымда
Нұрдың қызы секілді.
Қырық келінім жанымда.
Атың болса шалдырып,
Ұйқыңды әбден қандырып,
Жүресің ертең, шырағым.
Қаза намаз қаза-ды,
Тарттырар құдай жазаны.
«Елім менің қайда?— деп,
Ерімді менің сайла?»— деп,
Қырық келінім шуылдап
Алады күнде мазамды».
Бұл сөзіне кемпірдің
Енді бала сенеді.
Көз жасына жылаған
Раһімі келеді,
Жылқысының келгенін
Ақылмен ойлап біледі.
«Кел, шеше, атқа мінгес» деп,
Үзенгісін береді.
Байшұбарға мінбекке
Дұшпан, зәлім, қу мыстан
Оңтайланып келеді.
Адамнан есті жануар
Қос аяқтап тебеді.
Сонда кемпір құлады,
Ұзынынан сұлады.
Жатып есі танады,
Бір мезгілдер болғанда
Көтеріп басын алады.
Байшұбарды жамандап,
Алламысқа қарады:
«Тауға біткен андызым,
Суға біткен жалбызым,
Жабыны жауға мінгендей
Нешеу едің, жалғызым?
Бәлені жабы бастайды,
Жігіттің жолын ашпайды.
Ара күндік жол жүрмей
Аяғынан ақсайды.
Әжетіңе жарамас,

Жау жеріне тастайды.
Жабыны мінсең оңай ма,
Айналайын, қарағым,
Қазанат мінсең болмай ма?
Қарағым, сенің жолыңда
Құрбандық болып өлейін!
Еркелігін қалмапты,
Алпамыс, саған не дейін.
Астыңдағы Шұбардын
Басын кесіп тастай көр.
Қазанат тауып берейін,
Мұсылманға бас бала,
Қалмақтарға қас бала,
Сен бір байдың жалғызы
Жаңа өспірім, жас бала!
Сырты түкті қу жабы
Қылады-ау бір күн масқара!»
Долдыққа сыймай Алпамыс
Денесін ашу қамады.
Ақ қанжарын суырып,
Заманасын қуырып
Шұбарды басқа шабады,
Ғайып-ерен қырық шілтен
Қылышты қолдан қағады.
Тайып кетіп қылышы
Қара жерді қабады.
Ат үстінен шіреніп,
Бір алладан тіленіп,
Қылышын зорға алады.
Атаңа нәлет ит мыстан
Бұған да амал табады.
Алдына түсіп бүкеңдеп,
Енді кемпір жүгірді,
Омыртқасы бүгілді,
Келе жатып сөйледі,
Сөйлегенде бұй деді:
«Жау қайырып тұрақтар,
Астында Шұбар ойнақтар.
Бүкей-бүкен желеді,
Жау мұқатып береді.
Алпамыс балам келеді,
Шықпаймысын далаға
Шуылдаған, шұнақ қар!»
Ерлер мінер алаға,

Көңлім толды санаға.
Жаман, жақсы болса да
Жазудан адам қала ма,
Өңкей сұлу шуылдап,
Жүгіре шықты дуылдап.
Шылауынан ұстады
Жан-жағынан камалап:
«Аттан түс»,— деп қыстады.
Көтеріп аттан алады,
Ақ кілемге салады.
Перизаттай қырық зайып
Көтеріп алып барады.
Көтеріп үйге кіргізді,
Алпамыстай төрені.
Кезекпенен арағын
«Алдиярлап» береді.
Біреуі беріп кеткесін,
Кезегі нәубет жеткенсін,
Біреу және келеді.
Қасын қағып, ыржиып,
Езуін тартып күледі.
Жаңа өспірім жас бала
Күлгенін қызық көреді.
Біреуі асқан бірінен
Мін табылмас түрінен,
Қыздар да қызыл гүл еді.
Қырық қақпалы қаладан,
Қала менен даладан,
Әр жерден сұлу кеп еді.
Ұзын да емес, қысқа емес,
Бойы да бірдей тең еді.
Жаңа шыққан он бірге
Бір жылда шыққан төл еді.
Ханның қызы Қаракөз
Ішінде жүрген сері еді.
Заты адам десе де,
Көргендер пері дер еді.
Ақылменен аңғарып,
Ер екенін біледі.
Кемпірден көңіл суытып,
Ата-анасын ұмытып,
Балаға көңіл бөледі...
Үш мәртебе келеді.
Айта алмады сонда да,

Андыған кыздар көп елі.
Сол уақыттар болғанда,
Алдияры толғанда,
Кіші бесін болғанда
Аракты ішіп болады.
Қырық кыздан ішіп қырық шиша
Бала әбден тояды.
Сонда мыстан келеді,
Езуін тартып күледі,
«Іш, шырағым, іш»,— деп,
Өзі де құйып береді.
Қапалайды шырақ деп,
Отауды келіп түреді,
Отауды келіп түргенде
Көк даңғыл келіп ұрады.
Бетіне самал тигесін
Алпамыс бала құлады.
Бурадайын сақылдап,
Күліседі көп шайтан
Қылған ісін мақұлдап.
«Есіл бала, кеттің,— деп,
Түбіңе өзін жеттің»,— деп.
Ханның қызы Қаракөз
Бір шымшып кетті жакындап.
«Жолама бұған, шайтан, деп
Патшаға бұйтсең айтам»,— деп,
Қыздарды қуып қасынан,
Алпамыстың басынан
Қу мыстан тұрды такылдап.
Тігілген қатар әр үйдің
Бірінен бірі кемі жоқ,
Мінейтұғын міні жоқ
Бәрі де бірдей болмаған,
Асыл бұйым орнаған,
Кіргендер қайтып шыға алмас.
Қызғалдақтай жайнаған.
Әрқайсысынан бір ұстап,
Көргеннің көзі тоймаған.
Жан-жағына алақтап,
Жынды адамдай бойлаған.
«Алпамыс берен келер,— деп
Келсе үйге кірер»,— деп
Басында кемпір ойлаған.
Бірі — қызыл, бірі — көк,

Жаңа піскен шнедей,
Көргеннің іші күйеді.
Отаудың бәрін жықтырып,
Алпамыстың үстіне
Қабаттап әкеп үйеді.
Бұрынғыдан келе жатқан
Осылай еді ертегі,—
Отаудың бәрін өртеді.
Бүлінсе, патша бүлінді,
Кемпірдің несі кетеді.
Бетке жалын тиер деп
Қыздар да қашып кетеді.
Патшаға да барам деп,
Келінімді алам деп,
Сертіне кемпір жетеді.
Түтіні шықты аспанға
Қарауылшы біледі.
Тасты деген каладан
Әскер жетіп келеді.
Алпамыстың үстінен
Отын ашып көреді.
Күрекпенен шоқ салса
Жақындамай сөнеді,
Барлығы мұны көреді.
От ішінде байлап ап,
Тайшық ханның алдына
Бенде ғып әкеп береді.
Кемпір әкеп бергенсін,
Баланың түрін көргенсін,
Тайшық хан кірді күшіне,
Ырза болды кемпірдің
Тындырып келген ісіне.
Қараса бала дәл өзі
Көрген шошып түсінде.
Кемпірге төрден жол берді,
Өлтірмегін оң көрді,
Аясын қалмақ несіне.
Кемпірді жаман есіртті
«Бес күнгі келген несібе
Қандай күшім, патша?»— деп,
Тұрды кемпір есіре.
Сол уақытта падиша —
Қалмақтан шыққан ер еді.
Елде болса екі ер —

Екеуінің бірі еді.
Керней, сырнай тарттырып,
Түп зеңбірек аттырып,
Қырық қақпалы қалаға
Тегіс хабар береді,
Бәрі де бұрын есітіп,
Әр жерден адам кеп еді,
Әрқайсысы бір мыңдық
Ішінде дәулер көп еді,
Ақыл салса бәріне
Өлтіреміз дер еді,
«Олай болса өлтір,— деп,
Сабасына келтір»,— деп,
Ортасына береді.
Сол уақытта батырға
Атса мылтық өтпеді,
Шапса қылыш кеспеді,
Ғайып-ерен қырық шілтен
Қолтықтап сүйеп демеді.
Суға салса батпады,
Ұйқыдан бала қайтпады.
Неше дәулер, неше ерлер
Не қыларын білмеді.
Тайшық айтты халқына:
«Қайтсек бала өледі,
Тұра келсе орнынан,
Жазамызды береді.
Баяғы көрген қу түсім
Айнымайды келеді».

Ханның қызы Қаракөз:
«Өлтірем, әке, мен,— деді,
Жеті күн мен жеті түн,— деді,
Қолыма менің бер,— деді.
Мыстан кемпір, шешежан,
Өзің де маған ер,— деді.
Көрсетейін уақиға,
Көзіңменен көр»,— деді.
Тілеуің құрғыр қу мыстан
Қыз сөзіне сенбеді.
Патшаға айтып айнытып,
Қыз қолына бермеді.
Сол уақытта Тайшық хан
Қанша айтқанмен хан-дағы

Өзіндігі бар-дағы,
Бір ақыл ойлай бастады
Неше қиын жерлерде
Жок еді мұның сасқаны.
Бұған ақыл таппаса,
Абыройын жаппаса,
Білед енді басқаны.
Қимылдаса бұл бала
Қалмақ тұр бәрі қашқалы.
Тұра келсе орнынан
Болатын әркім бас камы
Падышаның сол күнде
Қазулы оры бар еді,
Сырнайдай аузы тар еді,
Қакпағы бар ед ашпалы.
Ханы айтты халқына,
Апарып соған тасталы.
Қуанып халқы жүгірді,
Зынданның аузын ашқалы.
Балалардың тобындай,
Зенбіректің оғындай,
Домалатып баланы
Зынданға әкеп тастады.
Жер түбіне жөнелді,
Торғайдай болып мысалы.
Өлімге киды нәлеттер
Болғансын ақыр дұшпаны.
Сол уақыттар болғанда
Ғайып-ерен қырық шілтен,
Баланы жолда ұстады.
Құдыкқа салған қауғадай
Ешбір жері ауырмай,
Зынданның келді түбіне
Әлі жатыр ұйқыда,
Еш нәрсе жоқ көңлінде,
Жалғыздықтың саудасы,
Түсті ерге бір күнде.
Далаға шықсаң, жолдас ал,
Жалғыздық қиын, тегінде.
Келе түсті зынданға
Ала алмай бала кегін де.
Алпамыс орда қалды деп,
Кім барар дейсің еліне.
Еңбек қылсаң реті бар

Салса біткен егін де,
Пұлдың азы бір тиын,
Кім береді тегінге.
Әрекет қылмай дүниеге
Жеткендер бар ма кемелге,
Әзір бала байланды,
Жастай соры қайнады,
Жеткенше қашан дегенге.
Ұйқысы қанды жатқансын,
Арақтың зәрі қайтқансын
Қарғып тұрды орнынан.
Қараса, жатыр зынданда
Арылмай бала сорынан.
Шұбар ат жоқ астында
Кетіпті жарак қолынан.
Енді бала жылады,
Келді деп заман қырынан:
«Жад еттім әуел бір құдай,
Күдіретіне көңлім сай,
Дергейіне жылаймын
Біздерге қиын, сізге оңай,
Жатырмын жалғыз зынданда
Ойласам: «Болды бұл қалай?» —
Атана нәлет, қу мыстан
Кетіпті жерге тығып-ай!
Тағы да адам болам ба,
Жер бетіне шығып-ай?!..
Айналайын, жан ата,
Өлгенде көрдің бір бота.
Кетерімде бермедің
Ықласыңмен ақ бата.
Дуа айтпадың кез болып,
Жатырмын азап мен тарта.
Өлшеулі күнім бар шығар,
Қалыппын өлмей мен қайта.
Қарындасым, қарағым,
Көзімнен ақты бұлағым,
Ертеңді-кеш зарласам,
Есітер ме екен құлағың,
Ерлігімнен не көрдім?!
Қара жер болды тұрағым,
Шығуым қиын, ойласам,
Жетпейді қолым бойласам,
Енді қандай қыламын?

Бір емшектен еміскен,
Тай құлындай тебіскен,
Қарындасым, Қарлығаш,
Ақырын ақтан сұрағын!
Су сұрасам бал берген,
Жая десем, жал берген,
Кәріп анам, қайтейін,
Орда жатыр зарланып
Өлгенде көрген шырағын.
Айналайын, жан ана,
Өлгенде көрдің бір бала
Бір ағаштың басында
Көгертпедің екі алма.
Бір құданың ісі күшті,
Басқа салды мүшкіл істі,
Ырза бол, ана, сүтіне,
Тірідей балаң көрге түсті».
Осыны айтып болғанда
Жылап, шаршап талғанда,
Кеттім бе деп арманда,
Орда жалғыз қалғанға.
Шығатұғын күн кайда,
Мынау бес күн жалғанға.
Отырды бала зарланып,
Кім бар, кім жоқ деп жылайд,
Келгенше заман айналып,
Өлі де емес, тірі емес,
Әр қиялды ойланып.
Сол уақыттар болғанда
Зынданға кірді бір жарық,
Раушан болып күндіздей,
Атқандай болды тас жарып.
Мысалы гауһар шам-шырак,
Қарады бала аңғарып,
«Тілекті алма берді,— деп,
Бабаларым келді»,— деп,
Тәуетті барып айналып.
Сол уақытта бір мысық
Келді жетіп жүгіріп.
Бір таба піскен нанды алып,
Балаға нанды бермекке
Ым қылады оңланып,
Неше күн жатқан аш бала
Мысықтан жеді нанды алып,

Өлмесе де өлімше
Болған екен сандалып.
Мысықты жұмсап отырған
Ғайып-ерен қырық шілтен
Баланы сүйеп қолға алып,
Кетпесін деп бала өліп,
Аруақтар тұрды қозғалып.
Жатқаны жалғыз болмаса,
Шамасы қалды оналып,
Қан ойнаған баладай,
Ойнады мысық бұралып,
Баланың мейрін кандырды,
Әртүрлі ойын шығарып,
Ермектесіп отырды,
Екі жақтан құралып,
(Не десе кеулі тынадыр)
Келеді мысық күнде алып.
Сол уақытта Шұбар ат
Алдына келсе тістеді,
Әртүрлі жұмыс істеді.
Артына келсе тебеді,
Бетіне түгіл Шұбардың,
Сыртына адам келмеді,
Жем қояды шөбімен,
Ешбірін Шұбар жемеді..
Қаншама көп болса да,
Шұбарға әлі келмеді,
Неше дәулер жабылды,
Бәрін де Шұбар сүйреді.
Біріне бірі соқтығып,
Қабырғасы күйреді.
Ұшып кетіп кәлласы,
Көбейді қалмақ өлгені.
Ордада тұрды ойнақтап.
Шұбарға ешкім мінбеді.
Жанның бәрін сәрсен ғып,
Бір Шұбар ат қалдырды.
Ашуланып падиша
Әр жерден ұста алдырды.
Енділігі жеті кез,
Темір үйді салдырды.
Темір үйге тастады
Шұбар атты кіргізіп,
Аптада берді бір бау шөп,

Ашықтырып жегізіп,
Он күнде суды бір беріп,
Шөлге де қойды көнгізіп,
Шынжырлап мойнын нокталап,
Жетектейді жүргізіп.
Шығармайды далаға
Дарбазасын ілгізіп,
Арықтатып Шұбарды.
Бассак дейді құмарды
Патшаға да мінгізіп.
Баланы тастап зынданға,
Шұбарды салып әлекке,
Атаңа нәлет, қу мыстан,
Еңбекті кетті күйгізіп,
Шұбар атты тындырып,
Баланың белін сындырып.
Мыстан патшаны көреді,
Келе сөйлей береді:

«Құлағың сал, патшамыз,
Келінімді бер,— деді,
Балаңа қызым берем деп
Серт қылғансың, сен,— деді.
Айнысаң, патша, оныңды айт,
Есебін табам мен,— деді.
Балаңнан балам кем емес,
Ұзатқаның жөн емес.
Айыбы таз демесең,
Балаңа балам тең!»— деді.
Кемпірдің айтқан бұл сөзін,
Халықтың бәрі жөн деді.
Сонда патша сөйледі:
«Тыңда сөзді, анамыз!
Он бірде биыл баламыз,
Жиырмаға келген соң
Той-томалақ қыламыз.
Тоғыз жыл мәулет беріңіз,
Оған дейін шыданыз,
Балаға бала үйренсін,
Сізбенен біз құдамыз,
Ана, сенің ісіңе
Тілектес болып тұрамыз.
Жаксылыққа жаксылық,
Біз неге мойын бұрамыз.
Бәрі сіздік болды ғой,

Жиған-терген малымыз.
Қазнадағы барымыз,
Жиырма жылға келген соң
Келініңді алыңыз.
Көпті көрген көне едің
Бұл сөзіме наныңыз,
Қарар тапса көңілің,
Үйіңе енді барыңыз!»
Бұл сөзді айтып ырза ғып,
Шығарып салды ханымыз.

Ендігі сөздің қысқасы,
Бұрынғылардың нұсқасы,
Ханның қызы Қаракөз,
Мұнан да хабар алыңыз:
Қаракөзім бір күні,
Келді жетіп ханына,
Айтайын деп бір сөзді
Әкесінің алдына.
«Әке, маған отау бер,
Тігейін барып саяға.
Жүз серке бер ойнатып,
Сап қояйын қораға,
Бетіменен жайылсын,
Қамамайық қораға.
Қырық қыз нөкер қосып бер,
Сүрейін дәурен далада.
Тоғыз жылың біткен соң
Келейін көшіп қалаға,
Армансыз болып кетейін,
Беретін болсаң балаға.
Шөбіме түссе нетейін,
Таз дегенмен бола ма?
Сен берсең, ата, мен көндім...»
Ырза болды Тайшық хан,
Қызының айтқан сөзіне.
Қуанып қалды көңілі,
Қапа боп жүрген кезінде.
Бәсірең деп жүз серке
Бөліп берді өзіне.
Бір үйді тікті жайнатып,
Ішіне бұлбұл сайратып,
Тас бұлақтың көзіне.
Жар шақыртып қалаға,

Мәлім қылды далаға
Жігіт түгіл қыздар да
Баспайтын болды ізін де,
Еріккен қыздар түседі,
Бұлақтың күнде көзіне.
Ханның қызы Қаракөз
Ашық еді көргеннен
Алпамыс ердің жүзіне.
«Онаша жайда жолығып,
Сөйлесем,— дейді,— өзіне».
Сонда да кезі келмеді
Іздеген бейбақ кезіне.
Қыздарға мұны айтпайды
Айтайын десе батпайды.
Күн шығу мен күн бату
Арасында жатпайды,
Ойына алса бір жерді
Бір бармай оған қайтпайды,
Кұнан қойдай бой тастап,
Бөйге атындай ойқастап,
Мойнына алқа жай тастап,
Шығады қыздар қыр жаққа,
Бір күні кетеді о жаққа.
Бір күні кетсе тау жаққа
Бір күні кетеді ой жаққа.
Ұсталуы рас баланың,
Тастағанын білмейді
Алып барып қай жаққа.
Сонда да кезі келмеді,
Ізденген сорлы бейбаққа
Самауырынды қайнатып,
Дастарханды жайнатып,
Қыздарды түнде ойнатып,
Бұлбұлды күнде сайратып,
Қылады қыздар тамаша,
Жан бармайды онаша.
Бір күні суға бармаққа
Шомылып қыздар алмаққа
Кұндыздай шұбап келді қыз.
Бұлақтың келді басына
Жалаң аяқ аяғы,
Қолында талдан таяғы,
Ыштанын түріп тізеге,
Кемпірдің ұлы баяғы

Жетіп келді жүгіріп,
Қыздардың енді қасына.
Қыздарды көріп қымындайт
Болғандай бұрын ашына.
Қаракөзайым қарайды:
«Қандай есер неме?»— деп,
Әкесі берген досына.
Ойынға тоймас кезі екен
Он беске келген жасы да.
Ұмтылады қыздарға
Кепешін тартып шекеге
Самайын жүр жасыра.
Сүйкенеді қыздарға,
Қотыр нардай қышына.
Түйе бас қылып қырық қыз
Алып ұрды жездесін
Тастақтың барып тасына.
Ұшып кетіп кепеші,
Жарылды тасқа басы да,
Қаны менен іріңге
Былғанды қыздар шашы да.
Тұра қашты сытылып,
Шыдай алмай астында,
Жабылып қыздар қуды енді,
Тасбұлақтан асыра...
Осыменен жеті жыл,
Өткізді қыздар далада,
Сынсыма Баян секілді.
Дәурен сүрді арада,
Жеті жылдың ішінде
Көрінбеді кісіге,
Бір бармады қалаға,
Ата менен анаға.
Адамзаттың баласы
Мұнша ашық бола ма?!
Ханның қызы Қаракөз
Қарайып алды қанына.
Екі көзі далада
Бір көрмекке ынтық боп
Алпамыс берен балаға.
Жүз серкесі патшаның
Қыздардың жүрді жолында.
Әрқайсысында бір қонырау,
Тағулы жүр мойнында.

Тұла бойын үкілеп,
Әсемдеп қойған бойын да.
Патшаның бар ақылы
Соямын деп жүр тойында.
Екі жылда той қылмақ,
Патшаның бар ойында.
Жалғыз қызы Қаракөз
Көңілі хақтың жолында.
Кейқуат дейтін патшаға
Бағатын еді оны да.
Жеті жыл ұдай серкенің
Жүретін еді соңында.
Ерте кетіп, кеш келіп,
Жаятын еді Қырымға.
Серкелері семіріп,
Келмейді мойнын бұруға.
Әрқайсысы жылқыдай,
Бармайды қолы ұруға.
Бір күні серке ойнады,
Асыр салып секіріп
Алпамыс жатқан орына.
Енді серке ойнады,
Ойынға бәрі тоймады,
Айқайлады Кейқуат,
Айқайға серке болмады,
Зынданның аузын талқандап,
Бұзылмасқа қоймады...
Енді серке секіріп,
Біріне-бірі асылып
Екеу-екеу сүзісті,
Бірін-бірі қашырып.
Тұяғымен серкенің
Қақпағы кетті ашылып.
Тайып кетіп тнегі
Ойнақтаған серкенің
Түсіп кетті біреуі.
Қуаныш кіріп көңліне,
Жарылып кете жаздады
Алпамыстың жүрегі.
Қашанға дейін жыласын
Қабыл болды тілегі.

Әлқисса, Кейқуат ордың басына Алпамыстың қасына келіп,
айқай салды: «Ей, Алпамыс, қайдасың, серкем түсіп кетті,

шығарып бер, Қаракөзім маған ұрсар»,— деді. Онда Алпамыс: «Кәмбағал, серкенің маған күніге біреуін беріп, мені бағып-қақ, егер де ордан аман шықсам, өзімнен бұрын сені мұратқа жеткіземін»,— деді. Онда Кейкуат ашуланып: «Жеті қабат жердің астында жатып, мақсатқа жеткіземін дейсің, сенің бұл күніңді өзіңе көп қылайын»,— деп, бір тиірмен тасты дөңгелетіп әкеліп үстіне тастап жіберді. Алпамыс тасты қағып алып, салмақтап тұрып қайтып лақтырып жіберді. Тас басынан асып кетті. Кейкуаттың зәресі ұшып кетті, Кейкуат жаман сасып қалды, тас келіп бір етегін басып қалды. Онда Кейкуат ойланды: «Осының айтқанын қылайын, өлсем өлейін, өлмесем жақсылығын көрейін»,— деп. Серкенің күніге біреуін беріп тұрды. Сөйтіп жүріп серкенің бәрін тауысты. Бір күні Алпамысқа келіп: «Ей, Алпамыс, серке таусылды, не қыламын?»— деді. Онда Алпамыс айтты: «Мынау серкелердің мүйізі, қабырға сүйегінен сырнай істеп қойдым, соны қыздардың жолына барып тарт, сені ұстап алып кім қылды деп сұрар, айтып қойма. Бірақ ханның қызы Қаракөзайымға сездір»,— деді. Кейкуат сырнайды алып қыздардың жүретін жалғыз аяқ жолы бар еді, соған келіп жабындының астында жатып, сырнайды аңқылдатып тартты. Қыздар естіп, қарап жүріп тауып алды. «Ей, Кейкуат, мұны кім жасады, қайдан алдың?»— деп қыздар сұрады. Кейкуат айтпады. Қыздар оны аяқтарымен таптады, сонда да айтпады. Сол уақытта Қаракөзайым: «Маған шынын айтатын шығар»,— деп, онашаға шығарып алып, сұраған жері еді.

Қаракөзайым сөйледі:
«Молдалар сызған ала хат
Біздерменен бас қосып,
Ойнап, күлмек салтанат,
Қолындағы сырнайды,
Кім қылды екен, Кейкуат?!
Сұрағанда шын айтсаң,
Сені тәуір көрейін.
Шыныңды айтшы, Кейкуат,
Не тілесен берейін.
Қандай пері қылды екен,
Көзімменен көрейін.
Егер қылса адамзат,
Жолында соның өлейін.
Кейкуат сонда сөйледі:
«Базары пышақ балдақы
Нәсілің сенің қалмақы.

Шыныңды айт деп қинадың,
Көп ішінде, салдақы.
Бір адам қылды ордағы,
Ор ішінде бенде боп
Алпамыс берен қалған-ды...
Мұны Алпамыс қылған-ды!»
Қаракөзайым сөйледі,
Ақылменен тағы ойлады:
«Айналайын, Кейқуат,
Сол Алпамыс қайда еді?»
Алпамысты есітіп
Ғашық оты өртеді.
Кейқуатқа ілесіп
Жүгіре басып кетеді.
Арқасы күнге күймеген
Табаны жерге тимеген
Ханның қызы ерке-ді.
Бұрынғы өткен халықтан
Осылай екен ертегі,
Бір жерлерге барғанда
Тазша амал табады
«Шаршадым» деп жүрместен
Сонда жата қалады.
Қаракөзайым қабынды,
Жүре көр деп жалынды.
Ғашық жарын есітіп,
Қыздың беті гүлденді.
Берейін саған пұл деді.
Шыныңменен шаршасаң,
Кел мойныма мін деді.
Кейқуат қылды кесірді,
Екі аяғын көсілді.
Желке шашын тізгін ғып,
Бар киімін шешінді.
Екі емшекке тепкілеп,
Келе жатқан секілді.
Кейқуат сонда сөйледі:
«Қарақан тауда хан нем,
Жарылқаса еркі нем,
Алпамысқа жүр жылдам,
Шу, жануар, ту бием».
Келді ордың басына,
Алпамыс ордың ішінде,
Сөйлесті кіші бесінде.

Онда ордың басына келіп Қаракөзайым: «Алпамыс, бармысың?»— деп айқайлайды. Алпамыс: «Бармын»,— деп жауап берді. Онда Қаракөз айтты: «Сенің жолында жүргеніме жеті жыл болды, сонан бері келгенімде көргенім осы, енді мен сені қандай ғып шығарып аламын?»— деді. Онда Алпамыс айтты: «Сен мені шығарып ала алмайсың, Шұбар атым қайда? Сол шығарады»,— деді. Қыз айтты: «Атың патшаның қолында, жеті қабат темір үйде. Сыртынан қанша адам бағады, мен оның маңайынан жүре алмаймын»,— деді. Онда Алпамыс айтты: «Мына бір кемзалыма неше жылдан бері терім исі сіңіп кетті, осыны ішіңнен ки, шашыңды түй, әкеңнің аула-жайын аралап, диуана болып жүр»,— деді. Онда қыз: «Күп болар,— деп, кемзалды киіп алып, шашын шекесіне түйіп алып, көлендерлік киім киіп, әкесінің ордасын аралап, айналып жүре берді. Жел жағынан ық жағына өтіп бара жатқанда Шұбар ат темір үйді теуіп жіберіп, талқан қылып, мойнынан асырып жіберді, бағып тұрған қалмақтарды қашырып жіберді. Оқыранып шауып келіп диуананың қойнына тұмсығын тығып, үш мәртебе айналып тұра берді. Онда патша келіп: «Жынды диуана, сен Алпамыстың өзімісін, болмаса көзімісін?»— деді. Диуана айтты: «Е, патша, Алпамыс менен он есе үлкен емес пе?»— деді. Патша ойланып: «Алпамысты көргемін, ол сенен үлкен-тұғын»,— деді. Диуана айтты: «Мен ілгеріде Жиделі Байсын деген жерге, қоңырат деген елге барған едім. Сонда бұл Байшұбар құнан еді, ит тиіп ауырған екен, мен түкіріп емдеп жазған едім. Диуана, сол күнде қандай едім, қазір қандай күйде тұрмын деп маған шағып жылап тұр»,— деді. Онда патша айтты: «Ей, диуана, осы Шұбар маған үйренбей жүр, үйретіп берші!»— деді. Диуана: «Күп болады, үйретіп берейін!»— деді. Онда патша: «Не берейін?»— деді. Диуана айтты: «Тақсыр, қырық арқан, қырық қойдың құйрығын, Алпамыстың қару-жарағын беріңіз»,— деді. «Мен қайтер екем? Жеті күн өтіп, сегізінші күні келіңіз»,— деді.— Үйретіп берейін, шарқ ұрып көше-көшеде жүріңіз»,— деді. Патша бәрін түгендеп берді. Алпамыстың қару-жарағын, киім-кешегін бірін мойнына, бірін беліне байлап, патшаны: «Үйіңізге бара беріңіз!»— деп алдап шығарып салып, диуана Шұбар атты жетектеп, орға қарап келе жатқан жері екен.

Қаракөзайым қуанып
Қапалы көңлі жұбанып,
Темір үйдің ішінен
Шұбарды алды шығарып.
Сол уақытта Шұбар ат,

Үш мәртебе айналып,
Тұмсығын тықты қойнына.
Арқа басын сипалап
Тұмарын тақты мойнына.
Жау-жарағын, киімін,
Сыйғызды тұла бойына,
Мінетұғын болдым деп,
Патшаның кірді ойына.
Екі жыл ұдай қатырып,
Шабамын деп жүр тойымда.
«Так, жануар, так, так»,— деп
Шұбар атты жетектеп,
«Жоламаңдар қасына
Өлтіреді тентек»,— деп.
Қалмақты кейін қашырды,
Қыз айласын асырды.
Қай көшеден өтед деп,
Басып-жаншып кетед деп,
Шұқыр жер болса тығылып,
Қалмақтар бойын жасырды.
Жаңа ұстаған құлындай,
Жылтылдаған жұлындай
Жетіп келді алысып,
Екі қолы қарысып
Алпамыс жатқан орына-ай.
Зынданға арқан жіберді
Бір ұшын байлап мойнына-ай.
Кетті арқан салбырап
Шынжырлары салдырлап,
Қараса бала жоғары
Келді арқан жалбырлап.
Қуанған менен қорыққан бір
Түрегелді қалтырап.
Өтірік пе, шын ба деп
Ұстады барып аллалап.
Ғайып-ерен қырық шілтен
Көтерді жерден қауғалап.
Бабай түкті Шашты Әзиз
Келе жатыр аймалап.
Қаракөзайым тартады
Жер түбінен саумалап.
Тартты Шұбар ышқынып
Жерді тепсіп пысқырып...
Келіп қалды шамалап.

Шықты Алпамыс қайқадап.
Ордың басын жағалап,
Ордан шығып алғансын,
Кеулі мекем толғансын
Құйрыққа әбден тойғансын,
Қуаттанып болғансын,
Жарағын киді салданып,
Жалаң қылыш байланып.
Ызасы өткен қалмаққа
Шабайын деп ойланып.
Омырауын иіскелеп,
Жылдам мін деп тістелеп,
Тұрды Шұбар айналып.
Алмадай мойны ұзарып
Екі көзі қызарып,
Құйрығын салып сыртына
Жан-жаққа тұрды таңланып.
Кіндігін тартып баурына,
Құйрығын салып сауырына,
Жерді теуіп ыскырып,
Жын ұрғандай сандалып,
Темір үйдің ішінде
Жеті жыл жатқан қамалып.
Қырық арқан бойы зынданнан
Егесін алды шығарып.
Үш секіріп, үш түсті,
Шабамын деп қуанып.
Сөйлесті біраз екі шер
Біріне-бірі білдіріп.
Қалжыңдасып, ырғасып,
Әзілменен күлдіріп.
Баланың көңлін шат қылды
Бетіне бетін тидіріп.
Қапаларын шығарды.
Ақ тамағын сүйдіріп...
Көтерді қыз қолтықтап
Баланы атқа міндіріп.
Ақсандай басып жөнеді,
Қалмаққа ерді жүрдіріп.

Сол уақытта Алпамыс
«Алла»,— деп атқа мінді енді.
Жәрдем тілеп пірлерден
Қалмаққа қарай жүрді енді.

Шұбарды алдап алғанын
Ақылменен Тайшық білді енді.
Көзінің жасын ағызып
Жағасын дал-дал жұлды енді.
Өгіздей-ақ өкіріп,
Өзін тақтан ұрды енді.
Керней, сырнай тарттырып,
Қырық қақпалы қалаға
Тегіс хабар берді енді.
Әрқайсысы бір жақтан
Жүз мың әскер келді енді.
Майданға тақты құрғызып,
Қатар-қатар тұрғызып,
Тайшық хан таққа мінді енді.
Алды-артын бірдей ғып,
Сап тартып әскер тұрды енді.
«Мұның өзін қара,— деп,
Қаңғырып жүрген бала»,— деп,
Мазақ қып әскер күлді енді.
Қалмақтың көріп күлгенін
Алпамыс қыран түрленді.
Тайшық хан айтты:

«Балуандар,

Замана бізге болды тар,
Шошынбайын деймін-ау,
Түсімде көрген сырым бар.
Патшалыққа лайық
Біреп күн ермек қылайық
Жекпе-жекке бірің бар.
Қайсың барсаң, оның бар,
Шұбарын тартып мініп ал.
Шырылдатып тауықтай
Желке шашын жұлып ал.
Аямаңдар бала деп,
Ала алмай жүрген кегім бар».
Сол уақытта бір қалмақ
Аты ердің Таймас ед.
Қолындағы күрзісі,
Отыз батпан алмас ед.
Қаһарланып сілтесе,
Тау болса да қалмас ед.
Бірге жасын жасасқан
Тайшық ханмен жолдас ед.

Неше майдан соғыста
Аш қасқырдай тоймас ед.
Ерегіскен дұшпанын
Еңселетпей қоймас ед.
Таймас айтты: «Падиям,
Әуелі өзім барайын,
Айтқаныңды қылайын.
Ерлікке берсең Шұбарды,
Баланың басын қағайын.
Ырза болсын күшіме
Көріп тұрған ағайын».

Осыны айтып болды да,
Шыға берді құтырып.
Ителгідей жұтынып.
Басқа қалқан төңкеріп,
Күрзісін келді көтеріп.
Өзінен басқа жан жоқтай
Жетіп келді ұмтылып.
Қарсы ұмтылды Алпамыс
Ақ тұйғындай құнтыып.
Ауадан құйған тұйғындай
Бір ұрып кетті сыпырып.
Ұшып кетіп кәлласы
Денесі қалды отырып.
Астына мінген керігі
Шыға келді ойнақтап
Жап-жалаңаш сытылып.
Мұнан кейін бір қалмақ
Ашуланып долданып,
Шыға келді жүгіріп.
Жапыратын немедей
Етегін белге түрініп.
Жауатұғын бұлыттай
Келе жатыр құбылып.
Ұрсатұғын батырдай
Қылышын белден суырып.
Бара ғой деген ешкім жоқ,
Өзінен өзі жын ұрып.
Өлемін деген ойда жоқ,
Жігіттіктің буы ұрып.
Мұны көріп Алпамыс
Тұра қалды кідіріп.
Басын қағып жіберді,

Жұдырықпен бір ұрып.
Ұшқан кәлла жөнелді
Қалың топты аралап.
Кеудесі жатыр орнында
Қолымен санын сабалап.
Ұстайын деп қалмақтар
Кәллаға қарай ұмтылды.
Ортаға алып қамалап
Жаны жоқ кәлла не білсін
Бес-алтауын өлтірді,
Он шақтысын жаралап.
Сол уақытта Таймастың
Жалғыз ұлы бар еді,
Жарап жүрген нар еді.
Қайсыбірін айтайын,
Сайманы түгел сай еді.
Тайшық хан айтты келді де:
«Майданға, балам, бар!— деді.
Әлгі ит өлді бекерге,
Әкенің кегін ал!»— деді.
Күшіне сенген ер еді,
Әкесімен тең де еді.
Шыға келді құтырып,
Жарап жүрген нардай боп,
Сүйретіліп аяғы
Кіші-гірім таудай боп.
Қарсы ұмтылды Алпамыс
Қысыр емген тайдай боп.
Қарсыласты екі шер,
Үркер менен айдай боп.
Жетіп келіп қасына,
Салып кетті басына,
Құлады қалмақ жардай боп.
Біле алмады өлгенін
Келісімен қандай боп.
Үшеуі жатты тенкейіп
Байлаған орып баудай боп.
Сол уақытта бір палуан,
Келе жатыр ұмтылып,
Аяғын жерге сүйретіп,
Олай-бұлай шапқылап
Мінген керігін үйретіп.
Неше дәу, неше пілдерді
Өлтірген еді күйретіп.

Келе қалмақ сөйледі:
«Мұның қалай, жас бала,
Қайратқа сенген, мас бала?!
Сірә, бір кезек бермедің,
Ерлердің жолын білмедің,
Сенің мұның масқара!
Батыр болсаң кезек бер,
Басыңа қалқан ұста да».
Сонда батыр сөйледі:
«Көзіме толды қанды жас,
Ешбірінді көрмеймін,
Білгенінді қыла бер,
Ажалсыз болсам, өлмеймін.
Әдісің көп халықсың,
Сендерге, сірә, сенбеймін.
Қырық арқан бойы зынданда
Жеті жыл жаттым мен деймін,
Жеті мың қалмақ өлтірмей
Сірә де кезек бермеймін».
Осыны айтып болды да,
Екі ер соғыс бастады.
Шегінісіп қошқардай
Бірінен бірі қашпады.
Тап бергенде, шап беріп
Жағадан бала ұстады.
Бірін-бірі сілкілеп
Ат үстінде мұштады.
Қықылдап қалмақ буынды
Балаға күші аспады.
Мәлім болды халыққа
Баланың күші асқаны.
Ақ қанжарын суырып,
Заманасын қуырып,
Атыменен қалмақты
Екі бөліп тастады.
Мұны көріп Тайшық хан
Екі көзін жастады.
Бала тұрды ақырып,
Жылдам кел деп шақырып.
Қалмақтар қадам баспады,
Тайшық хан енді жылады,
Қайғыменен көзін бұлады.
Жүз мың әскер келсін деп,
Жан-жаққа мойнын бұрады.

Енді қалмақ ат қойды,
Жүз мың әскер лап қойды.
Қарсы ұмтылды Алпамыс
Қамысқа түскен қудай боп.
Біреуді біреу білмеді,
Біреуді біреу көрмеді.
Аспаннан түскен нұрдай боп.
Есепсіз қалмақ қырылды
Жабысқан будан удай боп,
Майданнан аққан қызыл қан
Сарқырап ақты судай боп.
Ол уақытта еш соғыс
Өткен емес мұндай боп.
Рүстем-Дастан бір майдан,
Өткен екен сондай боп.
Өліктері төбе боп,
Төскейден шапқан қырдай боп,
Есебі жоқ өліктің
Домалап жатыр пілдей боп.
Неше ерлер айрылды
Әскерінен жұрдай боп.
Қалған қалмақ жабылды,
Әр жерден қақты дабылды.
Жердің жүзі көкпеңбек,
Күннің де көзі шағылды.
Құбыладан соққан дауылдай,
Түрленіп бала қағынды.
Майданнан аққан қызыл қан
Өзенге сыймай ағылды.
Қылыш тисе шақ етед
Мылтық тисе тақ етед,
Мысалы бала шойын-ды.
Күннен-күнге өшігіп,
Көрсетті батыр ойынды.
Бес байталдың кесірі —
Қанша ердің басы жойылды.
Қалған қалмақ қайрылып,
Бірінен бірі айрылып,
Қалаға қашып барады.
Бекітіп алды қаланы,
Далаға тастап баланы,
Қалаға бала кіре алмай,
Не қыларын біле алмай,
Бұл шәһәрден айналып,

Түн ортасы өткенде.
Таң мезгілі жеткенде
Бір тесікті табады.
Ар жақтан хабар алмаққа
Тесікке шауып барады.
Көрінбейді еш нәрсе,
Абайлап әбден қарады.
Астындағы Шұбар ат
Оскырып, үркіп бармады.
Не бар ед деп тесікте,
Кірмейсің деп есікке,
Шұбарды бала сабады.
Ашуымен қамшының
Енді Шұбар ырғыды.
Оқ жыландай сырғыды
Арқан бойы жазылып,
Тесіктің асты қазылып
Өтіп кетті лып етіп.
Жерге тимей аяғы,
Асыл біздей жылт етіп,
Ар жағында бір жерге
Түсті барып дік етіп.
Шынжыр арқан темір тор
Түсіп қалды сылқ етіп.
Салмағына шыдамай
Шұбар да қалды ыңқ етіп.
Тесіктің асты ор еді,
Ор жағалап отырған
Қалың әскер қол еді.
Кірмегені Шұбардың
Әсіресе сол еді,
Қазыналы хандағы
Есепсіз түрі мол еді.
Балаға тағы жабысты
Ілескен жастан сор еді,
Атаңа нәлет қалмақтар
Бір ақыл ойлап табады,
Жалғыз ауыз жол қылып,
Бекіткен екен қаланы.
Темір шынжыр арқаны
Ұстап берді баланы.
Ауырлығы бір батпан,
Бұршақтай шокпар ұрады.
Дөңгелге қаққан қазықтай

Касқайып бала тұрады.
Берен мылтық батырлап,
Бұршақтай оғы жауады...
Алпамыс тағы зарлады,
Құдайға қылып наланы:
«Жат еттім әуел жалғыз хақ,
Өзің жалғыз, мен де так,
Тақ ерлерге өзің жақ,
Өзің жалғыз,

мен жалғыз
Беремін десең кәне бақ?!
Аға-іні менде жоқ,
Өліп кетсем артым шак.
Қысылғанда қолдай көр,
Әкеме берген, аруақ!
Түп қара ағашы қасында,
Ақ шеңгелдің басында
Жылы бұлақ, бір бұлақ,
Армандамын бара алмай.
Басына жағып жұп шырақ!
Қолдай көр бүгін балаңды
Сіздер жарсыз, біздер дақ.
Айналайын, Шұбар ат,
Бұл дүниеде бар ма екен,
Мен секілді ақымақ?!
Ғайып-ерен пірлерім,
Бұл бәледен өзің қақ!
Келіп түстім торына,
Кемпір салды орына,
Жеті жылды өткізіп,
Шығып едім зорыға.
Алмаймын деп тілінді.
Тағы түстім торына,
Тепкенінде кемпірді.
Өлтірмедің сорыма».
Осыны айтып өкірді,
Келгеніне өкінді,
Өкінгенін білді де,
Астында Шұбар секірді.
Жазым болып кетер деп,
Үстінде бала бекінді.
Шынжыр арқан, темір тор,
Жүн-жүн болған секілді.
Тағы Шұбар бұлқынды,

Үстінде бала жұлқынды,
Қамалап тұрған қалмаққа
Жалғыз бала ұмтылды.
Енді қалмақ сасады,
Қақпаның аузын ашады.
Біріне-бірі қарамай,
Қақпаға құлып сала алмай
Бет-бетімен қашады.
Алдыңғы жағын қалмақтың
Арт жағы келіп басады,
Көп мырзаны ат басты,
Өліктері қан тасты,
Көбісі таудан енді асты,
Көк орданың басында,
Көк өзеннің қасында,
Тайшық хандай ханына
Алпамыс берен айқасты.
Қарсыласып қалысты,
Тайынбай найза салысты.
Біріне-бірі ылағып,
Екі найза қағысты.
Осыменен екеуі
Біраз жерге барысты.
Найзаларын тастасып,
Қылышпенен салысты.
Ат үстінен жүгіртіп,
Бірін бірі шабысты.
Олар майдан ішінде
Түзетті бұлар ұрысты.
Ойын екен бұрынғы
Ірілетті жұмысты.
Ордан бала шыққалы
Алған жоқ әлі тынысты.
Екеуі де болдырып,
Атының басын бұрысты...
Алпамыстың аруағы
Тайшықтың үстін басады.
Мұны біліп Тайшық хан
Қалаға қарай қашады.
Қақпаның жетіп аузында
Тайшық ханды шаншады.
Састырды енді хандарын,
Шырқыратып жандарын.
Талауға салып жіберді

Қазынадағы малдарын.
Өлтірді дұшпан бектерін
Найзамен шаншып

бүйректен,

Алды әбден кектерін.
Біріне бірін қоспайды
Арт жағынан келгенін.
От қойып өртеп жіберді
Бір жерге жинап өлгенін.
Қаланың аузын қан қылды,
Қақпаның аузын шаң қылды,
Айдарлысын құл қылды,
Тұлымдысын тұл қылды,
Көрген түсін Тайшықтың
Өтірік емес, шын қылды,
Ашуы баланың тарамай
Кез келгенін қырады,
Бір жерлерге келгенде.
Баяғы мыстан шешесі
Көлденең тартып тұрады.
Әуелгі дұшпан кемпір ед
Заманын қандай қылады.
Осыны қайтсем екен деп,
Ар жаққа кеулін бұрады,
Жаны шығып шошайып,
Әр жерге кемпір бұғады,
«Аманбысың, шеше?»— деп,
Мазақтап бала сұрады,
«Жүрмін ғой,— деп,—

шырағым»,

Қамығып кемпір жылады.
Жұдырығын түйіп ап,
Ауызға бала ұрады,
Екпініне шыдамай
Шалқалап кемпір құлады.
Осы аузың маған қылды деп,
Езуін тіліп жырады.
Талқан болып ауызы
Азудың бәрі сынады.
Толғанынша іспелеп,
Аузына тасты тығады.
Жарылып кетіп жүрегі,
Осымен кемпір тынады.
Тірсегінен тіледі,

Бәйтерекке іледі.
Көрсетіп қойды халыққа
Үрген местей бұлттып,
Бар киімін шешіп ап,
Бөксесін қойды тырттып,
Дұшпанның бәрін өлтіріп,
Батырдың көңлі тынады.
Қалмақтың өлмей қалғанын...
Кейкуатқа көндіріп,
Бағындырып қояды.
Патша болды Кейкуат
Қалмақтың қалың еліне.
Әділдігін жүргізді,
Ешкімнің көнбей ебіне.
Бақ қонарда жігітке,
Азы не, сірә, көбі не?!
Керней-сырнай тарттырып,
Даңғырап дабыл қақтырып,
Барып түсті Алпамыс
Қаракөзайым үйіне.
Кер маралдай керіліп
Басарына ерініп,
Ханның қызы Қаракөз,
Түсті шалқып күйіне.
Қыздар жүр бетін шымшылап,
Тиіп ек деп көңліне.
Енді қыздар ойнады,
Қой десе де қоймады,
Тізесіне асылды,
Шөге жатқан нардай боп
Мойынына асылды,
Қысыр емген тайдай боп.
Түзетті қыздар қатарды,
Құлаған жаңа жардай боп.
Ортада отыр Қаракөз
Он бесте туған айдай боп,
Қызыл күрең ірені
Құбылып отыр шамдай боп.
Адамзаттын баласы
Туады екен мұндай боп,
Оқтаудай бойы бұрылып
Тартып қойған сымдай боп.
Сөйлеген сөзі қырмызы
Қамырдан тартқан қылдай боп,

Сүйкеніп өтсе денесі,
Тиеді жұмсақ ұндай боп.
Арманы бар ма жігіттің
Қосылса жары сондай боп?!
Жұрметүз деген бір қыз бар,
Қыздардың жүрген ішінде,
Сұрме тартып көзіне,
Орнатқан гәуһар тісіне.
Алтын шашбау жарқылдап,
Байланған шаштың ұшына...
Құлпырады құбылып,
Неше алуан түсі де.
Қараңғы үй жарық болады,
Жатарында шешіне.
Ата-анасы болмаса,
Көрінбеген кісіге.
Жер астындағы гәуһардай,
Болады кімге несібе?!
Аламын деген дәулер көп,
Сыртынан жүріп есіре,
Кейкуат келіп ойнаса,
Итереді өшіге,
«Өнім түгіл, Кейкуат,
Көрінбе,— дейді,— түсімде!»
Басы ойындай алысып,
Аяғы шындай ұрысып
Қалған екен екеуі.
Сол күні күннің кешіне
Кейкуат кетті ыза боп,
Шыдай алмай пешіне,
Жұрметүз келді құбылып
Алпамыстың қасына.
Мойынынан құшақтап,
Отыра кетті басыла.

Алпамыс айтты: «Жұрметүз,
Кесірің бар басыңда!
Достығың маған белгілі,
Арман жүр енді асылма».
Жұрметүз сонда сөйледі:
«Не десең де еркін бар,
Қақпаймын, жезде, қолыңнан!
Жаңа жеттік мұратқа,
Осы келген жолыңнан!

Аруағына ырзамын
Ажыратқан сорыңнан!
Шықпай жүр ме ойыңнан,
Жердің зәрі қалмайды,
Қыздардың шықсаң қойыңнан!
Жердің асты у болар,
Арылар сонда бойыңнан!»
Бұл сөзді естіп Алпамыс
Қарғып тұрды орнынан.
Кейқуатқа некелеп,
Қосып берді қолынан.
Риза болды Жұрметүз,
Болғандай ғашық бұрыннан.
Танадай көзі жаркылдап,
Алтын кебіс сартылдап,
Ілесіп алып жөнелді
Кейқуаттың соңынан.
Келіп мініп тағына,
Ие болып бағына
Арылды жазған сорынан.
Боларында кісіге,
Келмейді қайдан несібе?!
Болмасына келгенде,
Жіберер ісін өшіре.
Кейқуат айтты: «Жұрметүз,
Қылғаның бар ма, есінде,
Өзіңе өзің берік бол,
Түсірейін есіңе!»
Жұрметүз айтты: «Падишам,
Жүр едім сізді пісіре,
Қалжың менен ойынды
Кек тұтасыз несіне?»
Осыны айтып Жұрметүз,
Көрпеге кірді шешіне,
Ақылы бар, ми толық,
Тұрады сөзге түсіне,
Түсінбесең мейілің,
Ұзатам сөзді несіне.
Түсінген халық риза бол,
Кейқуат патша күшіне.
Керней, сырнай тарттырды,
Даңғыр, дабыл қақтырды,
Кішміш, мейіз жегізіп
Шұбар атты бақтырды.

Неше дәулер, неше ерлер
Қызметіне тақ тұрды,
Күніге көкпар шаптырды.
Ханның қызы Қаракөз,
Алпамыс берен батырға
Қосылмақты жақтырды.
Еңбектің көріп ретін,
Алпамыс қызды ап тұрды.
Осыменен арада
Отыз екі күн өтті.
Отыз үш болып түн жетті,
Қалмақтың қалың шәһәрін
Кейқуатқа билетті,
Сол күні жатып ұйқыдан
Алпамыс батыр түс көрді,
Түсінде жаман іс көрді,
Төсегінің үстінде
Бір күшіген құс көрді.
Түсі суық құс екен,
Бір түнде соны үш көрді.
Ақырында Алпамыс
Өзі барып ұшырды,
Айбатымен қорқытып
Қайтадан жерге түсірді.
Кәлласын кесіп денеден,
Өкпе-баурын пісірді.
Бір сойқанның болғанын
Ауылын жаудың алғанын
Ақылмен байқап түсінді.
Ойланды бала қайтпаққа.
Жол азабын тартпаққа.
Қайғы түсті көңліне,
Тақат жоқ қайтып жатпаққа.
Қаракөзайымды оятты
Қайтамын деп айтпаққа.
Бұл сырды біліп Қаракөз
Қарғып тұрды орнынан.
Қараса түннің іші екен,
Шошынды тұла бойынан.
Сол күні түнде түсінде
Ұшырған екен бұ-дағы
Ақ тұйғын құс қолынан.
«Айтсаңшы енді, ерім?» — деп,
«Не сыр көрдің бүгін?» — деп,

Құшақтады мойнынан.
Алпамыс айтты баяндап,
Түндегі көрген сырынан.
«Аһ,— деді қыз сорлы,—
Арылмадым ба сорымнан?!»
Көзінің жасы ағылып,
Көрпенің шетін жамылып,
Тұра алмады қойнынан.
«Шұбарды әкеп ертте,— деді,
Көп кешігіп кетпе»,— деді,
Тұрғызды сүйеп қолынан.
Жылап-еңіреп жөнелді
Ылажының жоғынан.
Жолға түсіп елбеңдеп,
Жылайды жазған еңкеңдеп.
Шешіп ала жөнелді
Тұра алмады кідіріп.
Сылап-сипап ерттеді,
Көзінің жасы төгіліп
Өксіп-өксіп жіберді.
Тізесін басып бүгіліп,
«Қалдым ба,— деп, айрылып?»
Қабырға кетті сөгіліп.
Сол уақытта Алпамыс
Далаға шықты жүгіріп.
«Кеттің бе,— деп,— шынымен?»
Сөйледі сұлу бұрылып.

«Қош, аман бол, алғаным,
Алаша төсек салғаным,
Табанымнан тас өтіп,
Маңдайыма күн өтіп
Қайғысын шектім даланың.
Қызығын да көре алмай
Ата менен ананың...
Ақылы кәміл дананың.
Жаныңа сенің құрбан ғып,
Еліме ойран салғаным.
Ата-анамнан айрылып,
Сырдай болып қалғаным.
Еш болмаса балаң жоқ,
Артыңда белгін қалған жоқ,
Ішімде кетті-ау арманым.
Арман емей немене,

Алдыңнан кетсе алғаның,
Алғаныңнан айрылсаң,
Қызығы бар ма жалғанның,
Мінемін дедің, мін енді,
Жүремін дедің, жүр енді,
Көрермін басқа салғаның
Болмаса неғып ілесіп,
Шұбар атқа мінгесіп,
Еліне неге бармадым.
Қыз деген ердің олжасы
Ат көтіне салмадың.
Алғаның кәміл пірің деп,
Аятын көрдім құранның.
Аман барып, есен жүр,
Жолыңа мен бір құрбаның.
Қош енді, ерім, қош енді.
Қош деп айттым үш енді,
Әмірі шығар алланың!»

Алпамыс сонда сөйледі,
Сөйлегенде бұй деді:
«Затың әйел болған сон,
Ақылың сенің кем, деді.
Мен кеткенсін, сен кетсең,
Бұзылмай ма ел, деді...
Шұбар атым бар болса,
Келемін демде мен, деді.
Алтын қазық сен болдың,
Айналатын мен болдым,
Тұра бер мұнда сен, деді.
Ерлі-зайып арасы,
Айтқаның да жөн, деді.
Ақ сұңқар ұшар жем үшін,
Туады ерлер ел үшін.
Болған білем ата-анам,
Қарақұс қуған көгершін,
Жеті жыл болды кеткелі
Қандай боп қалды үй ішім.
Үйде отырсаң, түзің жоқ,
Түзге шықсаң, үйің жоқ
Жалғыздың күні құрысын!
Тоқтай алмай барамын,
Ағайын-туған, ел үшін.
Бейнет шектің мен үшін,

Келермін қайтып сен үшін.
Ризалықпен жауап бер,
Алысайық қол ұшын?»

Осыны айтып Алпамыс
Шұбарға келді мінгелі,
Құбылып шықты құлпырып,
Өңшең жібек кигені.
Көтерді сұлу қолтықтан
Екі көзі сүрмелі.
Құшақтады мойнынан
Алпамыс берен сүйгелі,
Бетіне беті тигенде,
Ақ тамақтан сүйгенде,
Басылды іштің күйгені.
Алмас қанжар асынып.
Жеңіне тығып жасырып
Тұр еді сұлу өлгелі.
Қош айтысып сұлумен
Алпамыс берен жөнелі.
Жөнеген кезде түн еді
Анадай барып қайрылып,
Үш мәртебе келеді.
Айтатын басқа сөзі жоқ,
Сәлем бер деп тіледі...
Көзінің жасы ағылып,
Мойнына гәуһар тағынып,
Күндіздей түнге шағылып,
Қолына шылым береді.
Ақылменен аңғарып,
Қимағанын біледі.
Қыз да болса дана еді,
Әкесі Тайшық хан еді.
Рахымы оның келеді,
«Есен барып, сау қайт», — деп,
Аузынан бата береді.
Сол уақытта Шұбар ат,
Ауыздық басып ауызға,
Қоя бер деп сүзеді,
Айтып ауыз жиғанша
Қарап көзін жұмғанша,
Ғайып болды Шұбар ат.
Кеткенін де білмеді,
Енді бала жөнелі.

Шұбардың басын түзеді.
Алпамыс қашып кетед деп,
Қалмақтың келді көңліне.
Қашты деген ат болды,
Кетпегенсін көріне.
Ертеңіне ойланып,
Түсініп қалды Қейқуат,
Алпамыс қылған ебіне.
Ақылынан адасып,
Жынды адамдай бал ашып,
Ханның қызы Қаракөз
Отырды жылап күніге.
Енді Шұбар шабады,
Жер жобасын табады.
Аяғы тиіп ерніне.
Шабатұғын жүйрікке,
Ылдиы не, өрі не,
Тигізбейді шаң-тозаң
Судай аққан теріне.
Құныға шауып жануар,
Түсті әбден күйіне,
Алпамыс жетсе үйіне
Жіберер дейді үйірге.

Сол уақытта Алпамыс
Жат қылады еренді,
Шұбардың басын жіберді,
Таудан аққан тасқындай
Төгіліп Шұбар жөнелді,
Адыр-адыр бел еді,
Адам корқар жер еді,
Неше қиын жерлерден
Тегістей шауып келеді,
Мейлі дала, мейлі адыр
Теп-тегіс болды жер енді.
Айдын-айдын көл еді,
Көлдің де аты көп еді,
Жарбандап ұшқан қарғадай
Аяғы жерге тимеді.

Сонда Алпамыс сөйледі:
«Айналайын, Шұбар ат,
Қолтығында бар қанат,
Жазым болып жығылсан,

Бір шұқырға тығылсан,
Өлмеймін бе мен?!»— деді.
Бұл сөзге Шұбар шамданып,
Мұнан да жаман өрледі.
Кешегі шабыс бүгін жоқ,
Төрт аяғы атқан оқ,
Әртүрлі шабыс бастады,
Пайда еткен жоқ балаға,
Шабыстан қорқып сасқаны.
Алдында жатқан аңғарды
Жер ошақтай тастады,
Екі көзін тарс жұмып,
Бала да ерден ұстады,
Енді Шұбар ұмтылды,
Құбылып ұшқан сұңқардай,
Жердің жүзін сыпырды,
Қалың жыныс ағашта
Қос құлақты жыпырды.
Ықтияр кетіп өзінен,
Лажсыз бала отырды.
Басын жерге салмады,
Су ішіп мейрі канбады.
Осындай болып танбастан
Отыз күн шапқан сықылды.

Келді Алпамыс сәлемет,
Құстай ұшты Шұбар ат,
Жиделінің шетіне,
Жаман-жақсы әр жұмыс,
Жігіттің болмақ ниетіне,
Жайылып жатыр көп жылқы,
Жиделінің бетінде
Оқыранды Шұбар ат,
Үйірін танып секіре,
Күллі жылқы шұрқырап,
Ілесіп алды артына.
Анасы да бар екен,
Баласы да бар екен,
Тигізді бетін бетіне.
Айғырларын тістелеп,
Құлын-тайын иіскелеп,
Баланың көнбей еркіне.
Оқыранып Шұбар ат,
Шығарды даусын өкіре.

Жана түсті есіне,
Жүргеніне өкіне,
Тағы да бала тоқтады,
Босаған кеулі бекіне.
Аман-есен келгесін
Жеткендей болды сертіне.

Онда Алпамыс батыр көңлін қатайтып, жүрегін тоқтатып келе жатса, жолында бір шатыр тұр. Алпамыс шатырға келсе ішінде бес бек ұйықтап жатыр, бес бектің алдында біреу мысыға шай қайнатып отыр. Біресе жылап, біресе қалғып отыр, назарын салса, әкесіне немере Құлтай деген бабасының Тортай деген жалғыз баласы бар еді, сол екен, бес бекке қараса, Алпамыс өзі барында жылқы бағатын бес құлы екен. Бұл бексеуін танып, жай-мәнісін сұрағалы диуаналық киім киіп: «Аға, бұл кімнің жылқысы?»— деп сұрап тұрған жері еді.

Сонда Алпамыс сөйледі:
«Ассалаумағалайкүм,
Қарахан тауда бабамыз,
Сірә қабыл болғай да,
Аға, сіздің тобаңыз,
Осы бағып жүргенің
Қандай бектің жылқысы,
Бишара болған, бабамыз?!
Кірекеш едік жолаушы,
Қалаға кіріп барамыз,
Байсын деген өз елім,
Жиделі Байсын қаламыз.
Бөтен емес, бөгде емес,
Осы жерде туған баламыз,
Жеті жыл болды кеткелі
Ажырасып арамыз.
Біз кеткенде тірі еді,
Ата менен анамыз.
Айналайын, құдай-ау,
Хабарын кімнен аламыз?!»

Сонда Тортай сөйледі:
«Мінген атың қаракер,
Жалғызға құдай пана бер,
Заманым кеткен сорлымын,
Менен несін сұрайсың?!
Көп сөйлемей бара бер,

Жиделі Байсын жерінде,
Қонырат деген бай еді,
Төрт түлік малы сай еді,
Мандайында сорлынын
Жалғыз ұлы бар еді.
Жалғыз да болса, нар еді,
Байбөрінің жылқысын
Тайшық хан алып жөнеді.
Әкесі айтты балаға
Артынан қуып бар, деді,
Қалмақтан кегімді ал, деді,
Ала алмасаң кегімді
Пенде боп сонда қал, деді.
Шыдай алмай ашуға,
Артынан қуып жөнеді,
Кеткенсін қайтып келмеді,
Өткеннен де сұраймын,
Кеткеннен де сұраймын,
Хабарын ешкім білмеді,
Жеті жыл болды кеткелі,
«Ел-жұртым қалды» демеді.
Ұшырадық зорлыққа,
Көніп жүрміз қорлыққа
Тілекті алла бермеді.
Ұлтан құл деген бек болды,
Болғанына көп болды,
Халыққа қорлық көрсетіп,
Қазына малды жеп болды.
Қарахан таудың түлкісі,
Келмейді ердің күлкісі,
Осы бағып жүргенім,
Кешегі кеткен жас берен,
Алпамыс ердің жылқысы.
Қарахан тауда қамалым,
Баяғыдай бола ма,
Алпамыс келіп заманым?!
Ежіктеп мұнша сұрадың,
Әр сөздің басын құрадың,
Естідің бе, қарағым,
Келіп тұр менің жылағым,
Қім едің өзін, шырағым?!»

Онда бұл сөзді естіп бес бек ұйқыдан оянып: «Ей, қақбас, Алпамысты бізден сұра, Алпамыс қалмақтың қолында өліп

кеткен, ел қыдырған даяуана не біледі, шайынды қайнат!»— деп ұрып-соғып қуалай берді. Онда Алпамыс батыр бес бекке келіп араша сұрап: «Жігіттер, бұларың қалай, мені сыйлаңдар, болмаса мен де сіздерге өнер көрсетемін»,— деп тұрған жері еді.

«Араша, батыр, араша,
Арашалап бұлардың
Қасына келді жанаса,—
Араша деп тілеймін,
Тындағын сөзім жараса.
Арашаны білмесең
Іс қыламын тамаша!
Қойсана, батыр, қойсана,
Ашуы жоқ болсана,
Қой дегенде қоймасаң
Түсірермін ой-сана!
Айналдырған алтауың
Бір кісідей болсана».
Қой десе де қоймады,
Қоятұғын болмады.
«Бұл иттерді қайтем» деп,
Ер Алпамыс ойлады.
Буырқанды, бұрсанды,
Мұздай темір құрсанды,
Мойнындағы сотамен
Әрқайсысын бір салды.
Асаменен басқа ұрды,
Тұра алмастай тас қылды.
Бір ұрғанды көтермей,
Бесеуі де мырзаның
Жанын хаққа тапсырды.
Бесеуі де өлгесін
Алпамысты көргенсін,
Тілегін алла бергенсін
Айқай сап Тортай өкірді.
Мұны көріп Алпамыс
Тақат қылып тұра алмай,
Атынан түсе секірді,
Бірін бірі құшақтап,
Көзінің жасы бұршақтап,
Көрісе берген секілді.

Көрісіп болған соң Алпамыс айтты: «Ей, аға, елдің жайы қалай?»— деп сұрады. Тортай айтты: «Ей, шырағым, елдің

несін сұрайсың, өзіннің Ұлтан құлын бек болды, менің тілегімді тілемей, Алпамыстың тілегін тілейсің деп әкенді түйеге салып, атаң Құлтайды қойдың соңына салып қойды. Өзіңнен қалған жеті айлық балаң Жәдігерді жалаң аяқ, жалаң бас, мойнына шынжыр, аяғына кісен салып қозы бактырып қойды. Өзгесін не қылайын, әсіресе, өзіңнің Гүлбаршын жарыңды аламын деп отыз күн ойын, қырық күн тойын қылып, басып-көктеп бүгін кешке некесін қиятын күні, шырағым, тілімді алсаң, ер-терек бар»,— деді. «Алпамыс келді деп ешкімге айтпа»,— деп атына мініп жүріп кетті. Алпамыс келе жатса, әкесі Байбөрі түйесін суға айдап бара жатыр, өз қайғысын айтып бара жатыр екен, Алпамыс түйенің арасында тындап жүре берді. Сондағы Байбөрінің айтқан сөзі еді.

Байбөрі сонда сөйлейді:
«Айналайын, құдайым,
Бір өзіне жылайын,
Бүйтіп қорлық көргенше
Көзімнің жасын бұлайын.
Жалғызым менің келер ме,
Көзімнің жасын көрер ме?
Тауға біткен ақ терек,
Қыздар тағар мойнына
Қалампыр, маржан текшелеп.
Айдасам жөнге жүрмейсің,
Есіз қалған, ақ шелек!
Арай, жаным, арай!

Сенің бірің қалмағыр,
Сені ешкім алмағыр,
Айдасам жөнге жүрмейсің,
Есіз қалған, жайрағыр!
Арай, жаным, арай!

Қарахан таудың аршасы
Түсіп қалды үстімде
Киген киім баршасы.
Айдасам жөнге жүрмейсің.
Қарағымның артында
Есіз қалған наршасы,
Арай, жаным, арай!

Қара таудың шиесі,
Байбөріңе келді ме,

Пірілердің киесі?!
Айдасам жөнге жүрмейсің,
Қарағымның артында
Аманат болған түйесі.
Арай, жаным, арай!

Темірменен құрсаулы,
Жәдігерім білегі,
Сірә, қабыл болар ма,
Байбөрінің тілегі,
Айдасам жөнге жүрмейсің,
Қарағымның артында
Есіз қалған үлегі!
Арай, жаным, арай!»

Онда Алпамыс түйенің арасынан шыға келіп: «Ассалаумағалайкүм, ата!»— деп сәлем берді. Онда Байбөрі бай зәресі ұшып кетті, қолындағы таяғы жерге түсіп кетті. Ұлтан құлдың әдейі аңдытып қойған адамы екен деп ойлады. Онда Алпамыс батыр: «Әкемнің жүрегі жарылып кетер» деп, әкесіне қарап айтып тұрған сөзі еді:

«Ассалаумағалайкүм,
Қарахан тауда бабамыз,
Сірә, қабыл болғай-ды,
Жан баба, сіздің тобаңыз.
Кетіп еді қай жаққа,
Баба, сіздің балаңыз?!»

Байбөрі сонда сөйледі:
«Тілекті құдай берді ме,
Көзімнің жасын көрді ме,
Қалмаққа кеткен жалғызым,
Алпамысым келді ме?
Менің бабам екен деп,
Танып сәлем берді ме?
Атқа мінген желеді,
Қонырат деген ел еді,
Ұлтан патша болғалы,
Сәлем берер кісім жоқ,
Мейірбан болып бұл жерде,
Сәлем берген кім еді?!»

Алпамыс сонда сөйледі:
«Ата, саған келгенім,

Келіп сәлем бергенім,
Біреудің малын бақпашы,
Біреудің отын жақпашы.
Балаңнан хабар білмеймін,
Бекерге жала жаппашы!»

Байбөрі сонда сөйледі:
«Қой, шырағым, алдама,
Алдағаның бола ма?
Молдалар оқыр кәләмді
Бісіміллә болар сөз басы,
Кәміл пірім жар болып,
Осы бүгін қолдашы.
Қалмаққа кеткен жалғызым —
Алпамысым болмашы?
Мінген атың қара-ды,
Бауырынан жарады,
Шыныңды айтшы, шырағым?
Жөргектегі иісің
Мұрнымды жарып барады.
Бейнет көрдің басынан,
Қорлық көрдің жасыңнан,
Айналайын, шырағым,
Ата-еке деген даусыңнан!»

Сонда Алпамыс сөйледі:
«Дария тасып лайланып,
Дұшпанның жолы байлансын.
Жалғызым деген даусыңнан,
Мүсәпір болған, жан ата,
Мендей қозың айналсын!»
Осыны айтып Алпамыс,
Атынан түсе секірді,
Тасқа құлап Байбөрі,
Ботадай боздап өкірді.
Ата-бала екеуі,
Айдалада жолығып
Көрісе берген секілді....

Онда Алпамыс тындап, Байбөрі жылап мауқын басып болған соң: «Ата, елдің жайы қалай?» — деп сұрады. Байбөрі айтты: «Елді сұрама, мынау жерде Құлтай бабаң қой жайып жүр. Ол сенің тілегіңді менен кем тілеп жүрген жоқ, әуелі барып сол Құлтай бабанды қуант!» — деді. Онда Алпамыс батыр

қойға келсе, қойын жусатып, таяғын шаншып, көйлегін көлеңке қылып жатыр еді. Алпамыс батыр өзі барында серке қойған екі лағы бар еді, сол екеуі жеті жасар серке болған екен. Екеуі Алпамыстың екі үзеңгісін иіскеп ілесіп жүре берді. Құлтай баба таяғымен көйлегін алуға шамасы келмей серкелерін шөрелеп келе жатып айтқаны:

«Бедеу аттың бестісі-ай,
Адамның азбас естісі-ай.
Қайда кетіп барасың,
Қарағымның артында,
Аманат қойған ешкісі-ай,
Шөрей, жаным, шөрей?!»

Қарахан таудың бұлағы,
Неге шулай бересің
Қу Құлтайдың құлағы,
Қайда кетіп барасың,
Қарағымның лағы,
Шөрей, жаным, шөрей!?

Атлас еді көрпесі,
Қайда кетіп барасың
Қарағымның артында
Аманат қойған серкесі,
Шөрей, жаным, шөрей?!»
Сонда Алпамыс тұрады,
Атының басын бұрады,
Айналайын, бабажан,
Серкенді бер деп сұрады,
«Айналайын, жан баба,
Мұнша неге еңредің,
Көкірегің күрілдеп,
Көзіңнің алды іріндеп,
Артынан қуып келгенің?
Мен де сенің бір балаң,
Бір кезіңе келгенім.
Бір кезіңе келгенде,
Бір серкесін балаңның
Құдайы қылып бергенің,
Бере қалсаң, жан ата,
Мені тәуір көргенің».

Сонда Құлтай сөйледі:
«Бұл серкеден айрылсам,

Ғамкүн болып өлемін,
Мен айтайын, сен тыңда,
Соның үшін келемін.
Кебенек киген ер еді,
Кебін киген жоқ еді,
Өлмесе қозым келеді,
Ертең қозым келгенде,
Серкем қайда дегенде,
Мен сияқты қу бас шал
Не деп жауап береді?!
Алпамыс атты баламның
Жеті жыл болды кеткені,
Құлтайдайын бабаңның
Басына қайғы жеткені.
Сұрады деп сөкпейін.
Сен де қой, балам, өкпені!»

Сонда Алпамыс сөйледі:
«Жігітінде жүруші ен
Кіреуке тонды жамылып,
Жеті жылдай жүрдін бе
Балаңызды сағынып,
Қартайғанда, жан баба,
Жаяу жүрсің нағылып?
Ерлік қылған жігіттің
Тәңірім берген бағы да,
Асықпасаң боларсың
Баяғыдай тағы да.
Нағып қойды жайдыңыз,
Сақалыңның ағында?
Мұнша бейнет көріпсің
Өлеріңнің шағында,
Қартайғаның емес пе,
Азуыңды шалыпсың.
Мұнша бейнет көргесін
Ақылыңнан таныпсың.
Жаяу қойды баққанша,
Құл жұмсасаң болмай ма,
Қам-қайғы болып қалыпсың».

Сонда Құлтай сөйледі:
«Сұрағаның бұл сөзді
Ақылыңның барлығы,
Бабаңның айтып тұрғаны

Басына түскен зарлығы.
Қойды бағып жүргені
Ұлтан құл иттің жарлығы».
Сонда Алпамыс сөйледі:
«Ақша бір жауған қар, деді,
Ұлтанның кеулі тар еді,
Балаңыздың, жан ата,
Не белгісі бар еді?
Сонда Құлтай сөйледі:
«Қарағым менің нар еді,
Іздегені ар еді.
Белгісін айтып берейін,
Жауырынының үстінде
Дөңгелек қалы бар еді.
Мінген аты Шұбар-ды,
Ойнауға дайым құмар-ды».
Ағыта тастап кісесін,
Алпамыс өзін танытып,
Мінекей қал деп шығарды.
Қалынан сүйіп баланың
Дариядай Құлтай тасады.
Ботадай боздап Құлтекең
Бауырына басады.
Құдай салса бір істі,
Көтерер пенде әр істі,
Айтып-айтпай немене,
Құлтай менен Алпамыс,
Ботадай боздап көрісті.

Онда Алпамыс Құлтайменен көрісіп, әрбір сөзге келісіп, «Ата, елдің жағдайы қалай?»— деп сұрады. Онда Құлтай айтты: «Балам, елдің жағдайын көрерсің, мына жерде Жәдігер жалаң аяқ, жалаң бас, мойнында шынжыр, аяғында кісен, қозы бағып жүр; әуелі соны барып қуант»,— деді. Онда Алпамыс айтты: «Ата, мен танымаймын, сіз өзіңіз мына атқа мініп: «Әкең келді,— деп,— Жәдігерден сүйінші сұрап келе қойыңыз»,— деп атын берді. Онда Құлтай баба атқа мініп, көңлі тасып бір сөз деген жері екен.

«Айт, жануар, Шұбарым,
Мойнында алтын тұмарың,
Тасып толып тарқасын,
Бүгінгі күні құмарым,
Сенің шабар күнің-ді,

Менің жүрер күнім-ді,
Он бестегі күнімдей
Жайнатты құдай гүлімді.
Мен шаппай енді қайтейін
Көрсетті құдай ұлымды.
Алпамысым өлтірер
Ұлтан атты зұлымды,
Қызғалдақ шығар желкілдеп,
Қыздар өлең айтады
Бетін бүркеп күлімдеп,
Сен шаба гөр зырқырап,
Мен шабайын күркіреп,
Үйде отырған Ұлтанның
Көтені түссін бүлкілдеп».

Әлқисса, осыны айтып, көңлі тасып балаға қайрылмастан көкпар шауып жатқан Ұлтанның тойына келді. Онда Ұлтан көкпарға құнан атап беріп, шаптырып жатыр еді, ешкім көтеріп шаба алмады. Құлтай баба келіп тірсегінен тіліп, ердің басына іліп алып Шұбарға өңгеріп қашып құтылып кетті. Онда халық Ұлтанға барып көкпар сұрады. Онда Ұлтан айтты: «Сендерге адам көрмеген қызық көрсетейін, анау жүрген жеті жасар Жәдігерді көкпар қылып шабыңыздар!»— деді. Алпамыстың қадірін білетіндер бармады: «Кешегі Алпамыс ердің көзі емес пе?»— деді. Қадірін білмейтіндер барып көкпарға шауып баланы шырқыратып тартып жатты, сондағы Жәдігердің жігіттерге жалынып айтқаны:

Енді бала секірді,
«Көкежан» деп өкірді,
Өксіп-өксіп жылады,
Қайғымен көзін бұлады.
Жан сауға,— деп,— көкелер,
Әркімге мойын бұрады.
Қарама деп бетіме,
Әрқайсысы келіп ұрады.
«Қарамайын, Жәке»,— деп,
Әркімге басын тығады.
Ақша бір жауған қар еді,
Кәріптің көңлі тар еді.
«Алдыңа салып қуғандай,
Әрқайсың келіп ұрғандай,
Айналайын, көкелер,
Не жазығым бар еді?!

Өзіңнің інің емес пе ем,
Қас болсам, құлмен қас болдым,
Әкем жақсы ер ед деп,
Дәулетіне мас болдым,
Кісен қиып барады,
Аяққа түскен қақпандай,
Зырылдаймын алдында
Құлаштаған сақпандай,
Ел ішінде еңредім
Қылмысымнан тапқандай.
Айналайын, көкелер,
Не жазығым бар еді,
Көкпар қылып шапқандай?!
Өзімнің итім құтырып,
Өзімді қаптың қуалап.
Ұлтан патша болғалы,
Иі болмаған қайыстай,
Көрсетті қорлық уалап.
Айналайын, құдайым,
Дергейіңе жылайын,
Өзімнің итім қауып тұр,
Қандай бір айла қылайын?!»
Осыны айтып Жәдігер
Жігіттерге жылады,
Жыласа да балаға
Ешбірі мейрім қылмады.
Енді бала зарлады,
Көзінің жасы парлады,
Мейірімі жоқ иттерді
Отыра қалып қарғады.

«Аш бүгіліп жарағыр,
Жетім қалып жасыңнан
Мендей болып жылағыр,
Тарта бер, жұртым, тарта бер!

Ешкі жасын жасағыр,
Аяғыңнан ақсағыр.
Ағайын кетіп қасыңнан,
Досың кетіп басыңнан
Мендей болып қақсағыр.
Тарта бер, жұртым, тарта бер!

Алпамыстың төресін
Әлі-ақ ертең көресің,

Ұлтан құлдың тіліне
Құдай ұрып ересін.
Ертең әкем келгенде,
«Жалғызым қайда?» дегенде
Не деп жауап бересің,
Тарта бер, жұртым, тарта бер!»

Онда Алпамыстың қадірін білетіндер келіп әрқайсысын бір ұрып ажыратып жіберді. Жәдігер кісенмен шапқылап қозыға қарай жөнелді, бір жерде аяғын кісен қиып жүре алмай, зарлап жылап отырса, Құлтай бабасы тақымында көкпары бар... «Жәдігерді көрдің бе?»— деп онан сөз сұрап тұрғаны:

«Жылап жатқан, жас бала,
Мұсылманға бас бала,
Айналайын қарағым,
Жәдігерім көрдің бе?»
Жәдігер сонда қарады,
Бабасын тани қалады:
«Немеренді танымай,
Көзің неден ағарды?
Астыңа ат міндің бе,
Үстіңе киім кидің бе,
Өз келінің тойында
Қызық дәурен сүрдің бе?
Ұлтан патша болғанға
Қуаныш қылып келдің бе?
Шешемді алам дегенде
Төбең көкке тиді ме,
Я болмаса, жан баба,
Әкемнен хабар білдің бе?»

Онда Құлтай баба: «Шырағым, сен бе едің, сүйінші!»— деп балаға көкпарын беріп, жүріп кетті. «Әкең келді»,— деп айтуды ұмытып кетті. Онда Жәдігер ойлады: «Менің көкпар шабатын заманым болса өстіп жүрем бе, бұл көкпарды Қарлығаш апама апарып берейін, жігіттерге асып берсін!»— деп мойнында кісен, аяғында шынжыр, құнан атанды сүйретіп ауылға алып барды. Мұны ауылда тұрып Ұлтан хан көріп: «Бөрінің баласы бөрілігін қылады екен, шешесімен бірге жатқанда бір күні өлтіреді екен»,— деп қауіп қылып:— «Өлтіремін, бар, Қарлығаш, Жәдігерді алып кел!»— деп Ұлтан құлдың Қарлығашқа келіп айтып тұрған сөзі екен:

Келе жатқан баланы,
Ұлтандайын ханыңыз
Ауылда тұрып көреді.
Баланың күшін көргенсін,
Тек жүрмесін білгенсін,
Қарлығашты жұмсады.
Жұмсағаны құрысын,
Жұдырықпен бір салды,
«Тұр, Қарлығаш, сен,— деді.
Үкіміме көн,— деді.
Жәдігерді алып кел,
Элтіремін мен»,— деді.
Өлтіремін дегенін
Қарлығаш тәуір көрмеді.
Жалғызын ұстап бере алмай,
Ботадай боздап еңреді.
«Ұлтан атты төреміз,
Айдауыңа көнеміз.
Бірге туған жалғызды,
Қайтіп ұстап береміз?
Ұлтан атты бегіміз,
Тараған жоқ па кегіңіз!
Екі бірдей қос жетім
Қолыңызда келеміз.
Ерік өзінде болғансын,
Не қылсаң да көнеміз.
Ашуың кетпей бойыңнан,
Кегің кетпей ойыңнан.
Бес байталдық құл еді,
Бұрынғы ата-тегіңіз!
Құл болсаң да бұл күнде
Болдың ғой біздің бегіміз
Құлағы кесік, қу құлым,
Теңгерілді кеміңіз.
Дәулет құсы бастан ұшқасын,
Болдық қой әзір жеміңіз!»
Есіткенсін бұл сөзді
Ұлтанды ашу кернеді,
Суырып алып қылышын
Қарлығашқа сермеді.
Қарлығашты бір ұрып,
Жәдігерге келеді,
Оны да салып қалады,
Жеті жасар балдырған,

Жағасынан алады.
Бүркіттей ақ саусағы
Тырыстырып барады.
Қарлығаш көріп жүгірді
Өкпесін алып қолына,
Ұлтанға жетіп келеді.
Таяқ жеген жетімді
Арашалай береді.
Әлі келмей Ұлтанның
Араша беріп жөнеді.
Қарлығаш сонда жылады,
Көзінің жасы бұршақтап
Еңіреп тұрды егіліп,
Жәдігерді құшақтап:
«Көкпар шауып, қарағым,
Тұр ма еді әкең алшақтап,
Қарағым, сенің жолыңа,
Құрбандық болып өлейін!
Еркелігің әлі бар,
Жәдігер, саған не дейін».
Осыны айтып Қарлығаш,
Егіліп жылап күнренді:
«Мен сияқты қара бет,
Боз балаға той қылып,
Асып берер күн бе еді,
Басымнан кетпей қамалым,
Таусылып тұр амалым,
Жаяу сүйреп көкпарды,
Не қылғаның, қарағым?
Боз балаға той қылып,
Асып берер жиын ғып,
Қай жакта қалған заманым».

Жәдігер бала сөйледі:
«Қой, апажан, жылама,
Жылағанмен бола ма,
Күйіп-жанып тұрғанда
Жанымды жылап қинама...
Ұлтан құлдан таяқ жеп
Далада жылап тұрғанын
Бола ма бізге лайық?»
Мұны көріп шыдамай,
Пайыз қылып тұра алмай,
Жүгірді зарлап анасы,

Алдынан шығып көрісті
Кызы менен баласы,
Үш мұңлының даусына
Байсын деген өзеннің
Күнреніп кетті даласы.

Анасы сонда сөйледі:
«Байладың, құдай, бағымды,
Сындырдың, құдай,
сағымды,
Ертелі-кеш зарлайсың,
Жәдігер, саған не ғылды?»

Жәдігер сонда сөйледі:
«Тамаша тойға келгенім,
Тамашаны көргенім,
Құлтай бабам келгенін,
Көкпарын маған бергенін.
Көкпарымды көре алмай,
Малынан көкпар бере алмай
Тамаша тойдың құрғаны.
Сонан соң құлдың ұрғаны,
Ұрғанын құлдың кек қылып,
Балаңның жылап тұрғаны».
Анасы сонда сөйледі:

«Молдалар оқыр кәләмді,
Бісмиллә деп жол басын,
Кәміл пірім қолдасын.
Абайлап, қалқам, көрдің бе,
Әкең сорлы болмасын?!»
«Қой, апажан, қорықпа,
Бір бәлеге жолықпа,
Менің әкем Алпамыс,
Ақ сақалды болып па?...»
Беті сепкіл көрінсе,
Ор азабын көрген-ді,
Балаң сондай дегенсін,
Көрейін деп келген-ді,
Құлтай болып, қарағым,
Көкпарын саған берген-ді.
Бүгін жатып түс көрдім,
Түсімде ғажап іс көрдім,
Қуат жәрдем пірлерден

Сондай бүгін күш көрдім.
Жібек баулы ақ сұңқар
Қондырыппын қолыма.
Қалмаққа кеткен әкеннің
Екі көзім жолында.
Жәрдем болып пірлерден,
Келетін күні болды ма?!

Онда Ұлтан ауылда тұрып айқай салды: «Улап-шулап далада тұрсындар ма, ана қозы кетті ғой»,— деді Жәдігерге. Қарлығаш пен шешесі қала берді. Бала кісенмен шапқылап, қозыға қарай жүре берді. Онда қозыға жете алмай, аяғының тікенін шұқылап жылап отырса, бала мен қозының арасынан бір Шұбар мінген диуана өте берді. Онда Алпамыс көзіне түскеннен кейін Жәдігер бала диуанаға қарап айтқан сөзі еді:

«Ей, диуана, жол болсын,
Жеке басың қол болсын,
Олжа басың мол болсын!
Атыңның басы шапшақтай
Садағың оғы бұршақтай,
Диуана, саған жол болсын?!
Диуана, маған келе кет,
Мен сорлыны көре кет,
Егер сауап іздесен,
Жетімнен күдер үзбесен,
Сауап үшін қозымды,
Бір қайырып бере кет!
Жүрейін десем жолым тар,
Аяғымда кісен бар,
Басымда үлкен қайғы-зар,
Мен бишара кәріпке
Бір бал ашып бере кет!»

Есіткенсін бұл сөзді,
Рахым түсті басына,
Көзінен аққан жасына.
«Менің де жалғыз қарағым,
Осындай болып жүр ғой»,— деп,
Диуана келді қасына.
Ал Жәдігер сөйледі:
«Атың сенің жараулы,
Бүкендетіп желдің бе,
Қабағың да қатулы,

Түн ұйқыңды бөлдің бе,
Ел-жұртынан айрылған,
Қанатынан қайрылған,
Әкежаным, келдің бе?!
Ауызыңа карасам,
Сұлуды тандап сүйгендей,
Келбетіңе қарасам,
Қамқапты тандап кигендей.
Әкежан, деп асылсам,
Мойыныңа мінгендей.
Мен сияқты кәріптің
Қадірін жақсы білгендей.
Кешегі ел ауғанда,
Ел табаны тайғанда,
Іште қалған жетімің,
Мен қозыңа ұсаймын,
Сен атама ұсайсың,
Торайғырдың тоқтығы-ай,
Тоқ болады шоқтығы-ай,
Әлі сабыр қылғаның,
Әлі де шыдап тұрғаның —
Жалғызда мейрім жоқ деген,
Мейірімнің жоқтығы-ай».
Тауға біткен шиедей,
Босатты бала жүйені.
Алпыс екі тамыры,
Алпамыстың иеді.
Ат үстінен көтеріп,
Алдына алып сүйеді,
Сүйсе мейірі қанады,
Ат үстінен құлады,
Жатып есін танады.
Басын сүйеп Жәдігер,
Қайрат беріп сөйледі:
«Сабағың басы ясин-ді,
Сүйегін, көке, жасиды.
Жалғыз ұлың Жәдігер,
Зарлап отыр қасыңда,
Көтерші, көке, басыңды?!»
Көтеріп басын алады,
Жәдігерге қарады,
Алаудай ішін күйдіріп,
Ақша бетін сүйдіріп
Мойнындағы шынжырын

Қолымен бұрап сындырып
Алып тастап кісенін,
Енді алдына мінгізіп,
Жәдігерді қуантып,
Әудем жерге жүргізді.
Шұбарды беріп астына
Төбесін көкке тигізді.
Әкесінің барлығын
Тап сол жерде білгізді.
Содан кейін Алпамыс
Шұбарды мініп алады.
Ауылға қарай жөнелді,
Қозыға тастап баланы.
Ұлтан құлдың тұсына
Диуана болып барады.
Патшаның келіп тұсына
Алпамыс айтқан ғазалы...
«Ай, Ұлтанбек, Ұлтанбек,
Еш мүйізін шыққан жоқ
Әкім болып жұртты жеп.
Ау-қалам, ау-қай!
Байлаудағы бедеу ат,
Астындағы алтын тақ
Я сенікі, я менікі.
Уһ, алла, диуанаңмын,
Диуана айтар бүгін зарын,
Төгіп айтар беттің арын,
Қатардағы нарларын
Қазынадағы барларын
Тәңрі берсе менікі.
Адам берсе сенікі,
Уһ, алла, диуанаңмын,
Отаудағы айымдарын
Сөзден келер қайымдарын
Еске түсер айымдарын
Уһ, алла, диуанаңмын!»

Онда Ұлтан айтты: «Мына диуананың ғазалы маған жақ-пайды, түк бермеймін, біреуің барып қуып жібер!»— деді. Онда біреу шығып: «Әй, диуана, патша ұрсып жатыр, жөніне кет!»— деп жөнелтіп жіберді. Онда Алпамыс топтағы адамның ана шетіне қарай жүре берді. Онда Алпамысты өз әйелі Гүлбаршын сұлу көріп: «Мына диуананың басындағы лыпасы болмаса, құтты менің еріме ұсайды екен-ау,— деп, өзінің қызметкер әйелі Мафия деген сақауға сегіз тіллә беріп, «Ана, ди-

уанаға бал аштырып кел»,— деді. Мафия сақау тілләні екі бөліп жарымын ұрлап, дамбалының ауына түйіп: «Ейтен ба-
зайға байып киім алып киейін, көңлім сүйген жігітпен ойнап-
күліп жүйейін, диуананың ежуіне шиейін, төйтеуін бейшем де
аждық қылмаш»,— деп диуанаға тілләсін беріп тұрған жері
еді. Алпамыс жынын шақырғандай болып айтқан сөзі еді:

«Ал ер Домбай, ер Домбай,
Шақырғанда кел, Домбай,
Мұнды менен шерлінің
Ырымын шегіп бер, Домбай.
Сақау қатын баллары,
Келер ме екен жарлары.
Айтқан сөзі бұл ма екен,
Тойға келіп тұр ма екен,
Келер ме екен Алпамыс,
Келмес пе екен Алпамыс,
Ақылы көп қартамыс.
Бұл диуана келіпті,
Ол Гүлбаршын көріпті,
Бал басы деп біздерге,
Сегіз тіллә беріпті.
Бұл антұрған Мафия
Төртеуін ұрлап алыпты.
Дамбалына түйіпті,
Езуіме сиіпті,
Тілләмді бер, сақау қар,
Сары қызым біліпті.
Аруағымды айдармын
Қол-аяғың байлармын,
Сөйтіп, сақау, жайлармын».
Ал Мафия сөйледі:
«Менің атым Мафия
Дәдәнді айдым қапия,
Ашудайба, шияғым,
Кигізейін басына
Бес дидайық тақия.
Айуағыңды айдама,
Кой-аяғым байдама,
Қимесем кебіс кимейін.
Адия қайсын дидайың,
Денім шау боп жүйейін».

Әлқисса, Мафия сақау тілләсін берді. Сол уақытта Ұлтан
хан бір дарактың басына жамбы қойып, кім атып түсірсе Қар-
лығашты беретін болып, бәйге тігіп жатыр еді. Онда бірқатар

жігіттер Ұлтанға келіп: «Е, тақсыр, тамашаның бәрін көрдік, енді бір күн өлең айттырсаңыз болар еді»,— деді. Онда Ұлтан хан: «Мақұл, жігіттер, кім өлең айтса, бек болдың деп, мені мақтап айтсын»,— деді. Ешкім мақтап айта алмады, айтуға бата алмады. Сонда Ұлтанның Бадамша деген сақау қатыны келіп, баяғы Мафия сақауды қосып алып: «Ұйтан бегіме лайық өйенді өжім айтамын»,— деп екі сақау қосылып, тойды бастап, айтып жатқан аужар өлені екен:

«Айдай, айдай, жай-жай,
Айдын көйін жағаяй.
Қаз баяй-ай, жай-жай.
Заманымда хан болды
Ұйтан бегім, жай-жай,
Мақтап-мақтап өйен айт,
Боз баялай, жай-жай,
Күй тайтамын шыбызғы
Тешінінен, жай-жай.
Шошынады жас бая
Бешігінен, жай-жай.
Патшаны мақтап айт
Өйеңінде, жігіттей,
Теңге аяшын патшадан,
Кешегімен, жай-жай,
Бадам ханым киеді,
Би-би башып, жай-жай,
Қағыса бей, боз бая
Ешік ашып, жай-жай,
Патшайыққа Ұйтанның
Міні бай ма, жай-жай,
Жүйдік пенен тұйпайдың
Сыны бай ма, жай-жай.
Құдай бейген дәулеттің
Айқасында, жай-жай.
Жәдігейді асамыз
Ейтен дайға, жай-жай.
Айт дегеннен айтамын,
Ай, Күйбайшын, жай-жай,
Жақынияқ қасыма
Кей, Күйбайшын, жай-жай,
Құдай бейген дәулеттің
Айқасында, жай-жай,
Біздің жайға тоқай боп
Жүй, Күйбайшын, жай-жай.
Елім көшей Байсынды,

Төмен ағып, жай-жай.
Байбөйі бай өзі жүй
Түйем бағып, жай-жай.
Айнанайын құдайдың,
Дәулетіне, жай-жай,
Қайығашты бейеміз
Бәйге тігіп, жай-жай.

Әлқисса, Бадамша сақау осыны айтып көңлі тасып: «Ей, жігіттей, бағанағы диуананы ейтіп келіндейші, би екі-үш өйен айтып, кеудешіне теуіп, жөніне жібейейін!»— деді. Сонда біреуі барып диуананы ертіп келді, сонда екеуінің айтысы еді.

Б а д а м ш а:

«Айшық мүйіз ақ сейке .
Қойды баштай, жай-жай,
Бейі қыпша жиіттей
Тойды баштай, жай-жай,
Бізді мақтап өйен айт,
Бек бойдың деп, диуана,
Кеулі кейсе Бадамша
Тенге таштай, жай-жай!»

А л п а м ы с:

«Бісмиллә деп өленді
Көп айтамын, жар-жар,
Асықпасаң тойыңда
Көп айтамын, жар-жар!
Мәні-жайын қандайын
Білгенім жоқ, жар-жар
Ел қыдырған диуана
Нені айтамын, жар-жар?»

Б а д а м ш а:

«Бісмейдә деп өйенді
Көп айтыңыз, жай-жай.
Тоқай бойған Күйбайшын
Бмеймішін, шикін-ау,
Құтты бойшын тоқайын,
Деп айтыңыз, жай-жай!»

А л п а м ы с:

«Бісмиллә деп тойына
Келе алмаймын, жар-жар,
Байың тегін берсе де

Сені алмаймын, жар-жар.
Әлі де болса сен күңсің
Ол Гүлбаршын — бәйбіше,
Сен бәйбіше болады
Дей алмаймын, жар-жар».

Б а д а м ш а:

«Бижияма, шикін-ау,
Бижияма, жай-жай
Миың кетіп башыңнан
Қайжияма, жай-жай.
Ұйтан бегім төбенді
Ойып қояд, жай-жай.
Бет алдыңа бижияп
Сандияма, жай-жай».

А л п а м ы с:

«Сен де шаптың бәйгеге,
Мен де шаптым, жар-жар,
Ашуланып бетімнен
Иттей қаптың, жар-жар,
Өлгеніңше мақтайсың
Ұлтан құлды, сақау қар,
Ұлтан құлдан сен қанша
Пайда таптың, жар-жар?!»

Б а д а м ш а:

«Шен де шаптың бәйгеге,
Мен де шаптым, жай-жай,
Кейішпедің, бетіңнен
Иттей қаптым, жай-жай.
Мен мақтамай кім мақтайд
Ұйтанымды, жай-жай,
Заманымда дидадан
Шашбау тақтым, жай-жай».

А л п а м ы с:

«Өлең айтып алдыңнан
Есейін мен, жар-жар.
Бұл Байсынды жағалай
Көшейін мен, жар-жар.
Заманында тағыпсың
Тіллә шашбау, жар-жар,
Осы тіллә шашбауды
Қесейін мен, жар-жар».

Бадамша:

«Өйен айтып айдымнан
Жейдей ешші, жай-жай.
Бұй Байшында жағадай
Ейдей көшші, жай-жай.
Шашбау түгіл дамбайым
Бауы жібек, диуана,
Неғылады тішіңмен,
Тіштеп шешші, жай-жай».

Алпамыс:

«Жүруші едің, Бадамша,
Отым жағып, жар-жар!
Жүруші еді Ұлтан құл
Малым бағып, жар-жар.
Қалай-қалай сөйлейсің,
Ей, сақау қар, жар-жар
Өлтірейін астына
Қазық қағып, жар-жар».

Сонда сақау орнынан қарғып тұрып: «Диуадасы да құй-сын, өйені де құйсын, бұ кім өжі?.. Өйен айтпаймыз»,— деп жұртты тарқатып жіберді. Сондағы Алпамыстың айтқаны:

«Ей, қатындар, қатындар,
Кен сарай үйде жатындар,
Өлеңінді айтындар,
Таң атқансын қайтындар.
Айтқызармын өленді,
Тартқызармын күйінді.
Үйде көрді түрінді,
Тыста көрді түрінді,
Өңкей ғана сақау қар,
Қайнатармын сорынды.
Құрытармын шаранды,
Шулатармын баланды.
Ойламадың құдайды,
Өңкей надан, сақаулар,
Ау-қалам, ау-қай!»—

деп атынын басын бұрып алып, Гүлбаршын сұлудың тұсына келіп, келін деп өлең айтып, екеуінің айтысқаны:

«Жаңа көрдім Байсынды,
Жерім деймін, жар-жар.
Жаңа көрдім қоңырат
Елім деймін, жар-жар.

Біз бір мейман тұсына
Келе қалдық, жар-жар.
Екі-үш ауыз өлең айт,
Келін, деймін, жар-жар».

Гүлбаршын:

«Диуана, дедін бізді
Келін деймін, жар-жар?!
Өлең сөзге айт десен
Ерінбеймін, жар-жар.
Жеті жылдай қақсадық
Екі жетім, жар-жар.
Құдай бізге бермеді
Өлім деймін, жар-жар».

Алпамыс:

«Келін-ау, мына сөзін
Көрім деймін, жар-жар,
Не себеппен тілейсін
Өлім деймін, жар-жар?!
Ә дегеннен аузыңа
Өлім түсті, жар-жар.
Ұлтан құлда кетті ме
Кегің деймін, жар-жар?!»

Гүлбаршын:

«Етегім бе, жеңім бе,
Өлең менің теңім бе,
Айналайын, құдай-ау,
Осы менің бегім бе?
Құдай салсын аузыма,
Бегім келсін қасыма.
Айналайын, құдай-ау?!
Жалғызымның даусы ма,
Абырой берсін сөзіме,
Көрінеді осы адам
От жалын болып көзіме,
Айналайын, құдай-ай,
Осы тұрған диуана
Жалғызымның өзі ме?!»

Алпамыс:

«Ендеше, Гүлбаршын, сен той тойладың,
Той тойлап жүргенінде нені ойладың?

Сұрайтын енді сенен бір сөзім бар
Бәдірек құлыңменен неше ойнадың?»

Гүлбаршын:

«Белгілі осы Байсын жерім болсын,
Жарқырап жалғыз ұлым керім болсын.
Сөзіне сол құлыңның құлақ салсам,
Некелеп әкем келіп ерім болсын».

Алпамыс:

«Бір құдай куә болсын сырымызға
Қосылар күн бар ма екен жарымызға.
Сақтапсыз жеті жылдай орнымызды,
Ризамыз сізге берген малымызға».
Осыны айтып Алпамыс
Қатынымен көрісіп,
Амандасып білісіп,
Еш адамға білдірмей,
Басылар емес көңілі
Ата-анасын күлдірмей.
Енді атына мінеді,
Жамбыға қарай жүреді.
Кетіп бара жатқанда,
Ой, қозым, деп зарлаған
Саулы інгендей аңраған
Бір адамның дауысы
Құлағына келеді.
Құлақ салып қарады,
Алпамыс берен баласы
Осынша шыдап жүргені,
Ақылыңның данасы.
Арқасында отыны
Көкке қарап қақылдап,
Жалғзым деп такылдап
Жылап, еңреп келеді,
Бишара болған анасы.
Келе жатып сөйледі:
«Иіні құрғыр тартасың,
Қамқапты қашан киесің?
Ерні құрғыр қышисың,
Баланы қашан сүйесің?
Көзі құрғыр тартасың,
Жалғызды қашан көресің?
Құрып қалған қу емшек,

Нені көріп иесін?»
Әрқайсысын бір айтып
Босатты кемпір жүйесін.
Аналықтай бәйбіше
Саңрау екен құлағы.
Тарс етіп барып ашылды,
Жанадан парлап бұлағы.
Анасын көріп Алпамыс
Шыдай алмай жылады,
Емгендей болып емшегін
Көзінің жанды шырағы.
Енді атынан түседі,
Есепсіз батыр кісі еді.
Жалғызың келді, ана, деп
Құшақтап алып қысады.
Аналық атты бәйбіше
Құлағы желдей ашылды.
Дұшпанның көңлі басылды,
Анасы мен баласы
Ботадай боздап қосылды.
Ұлтан ханға барсам деп,
Жамбыны атып алсам деп
Көңлі тасып құлшынды,
Анасымен көрісіп,
Көздің жасын төгісіп,
Енді атына мінеді,
Жамбыға қарай жүреді.
«Диуана да келді!»— деп
Мазақ қып Ұлтан күледі.
Атайын деп оқталып
Төсіне садақ тіреді.
Атып тастап жамбыны
Ұлтанға жетіп келеді.
Етегінен ұстады:
«Бәйгемді бер»— деп қыстады.
Мастанып тұрған Ұлтан хан
Астына да қыспады.
Антұрған құл қарашы,
Алпамыс кімге ұқсады.
Жалт етіп Ұлтан қарай сап,
Алпамысты тани сап,
Топтан шыға қашады.
Жібермеді Алпамыс
Албастыдай басады.

Арттан келіп Жәдігер
Найзасымен шаншады.
«Ата, маған бер, деді,
Қайратымды көр»,— деді,
Баласына береді,
Артына өзі ереді,
Тышқан алған мысықтай
Тамашасын көреді.
Домалатып ойнайды,
Үйге әкеліп байлайды.
Тез өлтірмей Ұлтанды
Терісін сойып іреді.
Тірсегінен тілдіріп,
Бәйтеректің басына
Салбыратып іледі.
«Кешегі ханың — Ұлтан»,— деп
Көрінгеннің бәрі күледі.
«Жалғыз ағаң келді!»— деп,
«Тілегінді берді!»— деп
Сүйінші сұрап бір адам
Қарлығашқа келеді.
Қарлығаш енді келеді,
Сүйіншіні сұраған —
Бір түйе, бір ат мінеді.
Жақындасып, жанасып,
Бірін бірі көреді.
Құшақтасып, көрісіп,
Беттерінен өбеді.
Үш мәртебе өледі.
Басын сүйеп Алпамыс
Бетіне суды себеді.
Мандайынан сипалап
Алпамыс айтқан кеп еді:
«Жалғыз баурым, Қарлығаш,
Басылсын мауқым көзіңді аш.
Қырық арқан бойы зынданда
Жеті жыл жаттым болып аш.
Мамықтан жұмсақ боп кетті
Астымда жатқан қара тас,
Қызығынды көрмедім
Қиім де әкеп бермедің,
Бекерге өтті-ау өмір жас.
Тілгіленсін бәйгеге
Көзімнен ақты қанды жас.


Адамзаттың баласы,
Болады екен мұнша тас».
Ал Қарлығаш сөйледі:
«Арыстан көке, келдің бе,
Жалғыз балаң Жәдігер
Кісендеулі, көрдің бе?
Қарағым деп қалқа етіп
Алдыңа алып сүйдің бе?
Қызыл шоқ болып жайнадың
Өлімге белді байладың.
Күймедің бе, күйдің бе?
Жеті жыл жатып зынданда —
Тірімісің, өлдің бе?
Шулап жүрді құлағым
Қарлығаш, қалқам, дедің бе?
Сол жерде жатып, көкешім,
Менің де қамым жедің бе?»
Қарлығаштың сөзіне
Жиылған халық жылады.
Тозып кеткен ел-жұртын
Тегіс жиып алады.
Тентегі мен телісін
Түзетіп жөнге салады.
Атасы мен анасын
Боз биенің сүтіне
Шомылдырып алады.
Әкесін таққа мінгізіп,
Сыртынан өзі қарады.
Алпамысқа тілектес
Қаракөзайым баяғы,
Мұнан да күдер үзген жоқ,
Бір жылда екі барады.
Ерлікпен жетті мұратқа
Еңбектің болып баяны.
Тындаған халық, риза бол,
Осымен бітті аяғы.





ЕР ТАҒЫН







ртеде кыргыз заманында бір Тарғын деген батыр өзінің кыргыз халқынан кісі өлтіріп ханына қылмысты болып, қырық сан Қырым жұртына қашып барыпты. Ол уақытта Қырымда қырық мың мешіт бар еді, қырық ханы бар еді. Сол қырық ханның үлкені Ақшахан деген еді. Сол ханның қоластына келіп кірді. Сонда ел арасында жүрді, бірталай заман болды, айдан айлар өтті, ешбір кісі мұның батыр екенін білмеді, тек қонақ болды да жүрді.

Ол уақытта Қырым жұртының арғы жағында он сан ой-мауыт, тоғыз сан торғауыт деген бір жауы бар еді: Олалай, Бұлалай деген екі ханның елі еді. Ноғайда көп батырлар өтсе де Олалай, Бұлалайдың елін бұрын алғандары жоқ еді. Бұл уақытта Ақшахан талап етіп, неше мың шеру әскер алып аттанды. Тарғын аттанған әскерлерменен бірге аттанып кетті. Оған ешбір кісі жүр деп айтқан жоқ. Тарғынның ол әскердің ішінде екенін тағы да ешкім білмеді. Бұл аттанған әскер торғауытқа барып жетті. Бұлар барып жеткен соң торғауыт халқынан шың қағылып, барабан соғылып, неше мың көп әскер жиылып соғыс қылды. Жер жүзіне қан сел болды. Олай болса да қамалды ешбір адам бұзып ала алмады. Алмаған себебі, қамалдың ішіне кіре алмай, сыртында тұрып ұрыс қылды. Ол уақытта Тарғын батыр ұрысқан жоқ еді. Ешбіреу де мұны танып, соғысқа бар деп айтқан жоқ. Енді Ақшахан көп кісілерін өлтіріп, торғауытты ала алмай кері, жұртына қайтпақ болды. Ақшахан жұртына қайтпақ болып тұрғанда:

Тарғын сынды батырын
Қайтарын жұрттың біледі,
Алладан пәрмен тіледі,
Құйысқанын қысқартып,

Екі айылын берік тартып,
Енді атына мінеді,
Өлгенім жақсы жұда деп.
Тоғыз санды торғауыт,
Он сандайын оймауыт,
Барабан соғып, шын қағып,
Алдымнан әскер жүргізіп,
Бұйым болды бұ да деп
Аллалап батыр шабады,
Жалғыздың жары құдай деп,
Сарала туы салбырап,
Шапты батыр тебініп,
Жалмауыздай емініп,
Сырттағы жүрген әскерге
Қарамады бұл батыр,
Қамалға кірді желігіп.

Бұл Тарғын қамалға кірген соң, Ақшаханның әскерлері мұның Тарғын екенін танымаса да, әйтеуір, біздің ноғайлымыздың бір батыры ғой деп, соңынан олар да кірді. Сонан соң бұлар қамалды бұзып алды. Көңілдері ашылды. Ақшахан қуанып еліне қайтты. Елге келген соң таранып, тыныштанып, көңілі қош болған соң, тағында отырып, хан үкім қылды: «Сол жауды бұзып алған батырды тауып маған алып келіңіз!»—деп. Онан соң ол Тарғын батырды тауып хан алдына алып келді. Хан оныменен көрісіп, жөн сұрасып: «Сен кімсің!»—деді. Тарғын айтты: «Мен қырғызбын»,—деді. Хан айтты: «Сен қырғыз болсаң, біздің жұртқа неге келдің?» Онда Тарғын айтты: «Мен ханымыздың бір жақсы бегін шаһид еттім. Онан соң жұрт мені тынышсыздады. Сол себепті сіздің қоластыңызға қашып келдім»,—деді.

Сонда хан: «Сен кешегі жауды бұзған қайратынды сені тынышсыздаған жұртыңа көрсетпедің бе?»—деді. Тарғын: «Нақактан өз жұртымды жылатуға шаригат қоспайды»,—деді. Онан соң Ақшахан үкім жүргізіп, Тарғын батырды әскер басы қылды. Бұл батыр әскер басы болған соң күн-түн жарақтанып жүрді. Ол уақытта Ақшаханның бір қызы бар еді:

Шашын дынданменен тараған,
Бектер мінген бедеудей,
Баурынан жараған.
Бет-ажарын қарасаң,
Жазғы түскен сағымдай,
Ет ажарын байқасаң,
Терісінен айырған

Арпа-бидай ақ ұндай,
Қасы сарыжадай керілген,
Кірпігі оқтай тігілген,
Бұралып белі бүгілген,
Қараған кісі үнілген,
Қолаң шашты, қой көзді
Аялдағы бір сөзді
Ақжүніс атты ару еді.

Бу мәрттің мұндай батырлығын, ерлігін, қайратын қаруылшы құлдары мен күндері Ақжүніс аруға түсіндіріп айтты. Ол жігіттің асылын, қайратын есіткен соң төзіп тұра алмады. Бір құлын шақыртып алып, қолына мың ділдә беріп айтты: «Ділдәні беріп, сенің тіліңді кескенім,— деді.— Осында бір қырғыз жұртынан келген Тарғын дейтұғын бір батыр жігіт бар деп есіттім. Сол жігітті ешкімге білдірмей маған шақырып алып келіп жолықтыр. Егер де өзіңнен басқа кісіге білдірсең, сені неше жеріңнен кесіп өлтіргенімді көр,— деді.— Егер де алып келсең, кісі жатпастан бұрын менің мынау ашпалы алтын тереземнің тұсына алып кел»,— дейді. Бұл құл Тарғынға барып жолығып, қыздың сәлемін айтып, алтын терезенің тұсына Тарғынды алып келеді де, қызға хабар береді.

Қыз терезеден Тарғынды үйіне кіргізіп алып, жөн-жосықтарын сұрасып, ас-су ішісіп, ойнап-күлісіп алты-жеті сағаттай отырысты. Онан соң Тарғын қайтпақ болғанда, қыз Тарғынға айтты: «Осы жұртымызда, сіздей ерлігі болмаса да, қырық сан Қырымның мырзасы бір Жалманбет дейтұғын жігіт бар еді. Мен сол жігітпенен ашына едім, сол жігітті өлтірдім. Өлтіргенімнің мәнісі: бір бөтен жігіт пе екен деп білмей ката өлтірдім. Соның күйігінен ішер астан, ұйқыдан айрылып жатушы едім, сол мырзаның қайғысы менен әр кезде кетпес еді. Енді бұл уақытта сізді естіп-біліп, шақыртып алып, сізбенен сөйлесіп, ойнап-күліп отырмын. Сізден басқа ешбір кісіменен Жалманбет мырза өлгеннен бері сөйлескенім жоқ еді. Сіз арқылы мырзаның қайғысы менен көтерілсін. Менен хабар болған уақытта менің жанымға келіп жүріңіз. Менің сізді шақырған лебізімді әр кез жерге тастамаңыз!»— деді.

«Бұл айтқан жарлығыңызды қабыл алдық»,— деді де Тарғын батыр қайтып кетті. Әр заман Ақжүніс бұл Тарғын батырды уақытыменен шақыртып алып жүрді.

Бір заманда бұл қызды бір ханның баласына айттыруға жаушы келді. Сонда Ақшахан қызына кісі жіберіп: «Сені айттыруға жаушы келіп жатыр, менен рұқсат, қызымның өзінің күйеуге барғысы келе ме екен, келмей ме екен?»— деп сұратты.

Сонда қызы айтты: «Әкем маған үш күн мұрсат берсін!»— деді. Қыз бұл үш күннің ішінде Тарғын батырды шақыртып алды да, Тарғынға айтты: «Міне мені, бір хан баласына айтыруға жаушы келіп жатыр екен. Әкем мені ол ханның баласына бермекші болып, рұқсат сұрай маған кісі жіберіпті. Мен ондай хан баласына таңсық емеспін, өзім де хан баласымын, сұлуға таңсық емеспін, өзім де сұлумын. Мен кімнің бақыты зор болса, соған барамын. Мені осындай кісіге қор қылғанша, егер де батыр екенің рас болса, сен мені ал да қаш, мен саған тиемін, сенен басқа ешкімге тимеймін, көңлім саған ауды. Егер де маған келмесең, мен, шыдап тұра алмай, сенің қайғыңнан өлемін»,— деді.

Онан Тарғын бұл қызды Ақшаханның Қанатты қара дейтұғын бір жорғасына мінгізіп алды да қашты. Үш күн өтті, үш күннен соң ханның қызының қарауылшы құлдары Ақшаханның бір қазысына барып хабар берді: «Солай, ханның қызы Ақжүніс сұлу сарайында жоқ, қашып кетіпті, білмейміз кімменен қашқанын»,— деді.

Онан қазы барып Ақшаханға хабар беріп еді, хан айтты: «Ол жалғыз қашқан жоқ шығар, бір жігітпенен қашқан-ды, жігіттерді түгендеңіз!»— деді.

Жігіттерді түгендеп караса, Тарғын батыр жоқ болды. Сонан соң ханға хабар берді. «Солай, Тарғын батыр жоқ»,— деп. Сонда хан айтты: «Мұнда руы, туғаны жоқ, өз жұртынан да қашып келген жігіт еді, ол жоқ болса, алып қашып кеткенді»,— деді. Онан соң өзіне қараған бүтін ел-жұртын жиды да, үкім айтты: «Мен бұл қызымның ол қырғызбенен кеткеніне риза емеспін, ол қара кісі еді, қызым кетсе керек еді хан баласыменен, сүйек қорлап, қара кісіменен кетті. Сол қызымды кім қуып жетіп айырса, сол кісі алсын. Құй бай болсын, құй жарлы болсын, құй жас болсын, құй қарт болсын, тек кім айырса, сол алсын»,— деді.— Егер де қуып жетіп өлтірсе, құны жоқ болсын, тек Тарғыннан айырыңыз да өзіңіз алыңыз»,— деді.— Оның үшін қызымнан бек қатты көңілім қалып өкпеледім, соның үшін айтамын»,— деді.

Хан солай деген соң, жұрт қуды, бір мырза екі атпенен, бір мырза үш атпенен; тапқан кісі атын жетелей берді: «Бір атым болдырса, бір атымменен қуып жетермін»,— деп.

Әскер былай далаға шыққан соң жиылып кенесті: «Біз мұны қусақ та, ол бізге бермес, оны ала алмаспыз деп, егер де қаһары келсе, біздерге қырғын таптырар»,— деді де, жұрт қорқып, қумай үйлеріне қайтты. Сол қуарға шыққан кісілердің ішінде алпыс беске келген бір қарт кісі бар еді, бірақ, сол қайтпай қалды. «Мен үйден бір қуамын деп шыққан соң, қумай үй-

ге қайтып барғаным да өлім, қуып барып өлгенім де өлім. Мен қайтпаймын, қуамын, қазам жетсе өлермін, шамам келсе ол қызды алармын»,— деді де қуып кетті. Бұл қуып жетіп келе жатқанда кетіп бара жатқан Тарғынның астындағы Тарлан аты пысқырды. Ол ат артынан бір жау келе жатқанда пысқыратын еді. Тарғын, аты пысқырған соң, артына қараса, артында бір жалғыз кісі келеді екен:

Сонда Тарғын сөйлейді,
Сөйлегенде не дейді:
«Ақжүністей жолдасым,
Қыз да болсаң мұндасым,
Қолаң шашты, қой көзді,
Әйелде ару сен едің!
Аш арыстан жүректі,
Балуан жолбарыс білекті,
Жігіттің мәрті мен едім!
Құдіреті күшті құдайым
Сындырмағай белімді,
Тарылтпағай жерімді,
Нендей заман білмеймін!
Арт жағыма қарасам,
Қайнаған қара бұлыттай,
Қайнап біткен болаттай,
Тұлғасына қарасам,
Сайдан шыққан қолаттай,
Қабағы тастай түйілген,
Лашын құстай шүйілген,
Женсіз берен киінген
Жалғыз қара көрінді!
Енді жүрсем қашты дер,
Аруағым менің басты дер,
Менен қорқып састы дер.
Ажалым болса бұл ерден
Жемей қоймас жебір жер,
Кіргізбей қоймас қазған көр».

Толғана мойнын бұрады,
Ақжүніспенен екеуі
Аз әңгіме құрады.
Жалғыз қара келгенше,
Қашатұғын катын ба,
Қасқайып қарап тұрады.
Ертеңнен шапса кешке озған.
Ылдидан салса төске озған,

Томаға көзді қасқа азбан,
Біткен сүйек долантып.
Сауырсын бедеу сулантып,
Дауылдай жалы суылдап,
Құйрығы құйындай шуылдап,
Төскейден төмен желеді.
Ақжүніс пен Тарғынды
Көріп көңілін бөледі.
Алпыс бесте жасы бар,
Қорқатұғын ер емес
Салып жетіп келеді.
Келді, Тарғын көреді,
Бұ да өзіндей ер еді.
Қарсы алдынан қараса,
Алпыстан асқан ағасы,
Ақ сақалды бабасы,
Жасы үлкен ағам деп,
Ақ сақалды бабам деп,
Тарғындайын бөріңіз
Әлгі келген қартына
Иіліп сәлем береді.
Қарсы алдынан қараса,
Омырауы даладай,
Әлпетіне қараса,
Тамнан соққан моладай.
Ердің берген сәлемін
Жаксы құптап алады,
Енді Тарғын сөйлейді:
«Батыр, сынап жүрмісің,
Тәмәм таудың арасын.
Аруағынды байқасам,
Қаптаған қардай борасын!
Көк бүркіттей түйіліп,
Лашын құстай шүйіліп,
Қай сапарға барасың?»
Сонда қартың сөйледі:
«Аспандағы жұлдызым,
Маңдайдағы құндызым,
Ажары сұлу көркемді,
Қыз да болса серкемді,
Ақжүністей аруды
Алып қашып барасын!
Беліме семсер ілемін,
Жазығым қарттау болмаса,

Бір тәңріден тілеген,
Қазам жетсе өлемін,
Егер қазам жетпесе,
Қасындағы Жүністі
Айырып ала келемін!»

Сонда Тарғын сөйлейді:

«Асу-асу бел едің,
Асудан соққан жел едің,
Жолдасымды бергендей
Қай батырдан кем едім?
Менен қызды алғандай,
Өзің қандай, мен қандай,
Айтшы жөніңді кім едің?»

Сонда қартың сөйлейді:

«Мен, мендүрмін, мендүрмін,
Мен де өзіңдей кендүрмін,
Менің жөнім сұрасаң.
Қырық сан Қырым елінде,
Ал асыл жәуһәр белінде,
Арғы атам Еркөлік,
Өзімнің әкем Қоянақ,
Мен Қоянқұлы Қартқожақ!»
Оза шауып олжа алған,
Таласты жерде жұлде алған,
Жасанған жауға қол салған.
Ортадан ойып жол салған
Қартқожақ деген ер едім».

«Өзің үлкен данасың,
Өрттей қаулап жанасың,
Ерлігіңнен мінің жоқ,
Ер де болсаң бұл қызды
Нағылып менен аласың?»

Сонда Қожақ сөйлейді:

«Алла тізгін ондаса,
Көк сүңгіні салармын,
Балдағы алтын ақ берен,
Қызыл қанға малармын;
Тәңірі тізгін ондаса,
Не көрмеген бибақпын,
Ер де болсаң алармын.
Жер жазығы төмен-ді,
Сені қорқақ демен-ді,
Әуелгі кезек менікі,
Соңғы кезек сенікі,

Қалаған жерден атам,
Айнымай туған ер болса
Кезегімді бер енді».
Сонда Тарғын тұрады.
Толғай мойнын бұрады,
Әңгіме-дүкен құрады.
Бұл жаннан қорқар ер емес,
Кезегін бабай алсын деп,
Қарт қояндай қасқайып,
Қарсы қарай тұрады.
Шошынып тізгін жимады,
Буырқанды,
бұрсанды,
Мұздай темір құрсанды.
Жау жағадан алған соң,
Беренге батыр сыймады,
Бұл сықылды батырды,
Қартқожактай еріңіз,
Атарына қимады.
Аруакты туған ер-дағы,
Тарғынды Қожақ сыйлады.

Тарғын бұл Қартқожакқа кезек беріп, атсаң ат деп қарсы карап тұрып еді, Қожақ мұны сыйлап атуға қимады. Не үшін десеніз: мен алпыс беске келген, сақалым қуарған бір қарт шалмын, бұл ғой, жас болса да, қасындағы Ақжүністей сұлуды қиып әм өзінің жанын қиып, маған қарсы тұрды. Бұл өте батыр екен. Мұның өзін де атпайын, атын да атпайын, тек мұның қорамсақтағы жүз алпыс кез оғын жалғыз доғал оқпенен атып уатайын. Соныменен өзімнің оны аяп атпағанымды білдірейін, сонан соң бұл, ақылы болса, ойлап білер де, қызды маған тастар да жүре берер деп, бір жалғыз доғал оқпенен атып қалғанда, Тарғынның қорамсақтағы жүз алпыс кез оғын құлпара қылып уатып кетті.

Сонан соң Тарғын кезегін болды ма деп қылышын суырып Қожаққа дүрсе қоя берді.

Қожақ айтты: «Тоқта, менің кезегім біткен жоқ,— деді.— Мен сені аяғаннан өзінді атпай, оғыңды атып едім, өзімнің ерлігімді білдірмек үшін. Егер де ақылы болса, менің аяғанымды біліп, қызды тастар да жүре берер деп едім. Сен менің аяғанымды білмедің! Ендеше барып тұр, жанадан өзінді тура атам»,— дейді.

Сонда Тарғын ойлады: «Мұның мұнысы рас екен, бұл ғой менің өзімді байлап атса, таудай өзіме, таудай атыма тигізбей

ме? Аяғаны рас екен, мен мұның қадырын білейін»,— деді де, қызды тастады да жүре берді

Сонан соң Қожақ қыздың қасына келіп еді, қыз атынан түсіп киімін басына бүркенді де жылай берді. Сонда Қожақ айтты: «Сен неге жылайсың, сен мені қарт деп жылаймысың, жә болмаса жаман деп жылаймысың? Әкеңнің: кім қуып жетіп айырса, сол алсын, егер де өлтірсе — құны жоқ деген уәдесі бар. Көп жылай берсең, басыңды қылышпенен кесіп жүре беремін,— деді.— Қарт та болсам, мен жек көретұғын қарт емеспін, ешкімнен де кем емеспін. Сен бүйтіп жылай бергенше тұр, жылама, басыңдағы бүркеншегіңді ал, өзіңді маған көрсет, басыңды да, бойыңды да, қасың, қабағыңды да. Жарасаң аламын, егер де бір жерің жарамаса алмаймын»,— деді.

Сонда қыз толғап айтты:

«Ай, Қартқожақ, Қартқожақ!
Атыңның басын тарт, Қожақ!
Менің немді сұрайсың?
Бұқар барсаң қолаң бар,
Қолаңды көр де шашым көр.
Зергер барсаң қасында
Алтыннан соққан түйме бар,
Түймені көр де басым көр!
Молдаға барсаң қасында
Қиюлы жатқан қалам бар,
Қаламды көр де қасым көр!
Имран барсаң пісте бар,
Пістені көр де мұрным көр.
Әр шәһەرге қарасаң,
Құрулы тұрған күзгі бар,
Күзгіні көр де көзім көр!
Самарқанд барсаң сандал бар,
Сандалды көр де тісім көр!
Ұсталарға барсаң, қасында
Тартулы жатқан сымдар бар,
Сымды көр де қолым көр!
Тоғайға барсаң тоғайда
Домаланған қоян бар,
Қоянды көр де жоным көр!
Қара жерге қар жауар,
Қарды көр де етім көр!
Қар үстіне қан тамар,
Қанды көр де бетім көр!
Мен Қырымның ішінде

Ақшаханның қызы едім,
Атам менен анамның
Асыранды қазы едім.
Жылқыда шаңқан боз едім,
Қытай менен Қырымнан
Тамам жақсы жиылса,
Аузындағы сөзі едім,
Менің немді сұрайсың?
Бұл уақыт болғанда,
Бұл заманның шағында,
Жылап тұрған көзім бар,
Жалынып тұрған сөзім бар,
Өксіп тұрған жасым бар,
Әуре болған басым бар,
Алғанымнан айырма,
Мені өзіңе қайырма!
Батыр Қожақ мен дейсің,
Біз сықылды бишара,
Жылап тілек еткен соң,
Тілекті бермес болар ма,
Сіз сықылды асылдар!
Бес жасында, Қартқожақ,
Жас шыбықтан жай тарттың,
Жалғыз шиден оқ аттың,
Атқан оғың жоғалттың,
Көні шыққан мүйізің?
Он жасыңа келгенде
Қызыл-жасыл киініп,
Қынай белін буынып,
Қызбалықты көрініп,
Бала болдың бір кезек,
Көні шыққан мүйізің?
Жиырма беске келгенде
Ақ балтырың түрініп,
Оймақтай аузың бүрініп,
Қарт бурадай қамданып,
Қас батырдай шамданып,
Сыртыңнан дұспан сөз айтса,
Шыныңменен арланып,
Қызды бақтың бір кезек,
Көне шыққан мүйізің?
Отыз беске келгенде
Қоңыраулы найза қолға алдың,
Қоңыр салқын төске алдың,

Жауды көрсен, шүйілдің,
Жеңсіз берен киіндің,
Көк серек атты борбайлап,
Қамалды бұздың айқайлап,
Кәні шыққан мүйізін?
Қырық бес жасқа келгенде,
Қырым деген шәһәрдің
Жел жағына қаласың,
Ық жағына панасың,
Қырдан қиқу төгілсе,
Елге таман үңілсе,
Мың кісіге бір өзін
Шошынбай жалғыз барасың,
Кәні шыққан мүйізін?
Елу беске келгенде,
Топқа бардың бой түзеп,
Дауға бардың тіл безеп,
Билік құрдың бір кезек,
Кәні шыққан мүйізін?
Алпыс беске келгенде,
Сақал-мұртың қуарып,
Бойға біткен тамырдың
Бәрі бірдей суалып,
Алайын деп тұрмысың,
Мені көріп қуанып?
Өлтірсең де тимеймін,
Теңдік берсен сүймеймін
Бұрын батыр болсаң да,
Сенің басың бұл күнде
Жерде жатқан қу тезек!»

Сонда Қожақ ойлады: «Бұл ғой менің бес жасымнан елу бес жасымға келгенше не қылғанымның бәрін де тапты: тап менің өзімнің қасымда жүргендей. Ақыр асылзада патшаның баласы-тағы. Енді менің бұл елу бес жасымға шейін не қылғанымды тапқанда алпыс жасымдағыны да таппай ма? Мұны мен алсам обалына қалады екенмін, деді. Енді бұл асылзаданың баласының тапқан сөзін таппады демейін. Мұны өзінің сүйгеніне косайын»,— деді де, Тарғын батырға қосты да, қоя берді.

«Барыңыз! Менен озған дәурен екеуіңізге құтты болсын!»— деді.

Тарғын ол қызды алып сол кеткеннен кетіп, Еділдегі Орманбеттің он сан ноғайына барды. Он сан ноғайдың он ха-

ны бар еді, сол он ханның ішінде бір Ханзада деген хан бар еді, сол ханның қоластына барып бір бидің үйіне қонып еді, би мұнан сұрады: «Сіздің атыңыз кім?»— деді.

Сонда Тарғын айтты: «Менің атым Тарғын»,— деді.

Ол би айтты: «Қасындағы жолдасың кім?»— деді.

Тарғын айтты: «Жолдасым Ақшаханның қызы Ақжүніс сұлу»,— деді.

Би айтты: «Ақшахан патшаның қызы Ақжүніс сұлу бұл болса, сахраға шығып жұрт асып жүргені не себепті?»— деді.

Сонда Тарғын айтты: «Мен алып қашып жүрмін»,— деді.

Онда би айтты: «Ақжүністей сұлуды алып қашып жүретұғын сен қай Тарғынсың?»— деді. Онда Тарғын айтты: «Олалай ханның торғауыт деген жұртын қарап еткен мен»,— деді.

Енді би бұларды өте сыйлады. Сыйлаған себебі: мұның ерлігін есіткені бар еді, соның үшін сыйлады.

Онан соң бұл бек Ханзада ханға барып мағлұм қылды. Хан есіткеннен соң Тарғын менен Ақжүністі шақыртып алып бір алтын сарайдың ішіне кіргізді де, хан бекке айтты: «Бұл батыр Ақжүністің қасында он күн, он бес күн отырған соң, жұртын, батырларын, мырзаларын, шораларын сағынар. Онан соң бұл дертті болар, іші шерлі болар. Бұл батырға менің қоластымдағы батырларымды, шораларымды аралатып көрсетіп, үйір қыл. Сөйтіп, аралатып болған соң Ақжүністің қасына алып кел. Сонан соң ол мұндағы жақсыларды көріп таныс болған соң, өз жұртын сағынбас»,— деді.

Сонан соң бұл ханның жарлығы бойынша Тарғын батырды жұртын аралатып, жақсыларын көрсетіп, таныс қылып, ханға алып келді, үйіне кіргізді. Бұл Тарғын батыр жұртты аралап қайтып келген соң, барша Ханзада ханның батырлары, мырзалары, жақсылары жиылып хандарына келіп, ханменен маслихаттасып, сөйлесіп, Тарғынның ерлігін, батырлығын ханнан сұрап білді.

Сонда барлық жиылып отырған мырзалар, билер айтты: «Бұл Тарғын батыр болса, біздер оны өте құрметтеп сыйлайық, сіздің жарлығыңыз жерде қалмасын деп»; тағы да ханнан өтінді: «Бұл Тарғын батыр болса, біз мұны Шаған деген судын бойындағы қалмаққа жұмсалық. Ол қалмақты Шағанның бойынан ығыстырып бізге жерін тартып алып берсін»,— деді.

Сонда хан Тарғынды шақыртып алып айтты: «Сен өз жұртыңнан қашып Қырым жұртына бардың. Ол Қырым жұртының Олалай, Бұлалай деген жауын алып бердің және сен біздің қоластымызға келген соң мынау Еділден шыққан Шаған дей-

тұғын судың бойындағы қыл жалаулы көп қалмақты ығыстырып, солардың жерін біздерге тартып алып бер!»— деді.

Сонда Тарғын: «Пәлі, бас таксыр, жарар,— деді,— алла тілесе, бірақ, менің қасыма үш кісі жолдас беріңіз»,— деді.

Хан айтты: «Кімдерді аласың?»— деді. Тарғын айтты, «Бізге беріңіз Қарасайұлы Көбенді, Алшағырұлы Тегенді, Өмірұлы Себенді. Сол үшеуіменен барып қарармыз, бізге айтқан жарлығыңыз жерде қалмасын»,— деді де, үш кісі жолдасын алып, Тарғын батыр қалмаққа барып жетіп, қалмақты Шағанның басына қарай бастырды.

Қалмақтың аруағы қашып бұларменен басқын тауып* ұрыса алмады. Қалмақты Шағанның басындағы белден асырды, қонысын адыра қалдырды.

Сонан соң, егер де қалмақтың біздерменен ұрысарға ойлары болса әскер жиған-ды, соны қарайын деп, батыр Шағанның басындағы белдің үстіне жалғыз біткен еменнің басына шықты. Сол еменнің басында бір жалғыз-ақ көлденең біткен бұтағы бар еді, сол бұтаққа атша мініп отырса, ол бұтақтың түбі шірік екен. Бұтақ сынып жерге түсіп, әм Тарғын да бірге түсті. Тарғынның сонда бел омыртқасы буынынан шығып кетті. Сонда қасындағы үш жолдасы өздерінің найзаларын төрт бұрышты қылып қиюластырып, найзаның төрт бұрышына Тарғынның екі аяғын, екі қолын байлап, алдарына алып екі айда Ханзада ханға алып келеді.

Ханзада хан бұл батырды неше күн бақтырып қараса да ешбір жазыла алмады, жатқан орнынан қозғала алмады. Ол уақытта бұл Ханзада ханның елі Бұлғыр тау дейтұғын таудың ішін жайлайтұғын еді. Бұл Бұлғыр таудың ішінде алты бұлағы бар еді.

Бұл Бұлғыр таудан ханның елі көшті де баяғы қалмақтың жайлауы Шағанға барып қонды. Шағанның бойына барып қонған соң қайтып келіп алармыз деп, Ақжүніс сұлу мен Тарғынды Тарлан атын кастарына арқандап, алты-жеті күндік азық беріп, жұртқа тастап кетті. Бұл тастап кеткен азығы таусылды. Ханзада ханнан ешбір кісі келмеді. Арқандаулы тұрған Тарлан атты бағатұғын кісі жоқ. Бұлар аштықтан өлім халіне жетті. Сол уақытта Тарғынға қайғы түсті. Мұның Қырым жұртында қырық құрдасы бар еді әм бірнеше мырзалары бар еді. «Олардың қасында болсам мұндай бөлеге ұшырамас едім деп, менің бір қызға бола өз жұртымнан айрылып бұл жұртта жатқаным хатеден екен»,— деп жылайды, жылайды да толғайды:

* Басқын тауып — табан тіреп.

«Бұлғыр-бұлғыр, бұлғыр тау.
Бұлдырап тұрған құрғыр тау.
Қаптай қонар елім жоқ,
Елім-күнім Кәрібоз,
Сөйлесетұғын тілің жоқ!
Ел таптырар ма екенсің.
Арысаң да жануар?
Көрсетер едің бір қара,
Саған мінер белім жоқ,
Белге қылар емім жоқ!
Бұл шамаға келгенде,
Ажалым аштан болды ма,
Ауызға жерге жемім жоқ?
Егер өлсем бұл жерде,
Сүйегімді ұстар теңім жоқ!
Көк шалғынның үстінде
Көгеріп келіп жатырмын
Үстіме киер кебін жоқ!
Еңіреп жүрген ер едім,
Қаптаған қара борандай,
Өткені ме дүние бок!
Ащылы тоғай ала бас,
Ақсара алдым боз ағаш,
Алтынды сарай қарашаш
Ала бастан боран бораса,
Боз ағаштан боран борамас,
Тұлпардан туған талаудың,
Артынан телміріп қиқу таянса,
Қара терге боялса,
Алдынан найза бойы жар келсе,
Жабыдайын жалтандап,
Жануар, түсер жерін қарамас.
Қапыда өткен дүние-ай,
Аяғына айдай таға қақтырып,
Еділдің күзгі қатқан көкше мұзында
Шауып кетсем тая алмас!
Қарындасы кімнің бар болса,
Жамандық жер кез келсе,
Көкіректегі жанын аямас.
Жаудың жаман болмағы,
Жамандық жер кез келсе,
Ат сауырсын бір берсе,
Қайрылуға жарамас.
Шағанның бойын шаңдатып,

Кешегі кеткен ноғайдың
Жұртына тірі тастап кеткені,
Есімнен қалмас бүйткені!
Ақжүністей аруым,
Болғаны ма мұнын да,
Ит тигендей арам ас,
Көк көгершін, көгершін,
Көк кептер ұшар жем үшін.
Баданамды баса бөктеріп,
Қасыма жаттан жолдас ертіп
Күн-түн қатып жортқанмын
Атаңа некес қалмақтың
Жайлау, қыстау жері үшін,
Еділден шыққан ен Шаған,
Қалмақтан ноғайға тартып
әпердім

Атаман арыстан туған ер үшін
Қадірді білмес ноғай-ай,
Елемеді өзімді,
Сыйламады сөзімді!
Жаудыратып көзімді
Тастап кетті жұртына
Бір мертілген бел үшін.
Қапыда өткен дүние-ай,
Тарғын, Тарғын дейтұғын,
Қолынан сарқыт жейтұғын,
Жамандық жер кез келсе
Қайрылмай кетпен дейтұғын
Қарасайұлы Көбен-ді,
Алшағырұлы Теген-ді,
Бірге жортқан жолдасым
Өмірдің ұлы Себен-ді.
Пейлі жаман оңбасын.
Осындай қиын жерлерде
Келмей кетті не үшін?
Аяукеннің ауыр қол
Алты күндей атысып,
Қара қанға батысып,
Бәрін бірдей қырғанда,
Саяға шығып тұрғанда,
Балалы марал келгенде
Қоянақұлы Қартқожақ,
Баласын байлай атқанда
Атқанына жығылмай

Ақсай басып өткенде,
Біздің дөңге жеткенде,
Тарғын созып тартқанда,
Атқан оғы маралдың
Атасының қос жаурынынан өткенде,
Иегін сүйей жатқанда,
Қасымдағы қырық жігіт
Суыра алмады оғымды,
Тасқа кірген тартқанда!
Қапыда өткен дүние-ай,
Басымнан дәулеттің құсы ұшты ма,
Фәләктің* қайғысы мұндай қысты ма?
Ішім оттай жанады,
Жалыны жүректі шалады,
Бұл істерді айтқанда.
Дін кәпірге болмаған,
Оған тиген оңбаған,
Азнау деген Аз қала,
Алпыс атын бақтырған,
Үлкені әр нәрсе қылса жақтырған.
Ақ сыбанның баласы,
Ақ айуанды жаһуттын,
Алпыс атын алған мен едім!
Сол сапардан үйге қайтқанда,
Балтаға бардым тал үшін,
Талды кестім сал үшін.
Айналасы алты айшылық Еділге
Тарланды талай-талай салғанмын
Еділдің арғы жағында
Аттанбадым, олжа үшін
Сынсып жатқан малы үшін,
Аттанбадым, олжа үшін
Аттанғанмын кәуірге
Атамның ежелден ескі кегі бар үшін.
Қолаң шашты, қой көзді,
Қастауыш қасты, Ақжүніс,
Айттым сені құдай жолына
Кешегі ноғай жұртына тастап кеткенде,
Көкіректегі шыбындай жан үшін.
Айнайлайын Тарланым,
Бектер мінген бедеуге
Сен тұрғанда бармадым!

* Фәләк — әлем, дүние деген мағынада қолданылып отыр.

Қырдан қиқу төгілсе,
Елге таман үңілсе,
Жалғыз-ақ сені қармадым!
Қырдан қиқу болғанда,
Қаранғы тұман толғанда,
Сеніңменен еді дәрменім.
Мінбей, түспей қарыдын,
Арқанда тұрып арыдын,
Алдыңа келіп бітсейші
Қамысты көлдің құрағы.
Суғаратұғын балам жоқ,
Алладан басқа панам жоқ,
Тәңірі қылды, шарам жоқ
Маңдайынан ақсайшы,
Құрғыр қара таудың бұлағы!
Қаламдай қасы сүрілген,
Оймақтай аузы бүрілген
Ақжүністей арудың
Алғанынан айрылып
Сөнгені ме енді шырағы?
Құдіреті күшті, құдайым,
Ақжүністей арудың
Көз алдында көлбектеп,
Аштығынан еңбектеп,
Көзіме менің көрсетпей,
Алдына келіп өлсейші
Киіктің жалғыз жетім лағы!
Менің бүйтіп жатқаным
Өз шәһәрімнің жырағы!
Еңірей-еңірей кетейін,
Қырымда қалған ерлердің
Есіткей-дағы құлағы!
Сол батырлар келмесе,
Жайымды солар білмесе,
Кеткен жақтан қайрылып,
Бір-бірінен айрылып,
Екеуімізге кім келсін?
Атам қалды дейтұғын
Өзімнен туған балам жоқ.
Балам қалды дейтұғын
Атам менен анам жоқ!
Бауырым қалды дейтұғын
Інім менен ағам жоқ!
Белімнен басқа жарам жоқ,

Ауызға жерге парам жок!
Бір қайрылып келмеді,
Не болғанымды білмеді,
Ер Тарғынды көрмеді,
Атаңа нәлет аксүйек,
Ойлай-ойлай қарасам,
Ханзада ханнан сараң жоқ!
Асыл туған Ақжүніс,
Күнді бұлт қоршайды,
Күнді байқай қарасам,
Күн жауарға ұқсайды!
Айды бұлт қоршайды,
Айды байқай қарасам,
Түн жауарға ұқсайды!
Көгілдірін еріткен
Көлдегі қулар шулайды.
Шулағанға қарасам,
Көктен сұңқар соғылғанға ұқсайды.
Бойды байқай қарасам,
Қол-аяғым көсіліп,
Лузы-мұрным ісініп,
Алланың хак бұйрығы
Маған таянғанға ұқсайды!
Көктен бұлт сөгілсе,
Көктеп болмас не пайда?
Көктегі жұлдыз сиресе,
Септеп болмас не пайда?
Көлденендеп тұрған тұлпарым,
Тандап алған текті едің,
Маған тегіңнен сенің не пайда?
Шабысыңнан маған не пайда?
Көріп алған көрікті едің,
Алладан әмір болған соң,
Жас мезгілі толған соң
Көрмеймісің жатқанын
Арыстаныңның бір сайда?
Қолаң шашты, қой көзді,
Алшандаған аруым,
Ажарыңды салма көзіме!
Раушан нұрын көргенде
Өлейін деп жатсам да,
Қай-қайдағым құрсайды!
Мінбей-түспей қарыдың,
Арқанда тұрып арыдың,

Айналайын, Тарланым,
Бектер мінген бедеудей,
Безектей басқан аяғын,
Сен тұрғанда бармадым.
Сен құлында емдің, тайда емдің,
Құнан жаста арда емдің.
Дөнен жаста үйреттім,
Алты қабат ала арқан
Жібектен өріп сүйреттім!
Бес жасыңа келгенде
Белдің қызығын көрсін деп,
Бес бедеуге салдырдым.
Алты жаста ақтаттым,
Алшақтатып ойнаттым,
Арпа-бидай асаттым!
Жеті жасқа келгенде,
Жер топылды желгенде.
Дұспанның көзі қорықты
Көлденеңнен көргенде!
Қандай қатын қинайды
Таудан асқан тұлпарым,
Иен, Тарғын, өлгенде?
От орнындай тұяқтым,
Омыртқаң бар отаудай
Жауырынына болайын
Сыпыра шапқан тақтадай.
Құйрығыңа болайын,
Қынаптан шыққан қанжардай!
Жалыңа сенің болайын,
Күлтеленген жібектей!
Шықшытыңа болайын,
Оралып жатқан түбектей!
Кұлағыңа болайын,
Көлге біткен құрақтай!
Қабағыңа болайын,
Қара албасты қабақты!
Бауыздау жеріңе болайын,
Піскен алма сағақты!
Екі көзіңе болайын,
Қорықтан жанған шырақтай!
Омырауыңа болайын,
Еділден шыққан бұлақтай!
Телміріп қиқу келгенде
Шұбар туды шұлғанып,

Кара терге бұлғанып,
Ақ сүнгіні қолға алып,
Мінер ме еді заңғарды?!
Сауырыңа болайын
Зантекті қара көмірдей!
Сүбелік жеріңе болайын,
Тастан соққан қорғандай!
Жанбасыңа болайын,
Ұста соққан сандалдай!
Тұрпатыңа болайын,
Қараған аң-таң қалғандай!
Қартайғанша мінбедім,
Өлгеніңше дәурен сүрмедім!
Ойлап келіп қарасам
Жігіттегі мен бибақ,
Болғаным-дағы сормандай».

Енді Тарғын Ақжүніспенен, атыменен амандасып болды. Сонда Ақжүніс ойлайды: «Мен қыз да болсам ханның қызы едім. Бұл ел-жұртынан, атасынан, анасынан айрылып, мені осындай алыс жерге жолдас қылып алып келіп еді. Бұл ғой өзі өлейін деп жатса да меніменен, атыменен толғауменен амандасты. Енді мен де толғап мұныменен амандасайын. Егер де дүниеден көше қалса, бұл батырдың маған көңілі хош болсын»,— дейді. Сонда Ақжүніс толғайды:

«Арыстанымның барында
Оқалы байпақ кигенім,
Оқасын жерге төгілтіп.
Әлде неден азғырдың,
Асыл туған арыстанды
Әзіз жаннан түнілтіп.
Атасы басқа жат ру
Жаман екен дүние-ай!
Тастап кетті жұртына
Екі бірдей асылды,
Асылдан шыққан нәсілді!
Екеуімізді үнілтіп,
Қосаяқтай көшкенде
Қатар-қатар қара нар
Көш болып қашан түзелер?
Қыл жалаулы қалмактан
Дүркін-дүркін қуалап,
Келіп тұрған көп жылқы

Қашан келіп күзелер?
Байлауда қалған ақ сұңқар
Бұрынғыдай бола алмас,
Көлден үйрек ала алмас,
Күндердің күні болғанда
Қорағытып барып түленер.
Кетпек болсаң алғаным,
Нағылғаным сенен қалғаным?!
Кетемін деп шыныңды айт,
Артыңда қалып нетемін.
Алдыңда сенің кетемін!
Арыстан кетіп мен қалсам,
Артыңда қалған бибағың,
Құрсаулы шелек қолға алып,
Қай шәһәрден тіленер?!
Сүйіп мінген Тарланың
Басын көкке қаратып,
Бауырынан жаратып,
Туяқтан ұшқан тозаңын
Жауырынынан жауған қардай боратып!
Арқадан соққан борандай.
Жел түбіне желген ер!
Атасы некес кәуірдің
Мәстегін айдап келген ер!
Бекіре ойнар ақ теңіз
Өңгеге терең болса да,
Сіз өтейін дегенде,
Белгілі өткел болған ер!
Ит мінезін ұстаса,
Қайсардың қара тасына
Қарауыл салмай қонған ер!
Шыныңменен тілесен,
Қайда кетті тілегің,
Тәңірің тілек берген ер!
Бадананды баса бөктеріп,
Жаттан жолдас ертіп,
Еділ, Жайық екі су,
Ерінбей жортып, дүние-ай,
Басы-аяғын көрген ер!
Ерлігінде шама жоқ,
Ағаштан биік мерт тауып,
Қорлықпенен өлген ер!
Қай батырдан кем едің,
Өлерде болдың қара жер!»

Бұл Тарғын: «Мені жұрт ағаштан жығылып өлді демес, Шағанның бойындағы көп қалмақты асырамын деп жаудан өлді дер»,— деп ойлайды екен. «Қатыным бұлай деген соң басқа жұрт та мені ағаштан жығылып өлді дер. Ойлап тұрсам, менің мұным бек ұят екен»,— деп бек қатты қаһарланды. Бұрын шипагерлер белін қараймыз десе безелектеп маңына жолатпаушы еді. Қаһары келген соң, бүйтіп жатқанша біржолата өлейін деп белін қолымен басып қалғанда бел омыртқасы сырт етіп орнына түсіп кетті.

Алты құлаш белбеумен
Алып белін орады,
Алладан мәдет сұрады:
«Бабадан жәрдем болғай,— деп
Таяна барып тұрады.
Тұрмасына арланды,
Төңірегін қарманды,
Ақжүніске сөйледі:
«Берер болғай тәңірім тілекті
Қуантар болғай жүректі.
Алып кел, Жүніс, Тарланды!»
Алып келді Ақжүніс
Шұбала басып Тарланды!
Арқанда тұрған Тарланы,
Хайуан бұл да зарланды.
Алып келіп ер салды,
Оңалмаған енді не қалды!

Атын ерттеп Тарлан атқа екеуі мінгесті, Ақжүніске барша қару-жарағын асындырып, оны алдына мінгізді де, өзі артына мініп Ақжүністен ұстап отырып: «Кешегі жұртына тастап кететұғын ноғайлының еліне қарай жүр»,— деді.

Бір уақыт болғанда
Бұл Тарланы пысқырды.
Пысқырғанменен қоймады,
Және жерді тебінді,
Хайуан бүйтіп не білді?

Сонда Тарғын Ақжүніске: «Ай Ақжүніс, бұл Тарлан менің қашаннан бергі жолдасым, хайуан болса да, мұның сыры маған белгілі. Бұл артынан бір нәрсе келе жатса пысқыратұғын еді. Егер де алқынып, ащы терге шомып шабатын болса жер тебетұғын еді. Сол екі әдетін бірдей қылды. Жан-жағына қа-

рашы, біреулер келе жатпасын, менің бұрылып қарауға әлім келмейді. Біз бүйтіп науқастан әлсіреп келе жатқанда төтеннен жау келіп маза етіп жүрмесін»,— деді.

Ақжүніс олай-бұлай қарады да: «Сырт жағымызда ештеме көрінбейді. Бірақ алдыңғы жағымызда емескі бір-екі қара көрінеді»,— деді.

Сонда Тарғын сөйледі:
«Хақ тағала, құдайым,
Ақ тарыдай ақтарып,
Шешіп жаздың белімді!
Белім түсіп орнына,
Тағы іздедім кешегі
Тастап кеткен елімді.
Елдің шеті бола ма,
Емескі екі қара көрінді?
Сен, Тарланым, пысқырма,
Таудан үлкен күш қылма!
Көрінген қара ел болып,
Ыңырсыған жау шапса да
Бір шығарман теріңді!
Кім үшін сені қинайын,
Бір омыртқам мертіліп,
Жалғыздығым білінді!
Ару, саған ұнаса,
Кел, тапсам қайтер екен жөнімді!»

Солай деді де, Тарғын атының басын тартып тұрды.

Сонда Ақжүніс: «Бұлай етпеңіз, беліңнің жазылғандығын білдіріп, сол тастап кеткен көп ноғайдың ішіне барып, хан, халқына көрініп, жақсысына ой салып, жамандарын қорқытып қайтыңыз. Егер де бармай қайтып кетсеңіз, Қырым халқынан — Ақшаханның қоластынан бір Тарғын деген батыр келіп, бір омыртқасы сынған соң қайтып бұйымға аспай, қарға, құзғынға жем болып, Бұлғыр таудың бұлағында өліп қалды дер»,— деді.

Тарғын айтты: «Ендеше жүр!»— деді.

Бұл екеуі ел шетіне келіп түсті. Елге бармады. Тарғын менен Ақжүністің келгенін қойшы, малшы көріп таныды да, елге шауып барып, «Тарғын келді!»— деп хабар берді.

«Тарғын батыр елдің шетіне келіп түсіпті!»— деп, ел биге шапты, би ханға шапты.

Бұл уақытта ханның елін кешегі Шаған бойынан Тарғынның қуып жіберген көп қалмағы келіп қамап, шабамын деп шаба алмай жатыр екен. Шаба алмай жатқаны: Ханзада хан-

ның бір сұлу қызы бар екен, «сол қызынды берсең шаппаймын, егер де қызынды бермесең шабамын»,— деп, елді әуреге салған соң «сенің дегенінді орындаймыз» деген сөзбен өтірік дәмелендіріп, жұбатып жатыр екен.

Тарғынның келгенін есіткен соң ханы, халқы, мырзасы, бәі — баршасы жиылып барып көрісті, отырысты: «Айыпқа бұйырмаңыз, сізге бара алмадық.— Бұл уақытта жұртымызға жау келіп, өзіміз бек қатты қайғыдамыз. Өзіңіз аман-есен жазылып келдіңіз бе?»— деді.

Батыр: «Аллаға шүкір, келдім»,— деді.

Хан: «Бұл қалмақты әуелгідей қырып, қуып, бізді бұл жаудан бостан қыл»,— деді.

Сонда Тарғын: «Менің әзірге жауға шабатұғын қуатым жоқ, бұл әскердің қашатұғын айнасын мен сіздерге үйретейін, сол менің үйреткен айламенен өзіңіз барыңыз. Үйреткен айламы қылсаңыз өздеріңізден де қашар»,— деді. Онда хан айтты: «Онда шабуға әліңіз жоқ болса, үйретіңіз»,— деді. Сонда Тарғын үйретерде сөйлейді:

«Ауан, ауан, ауан су,
Ауандап үлкен балық жүзген су,
Қараже қобан қанды су,
Ақтоған бодан жанды су,
Үш өзен Самар данды су
Су болғалы екеуі,
Кәпір менен пұсырман
Ерлеріменен даулы су,
Даулы жерде тұрмаймын,
Мен кетемін, кетемін,
Кеткенменен айдалаға кетпеймін,
Айналып Еділді өтемін?!
Қадір білмес сен итке,
Қарашы болып нетемін?!
Иірім жоқ суларға
Иірілген шабақ не табар?
Қатын қалса бай табар,
Қарындас қалса ер табар.
Талапты туған жігітке
Тәңірім қайғы бермесін!
Алтыннан соққан кеудесі
Ат басындай шер табар.
Ай, жебір сұлтан, сен білмейсің,
Елден кеткен ер жігіт
Алғидың құба жонында,

Тәңірім жөнін берген соң,
Тарланға мінгесіп жүріп жөн табар!
Мінбей-түспей қарыған,
Тарлан жауға мінілмес.
Мінілсе де бұл Тарлан,
Бұрынғыдай жүгірмес,
Қалған белім үзіліп,
Балдағы алтын ақ болат
Енді белге ілінбес.
Ерлігім жауға білінбес.
Шығыршығы шираған
Бадана көзді кіреуке
Шарайнасы бес қабат,
Жау қарысы жетпеген,
Жез айырдың оғы өтпеген.
Сатуға бәсін сұрасаң,
Сан ділдәға бітпеген
Енді үстіме киілмес,
Батыр жауға шүйілмес.
Неге десең, сұлтаным,
Қатып қалған көнім бар,
Шілде түспей жібімес,
Қатты қалған көңілім бар,
Май құйсаң да ерімес.
Жебір сұлтан, сен білмейсің,
Мен бір аңқау туған бөрімін
Көп екен деп саған иек сүйемен,
Несібемді бір тәңіріден көрермін
Бұл барғаннан барармын,
Қырымға таман барармын.
Қырымда қалған қырық құрдас
Қырқын қасқа алармын!
Алла маған жол берсе,
Бері қарай, сұлтаным,
Сапарланып салармын.
Есен барып, сау келсем,
Домалантып басыңды алармын,
Жұртыңа бүлік салармын!»

Тарғын мұны айтты да: «Жаудың қашатұғын айласы осы, кет көзіме көрінбей!»— деді.

Тарғынның бұл сөзінен ханы, халқы қорықты. Ханзада хан айтты: «Олай болса райыңыздан қайтыңыз,— деді.— Бұл Бұлғыр тауға сені жалғыз тастап кеткендігімнің ұятынан Ақжұ-

ніс сұлудың үстіне саған жалғыз қызымды берейін,— депі.— жаңағы жұртымның саған бармаған айыбы үшін қолыңды бер!»— деп, қолын алды.

Сонан соң бұл батыр райынан қайтты да, Ханзада ханның ордасына келді. Бірнеше күнде белінің ауруы бітіп жазылды.

Келіп жатқан қалмақтар Тарғынның мұнда екенін білмеді. Қызын бермеген соң, атқа мініп, ханның елін шаппақ болып, барабандарын соғып, ханның үстіне келді.

Жау келгенін білген соң,
Бұл әскерді көрген соң,
Сарала туы салбырап,
Сауытының шашағы
Тұс-тұсына саудырап,
Қабағынан қар жауып,
Кірпігіне мұз тоңып,
Жаурыны жазық, мойны ұзын,
Атарына қолы ұзын
Құланды қақтан қайырған,
Егескен ханды елінен,
Алтын тактап айырған.
Ертеннен салса түсте озған,
Ылдидаң салса төске озған,
Оза, оза зырлаған,
Басын тартса болмаған,
Көк айыл болып көпірсе,
Айшылықты алты аттауға ойлаған.
Артынан қиқу таянса
Қара терге боялса,
Тосқауыл көрсе қарғыған,
Қарғи барып атылған,
Атыла барып тік түскен.
Аяғының дәнкімен
Қазандай тасқа жік түскен.
Томаға көзді Тарланды
Жауға қарай тебініп,
Жалмауыздай емініп,
Толып жатқан әскерге
Келді Тарғын желігіп,

Алты құлаш ала атпен,
Үсті толған болатпен,
Сайдан шыққан қолатпен
Көңілін тоқсан бөледі,

Бұ да айтулы ер еді,
Келе жатқан Тарғынды,
Сонадан байқап көреді,
Қалмақ-тағы болмаған
Домбауыл деген бір жайсан,
Жекпе-жекке Тарғынға
Соғысуға келеді.
Келе қалмақ сөйледі,
Сөйлегенде бүй деді:

«Аялайын десем оңайсың,
Алмайын десем тоғайсың,
Айтшы маған жөнінді
Нағылып жүрген ноғайсың?»

Сонда Тарғын сөйлейді,
Сөйлегенде бүй дейді:
«Асу да асу бел дейді
Аса бір соққан жел дейді.
Сұрасан жөнімді айтайын,
Әкең Тарғын мен дейді,
Іздегенім сен дейді
Еркек қара қарғадай,
Қоқаңдаған Домбауыл,
Сен де бір жүрген ер дейді,
Қағысқалы кел!»— дейді
Домбауыл сонда сөйлейді:

«Асу да асу бел дейді,
Аса бір соққан жел дейді,
Қарсы алдыңнан қарасам,
Жасың кіші жас ұлсың,
Кезегімді бер!»— дейді.
Толғана мойнын бұрады
Алладан пәрмен сұрады,
Қашатұғын қатын ба,
Таятұғын сарсаң ба,
Кезегім бер деген сон,
Қасқайып қарап тұрады
Сонда тұрып Домбауыл
Қорамсакқа қол салды,
Суырып алған қу жебе
Көп оғына жол салды.
Кезегендей қалады,
Созағандай алады.
Тарлан аттың басы деп,
Алтынды ердің қасы деп

Қақ жүректің тұсы деп,
Өлер жерің осы деп,
Толғанып тұрған Тарғынды.
Толғап алып салады.
Кірістен шығып кетеді,
Тарғынға таман жетеді.
Тоғыз қабат торғауыт,
Сегізінен өтеді.
Жыртыла жазды сауыттың
Қатарланған жағасы,
Қабыл еді Тарғынның
Ежелден бермен тобасы.
Өтер еді мұнан да,
Жібермеді бұл оқты
Сыйынып жүрген Тарғынның
Бітуәже бабасы.

Сонда Тарғын сөйлейді:
«Атаңа некес, ит Домбау,
Атың мінген күймелі,
Ақ сауытың түймелі.
Кесілмесем қарымнан,
Айрылмасам барымнан,
Қасқайып қарсы тұр солай,
Мен тартқан соң көрсетпен,
Бәлем, саған дүние-ай!»
Желігіп келген ер Тарғын
«Алла!»— деді ақырды,
Аруағын судай сапырды,
«Я, бабам!»— дей берді,
Еранлар қамын жей берді.
Қорамсаққа қол салды,
Бір салғанда-ақ мол салды.
Кезегендей қалады,
Созағандай алады.
Алаша аттың басы деп,
Қалмақы ердің қасы деп,
Қақ жүректің тұсы деп,
Өлер жерің осы деп,
Толықсып келген қалмақты
Толғап Тарғын салады.
Зырқырай оғы кетеді,
Қалмаққа таман жетеді,
Көкірек қысқан көбеден,
Қалмады қапыл жебеден,

Зырлауменен өтеді,
Бұған тоқтар қайрат па,
Мұнан да өтіп кетеді,
Бір төбеге жетеді,
Төңкере тастап кетеді.

Атқан оғын көрген соң,
Мықтылығын білген соң,
Аттанып келген әскердің
Көңіліне қайғы бітеді.
Оқ тоқтаған кезінде
Домбау барып құлады,
Туы қолдан сұлады.
Толып жатқан көп қалмақ
Атына өпшін жабады.
Әрі, бері кеңесіп,
Ақыл-айла табады.
Тарғындайын батырды
Тұрған жерде қамады.

Қамағанын көрген соң,
Жалғыздығын білген соң
Сонда Тарғын сөйлейді:

«Олайым да бұлайым,
Көтере көр, жаббар құдайым,
Алты мыңдай ауыр қол,
Өзіңнен медет болмаса,
Бұған не амал қылайын.
Жаман-жақсы болса да,
Алланың болар әмірі.
Қорлық берді басыма,
Жақындап келді қасыма,
Нағылып бұған шыдайын?
Алты қырлы ақ мылтық,
Ата алмасам маған серт,
Мен атқанда ұсынып,
От алмасаң саған серт.
Қозы жауырын қу жебе
Алтыннан ойған алпыс кез
Тартатұғын шақ болды.
Жан-жағыма жау толды.
Қиғаш салып жауырыным,
Тарта алмасам маған серт.
Талайдан бермен жұмсаған,
Қан көрмесең сусаған,
Қанға тойсаң жусаған,

Тауға салсам тас кеткен,
Кеудеге салсам бас кеткен,
Алты аршын ақ болат,
Қынаптан алып суырып,
Шаба алмасам маған серт,
Қанға тоймасан саған серт!
Айдаһардың тіліндей
Салсам кеткен білінбей,
Қарағайға саптатқан,
Шұбар туға шұлғаған,
Аруаққа көрсетіп,
Талай жауға мақтатқан,
Төрт қырлаған көк сүңгі,
Жау ішінде жалданып
Толғамасам маған серт!
Толғауыма шыдамай,
Толықсып сынсаң саған серт!
Қысқа бақай, тар мықын,
Кебеже қарын, кең құрсақ,
Құлжа мойын төгерек*,
Ұмтыла шапқан Тарланым,
Алты мындай кісі екен,
Тіл жіберсең саған серт!
Сен желігіп жүргенде,
Тая шапсам маған серт!
Тауыса шапса бұл жауды,
Сонда бітер Тарлан бәйгесі,
Осындай жауды көрген соң,
Жау екенін білген соң,
Қикулатып кірген соң,
Қаса қатын болмаса,
Бізге ұксаған ерлердің
Көкірегінде болар ма,
Қайран тәңірім қайғысы?!»
Алтыннан сокқан кіселі,
Әжептәуір мүшелі
Бұлайынша толғап Ер Тарғын
Енді атынан түседі,
Қысқартты келіп құйысқан,
Өзінде жоқ Тарғынның
Алладан басқа туысқан.
Мұндай-мұндай жауларға

* Төгерек — жұмыр жер деген мағынада

Неше дүркін жуысқан.
Жуысқан жаудың жүрегі
Мұз құйғандай суысқан.
Тартты бекем айылын,
Жасынан көрген қайыңын,
Білмесеңіз Тарғынның
Білдірейін зайырын*,
Шабайын деп батыр тұр,
Алла берсін қайырын:

Мінді батыр еріне,
Іздеген жауға көріне,
Келген қалмақ жолықты
Тарғын сынды бөріне.
Кеудеден жаны кетпесе,
Әл, қуаты бітпесе,
Тарғын намыс берер ме?

Ақыл-айла табады,
Келді қалмақ камады,
Сары ала туы салбырап,
Қабағы тастай түйіліп
Аллалап Тарғын шабады.
Ай бетінен кіреді,
Күн бетінен шығады.
Қойға кірді бір бөрі,
Бөріктіре қырады,
Талай қалмақ құлады.
Ер қайратын сынады,
Тарлан атты бұлады.
Атысқан жауы артық көп,
Қай уақытта тынады?

Сүйіп мінген Тарланға
Басты келіп дойырды.
Тарлан салды мойынды,
Толып жатқан қалмаққа
Тарғын салды ойынды,
Талай қалмақ жойылды,
Қару қанға тойылды.

Бір уақыттар болғанда
Салды келіп қамшыны-ай,
Сауырсынан тер кетті
Көктен құйған тамшыдай,
Қысылды-ау, батыр қысылды,

* Зайырын — анығын.

Қысылмай батыр не қылсын,
Сауытын қанға малшыды?

Бір уақыттар болғанда,
Толғады батыр найзаны,
Жалғыз жаумен ойнады,
Жауды еркіне қоймады.
Көтеріп салған көк сүңгі
Тіріде қанға тоймады.
Бір уақыттар болғанда
Суырды белден қанжарды,
Жауға таман ал барды.
Қалмақтың көбі шалбарлы,
Шалбарлыны сермеді,
Іліндірді сағақтан,
Бауыздады тамақтан.
Қарсы алдынан қараса,
Адам шыдар ер емес,
Қар жаудырды қабақтан.

Бір уақыт болғанда,
Қынабынан суырды
Қиялай тартып қылышты,
Жалғыз жаумен ұрысты.
Жау қарасын көрген соң
Ұмтылмай кетер ер ме еді?
Ит арқасы құрыс-ты,
Тарғын салды ұрысты...

Алты күн айғай салғанда,
Жетінші күн болғанда,
Тарлан сонда түзеді,
Жылмия басып жүрісті.

Сегізінші күн болды,
Көп қалмақтың басына
Атпайтұғын түн болды,
Ер жігітке сын болды.

Қорамсақтан суырды
Қуалай тартып садақты-ай.
Келген қалмақ көп еді,
Көп те болса қалмақтан,
Алты күн айғай салғанда,
Азғантай қалды қадақтай.

Тоғызыншы күн болды,
Мойынынан алады
Атайын деп мылтықты-ай.
Неше батыр болса да,

Түтін қосты түтінге,
Ынтықты-ай батыр, ынтықты-ай!
Санын садақ үзген көп қалмақ
Сынған санын сүйретіп,
Тарғынның қуысын көрген соң
Қақты сайға-сылтықтай.

Тап он бір күн болғанда.
Ердің жүрген намыспен,
Күні-түні шабыспен,
Қиқу салған дабыспен,
Ұмтыла шапқан Тарланның
Мойынынан жал кетті,
Аяғынан әл кетті,
Неше жүйрік болса да,
Бір тынымы болмады,
Болдыратұғын күн бітті.
Мойнын барлай қараса,
Өкпе-бауыр жалы бар.
Аяғын барлай қараса,
Болар-болмас әлі бар.
Он екі күн болғанда,
Болдырды дейді жануар
Аруағы қашты кәпірдің
Сұсы басты батырдың.
Болдырған соң Тарланға
Қаһары келді батырдың,
Басты келіп тепкіні,
Сонда Тарлан ұмтылса,
Әлі де болса бедеудің
Үй жыққандай екпіні.

Бір уақыттар болғанда,
Қарайды да күн батты,
Сарғайды да таң атты,
Қызара келіп күн шықты.
Күн шыққанда қараса,
Болған екен тамаша,
Қырылып жауы батырдың
Өзі қапты оңаша.
Астына мінген Тарланның,
Тұрпатына қараса,
От орнындай тұяқтан
Оймақтайы қалыпты.
Етектейін еріннің
Екі елісі қалыпты.

Қиған қамыс құлақтан
Бір тұтамы қалыпты.
Жалбыраған жалынан
Жалғыз қарыс қалыпты.
Бір құшақтай құйрықтан
Бір уыстай қалыпты.
Тұла бойын қараса,
Он жеті жерден жаралы,
Сонда да тәңірім алмайды,
Ол жараға болмайды,
Әлі де ойын салады,
Қос тізгінін созады.
Артынан қиқу таянса,
Ит арқасы қозады,
Қос тепкіні салған соң,
Қамшыны басып алған соң,
Шаршады Тарлан десек те
Жер басқаннан озады.
Отырысы нән болып,
Тұла бойы қан болып,
Жүрген жері шаң болып,
Көргендерге таң болып,
Төскейден төмен желеді,
Көңілін жауға бөледі,
Ханзада сынды ханына,
Қара ноғай биіне
Аман-есен келеді.
Бірін-бірі көреді,
Ханы, биі, мырзасы
Иіліп сәлем береді.

Тарғын жаудың қырғанын қырып, қашырғанын қашырып, аман-есен келіп, Ханзада ханға көріскен соң, мұның қуанышына ат шаптырып, той қылып, арақ-шарап ішіп, халық тойдың қызығыменен таңның атқанын, күннің батқанын білмеді.

Бірақ хан қызын беремін деген уәдесінде тұрмады, қызын бермеді. Хан Тарғынға: «Жеті атаңнан бергінді сұрап келіп отырсам, қожа мен төреге ешбір шатасқан жерің жоқ екен, соның үшін саған қызымды беруге аталарымның аруағынан қорқамын,— деді. Енді бұл он сан Орманбеттің ішін қыдыр да көр, қандай сұлу қыз тапсаң да алып берейін»,— деді.

Сонда Тарғын айтты: «Биылғы Бұлғыр таудың ішіне жалғыз тастап кеткеніңнің кінәсін кешіп едім, енді қызыңды беремін деп жауынды қырдырып алып, қызыңды бермегеніңді

кешпеймін»,— деп, Ақжүністі алды да, Қырымға қарай жүре берді.

Сонда: «Осы кеткеннен қайтып келсе бізге жақсылық болмайды»,— деп хан әлі оның ызалы кетуінен қатты қорықты; малын баға алмады, отын жаға алмады, асын іше алмады. Ханы, халқы жығын болып әбігер тартты.

Ол уақытта жүзден асып жатқан Сыпыражырау деген бір шал бар еді. Ол Сыпыражырау өз өмірінде қолынан тоғыз ханды өткізіп, толғау айтып тоғыз ханды түзеткен кісі еді. Жұрт сасқан соң ханы, халқы жиылып Сыпыражырауға барды да, Сыпыражыраудан сұрады: «Біз Тарғын батырды екі алдадық, әуелі Бұлғыр тауға жалғыз тастап кетіп, қайтып келеміз деп келмей кеттік; екінші, қызымды беремін деп жауымызды қырдырып алып бермей қалдық. Сонан соң ол ашуланып: «Қырымдағы қырық күрдасымды алып келіп жұртыңды қырамын»,— деп кетті. Ол өзі Қырымнан қыз алып қашты, ханына қылмысты болып жүрген кісі еді. Ол жұртына барып, мұнда қайтып келер ме, я болмаса ол бізге өтірік айтып, бізді қорқытып кетті ме? Соны болжап бізге айтшы, көпті көрген көне едің, не десеңіз сіздің ақылыңызбен боламыз»,— деді.

Сонда Сыпыражырау айтты:

«Хан менен төрем келіпсің,
Би менен мырзам отырсың,
Бізге ақыл салсаңыз,
Біздің тілді алсаңыз,
Тарғындайын батырға
Жиылып барып бәріңіз —
Қараң түгел ханыңыз,
Қимылдаған жаныңыз
Батырды еске алыңыз,
Етегіне басың салыңыз.
Егер кетсе еліне,
Тату болып қалыңыз,
Буырқанып бұрсанса,
Мұздай темір құрсанса
Жыртпай кетпес жағанды,
Жанылтар келсе тобаңды
Шулатпай кетпес балаңды,
Қан етпей кетпес қалаңды.
Бір түбектей бір қылар
Жалпы жатқан далаңды.
Қырым деген ағаң-ды».
Ағаңның ісі жаман-ды».

Сонда хан, қызын бермек болып, Сыпыражырауға: «Біздің шәһәріміздің ханының, халқының өтірігі шықты. Біздің ішімізде Тарғын тілімізге нанатұғын бір кісіміз қалмады. Оны нағылып тоқтатамыз? Осы өз қоластыма қараған кісімнен сол Тарғын тіліне нанатұғын бір кісі тауып бер»,— деді.

Сонда Сыпыражырау айтады:

«Батырдың жіберіңіз артынан,
Қызбенен қалған бүлініп
Қара ноғай халқынан
Қасына ерген баяғы
Қарасайұлы Көбенді,
Алшағырұлы Тегенді,
Өмірдің ұлы Себенді,
Аруакты туған ерлердің
Аллаға берген уәдесі бар болар.
Қызметі сіңген қосшының
«Тарлық жері тап келсе,
Тілегін бермей кетпен деген-ді».
Бұл үш кісі Тарғынның
Соңынан қуып кетті енді,
Батырды қуып жетті енді,
Етегіне басын салды енді,
Ашуын тілеп алды енді,
Елге қарай жүрді енді,
Ел ішіне кірді енді,
Ханы, халқы жиылып,
Хан ордаға кірісіп,
Бірін-бірі көрді енді.

Бұл Тарғын ханның үйіне келген соң, ханы, халқы жиылып отырса да, хан өзінің ұятынан ешбір сөз бастап айта алмады және Тарғын да ешбір сөз бастамады.

Сонда Сыпыражырау сөйледі, Тарғын батырға қарап тұрып:

«Ай, батырым, батырым!
Тауда Тарлан ақырса,
Тас мұрынын ару сұңқар сызғырса
Көгілдірін ерітіп,
Көлден қулар ұшар ма?
Әділ туған хандары

Қара берен батырға
Беремін деп бермейді,
Өтірік сөзден өлмейді,
Бұл сықылды хандары
Бұл сықылды батырды
Жалған сөзбен қысар ма?
Хан мен қара келген соң,
Сіз сықылды батырға
Ашуын бермей кетсе ұқсар ма?

Ай, батырым, батырым!
Сөз айтады алдында
Сыпыражырау пақырын.
Ханы, халқың жиылып
Айт деп отыр біздерге,
Құлақ салып тыңдасаң
Біз айталық сіздерге.
Аруакты туған ер болсаң,
Нағыласың бір қызды!
Жас баладай жайдақтап,
Жас тайлақтай ойнақтап
Шыға берме түздерге,
Мына тұрған ханыңыз,
Қимылдаған жаныңыз
Сый қылады алыңыз.
Қара лашын береді,
Көлден көлге шүйсейші!
Қара арғымақ береді,
Елден елге мінсейші!
Ақ патша жіберген
Балдағы алтын ақ берен,
Мұны саған береді,
Аш беліңе ілсейші!
Бадана көзді кіреуке
Мұны саған береді,
Баса келіп кисейші!
Нағыласың бір қызды!
Бес жүз атан береді,
Шағаннан көшсең суытып;
Бес жүз бие береді,
Желілеп мұны байлашы!
Нағыласың бір қызды!
Бес жүз ауыл береді,
Өз алдына сұлтан боп,


Сүйген жерің жайлашы!
Неше батыр болсаң да
Алмаймысың бұл сыйды?
Миың болса басыңда,
Айтып тұрмын қасыңда,
Осы жерді бір ойлашы!!»

Бұл батыр енді райынан қайтып, ханның, халқының берген сыйын алды. Қара ноғайдың хан, халқымен татуласып табысты да, Жанарыстан Үш Тарғын деген тауды барып жайлады, әрі қыстады, әрі сол жерді мысыр етті. Сол елге Тарғынның өзі хан болды және батыры болды, сөйтіп жүргенде Тарғынның өзі қартайды, ажал келіп дүниеден көшті.

Бұл Ақжүністен бір Ардаби деген ұл туды, бұл да бек ер болды, бек асыл би болды. Бұл Ардабиден екі бала туды: үлкені Әжігерей мырза. Әжігерей мырза жиырма жасында дүниеден өтті. Енді жеті жасар кенже баласы Айғожа қалды. Бұл Айғожа бес қалаға хан болды. Сөйтіп жұрт иесі болып, хан болып таққа мініп, бес қаланы билеп мұратына жетті.



КАМБАР БАТЫР







ақсылар, дастан айтайын,
Әуелі алла сыйынып,
Екінші кәміл піріме.
Кұлақ салып тыңдаған
Жамандық көрме тіріде
Батырлар қылған қайратын
Қартаймай тұрып әріде.
Ертедегі ерлерден
Нұсқа болмай соңғыға,
Өткен емес бәрі де.
Ойлағанға осындай
Опасыз жеңіл дүние
Теңізден шыққан құрымдай
Жетпеді ешкім түбіне.

Қазынаға жинап ғауһар тас,
Айдаһардай болып мас
Сақтаған алтын ініне.
Ашқа тамақ, жаяуға ат,
Төрт түлік малға көңіл шат
Жарайды екен қысылса
Жұртының қиын күніне.
Алты ұлы бар Әзімбай,
Қызы сұлу Назымдай,
Тоқтады барша тіліне.
Ғашықтық жолын ойлаңыз,
Бектермін деп қоймаңыз
Шығарған сөздің мініне.
Қыз Назым шықты бұрандап
Он сегіз толған жасына.
Қәмшат бөрік келісіп,
Бриллиант қойды басына.
Қара мен төре қайғырды

Болса деп бізбен ашына.
Қазақ пен қалмақ қанша жан
Хабарланды сұлудан
Дабысы жұртқа шашыла.
Жолбарыстай алты ұлдың
Айбатынан сескеніп,
Келе алмады еш пенде
Әзімбайдың қасына.
Дауыс* кұстай түрленіп,
Қоңыраудай алтын күңреніп,
Ертелі-кеш серуенге
Шығады майлап шашын да.
Жәннеттен шыққан хорлардай
Форымына қарасаң,
Қызықпастай қай адам
Ол Назымның нашына.
Сүйегі асыл дүр еді,
Құдайдың өзі біледі,
Он төртінші айдай боп
Түседі кімнің қасына?!
Алпыс сомдық әр кезі
Үстіне асыл кигізді,
Жорғадан жегіп қара көк
Күймелі арба мінгізді,
Көзі түскен пенденің
Жүрегін оттай күйгізді,
Ашылған гүлдей нұрланып,
Қылығымен сүйгізді.
Өзі теңінің ішінде
Асырып дәурен сүргізді,
Уызында жарыған
Ерте туған бағландай
Толықсытып жүргізді.
«Назымға таңдау қоям»,— деп
Бұл хабарды Әзімбай
Алашқа тегіс жүргізді.
«Он екі жасар балаға,
Мал жайып кеткен далаға,
Қалмасын — деп қатардан»
Бұларға айтып білгізді.
Тоғыз қабат торқадан

* Дауыс — тоты құс, кейде «тауыс» деп те атайды.

Қамзол киді қынама,
Таңдап Назым тимесе
Толқыған көңіл тына ма?
Алмаққа әркім талап қып
Сыйынды жаппар құдаға.
Қазақ пен қалмақ, ноғайлы
Ел еді жатқан құрала,
Назымның көрмей ақ жүзін,
Жанды кісі үйінде
Сабыр қылып тұра ма?
Ат шаптырып, той қылып,
Ашыққанды тойғызып
Жиылды жұрт жамаға.
Бір төбенің үстінен,
Қыз Назым шықты басына
Салдырып биік мұнара.

Назымды малсыз алмаққа
Шалдар да жаман желіккен,
Картайған адам көп екен
Кемпірден көңлі зеріккен.
Жарасты деп киеді
Елтірі қара бөріктен.
Қатындары үйінде
Қайғыланып жылайды:
«Сұлуды алса байымыз
Айрылдык,— деп,— серіктен».
Үміткер болып барша тұр
«Сабағынан үзіп ап,
Жесем,— деп,— піскен өріктен».
Алтын тұғыр үстінде,
Назым отыр қонақтап,
Ақ тұйғындай еріккен.
Қара мен төре таласып,
Форымына қарасып,
Алдынан өтті көрікпен.
Қыз Назымның майданы
Әр топтың болды базары.
Түседі көпке сәулесі
Қағаздай кірсіз ажары.
Осынша жұрттың артынан
Аумады жанға назары.
Жердің жүзін шаңдатты
Жиылған қоршап адамы.
Қасқа мен жайсаң, бектердің

Таусылды ақыл, амалы.
Бәрі де өтті шұбырып
Қалмады жақсы, жаманы.
Теңіздің бойы ноғайлы
Ел екен өскен жағалы.
Жарлыны байға теңгерді,
Көңіліне халықтың жел берді
Қыз Назымның заманы,
Сұрады сұлу сөз ашып,
Аузынан дүр шашып:
«Бар ма екен,— деп,— далада
Жігіттің келмей қалғаны?»

Сұлудан үзді күдерін
Дәмелі болып тұрған көп.
Қайтпақшы болды үйіне
Бәрі де бірдей өкпелеп.
Он екі баулы өзбекте
Әзімбай еді қара көк —
Арылмаған уызы,
Сабада пісер қымызы,
Арғы атасы асыл тек,
Осыншаның біреуін
Тал бойына көрмейді еп.
Қапаланып Назым тұр
Қабағын түйіп қайғы жеп.

Біреу айтып білдірді:
«Мерекеге келмеген
Әлімбайдың баласы
Қара қасқа атты Қамбар бек
Ерлікті елден асырған
Айыбы жалғыз, кедей»,— деп.

Жауап бермеді қыз Назым
Жиылып тұрған кісіге.
Қарамады назар сап,
Еш пенденің түсіне.
Қалағаны келмесе
Басқаменен ісі не?
Қатты батты қапалық
Үлкен менен кішіге.
Жұрт әуес болған сұлудың
Көңлі ауды сыртынан
Ер Қамбардың күшіне.
Алты ағасын, әкесін
Ақылмен Назым биледі.

Қайтарды бәрін адамның,
Біреуін таңдап тимеді.
Мұнарадан түсті де
Көк жорғаны жектіріп,
Келтірді барқыт күймені.
Жақсы көрді Қамбарды
Мақтауын есітіп білгелі,
Қандай түрлі екенін
Көзімен көріп, білмеді,
Сұлу да қайтты үйіне
Ер Қамбар болып сүйгені.

Жігітінде Әлімбай
Жұрт иесі болған хан,
Қол қусырып сыйлады,
Ғазиз тұтып барша жан;
Дүние малын жиды сан.
Ер жетті де ер Қамбар —
Әлімбайдың баласы
Күніне қиын жарады.
Алпыс үйлі арғынның,
Токсан үйлі тобырдың
Қабыл болды тобасы,
Қайнады майға қазаны.
Қара қасқа атқа жем беріп
Күніне көрді шабысты,
Қамбардың бар деп тұлпары
Алашқа барды дабысы,
Кедейсің деген кісіге
Қылмайды батыр намысты
Астындағы бедеуі
Суытуы түскен соң
Ұшқан құспен жарысты
Құйындай шаңы бұрқырап,
Атқан оқтай зырқырап
Қылады жақын алысты.
Сүңгіген суға үйректей
Жасырынып қалды қаз,
Паналап биік қамысты.
Дабылын қағып, сұңқар сап,
Болмаған күні мыңын ап,
Көлдегі құсты тауысты.
Жұрттың көңілі тынады,
Екпіні қатты дауылдай

Ерлігін әбден сынады;
Ағайыны қуанып
Аллаға шүкір қылады.
Күмістен тағып қарғысын,
Соңына ертіп тазысын,
Ау қылып Қамбар шығады.
Қасындағы құмайы
Таңынан тартып талайын
Тау текенің жығады.
Айрылады жарылып
Киік пен атқан құланы.
Ат бетіне қарамай,
Ақ бөкендей жосытып
Айғайын салып қуады.
Ашуменен аямай
Тұлпарға қамшы ұрады.
Найзамен өзі шабақтап,
Тазысы жетіп тамақтап,
Қасап сойған ешкідей
Қан сасытып қырады.
Түс қайтып, бесін болғанда
Артына мойын бұрады.
Қара қасқа атты қантарып,
Мандайын сүртіп дем алып,
Шылымын шегіп тұрады.
Серкедей басып тақымға
Семізін тандап жинады,
Арығын тандап алмады.
Оның бәрін артқанмен
Бір атқа қайтып сыяды?
Алпыс үйлі арғынның,
Токсан үйлі тобырдың
Ашыққанын тойғызды.
Батыр туған Қамбардың
Тимеді жоққа зияны.
Шекесінде Қамбардың
Бар екен алтын тұлымы,
Сұрап алған құдайдан
Әлімбай ханның құлыны,
Ешкімге аза бермеді
Қыздан да зият қылығы.
Ау қылып шығып жөнеді
Үйінде болмай тынымы.
Далада жатқан жайылып

Бұғы, киік құрыды.
Ордалы құлан обығып
Бір бәлеге жолығып,
Жануарлар жабығып,
Көбейіп кетті шығыны.
Тағы да қоймай аулады
Таудағы киік,
бұғыны.
Қарсағы бар қасында,
Тазысының алғаны
Түлкінің арлан қызылы;
Құлақтары салынып,
Жаратқанға жалынып,
Бір жар тасқа қамалып
Бөрілер қорқып ұлиды.
(Кездессе тобы Қамбарға,
Бірі қалмай күриды)
Қазақ емес, сарт емес
Камбардың түбі ноғайлы,
Азусыз аңды тауысып
Қоймады қырып оңайды.

Құлан менен киіктің
Далада жатқан бірі жоқ
Бұрынғы қызық болмайды,
Тұлпарын көлден суарып,
Аралап жүріп келеді,
Ағашы қалың тоғайды.
Етпетінен жығылып,
Ішіне шаттың тығылып,
Тұмсығынан қан аққан
Көреді өлген торайды.
Хадиса* деп бұл қандай,
Төңірекке қараса,
Құйрығын қысып бұтына
Жолбарыс жатыр ыңранып
Шабуға таппай орайды,
Оттай көзі қызарып
Ыңыранған даусы зорайды.
Қаһарға мініп ер Қамбар,

* Хадиса — уақиға.

«Қайтесің,— деп,— сен заңғар*»
Кұдайдан мәдет сұрайды.
Жатқандай болды шөккен нар,
Айбаты күшті арыстанның
Қасына қайтып жақындар.

Қамбар айтты тұлпарға —
«Қанатты туған пырағым,
Аға-іні сен едің,
Тар жерде жолдас шырағым,
Мойның алтын таяқтай,
Қамыстай екі құлағың;
Төрт аяғың қазықтай,
Төңкерген кесе тұяғың.
Сұлулығың сүмбідей,
Жылқыға бітпес жануар
Сымбатың менен сияғың.
Ажалым жетіп осыдан
Өліп кетсем орным жоқ,
Өзіңе мәлім бұл жағым.
Қара қасқа ат қалтырап,
Осынша неге қорқасың?
Шат болып тұрмай, шырағым!
Қиын екен жалғыздық
Жабығып қатты жыладым.
Ажал жетпей жан шықпас,
Тәуекелге бел байлап
Пешенемді сынадым»,—
Селебесін суырып,
Бос қалдырып қынабын.
Қайратын жиып, ер Қамбар
Шерінің барды қасына,—
Болғай деп асыл мұрадым.
Сол уақытта жолбарыс
Түгінің бәрін жатқызды,
Құлағын жымып, жасырды,
Керендей ашып ауызын,
Жолбарыс жаман ақырды;
Дауысы жерді көшіріп,
Нар маядай бақырды.
Бүркіттей жазып тырнағын,

* Заңғар — бұл сөздің екі мағынасы бар: 1-мағынасы — алып, 2-мағынасы — жауыз, жексұрын.

Тұлпарға барып асылды;
Қамбар да қайтпай ұмтылып,
Бар қайратын шақырды;
Құйрығынан көтеріп,
Айналдырып басынан,
Лактырып жіберіп
Қырық қадам жерден асырды,
Құлаған жардай дүрс етіп,
Ырылдауға әлі жоқ,
Деміге түсіп басылды
Алпыс үйлі арғынның
Тоқсан үйлі тобырдың
Қабыл болып тобасы,
Сақтады құдай батырды.
«Осы ма,— деп,— қайратың?»
Тұмсыққа тарақ балтамен,
Сондай мықты шеріні,
Жалғыз-ақ ұрып қатырды.
Қалыңның шықты ішінен
Ер Қамбар өзін үйіріп,
Көкпардай қылып көтеріп,
Жөнеліп кетіп барады
Жолбарысын өңгеріп.
Құйрығын жерге шұбатып
Алдына мықтап басады
Төрт аяғын теңгеріп.
Үлкендігі басының
Он екі қарыс қазандай.
Мықтылығын Қамбардың
Тамаша кылды ел көріп.
Суытып қойып жатқанша,
Қара қасқа тұлпардың
Қаңтаруын жазды да
Байлады мейіз-жем беріп.

Аяғына салғаны
Октығы таза күдер-ді,
Көрген жан қайран қалады
Тиегі күміс шідерді.
Тебінгілік жүні жоқ
Терісі болып жарғақтай
Арықтап әбден жүдеді.
Қабағы қардай жабылып,
Ертелі-кеш сабылып;

Мінісі қатты ауда да.
Ауыт-ауыт шабылып,
Тұяғы тасқа қағылып,
Шомылып терге жүзеді;
Жатқызып жалын фұштымен*
Құйрығын тарап сүзеді,
Алтыннан тағып құйысқан
Ер әбзелін түзеді.
Құралайдың терісі
Тайжақтысын киеді;
Садаққа салған оқтай боп
Тұлпарға тола мінеді.
Қаршығасын көтеріп
Көліне Нудың жөнеді.
Малды ауылға көз салмай
Қырындап өтіп барады,
Сұңқарын тұтып бетіне.
Түскен жолы Қамбардың
Шұбырған малдың ізі еді.
Жағалай құлын байлаған,
Теңіздің бойын жайлаған,
Қыз Назымның ауылының
Үстіне түсті көздері;
Мұны көріп Қамбардың
Жоқшылық кірді есіне —
Қымызы бар деп ақ үйдің,
Түсемін барып несіне.
Қырындап өтіп барады
Сұңқарын тұтып бетіне.
Қара қасқа тұлпары
Жерді тарпып табаны,
Алшандап басып асықпай,
Ауылдың шықты шетіне.
Бұлттан шыққан айға ұқсап
Тұр еді Назым нұрланып,
Атлас көйлек үстінде
Көк арбаға сүйеніп,
Шыбықтай белі бұралып.
Сүйретіп алтын шашбауын
Ордаға барып кіреді.
Боз жорға аттай ырғалып,
Аһ ұрғанда аузынан

* Фұшты — тарақ.

Түтіні шығып сұлудың,
Жүрегі кетті от жанып.
«Қара атты Қамбар қарамай
Не себептен кетті»,— деп
Ашуы келді долданып.
«Ақша бетім қарайып
Қалды ма?— деп,— апырмай».
Шар айнасын қолға алып,
Сұңқардай көзі сүзіліп,
Жыламай көңілі бұзылып,
Айнаға көзін тұр салып.
Қараңғы тартып көңілі,
Қыз Назымның ішіне
Қапалығы сыймады.
Шақырып жақын жеңгесін
Орданы тегіс жинады,
«Түс қайтуға жеткізбей,
Бір ұршықтай жібекті
Иіріп бер»,— деп қинады.
«Өкпелер,— деп,— шұнақ қар»,
Назымның сөзін сыйлады.
Шүйкесін созып шапшандап,
Бәрінің басы қақшандап,
Бұйырған ісін бітіріп
Айтқанын екі қылмады.
Отыз қатын ойнақтап,
Өрмегін тездеп жүгіртті.
Табаны жерге жарылып,
Құландай салды дүбірді;
Жүргенде иін тіресіп
Токталып біраз кідірді.
Қайтатын Қамбар кезінен
«Қалдыңдар,— деп,— кешігіп»
Кейіс қылып Назым бүлінді.
Іргеден қағып қазығын
Бір ұшы көлге ілінді.
Қатындар қайтты үйіне,
«Разы бол,— деп,— қош енді.
Баламыз жылап, қарны ашып,
Ұрамын десе байымыз
Айтармыз да жалынып,
Алдық,— деп,— сенің тіліңді».
Қыз Назым мінді өрмекке
Іісін жұпар аңқытып.

Ашықтық түсті басына
Сүйегін жаман жасытып.
Даярлап қойды шараға
Қасына қымыз тасытып.
Қайтқанда Қамбар ішсін деп,
Арақ пенен шарапты
Сандыққа салып сақтады
Бөтелкеге ашытып.

Теңізден шығып ер Қамбар,
Қатарлап артып келеді
Қаз бенен үйрөк, тырнаны.
Тұлпардың жүгін бітіріп
Толтырып үстін ырғады.
Қаршығаның қыраны
Қанатты құсты қырғаны.
Шылымның тұтып құмары
Артына мойын бұрмады.
Көрінеді Назымның
Алдына өрмек құрғаны.

Қамбар айтты өзіне:
«Осыған көңілім бөлініп
Ұмытып кетсем жұртымды
Құдайдың,— деді,— ұрғаны».
Мәлім болды батырға
Ақыл мен өнер іс етіп
Қыздырмақ үшін тұрғаны.
Қысылған жерде шабады
Қара қасқа тұлпары,
Нәрсіз оқтай* қаңғытып,
Қызықпен көлден су ішпей
Талады шаршап шаң жұтып.
Тоқтамады кідіріп
Өте шықты қарғытып.
Сөйлесе алмай Қамбарға
Тағы да қалды арманда
Отырған сұлу көз тұтып,
Ашуы келіп Назымның
Асау тайдай тулады.
Қапаланып Қамбардан
Жүрегі қатты суынады,
Қылышын алып қолына

* Нәрсіз оқ — қисық оқ.

«Адыра қал!— деп,— сен өрмек»
Алты жерден турады,
Жібекке кетті жаны ашып,
«Не болды?— деп,— шырағым»
Жеңгелері шулады.
Қаны қашып бетінің
Рені құмдай курады.
«Тоқтай тұр!— деп, ер жігіт»,
Өтіп кеткен Қамбарға,
Шақырып қолын бұлғады.
Қара қасқа тұлпардың
Басын тартып, кідіріп,
«Не дейді?— деп,— бұл маған»,
Жауабын қыздың тыңдады.

Сонда Назым сөйлейді:

«Қайрылмай қайда барасың?
Хан сүйекті, Қамбар-ау!
Қабағы қатып шаршапты,
Қара атыңның мойнында
Өкпе-бауыр, жал бар-ау.
Арызыма менің құлақ сал,
Ақылың болса, аңғар-ау.
Ақ төсімнің үстінде
Қол тимеген мал бар-ау.
Шөлдесең сусын ішсейші,
Біздің үйге түссейші,
Жатып-тұрып кетуге
Қүткендей бізде жай бар-ау!
Мойнынды бері бұрсайшы.
Құшақтасып екеуміз
Көріселік тұрсайшы,
Артында үңгір жар бар-ау!»

Сонда Қамбар сөйлейді:

«Ағайыным тауысты
Қара аттан бөлек малымды.
«Сыртым бүтін, іш түтін»
Білмейді ешкім әлімді.
Жолдас қылды құдайым
Кедейлік деген залымды,
Ұрлық қолдан келмейді,
Ат үстінен соғыс қып
Жемесем тауып нанымды.
Екі аяғым салақтап,
Аш бөрідей жалақтап,

Қинады жоқтық жанымды.
Ұядан жалғыз баламын,
Құс етін беріп бағамын,
Үйдегі екі кәрімді;
Оған да назар саламын,
Қабатыма аламын
Алпыс үйлі арғын мен
Тоқсан үйлі тобырды
Сеніменен ойнасам,
Айналар ісім қиынға.
Айыпқа мені бұйырма,
Айтамын, Назым, зарымды».

Назым айтты Қамбарға:

«Бүгінше бізге мейман бол!
Әр қашан өтіп жүресің
Ауылдың үсті ұлы жол
Қатарлап салып төсекті,
Қасыңа жақын жатайын
Таң атқанша ұстап қол
Алпыс үйлі арғынға
Тоқсан үйлі тобырға
Асықпасаң барарсың
Қардар емес бізден ол
Мың қойлы байдың баласын
Ізіңе басқан алмаймын,
Бекзатым, менің пейілім сол».

Ер Қамбар сонда сөйлейді:

«Өйтерің болмас,— деп,— Назым,
Қатарына қарасаң,
Мен емес таңдап тиерің:
Іздегенің асылық...
Ыңырсытып байлаған,
Көшкенде топтап айдаған
Мастығы шығар қыз Назым,
Жылқы менен түйенің.
Байларды шалқар көл қылған,
Кедейді құла шөл қылған,
Жарлығы күшті иенің,
Ит жүгіртіп, құс салам
Сырқырап жаман сүйегім,
Өз теңімнің ішінде
Айтулы ердің бірі едім,
Жолбарыс қандай азулы аң,
Тар тоғайда жолығып,

Оған да табан тіредім.
Қайратпен жеңіп өлтіріп,
Шахы ерлерді келтіріп
Алладан мәдет тіледім,
Жоқ та болса жомарттың
Ісін тұтып жүр едім.
Қол ұстасып, қыз Назым,
Уағда қылсам сенімен,
Бір жаман келіп малы көп
Алып кетсе айырып,
Абыройым ашылар,
Қайғыменен басылар
Ат басындай жүрегім».

Сонда Назым сөйлейді:
«Дүние боктың аздығын
Қайратты-ай жігіт елей ме?
Сақа қылған бар ма екен,
Қорғасын құйып кенейге?
Жаны бар кісі қонаққа
Қыз шақырса келмей ме?
Басыма салып уайым,
Жалындырған құдайым,
Жалғыз атты кедейге.
Есен тұрсам сау болып
Еш уайым жемеймін,
Он екі баулы өзбектен
Тақ отырмын демеймін,
Сайратып тілді көмейден
Жағымды қайрап безейін,
Бөтен туған бала едің,
Жұртқа тұлға болғандай
Сол себеп сені тежеймін;
Ақылың болса ойлап тұр,
Ендігісін өзің біл,
Асырып мұнан не дейін».

Қамбар менен Назымның
Асылық болып таласы,
Хасірет қоймай айтысып
Ұзады сөздің саласы,
Ажырамай тұр еді
Екеуінің арасы,
Әңгімеге айналып,

Өтіп кетті кешігіп
Қайтатуғын шамасы.
Үйінен шықты далаға
Назымның үлкен ағасы:
Қарындасы қасында,
Оқалы бөрік басында,
Көлденендеп тұр екен
Қамбардың қасқа қарасы.
Көргеннен соң бұларды
Ашуға мінді Қабыршақ,
Адамда жаман сол еді
Сақалы ұзын ақымақ.
Айқайын салып келеді,
Бақырауық неме еді,
Әңгі есектей барқылдап.

«Қораз, Дараз, Алшыораз,
Қайдасың,— деді,— Қарымсақ?
Қорлағаны емес пе
Жалаң аяқ жарлының,
Жүргені бізге жақындап?»
Інілеріне айтады:

«Ақ семсерді қолыңа ап,
Маңдайын жарып, басын шап,
Жерге түссін мойыны,
Келеді кіммен ойыны?
Қызға таңсық мырзаның
Қылышпенен көңілін тап».

Бесеу еді белгілі
Әзімбайдың тентегі,
«Қайда,— деп,— кедей?» жүгірді.

Қолында бір-бір келтегі,
Жын ұрғандай бұрқылдап.
Адамның бәрін жинады,
Түсіп қалды бір жерге
Басынан тері телпегі.
Алтауының ішінде
Ақылы көп артықша
Алшыораз еді еркегі,
Ағаларына айтады:

«Қамбардың көңлін қалдырма,
Қайратты туған ер еді,
Болар деп бір күн керегі».

Қарымсақ сонда сөйлейді,
Бәріне қылып өкпені:

«Алды-артында қара жоқ
Бұл кедей бізден көп пе еді?
Қораз, сенің жаманың
Ауылдың үстін жол қылып
Іргені жанап өткені.
Ажалына асығып,
Өз басына жеткені.
Қабыршақ, Дараз, қайдасың?
Ат үстінен аударып,
Қолын байлап Қамбардың
Құйрығынан теп,— деді
Тумай кеткір Алшыораз,
Көзіме менің көрінбе,
Тұр, жоғал, аулақ кет!— деді.
Алты ұлдың ішінде,
Әкем, шешем арқалап,
Аяулы өскен Назымды
Жалғыз атты кедейге
Бермегіміз ен пе еді?»

Алшыораз айтты: «Ағалар,
Сүйенбе малдың көбіне,
Кімді қырып тастайсың
Жан көрінбей көзіңе,
Көтере алмай жүрсіңдер
Бергенін құдай өзіңе,
Менің де келді ашуым
Сендердің айтқан сөзіңе,
Үй жығылып қалғандай
Қойныңның бір қап желіне.
Ешкімнің тілін алмайсың,
Едіреңдеп бәрің де,
Пісіріп нанды деміңе.
Екіталай іс болып
Ат құлағы теңесе,
Паналарсың тығылып,
Осының барып шеніне.
Әлімбай ханның баласы
Қарасаң арғы тегіне,
Қарындасың кем болмас
Батырдың түссе шеніне,
Ағайынмен ойласып,
Назымжанды қосайық,
Қаласа құдай теңіне».

Дараз айтты: «Ағалар,
Артық екен бізден де
Алшыораздың ақылы;
Ойлағанға кідіріп,
Осы екен істің мақұлы;
Кекті болып кетпесін
Ноғайлының батыры.
Азулымен өшіксең
Тигізер зиян ақыры».

Бұл сөзді есітіп тентектер
Таяғын жерге тастады
Бәрінің қайтып ашуы.
Миығынан бір күліп
Назымның тартты тақымы.
Жөнеліп Қамбар барады,
Шаңғытып жерді тұяғы
Тұлпардың шығып тасыры.

Қыз Назымға жаушы ғып,
Жиырма жігіт жіберді.
Қалмақтың ханы жұртынан;
Құйрық-жалы түйілген
Құр айғыр ұстап жылқыдан,

Сусар бөрік басында,
Үстіне киіп құлпыдан.
Керейұлы Келмембет
Сөйлес қылып кідірді
Ауылдың келіп сыртынан.
Аяғын жерге жай басып,
Манаурап көзін зорға ашып,
Әзімбай шықты далаға
Тұрғандай болып ұйқыдан.
Әзімбай сонда сөйлейді,
Ашуы келіп азырақ.
Беті оттай қабынып,
Омырауын көтеріп
Нар бурадай шабынып,
Белін бұмай желбегей
Бөрі ішігін жамылып,
Қабаттап киген қамзолды
Сыдыра түйме тағынып.
«Ертелі-кеш шұбырып

Қонады мейман ағылып,
Кедейлер мені көрмесе
Қалады,— деді,— сағынып,
Отымның басын бермейді
Іздеген жоғы табылып,
Керейұлы Келмембет,
Сендер де келдің сабылып,
Қиіз ілмес кешқұрым,
Танымаушы едім ешбірің,
Қайырлы болсын сапарың,
Жөніңді келген сұраймын
Жүрсіндер, балам, нағылып?»

Келмембет сонда сөйлейді:
«Болсын,— деп,— әлі, Әзімбай,
Арызымды сізге айтайын
Көтерсең менің назымды:
Саусағы алтын сұңқарға
Ілдірейін деп келдім
Көлдегі үйрек, қазыңды;
Алтайы қызыл түлкіңе
Қосайын деп ойлап ем
Құмай жүйрік тазымды;
Тікпекке ақ үй сұраймын
Ел қонбаған сазыңды.
Бұйырып патшам жіберген,
Қайталмаймын бұл жерден
Іздеген жоғым табылмай».

Келмембет тағы сөйлейді:
«Асықпасаң, бай-еке,
Мүйізі ұзын боз бұқа
Пайі келін аңқытып
Пәлегінді еседі.
Артына қарап бұрылып
Айдайын десен сүзеді.
Исі жұртқа жайылып
Піскен аңқып түйнегің,
Қолына өткір кездік ап,
Ортасынан тіледі.
Жемекке әркім әуес қып
Көрмей-ақ сырттан біледі.
Қанатты қара бүркітім,

Асыраған әлпештеп
Акқуынды іледі;
Құс етінен тояттап
Кеудесіне мінеді,
Дос адамың қайғырып
Дұшпаның қатты күледі.
Осы айтқаным болмаса,
Тұғырға сұңқар қонбаса
Ноғайлы елің бүледі».

Келmemбет тағы сөйлейді:

«Бұғалық салып мойныңа
Жуасытып қайтамын,
Асауынды үйретіп,
Азулы арлан бөріме,
Жегіземін құйрығын
Бағланыңды сүйретіп;
Тістетемін тамағын
Қабырғасын күйретіп;
Ақ сапты болат найзамен
Шанышқызамын түйретіп,
Түлейден қашқан түлкінді
Ұстайын қуып індетіп;
Мекен еткен қырғауылыңның
Қызығын көрсем деп едім,
Шенгелдетіп мойнынан
Лашын құсқа жүндетіп».

Келmemбет тағы сөйледі:

«Сен сұрасаң, Әзімбай,
Айтайын келген жөнімді,
Арада жүрген жеңгемін
Киемін қымбат тоныңды,
Мәрт кісінің белгісі
Бітірсең тездеп сонымды;
Ешкім саған тие алмас
Ұстасаң менің қолымды;
Жаушы қып патшам жіберді
Жеті атасы орынды;
Алатаудай айбаты
Рүстем-Дастан форымды;
Ерегессең онымен
Кұртады әбден сорынды;
Сәулеті мен дәулеті
Құп өзіне қонымды;

Бүгін саған мейманмын,
Тандап сой семіз қойыңды;
Құда түсіп, құйрық жеп
Қыламыз қызық ойынды;
Ноғайлыңды шақырма,
Өзіме бер тойыңды;
Бір үйінді босатып
Салдырып төсек, ат ұста,
Тырнадай созып мойныңды».

Отаудан шығып далаға
Алшыораз сонда сөйлейді:
«Жүрсіндер қайдан адасып,
Қалмақтың қасқа, бектері?
Екі иініннен дем алып
Екпінің қатты білінді,
Қараман дәудің ерлері,
Айтар сөзді шыңлаушы
Сен екенсің зергері,
Келмембет деп естуші-ек
Інінің осы көргені.
Би-еке, сізде бар екен
Бұрынғының өрнегі,
«Жаксы адамда жаттық жоқ»,
Жасың үлкен ағасың,
Көріселік кел бері!»

Келмембет сонда сөйлейді:
«Ер екенсің, Алшыораз
Бала жолбарыс пішінді,
Жүр екенсің селтендеп
Қайратың қысып ішінді;
Кездестірді құдайым
Ізденіп шыққан кісімді;
Ерегессең менімен
Көрсетермін күшімді;
Ақылың болса, жарқыным,
Жіберме шарға ісімді;
Қадіріме жетер ен
Танымайсың түсімді».

Сол сөзді айтып Келмембет:
«Көріссең кел!— деп,— шырағым»
Еңкейіп қолын ұсынды.
Жағадан ұстап Алшыораз
Талтая тіреп табанын,
Ат үстінен жұлып ап,

Аударып жерге түсірді.
Жаушыға келген батырдың
Зәресін жаман ұшырды.
Келmemбеттің үстінде
Жігіті салды ұрысты;
Тарта соқты сойылын
Бере алмай көпке тұрысты;
Көтеріліп табаны
Атының мойнын бұрады,
Келmemбеттің көп нөкер,
«Соқтыға көрме бізге!»— деп
Алшыораздан сауға сұрады.
Алшыораз атып мылтықты,
Сілтеді өткір қылышты!
Жан сауғалап қашқан жау,
Төбеге ойнап шығысты.
Қатын-бала соңына
Қарғадай түсіп шуылдап,
Біреуін қоймай қырысты;
Бәрі де қайтты үйіне
Онда деп құдай бұл істі.

Қайтып келіп қасына
Келmemбеттің Алшыораз
Құлағын отап құнтитты.
Өткір қара кездікпен
Мұрнын кесіп шұнтитты.
Қылшықтай мойнын қуартып,
Тоқпақтай басын сымпитты.
Қояндай көзін бадырайтып
Бүйректей бетін бұлтитты.
Төскейден қашқан борсықтың
Ініндей қылып үнрейтіп,
Танауын екі таңқитты.

Алшыораз сонда сөйлейді:

«Жүр едің мас боп, Келmemбет,
Құдайдың берген бағына,
Басыңнан құлақ садаға
Боласың адам тағы да.
Ішпесе тамақ өлер деп
Қылмадым зиян жағына;
Кесілген жерің жайласар
Шүкір ет қалған жаныңа;
Біз таласып бармаймыз
Қыз, келіншек, бойжеткен,

Некелеп алған жарыңа.
Қазақ пен қалмақ қатысып
Құда болған бар ма екен,
Бұрынғыдан соңғыға?
Дұғай сәлем дегейсің,
Қараман дәудей ханыңа.

Келmemбет сонда сөйледі:

«Қол-аяғым болмаса
Қоймадың аман жерімді;
Соғымға сойған өгіздей
Алғаның жақсы терімді;
Әбден жүзіқарамын,
Қандай деп елге барамын?
Кеуілжірім кесіліп,
Маңдайдан миым көрінді;
Тұмсығымнан айрылып,
Есіл мұрным бүлінді;
Далаға шықсам жылаймын
Құдайдан сұрап өлімді;
Жолымен келген қайтсын деп
Оймадың екі көзімді;
Құлағым құрсын, ырзамын
Жіберсең тірі өзімді.
Қараман дәуге тапсырған,
Қалдырмай бірін, шырағым,
Аман барсам ит-құстан,
Жеткізермін сөзіңді».

Келmemбет Алшыоразға көп сөз айтып,
«Көргенше аман бол!»— деп кетті қайтып
Алдына Қараман ханның барды жетіп
Шомылып тұла бойы қанға батып.
Қараман мұны көріп қайран қалды,
Шошынып ет жүрегі есін танды;
«Әлінен Келmemбеттің сөз сұра!» деп,
Отырған бір уәзірге ақыл салды;

«Түбіңе қап, ноғайлы, жетермін»,— деп
Қараман ашуланып қапа болды.
«Жиылсын тез, кешікпей барлық халық!—
Деп жіберді шапқыншыны оңды-солды».
Жолбарыстай ыңранып
Қараман қылды қаһарын,
Айдаһардай ысқырып

Бетіне жайды заһарын,
Бір жасауыл жіберіп
Жинады тегіс шаһарын.
Бес мың алды адамнан,
Ноғайлыға бармаққа,
Жігіттің түзеп қатарын,
Даяр болды жүрмекке
Құдайдан сұрап сапарын,
Қараман шықты қаладан
Кернейлері бақылдап,
Байрақ-тулар көтерген,
Алтыннан қалқан жарқылдап,
Сыбызғы сырнай шақылдап,
Мінгендері дәл бедеу
Келеді бектер аңқылдап.
Аударысып ойнайды
Буыршындай тақымдап;
Шаншысады машық қып
Ақ найзасы сатырлап;
Көрінеді алыстан
Жұлдыздай ұшы жалтылдап;
Бір күн өтіп арадан
Әзімбайдың аулының
Үстіне келді жақындап.
Бие бауы шалғынға
Қондырды патша қосынды,
Әскерді көріп сыртынан
Әзімбай жаман шошынды.
Шақырып алып алдына
Алшыоразға кейіді:
«Айтып едім, жүгермек,
Қылдың деп бекер осынды;
Қарындасың екеуің
Қамбарды ер деп мақтаушы ең,
Табасың қайдан десінді?»
«Ақырын құдай онда!» — деп
Бұл сөзді айтып Әзімбай
Көзінің жасы жосылды;
Қараман дәудің бектері
Алдына қоршап жиылды.
Өз дінімен олар да
Құдайына сыйынды.
Патшаға қызын бермесе,
Қылалық деп кеңесті

Әзімбайға қиынды
Бел байлады бәрі де
Алшыоразбен жауласып
Өткізбекке пейілді
Қараман айтты бұл сөзді:
«Ноғайлының қайраты
Мына бізден кейін-ді,
Қырық жігітке бас болып,
Алшыоразға жолық!»— деп,
Келмембет ерге бұйырды.

Патшадан пәрмен болған соң
Келмембет мінді атына,
Бітеу сойып аққудың
Терісін киді басына,
Жөнеліп кетіп барады
Қырық жігіт ертіп қасына.
Әзімбайдың аулына
Жетіп барды сол уақытта
Мойнын бұрмай артына.

Келмембет сонда сөйлейді:
«Үйінде болсаң, Әзімбай,
Жауап бер бізге жолығып,
Қараман қонды қасыңа.
Олжаға қалдың молығып,
Күні-түні тыныш жоқ
Шаршадым әбден зорығып,
Ортада өзім жүрмесем,
Қазақ пен қалмақ ұрысып
Қырылар дедім обығып.
Ашуы жаман Алшыораз
Қайт деді маған жалығып.
Ерегіссең менімен
Талан қылып шалынды,
Шауып алып малыңды,
Асықпасаң қайтармын
Қатыныңды шоры* ғып».

Сол уақытта Әзімбай
Түрегелді орнынан,
Көкірегі күрілдеп,
Көзінің алды іріңдеп,
Қайрат берді өзіне
«Көтере гөр, пірім»— деп,

* Шоры — күң.

Үш сүрініп жығылды
Әр буыны дірілдеп,
Екі қолын қусырып .
Есіктен шықты далаға.
Әзімбай айтты: «Келмембет,
Қайттың ба барып қалаға,
Іздегенің мал болса
Патшадан барым садаға.
Қолыңнан келсе жәрдем ет
Қартайған мендей ағаңа.
«Жақсының кегі, Келмембет,
Жібек орамал кепкенше.
Жаманның кегі әр жерде
Басы жерге жеткенше».
Тимесін қолың жағама.
Оңаша үйге түсе тұр,
Шөлдесең сусын іше тұр,
Саған жауап берейін
Ойласып қатын, балаға».
Атын ұстап түсіріп
Сыйлады күтіп қалмақты,
Ерегісіп болмайды
Әскер жатыр салмақты,
Ағайынын шақырып
Жинады тегіс жан-жақты.
Алшыораз да айбатты
Ер еді асқан ардақты,
Келмембеттің алдына
Қызмет қылып бармапты.
«Бұйырған алар біреуі
Қараға да, ханға да
Беріңдер,— деп,— Назымды»
Әзімбай жылап зарлапты.
Ағайыны жиылып
Алшыоразбен кеңесті:
«Берейік,— дейді,— Назымды
Патшаға қылмай егесті,
Қалмақпенен өшіксең
Ат құлағы теңесті,
Келмембеттей батырдың
Құлағын кесіп құнттып
Іс қылып едің өрескі».
Алшыораз айтты: «Қамбарға
Тоғыз бие тарту қып

Алдына алып барайық,
Қамбар тірі тұрғанда
Ешкім бізді жемес-ті,
Жай айтпасақ жалынып
Сүйегі асыл ақ болат
Өздігінен келмес-ті».
Әзімбай сонда сөйлейді:
«Жаңа таптың ақылды
Ырзамын саған, халайық,
Қол қусырып, қой сойып
Қалмақты күтіп алайық;
Келmemбеттің өзіне
Ықтиярды салайық;
Ерегесіп ханменен
Ұялып жұрттан қалмайық;
Құтыламыз қандай ғып
Бұған бір айла қылайық;
Құлықпенен мақұл деп
Ауызына қарайық;
Басыңды бұзба, ағайын,
Алдына тегіс барайық».

Қызмет шегіп жүгірді
Келmemбет ердің жолында,
Неше түрлі дастарқан
Боз баланың қолында.
Зияпатын асырып
Әзімбай тұрды оңында,
Айдаған қойдай топтанып
Шұбырған адам соңында;
Екі жорға даярлап
Келmemбеттің үстіне
Жағасы алтын шегілген
Кигізді қамқа тонын да.

Келmemбет айтты: «Әзімбай,
Арызымды жақсы тыңдадың;
Бұл сапарда бұрынғы
Әдетінді қылмадың;
Қадіріме бек жетіп
Қасиетпен сыйладың;
Ауылдың үстін шаңдатып
Адамды мұнда жинадың;
Тағы да құдай ұрды деп

Қалмады қорқып иманым;
Қанша кінәм асса да
Өлімге мені қимадың;
Көрінеді көзіме
Оттан да ыстық дидарын;
Ақылдына тәнтімін
Назымды берсең патшаға
Артықша болар қылғаның».

Әзімбай айтты: «Келмембет,
Ағайыным жиылып
Ақылымды қалады,
Алшыоразды айнытып
Әртүрлі жолға салады,
Қартайсам да қайратпен
Көндірдім қатын, баланы.
Қатарым деп өзімнің
Назымжан ханды қалады,
Қызға жаушы көп екен,
Тағдырда жазған алады.
Қараман — күйеу, біз — ата,
Қайтпасын ердің талабы.
Жұрт иесі патшаның
Болмасын құр қадамы.
Сан жылқыны аралап
Семізін тандап сояйын,
Сабаға қымыз ашытып,
Даярлап бәрін қояйын —
Тілесе нені тамағы.
Қырық күн ұдай тойым бар,
Әртүрлі қызық ойын бар.
Тамашаға жиылсын
Алты алаштың адамы».

Қош айтысып баршаға
Келмембет қайтты қуанып,
Өткен күнді ұмытып,
Жылаған көңіл жұбанып.
«Сәлем де, — деп, — патшаға»
Әзімбай қалды шығарып,
Қырық жігіт жосып жөнеді
Ілгері-кейін шұбалып.
Алдына барып Келмембет
Шатырдың түсті түбіне

Оттай беті қызарып,
Сәлем берді патшаға
Төмен қарап мұнайып.
Қараман айтты: «Келмембет,
Қыз Назымнан не хабар,
Қайттың ба?— деді,— тіл алып».

Келмембет айтты: «Падишам,
Ноғайлының қызбадым
Тайтұяк,

 жамбы, пұлына,
Ызғарыма шыдамай
Жиылып шықты ығыма
Бәрі де қорқып жүр екен
Көңліме салған дығына;
Зияндасты көшіріп
Тастаған жолға бастай боп,
Түстім әбден сыныма,
Көп кейіді Әзімбай
Алшыораз деген ұлына,
Сізге берді Назымды
Құлағымның құнына,
Жұрт иесі Қараман,
Ырза бол мендей құлыңа.
Сүйтіп сізден сұраймын
Мархамат етсең мұныма».
Қараман сонда сөйледі:

«Сүйінші десен, Келмембет,
Көңіліңді сенің табайын;
Өлгеніңше өзіңді
Тәрбиелеп бағайын;
Аяғыңа жығылып
Дұшпаның болсын ағайын;
Ерегіскен кісіңнің
Жүрегін майдай шағайын;
Етін итке жегізіп,
Сүйегін өртеп жағайын;
Бетіңе біреу қараса
Күрзімен ұрып сабайын;
Төтесінен сіңіріп
Қазықтай жерге қағайын;
Құдай берсе Назымды
Қалаға алып барайын;

Қондырайын оңаша
Алтыннан салып сарайын;
Сүйіншіге, Келмембет,
Әр уақыт халіңе
Хабардар болып қарайын;
Дүние таппай қысылсаң
Қазынамды сарып қып,
Күніне қиын жарайын».

Қараман қайраттанды көңлі тасып,
Хош болып уақыты хадден* асып,
Әскерге топ аттырып, керней қойды,
«Алам,— деп,— Назым қызды болса нәсіп».
«Құдая не шараны көрсеттің?»— деп.
Әзімбай қапаланды қайғы басып;
«Аздықтың қасіреті осы екен»,— деп
Айрылып ақылынан қалды сасып.
Қалмақтың зорлығына шыдай алмай
Сүйегі жабырқады жаман жасып.
Жіберді тарту қылып тоғыз адам
«Қамбарға қайтыңдар,— деп,— амандасып».
«Санаулы қырық күн ұдай тойым бар»,— деп.
Білдірді және халыққа хабар шашып.

Әзімбай айтты жақсылап,
Ер Қамбарға сәлемді:
«Түбіміз бірге туысты
Ағайын кісі өсіте ме,
Қалайша бізбен суысты?
Керейұлы Келмембет
Пәленің жолын қуысты,
Көптігіне сүйеніп
Қалмақтар белін буысты,
Бүркіттей жазып шеңгелін
Салмаққа даяр соғысты,
Қайратымыз аспайды
Қылайық десек ұрысты,
Сүйегін сұлтан қорлай ма,
Ойласып батыр бұл істі
Жаудың жаман сыңайы,
Тастасын басқа жұмысты».
Тоқсан үйлі тобыр мен

* Хадден — шектен дегені.

Алпыс үйлі арғыны
Ашыққанда жесін деп
Қоржынға салып жіберді
Ат басындай алтын мен
Қой басындай күмісті.

Ордасының сыртында
Отыр еді ер Қамбар
Салдырып төсек паластан,
Қарсыласқан дұшпанға
Қайраты асқан алаштан,
Қараман ханды білмейді
Қыз Назымға таласқан.
Арыстанның көзі көреді,
Бір топ адам келеді
Төңірекке қарасқан;
Жан-жағына алаңдап
Кісіге ұсап адасқан,
Аттары болып қара тер
Ұшырады Қамбарға
Жақындағанда намазшам.

Қамбар айтты: «Жақсылар;
Ашылсын жүрген жолыңыз!
Асығып қайда барасыз?
Ауылға мейман болыңыз;
Құс етін жеңіз қақтаған
Қазымыз жоқ сақтаған,
Бәріңіз аттан түсіңіз,
«Жарлылығын жасырған
Байымас»,— деген бұрынғы,
Аспандағы бұлтқа
Жетпейді созсақ қолымыз,
Жоқшылықтың жөнінен
Құралайдың терісі
Ақ шолақ киген тонымыз,
«Бар мақтанса табылар»,
Дүние боқтың қорымыз.
Өлімге өзін айдаған,
Еңбекке белін байлаған
Қас кедейдің зорымыз,
Соятұғын қойым жоқ,
Айыпқа мені бұйырма,
Ағалар, қиын сонымыз».

Жәдігер айтты Қамбарға:
«Алатаудай айбатың
Ер екенсің айтулы;
Атаңа ұсап айнамай
Қуыпсын жастан салтыңды;
Арызымды сізге білдіріп,
Ойланып тұрмын қайтуды,
Қарқын су келіп қаптады
Ондағы жатқан халқыңды;
Кінәміз болса өтсін деп,
Әзімбай беріп жіберді
Қой басындай күміс пен
Ат басындай алтыңды;
Баламыз еді көрмеген,
Тартыңдар деп көлденен
Жылқыдан және тартыңдар.
Тоғыз бие тартуды.

Жәдігер тағы сөйлейді:
«Ойда жоқ жерде от шығып
Қонысымыз тарылды;
Қызуына шыдамай
Жүрегіміз жарылды,
Өртеп кетіп барады
Өзеннің бойы қалың-ды,
Шарпуы жұртқа тиеді
Өшірмесең жалыңды;
Хан сүйекті, Қамбаржан,
Айтамын сізге зарымды;
Дұшпанға көрсет бір қайрат
Білдіріп елде барыңды.
Өкініші көп болып,
Өткен іс келмес орнына
Ертерек білдір арыңды,
Жердің жүзін сел алды
Бөгетті қайдан саласың,
Ағысы жаман теңіздің,
Токтатып қайтып аласың,
Қайратты туған ер едің
Бұған бір айла табасың,
Өз теңіңнің ішінде
Ақылың асқан данасың,
Жұбатасың жыласа
Ноғайлының баласын.

Атыңа, батыр, ерте мін,
Арманда болып қаласың;
Жауап берсең қайтамын,
Ағайынды жинап ап,
Назым қыздың әкесі
Әзімбайға айтамын,
Қай шамада барасың?»

Қамбар айтты: «Жәдігер,
Қылманыз көп уайым,
Әуелі алла, екінші
Жұрт үшін белді буайын,
Өртінді жанған өшіріп,
Асырып қырдан қуайын,
Халқыңыз қапа болмасын,
Есен барса жолбарысың
Ендіремін дұшпанды
Мәдет берсе құдайым;
Әзімбайдың ақымақ
Алты итіне өкпелеп,
Жаманның ісін қылмайын,
Орынсыз қылған зорлыққа
Тірі боп қайтып шыдайын;
Ибалы жасы, иманды
Ақсақалды кәрия мен
Ағаларға сәлем де,
Қара қасқа тұлпарға
Жұлдыздың мініп оңынан
Сәтті күні шығайын».

Жәдігер айтты Қамбарға:
«Қайсар туған неме екен
Қараман патша қасарды,
Шатырын тігіп шандатып
Қорқытты біздей нашарды,
Кетпекке айла таппадық
Ойланып едік қашарды;
Аралас қонып ауылға
Жақындап жаулар жасанды,
Сырымызды білдірсек
Ноғайлыны шаппаққа
Қалмақтар ішті қасамды
Жайқалып өсіп жасынан
Әзімбайдың бір қызы
Назым сұлу атанды;

Арам алып кетпесін,
Зәңгінің* қолы жетпесін,
Аяққа алтын құюлы,
Күшік ит ішіп аселді**. **

Камбар айтты: «Жәдігер,
Азып туған анадан
Жолда жүрер адасқан,
Көлеңке жерге түспейді
Жапырақсыз ағаштан»;
Кедей де болсам, көп еді
Қасыма қоңсы жанасқан;
Бармаққа қылдым уағада
Артыма назар салмастан,
Құбылағой*** ана-анамды
Кім бағады өзімдей?
Түзге шықсам үйім жоқ
Пендеге қиын жалғыздық,
Бір құдайға жарасқан;
Ел ішінде кем болдым
Жал менен құйрық қанаттан;
Бұрынғының нақылы —
«Нұр жауар деген талаптан»;
Уағадаға опа қып,
Бесінші күн жетемін
Тірі қып қойса жаратқан!»

Хош айтып жауап берді Камбар мырза,
Жәдігер қайтып кетті болып ырза;
Қалмақтың әскерінен жасырынып,
Жол жүріп түніменен келді мұнда.
Аузында Жәдігердің көптің көзі,
Баршаға жауап берді жалғыз өзі;
Халайық құлақ салып құп тыңдады
Камбардың қандай түрлі бар деп сөзі.

Жәдігер:— Бардым,— деді,— Камбар бекке,
Сәлемін түсіндіріп айтты көпке;
Қабыршақ, Қарымсақ пен Қораз, Дараз
Жүр екен төртеуіне қылып өкпе,

* Зәңгі — негр, бұл жерде бөтен адам деген мағынада.

** Асел — бал дегені.

*** Құбылағой — Меке қаласы тұрған жақты құбыла деп атайды. Бұл жерде діңгіл деген мағынада.

«Жолында ханның басы көпір болса
Үстінен кем тұтынып басып өтпе»
Алшыюраз ағайынмен ақылдасып
Сөйлесті ғой барлығы шығып шетке.

Үй тікті, отын жиып, бастандырып
Соймаққа талап етті малды қырып.
Өзінің шатырында бектерімен
Мәжіліс отыр еді патша құрып
«Ей, шахым, сізге айтатын арызым бар,— деп,
Келмембет сөз сөйледі құлдық ұрып
«Ноғайдың Қамбар деген батыры бар,
Ел бастап көтерілсе бұзар шырық
Танысып, аузын алып қоймайсыз ба,
Мереке алдыңызда болмай тұрып...
«Қамбарды жүрген болсаң бұрын танып;
Хабар бер атқа мініп өзің барып;
Көрейін қандай түрлі батыр екен
Алдыма кешіктірмей келгін алып,
Токтатса қарсылық қып әмірімді
Айдап кел жалаң аяқ жолға салып»
Келмембет жабдық ұрып жорғасына,
Жөнелді Ноғайлының жолбарысына,
Қанбақтай жел аударған дөңгеленіп
Қамбардың барды жетіп ордасына
Ер Қамбар Келмембетті көрді қарап
Түр еді қара атынын жалын тарап,
Құрысты тұла бойы қайраттанып
Мысалы мас болғандай ішіп арақ
Адам мен мұның өзі қандай түрлі
Азырақ сөйлесуге қылды талап.

Келмембет айтты дауыстап:
«Амансың ба, Қамбаржан?
Алып кел деп алдыма
Жіберіп еді Қараман,
Әзімбайдың ауылында
Мейман болып жатырмыз.
Көп күндер өтті арадан,
Нәсіп айдап бұл жаққа
Шығып едік қаладан,
Патшаның мейірі қанбады
Сөйлесіп қатын, баладан,—
Әңгімеге айналмай,

Ат үстінен айт-тағы,
Қайт, деп еді даладан».

Бұл сөзді есітіп Қамбардың
Қайраты судай тасады,
Жолбарыстай ыңранып.
Шыбықтай белі бұралып
Қаһармен жерді басады,
Бөрі өңгерген ылақтай
Келмембет қорқып сасады;
«Шапшаң кел,— деп,— шырағым»
Кейін қарап қашады.
Тағы да ұстап алар деп
Дөңгелетіп жорғасын
Бауырлап қамшы басады,
Қараманның алдына
Қайтып барып Келмембет
Келдім деп барып Қамбарға
Келеді деп кешікпей,
Өтірік сөзді бөседі.
Шабыты қатты бүркіттей
Шанқылдап даусын шығарып,

Патша сонда сөйледі:
«Өзіңменен қосылып
Қамбар неге келмеді,
Қарсыласып менімен
Ноғайлы да ел ме еді?
Алдыңа салып айдамай,
Екі қолын байламай,
Кеткенің тастап жөн бе еді?
Бұйрығыма бұл күнде
Қай мұсылман көнбейді?
Жалғыз атты кедейдің
Жарасар ма екен жеңгені?
Барған ісін бітірмей,
Келгенше қайтып қатындай,
Жігіттің жақсы өлгені».

Қатты ұялып қысылып,
Көп жауапқа тұтылып
Келмембет батыр терледі.

Келмембет айтты: «А, патшам,
Көп қылып едім зорлықты

Жетім менен жесірге,
Қайратым жетіп түбіме
Ұшырадым кесірге,
Тендесуге күштімен
Алшыораздың қорлығы
Тұрады шықпай есімде.
Жайымды айтып жалынып,
Алмаған екем бітімді.
Ар жағы үш күн, бер жағы
Уағада қылды менімен
Келеді Қамбар бесінде».

Келмембет кетіп Қамбардың
Қайғыға іші толады,
Жалғыздық түсіп ойына
Өңі гүлдей солады,
Бадана көзді берік сауыт
Баса үстіне киеді,
Жау-жарағын асынып
Жүрмекке даяр болады,
Құрама болат дулыға
Шекесіне қояды.
Ордасында отырып
Шарапқа әбден тояды;
Әумин деп қол жайып,
Бір құдайға тапсырып,
Жұртынан жауап сұрады,
Хош айтысып Қамбарға
Токсан үйлі тобыр мен
Алпыс үйлі арғынды
Амандасып жылады;
Арыстан аман келгей деп
Бәрі де дұға қылады.
Бастырып қатты қадамын
Қара қасқа тұлпарды
Қаһарланып ұрады;
Құстай ұшып ашумен
Тез де жетіп барады,
Әзімбайға қайрылмай,
Шатырына патшаның
Атының мойнын бұрады.
Үзенгісін шіреніп,
Ақ найзасын сүйеніп,
Тұмсығын тығып тұлпардың
Есігінде тұрады.

Сол уақыттар болғанда,
Керейұлы Келмембет
Жүрегі тұрмай орнында,
Далаға іштен шығады;
Көзі түсіп Қамбарға,
«Айтайын,— деп,— патшаға»
Шегініп кейін бұғады.
Тізгінін тартып қаңтарып
Қамбар бек түсті атынан,
Кіріп келді шатырға
Келмембеттің артынан.
«Жоғары шық»— деп, Қараман
Орын берді қасынан.
Ерегіскен дұшпаннан
Абырой алған жасынан;
Алмас тая белінде
Өңі суық батырдың,
Өзінің қорықты басынан;
Сырттағы тұрған кісіге
Саясат қылып сөйледі
Білдірмей сырын шошыған.

Патша айтты Қамбарға:
«Өлтірейін деп едім
Кешіксең келмей осыдан».
Қамбар айтты: «Падишам,
Атпенен тасып аулымды
Қондырып едім көшіріп,
Пәлен жерден от қашып
Сөндірдім оны өшіріп,
Кедейліктің жөнінен,
Шыға алмадым далаға,
Қанатым екі кесіліп;
Қара қасқа тұлпарда
Күні-түні тыным жоқ,
Тебінгісі сартылдап,
Терісі қалды тесіліп.

Орынсыз тасқа шабылып,
Қылыш қалды кетіліп,
Сұңқардың ілген қазына
Бір қара құс таласып,
Жатыр екен өшігіп,
Ажыратып екеуін

Бұл сөзді есітіп ер Қамбар
Жүгіріп шықты далаға,
Тұлпардың мінді үстіне
Сыйынып аллатағалаға.
Қаһар қылды Қараман
Ұядан жалғыз балаға.
«Қойыңдар,— деп ұрысты»,
Келмембет түсті араға.
Айқайлады дауыстап:
«Қалмақтар, шық,— деп, дараға,
Қамбар бек ұрды нығара.

Патша айтты: «Келмембет,
Ноғайлының Қамбары,
Ұрысқа шығып сайланды,
Арманда болып қалмандар,
Іс қиынға айналды!
Қылыш шауып қан төгіп,
Қыздырындар майданды!
Қолына ал даярлап
Ақ сапты болат найзанды.
Өзім басын кесемін,
Дұшпанға төтеп бере алмай,
Жүрегі қорқып тайғанды,
Осындайда азуды
Көрсетпесең асырып,
Батыр туған бектерім,
Көремін қашан пайданды?!
Үстіне тура мінейін,
Жасанған жауға тиейін,
Күлбадам атты даярла,
Түзетіп ұрып сайманды».

Қамбар айтты: «Қараман,
Мықты болсаң, жеке кел!
Зорлығыңа не етейін,
Қасыма таман жақында,
Қырғи ілген торғайдай
Мойныңды жұлып алайын,
Қан ағызып көзіңнен
Басына сауда салайын,
Қайтарайын еліңе
Қалмақтардың талайын,
Қаратып теріс бетіңді,

Ту сыртыңнан шабайын.
Олжа қылып атыңды
Ерінді отқа жағайын,
Қонаққа сойған қозыдай,
Тамағыңнан бауыздап,
Көңіліңді сенің табайын»,

Шыдай алмай бұл сөзге,
Қаһарға мініп Қараман
Жын ұрғандай жұлқынды,
«Әумин» деп қалмақтар,
Күрзісін алып қолына,
Ұрайын деп ұмтылды.

Қамбар айтты патшаға:
«Сұр бүркіттей түйіліп,
Ширатасың мұртынды.
Қайда дұшпан көрінсе
Жүресің беріп сыртынды.
Мықты болсаң жеке кел,
Қорлама ана қырқынды.
Сен залымды өлтіріп,
Мен сұрайын жұртынды».

Суырып алып алмасын
Сол сөзді айтып ер Қамбар,
«Жекпе-жек» — деп ұмтылды.
Жекеленген дұшпанға
Ақ түйғындай күнтиды.
Қыз Назымға таласып,
Екі батыр соғысты.
Бұлт шайнап, мұз бүркіп,
Үркер мен айдай тоғысты.
Әзімбайдың аулынан
Қалмақтар қылған қонысты.
Қараман дәу мен Қамбар бек
Қарсыласып қылыш шабысты.
Ақ найзалар айқасып,
Нар бурадай алысты
Шанышқанына шыдамай
Астындағы тұлпарлар
Шөге жата қалысты.
Қалмақтың ханы Қараман
Сол жағынан құлады,

Артындағы әскері
Қолынан берді намысты.
Арыстан туған Қамбар бек
Аш бөрідей жалақтап,
Аралады қосынды.
Ақылынан айрылып,
Қалмақтар жаман шошынды.
Ортасынан әскердің
Қызыл қан ағып жосылды.
Керейұлы Келмембет,
Бір бәлеге тосылды.
Айқайын салып Алшыораз
Бүйірінен қосылды.
Сол уақытта ер Қамбар
Аямады жеткенін,
Найзаменен піседі.
«Әкежан» деп қалмақтар
Пенде боп қолға түседі.
Түртіп өтіп кеткені
Тақиядай ұшады.
Екпініне шыдамай
Атының жалын құшады.
Өшігіп қалған ноғайлы
Қоймайтынға ұсады.
Қаласына жеткізбей.
Көбісін қырып қалмақтың,
Қайратты туған ер Қамбар
Шығарды іштен құсаны.

Қалмақты қырып-жойды, қанын шашып,
Дұшпанды мен-менсінген қойды басып.
Ауылына Әзімбайдың келді қайтып,
Тасқынды дариядай көңілі тасып.
Дем алып ақ ордада отыр еді —
Үстіне Назым кірді амандасып.
Қамбарға Назым айтты: «Жаным құрбан!
Көзіме көрінбейді сіздей бір жан.
Шығар деп арыстаным ойлап едім,
Майданның ортасында жауды қырған.
Туғызып сіздей сұлтан ноғайлыдан,
Құдайдан айналайын батыр қылған».

Отырды сонда Қамбар бек шаттанып,
Ашықлық жүрегінде оттай жанып,

Назымның қудай жайтаң жеңгелері,
Көтеріп бір дастархан келді алып.
Неше жыл Назым жүрді жылай-жылай,
Қамбардың күйігінен кешіп ылай:
Адамы көңіліндегі болып душар,
Жеткізді мұратына патша, құдай.
Бастағы халыққа айтқан уағадамен,
Әзімбай тойын берді қырық күн ұдай.

Қамбарды Әзімбайдың көңілі сүйді
Қатарлап қазынаның бәрін жиды.
Күмістен керегесі, уығы алтын
Онаша, сегіз қанат тікті үйді.
Кедейдің жалғыз атты заманы, деп
Дұшпанның даладағы іші күйді
Той тарқап кеткеннен соң, қарты болып
Отырып Мұқыш молда неке қиды.
Назымды жеңгелері отауға сап,
Қолына ер Қамбардың малы тиді.
Сұлудың қылығы бар неше түрлі,
Қолына лағыл, жақұт тақты дүрді
Барша жан форымына қайран қалды...
Қойдай қып қасқыр қуған бүріктіріп,
Дұшланды ажыратты қамап тұрған...
Көргендей жәннеттегі мысал хорды,
Көтеріп түрлі-түрлі тәтті тағам,
Алдында қыз-келіншек шұбап жүрді
Астында неше қабат палас-төсек,
Асырып өз теңінен дәурен сүрді.
Тағдірде жазған екен хақ тағала,
Қосылып екі асылзат ойнап-күлді.

Назымға берді жасауға
Төрт түліктен көп малды,
Әзімбайдың бұл қызы —
Ноғайлының болды алды.
Қырық қашырға қазна артып,
Жүз елу берді ақ жамбы.
Көзінен Әзімбайдың жасы ағып
Жылайды касіретін жұртқа шағып,
«Алты ұлымның кенжесі жалғыз қызым,
Өсірген тәрбиелеп бағып-қағып».
Қалды ауыл қараңғы боп ай батқандай,
Зарығып күйінбессің бұған нағып?

Жайқалып қызғалдақтай шықты көші
Алтыннан неше түрлі қоңырау тағып.
Түрлентіп жердің жүзін шұғыладай,
Назымды Қамбар мырза қасына алып.
Жақсы адам қайда жүрсе қор болмайды
Шексе де жол бейнетін ашып-арып.
Қуантып ағайын мен ата-анасын,
Үйіне аман-есен түсті барып.

Әрқашан панаңызда сақтай көр деп,
Аллаға шүкір айтты мүскін ғарып.
Ерлікпен жеңді Қамбар оңды-солды,
Дүниеге кедейлердің көңілі толды.
Зәредей жүрегінде қайғысы жоқ,
Тілегі баршасының қабыл болды.
Осындай Назым менен өтті Қамбар,
Білімді, ақылы көп, бұл сөзді аңғар.
Әуелі айтқан, екінші тыңдағандар,
Жетіссін мұрадына барша жандар!



ТҮСІНІКТЕР

«Қобланды батыр» — ел арасында ең мол тараған, қазақ халқының өте қадірлейтін, сүйіп тыңдайтын жырларының бірі.

Қазақ ССР Ғылым академиясының Орталық ғылыми кітапханасы мен М. О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының қолжазба қорларында «Қобланды батыр» эпосының отызға жақын жазбалары (списки), машинка-көшірмелері мен фотокопиялары және микрофильмдері бар. Біраз жазбалар Қобланды батырдың балалары: Бөкенбай, Қиқбай, Жетімтай, Жетімек жайындағы (бұлардың бәрі де бұрын баспа бетінде жарияланбаған, әзірге зерттеліп тиісті ғылыми бағаларын алмаған) жырлар.

«Қобланды батыр» жырының кейбір үзінділері ХІХ ғасырдың екінші жарымынан бастап баспа бетінде жарияланып, осы эпос жайындағы алғашқы сөздер айтыла бастады.

1. Қобланды жөніндегі өлең, аңыз-әңгімені ең алғаш баспа бетіне түсірген академик В. В. Радлов.

Ол өзінің «Образцы народной литературы тюркских племен...» деп аталатын көп томдық еңбегінің ІV томында 1872 жылы Тобыл бойындағы татарлардан жазып алған Қобланды жайындағы бір қысқа өлеңді, ал 1896 жылы VII томында Қырым татарларынан жазып алған «Қопланды» деп аталатын қара сөзбен жазылған қысқа аңыз-әңгімені жариялайды. Бірақ, бұл соңғысында Қобландының (Қопланды) аты ғана ұқсайды демесе, мазмұны жағынан мүлдем басқа нәрсе. Бұл әңгіме «Қобланды батыр» жырынан гөрі «Жүсіп — Зылика» дастанына көбірек ұқсас.

2. 1860 жылдары Ыбырай Алтынсарин атақты Марабай ақыннан «Қобланды батыр» жырын жазып алып жырдың ең көркем, ең көлемді тарауы — Тайбурылдың шабысы суреттелетін тұсын — өзінің «Киргизская хрестоматия» деп аталатын оқу кітабында 1879 жылы жариялайды. Бұл «Қобланды ба-

тыр» жырының осы кезге дейін жарияланған текстерінің ішіндегі маңыздысы еді.

3. Эпостың толық түрін XX ғасырдың басында Махмұтсұлтан Тұяқбаев деген кісі бұрынғы Қостанай уезі, Қарабалық болысында тұратын белгілі жыршы Біржан Толымбаевтан жазып алып 1914 жылы «Қарақыпшақ Қобланды батыр» деген атпен Қазандағы «Үміт» баспасынан бастырып шығарады.

Қолжазбаны баспаға дайындаушының осы жырдың алдында баспа орнына арнап өлеңмен жазған жолдамасы (кіріспе) көңіл аударарлық. Онда Махмұтсұлтан Тұяқбаев осы жырдың ел арасына өте мол тарағанын, оны халық сүйіп тыңдайтынын айта келіп, осы кезге дейін жырдың баспа бетінде жарияланбай жүргеніне өкініштік білдіреді:

Көп сәлем Файзрахман Шеркасовқа!
Сіздерге жіберілді мынау нұсқа.
Жайылса бастырылып жарар еді
Еңбегі біз фақырдың кетпей босқа.
Атына ер Қобланды қазақ қанық,
Бірінен бірі оқыған жазып алып.
Қор болып азып, тозып жүруші еді
Көрсін деп талап етем бұл да жарық.
Білмеймін, неге көптен басылмаған?
Тоттары, кіршіктері ашылмаған.
Жіберем жазып сізге есіткенді
Емеспін өзім жүйрік аршындаған.

Махмұтсұлтан Тұяқбаев.

Бұл басылым «Қобланды батыр» жырының революциядан бұрын жарық көрген ең толық, тұтас тексті.

Совет дәуірі тұсында «Қобланды батыр» жыры әлденеше рет жарық көрді. Ең алғаш белгілі ғалым, жинаушы Әбубәкір Диваевтың 1922 жылы Ташкентте бастырып шығарған «Батырлар» деп аталатын топтамында жарияланды. Бұл нұсқаны Ә. Диваевқа сол кездегі Ақмешіт уезінің қазағы Мұрат Өскеұлы жібереді, текст соңында 1894 жыл, 12 декабрь деп жазған.

Кейін осы текст Сәкен Сейфуллиннің дайындауымен шыққан «Батырлар жырының жинағы» (2-кітап) деп аталатын кітап та Қызылордада «Қазақстан» баспасынан 1932 жылы жарық көрді. Бұдан кейін осы текст өзгеріссіз Сәкен Сейфуллин құрастырып бастырған «Батырлар жырларының жинағында (2-жинақ)» Қызылордада 1932 жылы, Сәбит Мұқанов құрастырып, алғы сөз жазып баспаға ұсынған «Батырлар»

жинағында Алматыда 1939 жылы жарық көрді және тағы басқа жинақтарда, оқу құралдары мен хрестоматияларда да жиі жарияланып тұрды.

«Қобланды батыр» жырының ең толық, көркем жырланған нұсқасы 1957 жылы академик М. О. Әуезов және Н. С. Смирнованың басқаруымен «Қазақ эпосы» деп аталатын серияда Қазақ ССР Ғылым академиясының баспасынан жеке 4 кітап болып шықты (баспаға әзірлегендер М. С. Сильченко мен О. Ә. Нұрмағамбетова). Бұл текстің негізіне алынған белгілі жинаушы әрі жыршы Шапай Қалмағамбетов 1939 жылы тапсырған «Қобланды батыр» жыры болатын. 1922 жылдан осы кезге (1957) дейін жарияланып келген Ә. Диваев бастырған Марабай жырлаған нұсқа болса, соңғы текст Марабай мен Мергенбай жырау нұсқаларының біріккен тұтас түрі болатынды. (1914 жылы Қазанда басылып шыққан Біржан Толымбаев нұсқасы да кейбір өзгешелігі болмаса, осы текстіге өте ұқсас.)

Марабайда жыр Қобланды мен Қараман екеуінің Қазан ханға аттанатын алғашқы жорық сапарынан басталатын болса, Мергенбай, Біржан жырды болашақ батыр Қобландының дүниеге келу тарихынан бастап, оның үйленуі және бірнеше жорық сапарларын толық жырлайды. Жырдың осы толық нұсқасы кейін, 1958 жылы Қазақ әдебиеті мен өнерінің Москвада өтетін онкүндігіне орай қазақ және орыс тілінде Қазақтың мемлекеттік көркем әдебиет баспасы шығарған «Қазақ эпосы» деп аталатын жинақтарда жарияланды (алғы сөзін жазған және баспаға әзірлегендер: Қ. Жұмалиев пен М. Ғабдуллин, орыс тіліндегі аудармасы С. Липкиндікі), ал 1963 жылы тағы да сол баспадан шыққан «Батырлар жыры» (1-том) деген жинақта қайта басылды (баспаға әзірлегендер: М. Ғұмарова мен Б. Уахатов).

«Қобланды батыр» жыры соңғы рет Москвада СССР Ғылым академиясының А. М. Горький атындағы дүние жүзі әдебиеті институтының еліміздің барлық республикаларының ғылым академияларымен біріге отырып дайындап «СССР халықтарының эпосы» атты сериямен шығарып жатқан ғылыми басылымда 1975 жылы «Наука» баспасынан жеке кітап болып шықты. (Басылымның бас редакторы А. А. Петросян, редакторы А. С. Мирбадалева, баспаға дайындағандар: СССР Ғылым академиясының А. М. Горький атындағы дүниежүзі әдебиетінің ғылыми қызметкері Н. В. Кидайш-Покровская мен Қазақ ССР Ғылым академиясының М. О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының ғылыми қызметкері О. Ә. Нұрмағамбетова).

Бұл ғылыми басылымның ерекшелігі — бұл кітапта жырдың қазақ тіліндегі толық нұсқасы және сол нұсқаның толық аудармасы берілді (аударғандар: Н. В. Қидайш-Покровская мен О. Ә. Нұрмағамбетова), «Қобланды батыр» эпосы жайында үлкен зерттеу мақала, жырдың орындалу әні, әуені жайында музыкалық зерттеу (авторы Б. Г. Ерзакович) мен нота жазулары, жырдың барлық нұсқаларын салыстырып өзара айырмашылықтарын ашатын түсіндірме және көне сөздерді түсіндіретін сөздік, жырды орындаушылардың кейбіреулерінің фото суреттері берілген.

Ескерте кететін бір нәрсе — «Қобланды батыр» жырының текстісін осы басылымға дайындар алдында тағы да бірсыпыра мұқият қарап, біраз мамандардың әділ талқысынан (Ә. Марғұлан, М. Ғабдуллин, Ә. Тәжібаев, М. Қаратаев, т. б.) өткізу үстінде де текстіге аздаған өзгерістер — анықтамалар енгізілген-ді. Ол өзгерістер ең алдымен жырдың 1922 жылы шыққан ең көркем тексті Марабай вариантында бар кейбір сөздердің, жолдардың басқа басылымдарда орынсыз түсіп қалғандарын қалпына келтіру ретінде болды. Жырдың негізгі мазмұнына, сюжет желісіне, композициялық тұтастығына (құрылысына) ешбір нұқсан келтірілген жоқ.

«Қобланды батыр» жыры жоғарыда айтылған баспа бетінде жарияланған текстерімен шектелмейді. Қазір Қазақ ССР Ғылым академиясының Орталық ғылыми кітапханасы мен М. О. Әуезов атындағы институттың текстология және қолжазба бөлімінің қорында әр кезде жиналып сақталған Қобланды батыр жайында отызға жақын халық шығармасы бар.

Осы шығармаларды топтап жіктейтін болсақ «Қобланды батыр» жырының қолда бар көп нұсқаларын негізінен екі версияға бөлуге болады. Оның бірінші версиясына Марабай, Мергенбай, Біржан нұсқалары және 1885 жылы Қазалы уезі қазақтарынан Е. А. Александров деген кісінің жазып алған нұсқасы мен Қазан университетінің қолжазба қорында сақталған, 1886 жылы Дәулетше деген кісі жазып қалдырған нұсқаларын және осы нұсқаларға ұқсас, немесе соларды қайталайтын мынандай нұсқаларды қосуға болады: Досжан ақыннан (Қостанай облысы) 1936 жылы, Құлақ Амангелдиннен (Қарағанды облысы) 1954 жылы, Қабылбек Сауранбаевтан (Алматы, Талдықорған облысы) 1956 жылы, Әбілқайыр Дәнекеровтен (Қызылорда облысы) 1954 ж., Қалмағамбет Жамбыловтан (Батыс Қазақстан облысы) 1924 ж., Имановтан 1939 жылы түскен нұсқаларды қосуға болады.

Ерекше көңіл аударатын бір нұсқа «Қобланды батыр (киргизская поэма)» деп аталатын текст. Бұл белгісі жырдың орыс тіліне қарасөзбен толық аударған түрі. Жырды Қазалы уезінде әскери қызметте болған штабс-капитан Е. А. Александров сол өңір қазақтарынан 1885 жылы жаздырып алып, толық текстің орыс тіліне қарасөзбен аудартқан. Аударған Қазалы крепосының (крепость) прапорщигі Агаманов. Өкінішке орай жырдың кімнен жазып алынғаны көрсетілмеген және қазақша нұсқасы да аудармамен бірге сақталмаған. Бұл текст Москвадағы Мемлекеттік тарихи музейдің архивінде сақталған А. И. Гредековтың қағаздарының арасынан табылды. Текстің сол музейден 1960 ж. көріп, фотокопиясын түсіртіп әкелген филология ғылымдарының кандидаты Мәлике Ғумарова. (Государственный исторический музей. Москва, ф. 308, ед. хр. 54).

Бұл нұсқа өзінің көптеген өзгешеліктеріне, кейбір кемшіліктеріне қарамастан Қобланды батыр жайындағы жырдың ертеректе ел арасына көп тарағанын дәлелдеу үшін де өте құнды. Мазмұны жағынан бұл нұсқа да негізгі жырларға өте ұқсас.

«Қобланды батыр» жырының екінші версиясында мына нұсқалар бар: 1. «Қобланды» Көшелек Еламанов нұсқасы. Текст Орынбор облыстық архивта сақталған бұрынғы Орынбор архив ғылыми комиссиясының председателі Александр Владимирович Попов фондысындағы Р. Игнатьев қағаздарының ішінен табылған. Жырды Орынбор архив ғылыми комиссиясының ұйымдастыруымен 1906 жылы белгілі жыршы Көшелек Еламановтан сол кездегі мұғалім Т. Жүрсінов жазып алған. Қолжазба орыс графикасының революциядан бұрынғы транскрипциясымен жазылған. Жыр көлемі онша ұзақ емес. Түпнұсқа қазір де Орынбор облыстық архивте сақтаулы (Оренбургский областной фонд 168, опись 1, дело 22, листы 46—63); бізде машинаға түсірген көшірмесі бар.

2. Қазақтың атақты халық акыны Нұрпейіс Байғанин нұсқасы. Бұл қолда бар көп нұсқалардың ішіндегі ең көлемдісі, өлең жолы он мыңға жақын. Жырды 1940 жылы акынның әдеби хатшысы Ахмет Ескендіров жазып алған. Баспа жүзінде жарияланбаған, қолжазба күйінде сақтаулы;

3. Мұрын жырау айтатын «Қыдырбай» деп аталатын жыр. Жырды 1942 жылы Есмағамбет Ысмайыловтың басқаруымен Мәриям Хакімжанова мен стенографистка Мәриям Исаева жазып алған;

Бұлардан басқа: Айса Байтабыновтан (Ақтөбе обл.) 1941 жылы жазып алынған жыр мен Орталық ғылыми кітапханаға

1942 жылы түскен «Қарақыпшақ Қобланды батыр», Нұрсейіт Битілеуовтан (Батыс Қазақстан обл.) 1954 ж. фольклорист Матжан Тілеужанов жазып алған жыр; 1960 жылы Қарақалпақ АССР-ының Қоңырат ауданында тұратын Ережеп жырау Тілеумағамбетұлы Аманжоловтан белгілі қарақалпақ фольклорисі Қабыл Мақсетов жазып алған «Қоблан» деп аталатын жыр (қазақ тіліндегісі). Сүйіншалы Жанбыршиннен (Орынбор обл.) 1958 жылы Матжан Тілеужанов жазып алған нұсқа; Досжан ақыннан (Қостанай обл.) және Шапай Қалмағамбетов жазып алған нұсқаларды да осы II версияға қосамыз. Өйткені бұл нұсқалардың барлығы да мазмұн ұқсастығы мен композициялық тұтастығы жағынан біркелкі, бір-біріне өте жақын жырлар.

Бұлардың бәрінен (екі версияның екеуінен де) оқшау тұрған және бір текст бар. Ол орыс тілінде «Тургайская газетада» (№ 14, 15, 1901 ж.) жарияланған «Қобланды (киргизское предание)» деп аталатын текст аңыз-әңгіме. Аңызда өте ертеде, Темірхан тұсында елге жойқын апат — аждаһа келіп халықты қырып-жойып жұтып жатады. Қобландының батырлық данқын естіген Темірхан оны жәрдемге шақырады. Қобланды жолдастарымен келіп аждаһаны өлтіріп халықты апаттан құтқарады. Бірақ, Қобландыны аждаһаға жұмсаған Темірхан, батыр кеткеннен кейін оның елін, жұртын шауып, әкесінің бір көзін ойып алып қой соңына салып, батырдың әйелін өзі алмақшы болады. Мұны естіген Қобланды келіп Темірханнан кегін алып, елін-жұртын азат етеді. Бірақ көп ұзамай, көрші тұратын Алшағыр, Бабахан, Жұмла-хан деген татар, қалмақ хандары бірігіп тағы да Қобландыға шабуыл жасайды. Қобланды бұлардың әскерімен 40 күн соғысып, бәрін қырып елін-жерін сырттан келген жаулардан да азат етеді.

Аңыз түгелдей қарасөзбен жазылған. «Қобланды батыр» эпосының әзірге қолда бар варианттары осылар.

«Ақсауытқа» жіберіп отырған тексті «Қобланды батыр» жырының ең толық, ең мұқият қаралып, Марабай мен Мергенбай жырлаған алғашқы нұсқасы деп қабылданған, 1975 жылы Москвада «Наука» баспасынан шыққан «Қобланды батыр» кітабынан алынды (65—219 беттер).

Алпамыс батыр жайындағы эпикалық шығарма түркі тілдес көптеген халықтарда кездеседі. Оның ең көлемді көркем жырланған нұсқалары өзбек, қарақалпақ, татар, башқұрт, алтай халықтары арасында мол тараған.

«Алпамыс батыр» жыры қазақ елінде де өте кең тараған, халықтың ең сүйіп тыңдайтын жырларының бірі.

Жырды алғаш рет 1899 жылы «Кисса-и-Алпамыш» деген

атпен Жүсіпбек Шейхұлисламов Қазан қаласында бастырып шығарады. Жырдың халыққа қатты ұнап, тез тарағаны сондай, кейін осы текст өзгеріссіз 1901, 1905, 1907, 1910, 1912, 1914 жылдары Қазанда тағы да қайта басылып шығады. 1916 жылы «Алпамыс батырды» Әбубәкір Диваев «Туркестанские ведомостида» (№ 217—218) жариялайды.

Бұл басылымдардан кейін Әбубәкір Диваев қарақалпақ бақшысы Жиенұрат Бекмұхаммедовтан және Шымкент уезінің қазағы Еркінбек Ақанбековтен «Алты жасар Алпамыс» деп аталатын ертегіні жазып алып қазақ тілінде және оны орыс тіліне аударып 1916 жылы жариялайды. Революциядан бұрын бірнеше рет басылып шыққан «Алпамыс батыр» эпосы совет дәуірі тұсында да бірнеше рет қайталанып басылды: 1922 жылы Ташкентте Ә. Диваев жинап бастырған «Батырлар» жинағында, 1931 жылы Сәкен Сейфуллиннің жинап баспаға әзірлеген «Қазақтың ескі әдебиет нұсқалары» (I-жинақ) деген кітапта Қызылордада «Қазақстан» баспасында, 1939 жылы Сәбит Мұқанов құрастырған «Батырлар» жинағында және бұдан кейін де бірнеше рет оқу құралдары мен хрестоматияларда да жиі жарияланып тұрды. 1950 жылдардан бастап соңғы кездерге дейін Қазақ ССР Ғылым академиясының Тіл және әдебиет (кейін М. О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер) институтының фольклор материалдарын жинауға бағысталған арнайы экспедициялары кезінде «Алпамыс батыр» эпосының көптеген жаңа нұсқалары жиналды. Әсіресе оңтүстік облыстарынан Майкөт Сандыбаев, Желеу Жақыпов, Сұлтанбек Аққожаевтар жырлайтын нұсқалар, Келімбет Серғазиев пен Рахат жырау, Айнабек Нысанов пен Әбдірайым Байтұрсынов, Орынбор өңірінің белгілі жыршысы Сүйіншалі Жанбыршиннан жаттап Тілеужанов жазып алған нұсқалар көңіл аударарлық, қызық та, толық нұсқалар. (Бұл текстердің қолжазбалары қазір түгелдей Қазақ ССР Ғылым академиясының Орталық ғылыми кітапханасы мен М. О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының қолжазба қорларында сақтаулы).

«Алпамыс батыр» жырының ең толық, ең көркем деп танылған нұсқасы — Сұлтанкүл Аққожаевтан 1953 жылы жазылып алынған текст («Алпамыс батырдың қиссасы»). Жырды 80 жастағы Сұлтанбек Аққожаевтан Оңтүстік Қазақстан облысының белгілі ақыны Желеу Жақыпов 1948 жылы жазып алады. Сұлтанбек бұл жырды XIX ғасырдың аяғында эпикалық жырларды көп білетін, көп жырлайтын әйгілі ақын Майкөт Сандыбайұлынан үйренгенін айтады.

Бұл нұсқа бұдан кейін, 1953 жылы Келімбет Серғазиевтен де жазылып алынды.

Осы текстің ең алғаш Қазақ ССР Ғылым академиясының Тіл және әдебиет институты М. О. Әуезов пен Н. С. Смирнованың басқаруымен 1957 жылы жеке кітап етіп Қазақ ССР Ғылым академиясының баспасынан шығарды (баспаға әзірлегендер Н. С. Смирнова мен Т. Сыдықов). Осы текст 1958 жылы Қазақ әдебиеті мен өнерінің Москвада өтетін онкүндігіне орай қазақ және орыс тілінде Қазақтың мемлекеттік көркем әдебиет баспасында шыққан «Қазақ эпосы» деп аталатын кітапта жарияланды, 1963 жылы «Батырлар жырының» I томында тағы да қайта басылды (бұл жинақтарды кімдер дайындағаны жайында жоғарыда айтылды). 1961 жылы Қазақ ССР Ғылым академиясының баспасынан «Алпамыс батыр» жырының ғылыми басылымы жарық көрді. Мұнда жырдың бірнеше нұсқасы және олардың орыс тілінде жолма-жол аудармасы берілді. Ғылыми басылымның редакциясын басқарған академик М. О. Әуезов пен Қазақ ССР Ғылым академиясының мүше-корреспонденті Н. С. Смирнова, жырдың қазақша текстерін баспаға әзірлеген, олардың өзара айырмашылықтарына түсінік жазған филология ғылымдарының кандидаты Т. Сыдықов. Кітапта жырдың қазақша-орысша текстерімен коса «Алпамыс батыр» эпосы жайында зерттеу, варианттарының ұқсастығы мен айырмашылықтары жайында түсіндірмелер тағы басқа да ғылыми мәліметтер берілді.

«Ақ сауытқа» «Алпамыс батыр» эпосының 1958 (1963) жылы Қазақтың мемлекеттік көркем әдебиет баспасы шығарған «Қазақ эпосында» жарияланған тексті жіберілді. («Алпамыс батыр» эпосы жайында толық мәліметтерді мына кітаптардан карауға болады: М. Ғабдуллин, Т. Сыдықов «Қазақ халқының батырлық жыры», «Ғылым» баспасы, Алматы, 1972; «Алпамыс батыр», Алматы, 1961 т. б.).

«Ер Тарғын» — мазмұны жағынан болсын, көркемдік ерекшелігі жағынан болсын көп жырлардан шоктығы биік тұрған, ел арасына мол тараған халықтың сүйіп, сүйсініп тындайтын көне эпостық жырларының бірі. «Ер Тарғынды» алғаш қағаз бетіне түсіріп, баспа жүзінде жариялаған орыстың тюрколог ғалымдарының бірі Ыбырай Алтынсаринның досы Н. Ильминский. Ол «Ер Тарғын» жырын Табын руының атақты ақыны Марабай Құлбайұлынан 1852 жылы жазып алып, 1862 жылы Қазан қаласында, Қазан университетінің баспасынан шығарады.

Осы кітаптың соңғы бетінде мынадай сөздер жазылған: «Алыс жерден, жақын көңілден тамам жұртқа көп сәлем де, көп дауда тыныштың бұзылмасын, дәулет құсы бозторғайдай жоғары шыға беріп, сайрап тұрсын деп тілеген соң, «Әкем

өлсе өлсін, тек әкем айтқан сөз өлмесін»— дегенге көре осы «Ер Тарғын» толғауын жылқы жылы Табын еліндегі атақты Марабай ақыннан жаздырып алып, бұл арада бастырғаным — өлмесін дегенім.

Егерде мен фақыр ақпақұлақтығымнан бұзылған жерлері болса да, арасынан анық дүзу сөздерді тапқыр адам табар деп едім», Ильминский (Н. Ильминскийдің сөзіне қарағанда жырды біреуге жаздырмаған, өзі жазып алған сияқты).

Бұл басылымнан кейін «Ер Тарғын» жырын В. В. Радлов өзінің «Образцы народной литературы тюркских племен...» деген көп томдық еңбегінің III томында (119—166 бет) СПб 1870 жылы жариялайды. Бірақ мұнда жырдың кімнен және қайдан жазып алынғаны айтылмайды.

Бұдан кейін жыр Қазанда 1892, 1893, 1909, 1913 жылдары тағы да қайта басылып шығады.

«Ер Тарғын» эпосының басқа да варианттары болғанмен онша көп емес. Солардың ішінде кезінде Марабайдан Н. Ильминский жазып алып бастырған нұсқасы жырдың ең мазмұнды, ең көркем түрі. Кейін барлық жинақтарда, оқу құралдары мен хрестоматияларда беріліп жүрген негізінен осы Марабай нұсқасы.

«Ер Тарғын» жырының енді бір нұсқасын Д. Н. Саркин бұрынғы Қостанай уезі, Кеңарал болысы 2-ауылдың қазағы Оспан Қисықұлынан жазып алып, жырдағы кейбір түсініксіз сөзге түсінік, анықтама беріп 1904 жылы Орынборда бастырып шығарды. «Ер Тарғын» жырының варианттарын салыстырып мұқият зерттеген ғалым Қ. Жұмалиев Д. Н. Саркин нұсқасын Марабай жырлаған нұсқадан әлсіз әрі оның қысқарған түрі дейді, және бұл жырда Марабай вариантындағыдай көркемдік, жинақылық жоқ дейді. «Ер Тарғын» совет дәуірінде де бірнеше рет қайталанып басылды. Ең алғаш Ә. Диваев құрастырған «Батырлар» жинағында 1922 жылы Ташкентте, кейін Сәкен Сейфуллин құрастырған «Батырлар жырларының жинағында (2-жинақ)» 1932 жылы Қызылордада, 1936 жылы Алматыда, Сәбит Мұқановтың құрастыруымен және алғы сөзімен шыққан «Батырлар» жинағында 1939 жылы Алматыда жарық көрді. 1957 жылы Қазақ ССР Ғылым академиясының Тіл және әдебиет институты М. О. Әуезов және Н. С. Смирнованың басқаруымен Қазақ ССР Ғылым академиясының баспасынан «Ер Тарғын» жырын жеке кітап етіп шығарды (баспаға дайындаған Қ. Жұмалиев т. б.).

1958 жылы қазақ әдебиеті мен өнерінің Москвада өтетін онкүндігіне байланысты «Ер Тарғын» қазақ және орыс тілінде шыққан «Қазақ эпосы» жинақтарында жарияланды және

1963 жылы Қазақтың мемлекеттік көркем әдебиет баспасы шығарған «Батырлар жырының» І томында қайта басылды (баспаға дайындаған М. Ғұмарова мен Б. Уахатов). «Ер Тарғын» басқа жинақтарда, хрестоматияларда да жиі жарияланып тұрды.

Жырдың баспа бетінде жарияланбаған, жоғарыда аталған нұсқаларынан басқа, Қазақ ССР Ғылым академиясының Орталық ғылыми кітапханасы мен М. О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының қолжазба қорларына кейін түскен (сонда сақтаулы жатқан) біраз нұсқалары бар: «Ер Тарғын» Ә. Диваевтың Сырдария экспедициясы кезінде, 1920 жылы жазып алғаны; 1935 жылы Әміре Ыспанұлының Нұрқасым Нұрғалиевтен жазып алған нұсқасы; 1939 жылы Гурьев облысынан — Зердебай Байарыстановтан түскен жыр; және Батыс Қазақстан, Қазталовка ауданының қазағы Мұрат Құсниевтың институтқа 1954 жылы тапсырған нұсқасы. Құсниев Мұраттың айтуына қарағанда «Ер Тарғын» жырын ол 11—12 жасында үйренген. Ол былай дейді: «Қалың сары қағазға қолдан жазылған кітапша болушы еді. Жұрттың оқитыны да, жаттап айтатыны да сол болатын» (проф. Қ. Жұмалиев. Қазақ эпосы мен әдебиет тарихының мәселелері. Алматы, 1958, III-бет).

Осы жинаққа «Ер Тарғын» жырының 1958 жылы «Қазақ эпосы» атты кітапта жарияланған тексті алынды. Бұл кезінде Н. Ильминский жариялаған Марабай нұсқасы.

«Қамбар батыр» — ел арасына мол тараған, баспа бетінде бірнеше рет қайталанып басылған эпостық шығармалардың бірі.

Ел арасында Қамбар батыр жайында эпикалық жырлармен қатар аңыз-әңгімелер де көп тараған. Басқа эпостық жырлар сияқты Қамбар жайындағы жырлар мен аңыздардың да толып жатқан версиялары мен варианттары мол кездеседі.

«Қамбар батыр» жырының, ел арасына көп тарауы ғалымдардың назарын жырға ерте аударды. Қамбар батыр жайындағы алғашқы мәлімет те қағаз бетіне ерте түседі. ХІХ ғасырдың 60-жылдарында орыс ғалымы Л. Мейер өзінің ел арасынан естіген Қамбар жайындағы әңгімелерді жазып алып, оны «Киргизская степь Оренбургского ведомства» (СПб, 1865, стр. 187—188) деген кітабында жариялайды.

Жыр алғашқы рет жеке кітап болып 1888 жылы «Қисса-и-Қамбар» деген атпен Қазанда басылып шығады; 1903 жылы Қазанда «Токсан үйлі Тобыр» деген атпен жырдың тағы бір түрі ағайынды Каримовтар баспасында басылып шығады. «Қамбар батыр» совет дәуірі тұсында да бірнеше рет жарық көрді. Оның ең толық, көркем вариантын Әбубәкір Ди-

ваев 1920 жылдары ел арасынан жазып алып өзінің батырлар жайындағы жинағының 4-кітабы етіп 1922 жылы Ташкентте жариялайды.

Бұдан кейін осы текстіні Сәкен Сейфуллин «Батырлар жырының жинағында (2-жинақ)» 1932 жылы Қызылордада, Сәбит Мұқанов «Батырлар» жинағында 1939 жылы Алматыда қайта бастырады. 1957 жылы Қазақ ССР Ғылым академиясының Тіл және әдебиет институты «Қамбар батыр» мен «Тоқсан үйлі Тобыр» деп аталатын екі нұсқаны жеке кітап етіп Қазақ ССР Ғылым академиясының баспасынан шығарды (баспаға дайындағандар Н. С. Смирнова мен М. Ғұмарова). 1959 жылы академик М. О. Әуезов пен Қазақ ССР Ғылым академиясының мүше-корреспонденті Н. С. Смирнованың редакциясымен Қазақ ССР Ғылым академиясының баспасынан Қамбар батыр жайындағы төрт нұсқаны («Қамбар»—И. Н. Березин нұсқасы, «Тоқсан үйлі Тобыр»—1903 жылғы текст, «Қамбар батыр»—Ә. Диваев нұсқасы, «Қамбар батыр»—Бармак Мұқамбаев нұсқасы) қамтитын ғылыми басылымы жарық көрді. Бұл басылымда жырдың жоғарыда көрсетілген төрт нұсқасымен бірге жыр жайында үлкен зерттеу мақала берілді, жинаққа енгізілген текстердің орыс тілінде жолма-жол аудармасы, жырдың негізгі версиялары олардың ерекшелігі мен айырмашылығы жайында көлемді түсіндірме берілген. Сонымен бірге жинақта қосымша Рахмет жырау Мәзходжаевтан (магнитофон лентасына) жазып алынған «Кедей Қамбар» жыры мен сол жыр жайында мақала және «Қамбар батыр» деп аталатын күйдің нотасы берілген (ғылыми басылымды дайындауға қатысқандар: Н. С. Смирнова, Б. Г. Ерзакович және М. Ғұмарова).

1958 жылы «Қамбар батыр» жыры Қазақ әдебиеті мен өнерінің Москвада өтетін онкүндігіне орай қазақ және орыс тілінде Қазақтың мемлекеттік көркем әдебиет баспасынан шыққан «Қазақ эпосы» деп аталатын жинақтарда шықты, ал 1963 жылы осы баспадан шыққан «Батырлар жырының» I томында тағы да жарияланды.

Қамбар батыр жайында баспа бетінде жарияланған жыр, аңыз-әңгімелерден басқа Қазақ ССР Ғылым академиясының Орталық ғылыми кітапханасы мен М. О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының қолжазба қорында сақталған, әр кезде Қазақстанның барлық облыстарынан дерлік түскен, баспа жүзін көрмеген көптеген қолжазба нұсқалары мен Совет Одағының көптеген қалаларындағы фондылардан жиналған фотокопиялары, микрофильмдері бар. Мысалы: белгілі орыс тюркологі И. Н. Березиннің XIX ғасырдың 40—70-жыл-

дарында жазылған материалдарының ішінен табылған «Қамбар» жырының фотокопиясы (және микрофильмі) СССР Ғылым академиясының Шығыстану институтының (Ленинград) шығыс қолжазбалары секторынан алынды. Ал, 1920 жылдар мен 1960—1970 жылдар арасында көптеген айтушы-жыршылардан жазылып алынған нұсқалардың бәрін тізбей-ақ бірнешеуін ғана көрсетуге болады: «Қисса Қамбар батыр»—1929 жылы Мырзахмет Балзақұлынан түскен; «Қара қасқа атты Қамбар»—1935 жылы Васильев тапсырған; «Қамбар батыр»—1938 жылы Қайролла Шабдарұлынан түскен; «Қамбар батыр»—1938 жылы Бармақ Мұқамбаевтан түскен; «Қамбар батыр»—1939 жылы Сабыр Шәріпов тапсырған; «Қисса қара қасқа атты Қамбар»—1941 жылы Әсанн Хангелдин жазып алған; «Қамбар»—1941 жылы Шашубай Қошқарбаевтан Әбділда Тәжібаев жазып алған; «Қамбар» 1946 жылы Нұрмағамбет Баяндиннен Данияров жазып алған нұсқа мен тағы да басқа толып жатқан қолжазба. «Ақ сауытқа»—«Қамбар батырдың» 1958 жылы «Қазақ эпосы» атты жинақта шыққан текстісі жіберілді.

МАЗМҰНЫ

О. Нұрмағамбетова. Алғы сөз	5
Кобланды батыр	13
Алпамыс батыр	165
Ер Тарғын	269
Қамбар батыр	309
Түсініктер	355

ИБ573

АКСАУЫТ

Героические поэмы

в 2-х томах

I том.

(на казахском языке)

Редактор *Абдикарим Ахметов*

Художник *А. Смагулов*

Худ. редактор *Б. Маширапов*

Тех. ред. *С. Лепесова*

Корректор *М. Рзагалиева*.

Слано в набор 27/II-77 г. Подписано к печати 11/VII-77 г. Бумага тип. № 1. Формат $60 \times 84 \frac{1}{16} = 23,0$ п. л.—21,46 усл. п. л. (Уч.-изд. л. 22,22). Тир. 100 000 экз. (1—50 000). Цена на бумаге № 1 — 2 руб. 20 коп., на мелов. бумаге — 3 руб. 10 коп.

Издательство «Жазушы», 480091, г. Алма-Ата, пр. Коммунистический, 105.

Заказ № 574. Фабрика книги производственного объединения полиграфических предприятий «Кітап» Государственного комитета Совета Министров Казахской ССР по делам издательств, полиграфии и книжной торговли, 480046, г. Алма-Ата, проспект Гагарина, 93.